

Қазақстанның Халық жазушысы Шерхан МҰРТАЗАНЫҢ
туғанына 90 жыл толуына арналады



Жазушының 90 жылдық мерейтойына арналып құрастырылған жинақ Халықаралық Тараз инновациялық институтының Ғылыми кеңесінде талқыланып, мақұлданған.

**«ШЕРХАНТАНУ ЖӘНЕ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ
ОРТАЛЫҒЫ**

ШЕРХАН МҰРТАЗА

Бес томдық шығармалар жинағы

Бірінші том

АЙ МЕН АЙША

Роман

(1-кітап)

Алматы – 2022

ББК 84 Қаз 7-44

М 84

Мұртаза Ш.

М84 Бес томдық жинақ. – Алматы: 2022. Т. 1. Ай мен Айша.

Роман-диалогия. Бірінші кітап. – 321бет.

ISBN 9965-22-088-3

Редакциялық алқа: Ерболат Саурықов (төраға), Мейрамбек Төлепберген, Елен Әлімжан, Қайырбек Асанов, Асқар Абдуалы, Көсемәлі Сәттібайұлы, Оралхан Дәуіт, Қаракөз Тамабаева, Айнұр Кембаева

Қазақстанның Халық жазушысы, қалың елдің қадірлісі Шерхан Мұртазаның ұлттық әдебиетіміз мен мәдениетіміздің дамуына қосқан үлесі орасан. Оған талантты қаламгердің көркем шығармалары мен туындылары толық дәлел және бай мұраларының қайталанбас құндылықтарымен қымбат екені анық.

Жазушының сөз өнеріндегі соқпағы мен стильдік, шеберлік ерекшеліктері, заман мен адам тағдыры туралы терең көркем ойлары мен даналық толғаулары ұлттық санамызда және ел зердесінде ерекше із қалдырған.

Ғасырлар ауысып, адамзат талғамы өзгеріп жатар, қоғам да өзгереді. Алайда ұлттық рух пен руханият қашан да өміршең. Осы тұрғыда жақсылық пен жамандық, елдік пен ездік, өрлеу мен өшу, бақыт пен бақытсыздық, махаббат пен зұлымдық, адамгершілік мен отансүйгіштік тәрізді адам баласы үшін мәңгілік саналатын тақырыптар - қарымды қаламгердің әдеби туындыларының үзілмес арқауы болып табылады.

Бес томдық кітапқа көрнекті жазушының таңдамалы роман-повестері мен әңгімелері, сондай-ақ бір томына әйгілі қаламгерлік пен қайсар қайраткерлікті қатар ұстаған Шераға туралы әр жылдары танымал замандастары мен шәкірттерінің жазған эсселері енгізілді.

Кітап қалың көпшілікке арналған.

ББК 84 Қаз 7-44

М $\frac{4702250201}{482(05)-04}$

ISBN 9965-22-088-3 (Т.4)

ISBN9965-22-084-0

© Мұртаза Ш., 2022

БІРІНШІ КІТАП (роман – диалогия)

– Сен қайдан келдің? – дегенде, бір данышпан:

– Мен балалықтың елінен келдім, – деген екен.

Ересектерде сол «балалықтың елінен» келмеген ешкім жоқ.

Анадан ешкім сақал-мұртымен тумайды.

Мен де солардың бірімін.

Анамның аты Айша еді.

Аз ба, көп пе – алпыстан астым.

Аз ба, көп пе – ірілі-уақты кітап жаздым.

«Халық жазушысы» атаңдым. Жазғанымның бәрі алтын дей алмаймын. Бірақ солардың көбі және дәмділері тек балалық шақтың нәрінен, балауса балғын шақтың әсерінен туған. Өсе келе, көпті көрдім, дүниенің шартарабын араладым. Бірақ соның бәрі мені балалық шағымдай байытпа алмады.

Парижде болдым – Париж түсіме кірмеді.

Мысырда болдым – Мысыр түсіме кірмеді.

Қытай, Моңғолстан, Үндістан, Пәкістан, Иран бардым.

Мұхиттың арғы бетіндегі Техаста, Чикагода, Нью-Йоркта болдым – олар да түсіме кірмеді.

Баяғыда Мәскеуде бес жыл оқыдым – оны да түсімде көрмедім.

Түсімде ылғи балалық шағымды көремін.

Түсіме күн сайын Мыңбұлақ кіреді. Түсімде Ақсу-Жабағылыны көремін.

Түсімде ылғи туған үйімді көремін.

Түсіме ылғи Айша кіреді. Мұртаза түсіме сирек кіреді, өйткені ол кеткенде, мен бес-ақ жаста едім. Елесі еміс-еміс қана.

Егде тартқанда бүгін көргенің ертең естен шығады.

Ал енді бала кезде көргенім, естігенім бүгінгідей әлі есімде. Ендеше, текке күшене бермей, соны неге жазбаймын? Ата-

бабамның, Айшаның аруағы жар бола көр!» – деп қолыма қалам алдым.

БОЗАЛА ТАҢ

Анасының құрсағынан шыға салып, алғаш көргенін есіне сақтап қалатындар бар дейді. «Мен туғанда үйдің іші қып-қызыл еді», – деп айтыпты дейді біреулер.

Білмеймін. Өз басым ондай алғыр данышпан емес екенім анық. Өйткені: Есім қай уақытта кірді, тұңғыш рет көрген-білгенімнен есімде не қалды?» – деп, ары үңілем, бері үңілем, ештеңе таппаймын. Үш жас, төрт жас – бәрі бұлдыр, бұлыңғыр. Тек, Әйнек апам мені арқасына көтеріп келе жатқанда, бір аяғымның калошы түсіп қалып, кемпір байғұс келе жатқан ізімен қайта қайтып әлгі түсіп қалған калошты іздегені еміс-еміс есімде. Әйнек апамның арқасына жармасқанымға қарағанда, әлі өз бетіммен еркін жүгіріп кете алмайтын кезім болуы керек.

Ал Мұртазаның Гришка дейтін орыспен сөйлескенін анық білемін. Біздің үйдің күншығыс жақ қабырғасы. Мұртазаның үстінде өңірін қара шибарқытпен көмкерген жосалы сары тон, басында дәл сондай теріден тігілген телпек. Оның жиегі қара қозының елтірісі. Сақалы сарыдан қызғылттау.

Қасында – Гришка. Мұртаза қойтастың үстінде отыр. Гришка түрегеіп тұр. Сірә, көктемнің әлі дүмбіл кезі болар. Өйткені күншуаққа сүйсініп, тамға арқамды сүйеп, мен де шоқиып отырмын.

Гришка – ұста. Ағаш ұстасы. Біздің үйдің алдындағы Әмірекұлдың үйі қазір ұстахана. Күнбатыс жақ бөлмесі ағаш ұстаханасы, күншығыс жақ бөлмесі – темір ұстаханасы. Бір жағында – Гришка, бір жағында – Нәметқұл.

Қазіргі әңгіме сол Нәметқұл туралы екенін шамалаймын. Мен әдейі тыңдамасам керек, бірақ жанында екі үлкен кісі

сөйлесіп отырса, құлағыңды қалай тығындап қоясың. Гришка қазақшаға судай. Гришка айтады:

– Нәметқұлдың Зылиқасы өлгелі бір жылдан асып барады. Нәзипа дейтін қызы да шетінеп кетті. Баласы Байбосын екеуі ғана. Енді бірдеңе істемесек болмайды, Мұреке.

– Оның рас, – дейді Мұртаза. – Мен де көптен ойлап жүрмін. Мына қырғыз жақта менің Нұралы дейтін жездем бар. Сол айтады, біздің ауылда байы өлген, басы бос бір әйел бар. Нәметқұлға қол келеді дейді.

– Онда, тездетіп сөз салыңыз, обал болды, – дейді Гришка.

Ал енді, осы Гришканың бір ұл, бір қызы бар. Ұлы менен үлкендеу, аты – Гришка. Орыстар қызық. Әкесі Гришка, баласы да Гришка. Немене, ат жетпей ме? Айша осыны айтып еді, Мұртаза:

– Әкесі атым өшіп қалмасын деп, баласына өз атын береді, – деді. Атым өшіп қалмасын дейді, ә? Әліме қарамай, мен: «Мұртаза ше? Ондай уайымы жоқ па? Менің атым онда неге Барсхан? Неге мені де Мұртаза деп атамаған?» – деймін.

Кейін-кейін, Мұртаза дүниеден өткеннен көп кейін, мен бұл сұрақты Айшаға айтып едім, ол:

– Сен барда, Батырхан барда Мұртазаның аты өшпейді, – деді. Неге екенін білмеймін, Құрмашты атамады.

Гришканың қызының аты – Наташа. Менімен жасты. Ағаш ұстаханаға барғанымда, үлкен Гришка ұзын тақтайды сүргілеп, үскілеп жатады. Содан шиыршықталып жіп-жіңішке жаңқа ұшып түседі. Оны Наташа сап-сары шашына байлап, әшекейленіп алады. Менің басыма да орап қояды да, сықылықтап күледі.

Содан соң, кіші Гришка, Наташа, мен – үшеуміз Бердімбет сайының қабағына барып, шытырғұл тереміз, жабайы үпілмәліктің қырмызы гүлін, меңдуананың қауашағын жұлып аламыз. Меңдуананың күлгін гүліне көк көбелек қонып отырады. Соны ұстамақшы боламыз. Көбелек ұшып кетеді.

Айда кеп қуамыз. Ұстатпай, қисалаңдап ұшады. Біз де қисалаңдап жүгіріп жүріп, кейде құлап қаламыз. Сайдың табанында күмістей жарқырап ағып жатқан бұлаққа барамыз. Бірақ көбелек жеткізбейді. Сөйтсек, оларда канат бар, бізде канат жоқ екен. Адамға Құдай бәрін бергенде, канат бермегені қалай? Оны несіне аяды екен? Біз түсінбейтін жұмбақ көп.

Қазір таңғаламын. Сонда біз сол төрт-бес жасар орыс пен қазақтың балалары қай тілде сөйлестік екен? Түк те есімде жоқ. Менің орысша білмейтінім анық. Ана орыстың балалары да қазақша біле қоймаса керек. Сонда қалай түсіністік. Ғажап. Бірақ ертеден кешке дейін бірге ойнайтынымыз зайыр есімде.

Сірә, төрт-бес жастағы балалар бірін-бірі тілсіз-ақ түсінетін ерекше бір қасиет бар болса керек. Өсе келе үлкендер сол қасиеттен айырылып қалып, «Менің тілім, сенің тілің» деп, дауласкер дертке ұшырайды екен ғой...

Гришканалар бір түнде ұшты-күйді жоқ болды. Әкемнен сұрап едім;

– Көрші ауылға көшіп кетті, – деді.

Сөйтіп, үрпек сары бас достарымнан айырылып, кәдімгі мұрынбоқ қарадомалақтардың арасына барып қосылдым. Жападан-жалғыз жүре алмайсың ғой.

Енді шамаласам, сол 1937жылдың бірінші мамыры болуы керек, Мұртаза мені көрші ауылға ертіп барды. Мейрам екен. Ондай мейрамды бірінші рет көруім-ау деймін. Халық қарақұрым. Бәрі қызыл-жасыл киінген сияқты. Бір әсем дүние. Өн-күй. Балуандардың күресін де сонда көрдім. Ат бәйгесі болды-ау деймін. Адамдар ақ түйенің қарны жарылғандай мәз-мейрам.

Содан кенет... әлгі шыжаңдай көптің ішінен Кіші Гришканы көзім шалып қалсын. Оны байқамас та ма едім, не көп-бала көп. Бірақ шашынан таныдым. Көп қараторғайдың арасына бір ақбас торғай кіріп кеткендей ғой. Қолымнан ұстап тұрған Мұртаза

әлденеге назары ауып, менің қалай сытылып шығып кеткенімді байқамай қалды-ау деймін.

Құлдыраңдап отырып ақбас балаға барайын. Ол да таныды. Қуанып кетті. Қолымнан қысып ұстап алып шықты. Сөйтсем, сары шашты адамдар көп екен. Тідерін түк түсінбеймін. Әсіресе әйелдері қызыл-ала киініп, асыр салып билеп жүр. Біреу дарылдата созып, қобдиша сияқты бірдеңе тартып отыр. Бір орыс әйел:

– О, баранчук, хорош, хорош! – деп, маған дөп – дөңгелек тәтті нан берді. Тәттілері көп екен. Айша тігіп берген помази көк көйлектің төс қалтасына әлгі әйел кәмпитті толтыра салды. Тағы салатын еді, басқа қалтам жоқ екен. Шалбарымды сипаласам, бітеу, қалтасы жоқ.

Содан Кіші Гришка екеуіміз қол ұстасып бармаған, араламаған жеріміз жоқ. Бір орыс тұмылдырықтаған қоңыр аю жетектеп, оны ойнатып жүр екен. Аю біресе адам сияқты қос аяқтап түрегеледі, біресе көктің үстіне домалап, басымен жер тіреп, тоңқайып тұрып, аунап түседі. Мұндай қызықты көрмеген басым, әлгінің қасынан шыға алсамшы. Бірақ жақындауға қорқамын. Кіші Гришка қорықпайды екен, жанына барып кәмпит беріп еді, аю қағып салды, басын иіп, тізесін бүкті. Рақмет дегені болса керек. Ал кеп күлейік. Дүниеде күлкі жақсы. Кім күлсе ол күлсін: қазақ па, орыс па, бірден түсінесің. Мына көп орыстың, бір-біріне не айтып, не қойып жатқанынан дәнеңе де ұққан жоқпын. Күлгендерін бірден түсіндім. Күлкіге тілмаш керек емес екенін баланын шала миымен-ақ біліп қойдым.

Сөйтіп, дүн-дүниені ұмытып, аюдың қызығына беріліп тұрғанда, жұрт тарай бастапты. Әкем тұрған жерге жүгіріп барсам, – жоқ! Ал кеп бақырайын. Әлдекімдер:

- Әй, мынау кімнің баласы? Адасып қалған ғой, – десті.
- Кімнің баласысың?.. – біреулер еңкейіп бетіме үңіледі.
- Мұртазаның...

– Әкең жаңа сені іздеп жүрген, – деді біреу. Енді біреу жан-жаққа қарап:

– Әне! Әкең анау бір топ кісінің ішінде болар, – деп күншығысқа, біздің ауылға кетіп бара жатқандарды көрсетті.

Бақырып, Тәңіртауды басыма көтеріп, әлемді жаңғырықтырып жүгіріп келемін. Жолда бір солқылдақ жас шыбық жатыр екен, соны іліп ала салып, безілдеп келемін. Ақыры, қуып жеттім. Кілең үлкен кісілер екен: Мелдехан, Пешен, Байжұман, Әліпбай, Мұса, Шақалақ және менің әкем Мұртаза.

Келе сала, ал кеп әкемнің арқасына кішкентай жұдырығыммен түйгіштейін. Шыбын шаққан құрлы көрмейді. Жанындағылар бірдеңені айтып келе жатыр. Одан бетер ыза болып, мәсісінің қонышын шыбықпен ұрып келемін, ұрып келемін, бақырып келемін. Бір уақытта Мелдехан ғой деймін, маған бұрылып:

– Тәйт! – деді.

Мелдехан менің әкемнен үлкен. Көлкілдеген көкала сақалы бар. Басында-ақ қалпақ. Ауы күйектей ақ дамбал киіп, аяғына қоңылтақ кебіс іле салған.

– Тәйт! – деді. – Сені Мұртаза мойнына алабұршақ салып, қорасанға қой айтып, әулиеге мал айтып, Құдайдан тілеп алса да! Әңгіменің шырқын бұздың ғой!

Кіп-кішкентай балаға дап-дардай кісінің соншалықты сөгіс айтқаны несі дегендей, басқалар тосылып қалды. Мен мына ашулы адамнан құтқар дегендей әкеме қарадым. Жаңа мені тастап кеткені аздай, енді де араша түспес пе екен дегендеймін.

Мұртаза мырс етіп:

– Молдеке, бұл Барсханды Құдайдан жылап жүріп тілеп алғаным рас, – деді. Сөйтті де қолымнан енді ажырамастай қысып ұстап, жетектеп алды. Екеуміз деп-демде достасып кеттік.

Мұртаза көп сөйлемейтін кісі. Кайтып мен туралы әңгіме болған жоқ. Үлкендер өздерінше өзге тақырыпқа көшті.

Арт жақтан елеңдеткен дауыс естіледі. Бұрылып қарасақ, І өшкен, оның інісі Кәрібай, Оспаналы, Төреқұл сияқты сол кездегі «жастар» жағы екен.

– Мына қулар орыстың арағына тойып алыпты-ау, – деді Пешен.

Бір кезде, олардың араларында шу шығып, төбелес басталды білем: Тәшкен өз бауыры Кәрібайды көкпарша сүйрейді. Оспаналы мен Төреқұл жағаласқандай болды.

Пешен айқайлап:

Қойыңдар-ей! – деді. Мелдехан:

– Қайтесің, мас жыңдылар сөз түсінуші ме еді, – деді.

Сөйтіп, өз ауылымызға да жеттік.

Менің өз әкеммен бірге тойға барғаным осылай аяқталды. Ол мені бұрын да талай жерге жетектеп, көтеріп барған шығар. Бірақ оларынан елес жоқ.

Сол жылы қыста әлгі тойдан бірге қайтқан жетеудің алтауы ұсталды. Біреуі олардың үстінен арыз жазған болып шықты. Жетеуден-біреу. Алтауын бірдей итжеккенге айдатып жіберді. Айтпақшы, алтаудың ішінен Байжұман қырғыздың тауына қашып құтылды.

Кейін-кейін сол 1937 жылғы бірінші мамырдың тойы есіме қайта-қайта орала берді. Әкеммен бірге ілесіп барған той. Бір түсінбегенім: Мұртаза мені Құдайдан тілеп алады. Сөйте тұра, мені неге орыстардың ортасында тастап кетті? Іздеген көрінеді. Бірақ таппай, менсіз неге ауылға қайтып бара жатты?

Әлде менің көп ұзамай әкесіз қалатынымды сезді ме екен? Әкесіз қалғанда бос болмасын, болбырақ болмасын. Өз бетінше жол тауып көрсін, ащының дәмін осы бастан татып, мына мейірімі аз, қаталдығы мол дүниеге осы бастан көндіге берсін деді ме екен?

Егер осылай ойласа, ол ойын мен жүз есе орындадым. Мұртазаның қонышын шыбықпен сабалап, шыңғырып жылаған

шолжаң еркелігім-көктемде гүлден-гүлге қонып, тайраңдап, сайраңдаған көбелектің лезде көз жұмғанындай, ерте солды.

Еңбек пен азап ештеңе емес. Жазықсыз жаладан коп жарақаттандым. Арпалыстан жағам талай жыртылды. Мұртаза мені шынымен шынықтырғысы келсе, ол үміті ақталды. Шыңыраудан шыққандай халдемін. Тірмізік екенмін. Қасқырдың тарамысынан жаралғандай тырмысып әлі тірі жүріп келемін...

ҚЫРАУ ҚАНАТ БАЛАПАН

Қарны тоқ, қайғысы жоқ, киімі бүтін бес жасар ойын баласына қыстың кешкі аязы қызық та болуы мүмкін. Бес жасар баланың миы әлі нүкте түспеген ақ қағаздай. Әсерлі оқиға, сұлу сурет сол ашпақ қағазға өшпестей жазылып қалар.

Әлі есімде: темір ұста үйінің іргесінде асық ойнаған балалардың арасында мен де бармын. Батқан күннің қызылы Талас Алатауының қарлы шыңдарын балқытып жібергендей еді. Теріскейдегі Қаратаудың үстінде қызғылт көгілдір құстар түйдек-түйдегімен қалқып тұрғандай екен. Құстар емес, бұлттар екенін сеземін. Қошқаратаға қонақтаған қоқиқаздар секілді.

Таулар балқып жатса да, жылуы жоқ. Алаулаған бетіңді сүйер шымыр аяз тек біздің Жуалыда, Мыңбұлақта ғана болады деседі.

Балалардың ересегі Сейсенбай маған болысып, мен ұтылып қалсам да асықтарымды өзіме қайтартқызып береді. Менен үлкен бола тұра, балалар менен ығатын сияқты. Онысы несі екен?

Көз байланып, қас қарая ойын бітіп, үйді-үйімізге тараймыз. Темір ұстаның жәпірейген үйінің алдында үйме-жүйме соқалар,

темір тырмалар ғана қалады. Олардың үйі осы, олар жаурамайды.

Не көрінгенін білмеймін, аузымнан аяздың буы бұрқырап, үйге жүгіріп кіріппін. Айша тұтатқан жетілік шырағданның бүйірі томпайған шынысына түкіріп кеп жіберіппін. Жетілік шиша шырт етіп, шытынасын да қалсын. Жетілік білтедегі момақан от теңселіп, шалықтап барып, әйтеуір, өшпей тірі қалды. Бірақ керосин түтінінің иісі мүңк ете түсті.

Бұл сорақы, сорлы ісімді көріп қойған Айша үн-түн жоқ, онсыз да аяздан тырсылдап тұрған құлағымның сырғалығын қолымен қыршып алғандай болды. Құлағым тыз етті. Қанап қалыпты. Ал кеп бақырайын.

Дауысымды естіп, далада жүрген Мұртаза келді. Құлағымнан қан ағып тұрғанын көріп, Айшаға ал кеп ұрыссын. Ар жағы не болғанын білмеймін, мен ұйықтап қалсам керек.

Түн ортасы болар, мен Айшаның айқайынан ояндым. Елегізген шынысыз шамның сәулесімен сорайып-сорайып бөтен біреулер көрінеді. Олар Мұртазаны итеріп-итеріп, алдарына салып алып кетті. Айша айқайлап арттарынан шықты. Дірдек қағып мен де шықтым. Серейіп-серейіп үш-төрт адам сай жаққа қарай кетіп бара жатыр. Сайдағы көпір сықырлады. Айша сайдың қабағына дейін қалмай барып еді, Мұртазаның даусын анық естідім.

– Қайт! Балалар қорқып қалады! – деді.

Түнгі аяз бұл күнгі дауысты қайталап шыққандай болды. Сықыр – сықыр дыбыс алыстап, Айшаның аяғының астындағы қар ғана қаршылдайды.

Айша есіктің алдындағы ербиіп тұрған мені көтеріп алып, бауырына қысып, аспандағы топ-толық Айға қарап:

– О, Жаратқан басқа-басқа, мына үрпек балапандай үш нәрестенің не жазығы бар еді? – деді.

Толықсып тұрған Ай бір аунап түскендей болды.

Мен лезде есейіп шыға келдім.

Енді мені қорғайтын Әке жоқ екенін сұңғылалықпен сезіп қойған сияқты едім.

Жаңа ғана жарқырап тұрған Ай бұлттың ішіне сұңгіп кетті де жетімдіктің алғашқы дәмін татқандай болдым.

Қорбиып қараңғы түн жан-жақтан қаптап келе жатты.

Айша мені жетім қалған үйге жетектеп кіргізді.

1937-жыл жалмауыз жыл еді.

Қанатына қырау қатқан жас балапан мен едім.

Енді асықтан ұтыла беретін болдым. Бұрынғыша ешкім болыспайды.

БІР ТАРЫНЫҢ ҚАУЫЗЫ

Арада екі-үш күн өткеннен кейін, «халық жауларының» қатын, бала-шағасы улап-шулап, отыз жетінің желтоқсанында, Шақпақ желі борасындатып ұрып тұрғанда, сол ызғырыққа кеудемізді тосып, Борандының түрмесіне бардық.

Айша мені ала барды. Құрмаш пен Батырхан үйде қалды. Түрме дегені – жан-жағын милиция қоршап тұрған ат қора сияқты, кірпішек, шатырлы үй екен. Одан бұрын Борандыда арнайы түрме болмаса керек, өйткені айналасына қорған соғып, темір тікенмен қоршап үлгермепті.

Милиция деген – ұзын сұр шинель, төбесі сиырдың емшегіндей шошақ баскиімді, жүздері мұздай суық, мылтықтары үшкір найзалы адамдар болады екен. Неге екені белгісіз, бәрінің көздері іріндеген, беттері көгеріп, көлкілдеп тұрған сияқты. Мүмкін, «халық жауларын» қырағы қарауылдап, күндіз-түні ұйқы көрмейтін шығар.

Мыңбұлақтан ғана емес, басқа жақтан да келгендер болар, әйтеуір, шыжандай ыңырсыған халық.

Соған қарағанда, Жуалы ауданы бойынша «халық жаулары» аз болмаса керек. Тұтқындарды бір көріп, тіл қатысып қалуға жиналғандар:

– Әулиеатаға апаратын көрінеді бұларды, – дейді әлдекім сыбырлап.

– Қарасудың бойына апарып атады дейді.

– Тек! Сібірге итаппен айдайтын көрінеді.

– А, Құдай, өзің жар бола көр!

Осындай сыбыр-күбір сөзден бес жасар бала болсам да, менің кішкентай ғана жүрегім мұздап бара жатқандай.

Түрменің жалғыз есігі бар екен. Есіктің түйе көзіндей тесігі бар екен. Мың көз жиналып, сол жалғыз көзге қадалады. Жалғыз көздің ар жағында үйме-жүйме тіршілік барын сезгендейсің.

Өйткені әлгі тесіктен саусақтар қылтыңдайды. Саусақтан басқа еш нәрсе сыймайды ғой. Тұтқындар бармақтарын неге шығарады? «Саусағымызды таниды» дей ме екен. Далбаса ғой. Өйтпесе, адамды жалғыз саусағынан қалай танысың?

Қамақтағылар мына азаттықта тұрғандарды мазақтағандай көрінеді. Мазақтамайды ғой, бірақ әлгі әнтек әрекеттері соған ұқсас.

Әлде, мына ашық аспан астында тұрған біздерден медет тілеп, әйтеуір, бір жәрдем күте ме екен? Суға кеткен пенде соңғы рет судан қолын шошайтады емес пе? Бұлар да сол сияқты шығар.

Кейде саусақ көрінбей кетеді де, жалғыз тесіктен жалғыз көз жылтырағандай болады. Бір сеніп, бір жылтырайды. Содан шамалағанда, тұтқындар тез-тез ауысып, әлгі тесіктен кезек-кезек сыртта тұрғандарға көз салатын болуы керек.

Тұншыққан, шуылдаған дауыстар естілгендей ме? Абақтының қабырғасы қалың, дауыстар бізге анық жетпейді.

Әркім оз жақынын атап, шақыртып, арыздасып, қоштасатын шығар. Бірақ оны естіп, түсініп жатқан ешкім жоқ.

– Жәкең осының ішінде, – деді Айша мені жеңімнен тартып.

– Неғып? – деймін мен.

– Білмеймін.

– Барайын ба? – Мен Айшаның бетіне қараймын. Ол мылтықтарын көлденең ұстап, қалшиып қалған милиционерлерге қарайды. Қарауыл сақ Әлдекім бір қадым ілгері аттаса, мылтықпен кеудесінен тастайды. Бәрі бері қарап тұр.

Біздің алдымызда тұрған ұзын бойлы, ірің көз милиционер темекі тұтатып, тұқшиып еңкейе бергенде, мен құлдыраңдап жүгіріп отырып, түрменің есігіндегі тесікке де жеттім. Бірақ бойым жетпей өкшемді көтеріп, тесікке мойнымды созып:

– Жәке, Жәке! деп шырылдадым.

– Ай Мұртаза! Ау, Мұртаза! Балаң келіп тұр, – деген дауыс іштен тұншығып шықты.

– Былай тұр, былай! Мұртазаға жол беріңдер!

Соған қарағанда, Мұртаза есікке жақын жерде емес болуы керек Жетті!

– Барсхан! Барсхан! Сенсің бе?

– Иә, Жәке.

– Айналайын.

– Үйге жүр, Жәке. Айша жылады. Айшаға ұрыспашы.

– Жыламасын, мә! – Әкем маған шиыршықталған қағаз ұсынды. Сол кезде иығымнан біреу бүркіттей бүріп алып, лақтырып кеп жіберді Аनाдай жердегі күресін күртік қарға басым кіріп, құлап түстім. Әлдекімдер мені орнымнан тұрғызып, үсті-басымды қаққылады. Ақ қоян құлақшынымның қарын тазартты.

Жылама, азамат екенсің!

Жылаған жоқпын, – деймін мен.

Айша келіп, тізерлеп отыра қалып, бет-аузыма жабысқан қарды қолымен тазалап, бетін бетіме басып, тұла бойы дір-дір етіп солқылдады. Аузыма сұқ саусағын салып, таңдайымды езгіледі. Қорқыныштан құтқарғаны.

– Жылама, – дедім мен әлгінде әлдекімнің өзіме айтқан сөзін қайталап.

Милиционерлер қаһарланды.

– Әйда, кетіндер! – деп, мылтықтарының дүмімен жұртты кеудесінен ұрғылап, ығыстыра бастады.

– Тараңдар! Тараңдар! Әйтпесе, атамыз, – деп қорқытты.

Бір рет аспанға мылтық та атылды. Түтіні бүрқ етті. Жұрт шу етті. Аждаһа келе жатса қорықпайтын қазақ, мылтық даусы шыққан соң, бет-бетімен ыдырап кетті.

Біз ауылға қайттық. Былай шыққан соң, кішкентай уысыма қатты қысып алған әлгі шиыршық қағазды Айшаға бердім. Айша қағаздың шиыршығын жазып еді, ішінен төрт ине шықты. Киім тігетін машинаның инесі. Жұрт аң-таң. Қағазда жазу жоқ.

– Сонда бұл инені Мұртаза қайдан алған? – деді біреу.

– Мұнда бір мән бар шығар? – деді біреу.

– Қандай мән?

Айша айтты:

– Өткен жексенбіде базарға барып еді, сонда сатып алып, ұмытып қалтасыңда кеткен ғой, – деді.

Үйімізде Күнікей әжеміден қалған «Zinger» машинасы бар еді...

Жол-жөнекей тал-дарақтың басында бүріскен торғайлар отыр. Адамдардың қасіретіне олар да ортақтасқандай. Бір әйел (кім екенін ұмыттым): «Туған ел, енді есен бол-ай, – деп әңдетті. Өлеңі әннен гөрі, жоқтау сияқты зарлы естілді.

«Тек» деп тастады басқа біреу.

– Мұртазаның ине бергені несі? – деді біреу. – Мұнда мән бар.

Қандай мән екені әлі түсініксіз?

САУСАҚ СОРҒЫШ БАЛА

Ол туған отыз жетінші жылдың сарша тамызы еміс-еміс есімде. Мен бес жасқа толар-толмас кезім еді. Мыңбұлақ сайларының басын ала киіз үйлерін тігіп, ел егін орағына кіріскен шақ қой деймін.

Осы Батырхан сол киіз үйде дүниеге келді. Жадыраған жаз, жайдары жандар құтты болсын айтып, келіп-кетіп жатты білем.

Әйтеуір, жақсылық күндер екенін сеземін.

Артынша күз келді, қыс түсті. Жаздың ағыл-тегіл қуанышты күндері көзден бұл-бұл ұшты. Мұртаза тұтқындалды.

Сол түннің ертесіне Айша емшектегі баланы:

– Енді сен де адам болар ма екенсің? – деп аңырай жылап, омырауынан жұлып алып, төсекке тастай салғаны, ана сүтіне тоймай қалған сәбидің, әлде Айшаға, әлде заманға, әлде тағдырға риза болмай, шар-шар еткені көз алдымда, құлағымда.

Содан, сол бала қайтып ана сүтіне жарыған жоқ-ау деймін. Айшаны күнде таңертең жұмысқа айдап кетеді. «Емізулі балаң бар ғой, сен жұмыстан қала ғой» деп есіркеп жатқан Тасбет жоқ.

Баланың күні-алты жасқа аяқ басқан маған, төртке қарай қадам басқан Құрмашқа қарап қалды. Бізге қараған күн қайбір, оңған.

Баланың аяғы шықпай қалды. Бір жасқа толды, үшке қарай кетті – тәй-тәй басып тұра алмады. Еңбектеп, төрт аяқтап жүреді, көбінесе шоқиып отырады. Отырады да қолының қос саусағын сора береді. Шидей саусақтары ақжем болып кетеді.

Бір күні әлгі бала жерге домалап, әй бір шарылдап жыласын. Бала бағатын кісінің сықпыты – мен. Мен не біліп жатырмын. Шырылдап, көгеріп бара жатқан соң, көтеріп алып ұстаханаға, Нәметқұл көкеме жүгірдім.

Нәметқұл – ұзын бойлы, ажарлы, аса сабырлы кісі еді. Батырханның ішін басып көрді, аузын ашып көрді. Ақжем болған шидей саусақтарын санап шықты. Саусағын біреу кесіп

алып, содан жылағандай-ақ. Содан құйрығын сипап, сирағын сипап байқады. Тамырын ұстады.

– Не жеп еді? – деп шермиген қарнын басып көрді.

Не жегенін мен қайдан білейін, қолына не іліксе – соны жейді дағы. Бізде бір уыс талқаннан басқа, бір тостаған айраннан басқа не бар дейсің.

Содан баланың башпайларын қарады. Башпайларының арасын ашып көрді де:

– Опшой, құдай-ай! – деп күйінді Нәметқұл.

Быжынаған ақ құрт.

Қозының құйрығын құрттағандай, қолына іскек алып, әлгі құрттарды тере бастады. Қалай теріп болды, солай баланың шарылдағаны басылып, жаны жай тапты.

Жұмыстан қайтқан Айша бізді көріп бұрылды.

– Батырханның башпайы құрттап кетіпті, жеңеше, – деді Нәметқұл. Айша арқаланып шыға келді:

– Кетерінде Мұртаза айтып еді: «ана екеуін итшілеп жеткізерсің, емшектегіңді, әй, білмеймін», – деп. Әулие екен де, айтқаны келді ғой. Әлі мешел. Мұны бағып-қағатын мен бейбақтың түрі мынау. Балаға қара деп сеніп тапсырған жүгірмек Барсханның түрі-анау. Қарамай қаңғырып кетеді.

Айша маған тұра ұмтылды. Мен ұстатпай ыршып түсемін.

– Әй, бәлем, барасың үйге. Сонда ма, сонда...

Нәметқұл сабырмен:

– Жеңеше, Барсхан әлі ойын баласы ғой, оған несіне ұрсасың. Оның өзіне біреу қарау керек қой, – дейді.

Айша жүрелеп отыра кетіп, Батырханды көтеріп алып, әлдеқашан семіп қалған омырауына баланың басын басып:

– Ай, Мырза аға-ай, мен ұрсайын деп ұрсады дейсің бе? Күйемін ғой, күйініп кетемін ғой. Әйтпесе, ұрсып нем бар Барсханды! – дейді.

Десе де, ұрысқан тұрмақ, ұрғанның көкесі кейінірек болды.

Әлде, отыз тоғыз, әлде, отыз сегізінші жыл шығар. Жаздай бізді сол Нәметқұл асырады-ау деймін. Әйтеуір, есімде ерекше қалғаны: көріктің қоламта шоғына жұмыртқа пісіріп береді. Тауықтың жұмыртқасын әуелі шүберекке орайды. Сөйтеді де ыстық күлге, қоламтаға кеміп тастайды. Сәлден соң, әлгіні ашып, шүберектің күлін қағып, піскен тұқымды аршып, ағын маған, сары уызын Батырханға береді.

Батырхан көбінесе Нәметқұлдың қасында қалады, мен балалармен ойнап кетемін. Кейде Батырханды арқама көтеріп, балалардың соңынан жүгіріп, Дошанай атамның үйінің жанындағы әуітке барамын.

Әуіт дегеніңіз – кәдімгі бөгет. Таласбай бұлақтың суы көп. Соны бөгеп, әуіт салған. Қазіргі тілмен айтқанда: «водохранилище». Әуіт толғанда, астыңдағы қуырдым шым тығынын ағытып, содан атқылаған сумен қызылша суғарады, тары суғарады.

Ал әуіт толғанда, айдыңды қол пайда болады, тіпті шоқ-шоқ талдар, қоғалар судың астында қалады. Жап-жас балаларға бұдан артық қандай қызық керек. Әйда кеп шомыламыз.

Шомылғанда басқа балалар сияқты емес, жүзуте шорқақпын. Үйрене алмай-ақ қойдым. Өсер, Жолдасбек сияқтылар сайдың бергі бетінен арғы бетіне балықша жүзеді. Маған Құдай оны бұйыртпады.

Оның есесіне, «демалмас» ойынында алдыма жан салмаймын. Оның мәнісі: кім судың астында дем алмай көп жатады – сол ұтады. Ұтқанда не, ұтылған бала ұтқан баланы әуіт бөгетінің үстімен ары бір, бері бір арқасына көтеріп алып өтеді. Сол-ақ. Бірақ намысы жаман. Ұтқан бала ұтылғанның арқасына мініп алып: «Айда, есегім, шап, шап!» – деп екі аяғымен қос өкпеден тепкілеп, қорлайды ғой. Кейде содан қып-қызыл төбелесте шығып кетеді.

Кеңес дейтін «төреші» екі баланы «бір, екі, үш!» – деп суға сүңгітеді. Бақаларша тарбаң етіп сүңгисің де, су түбіндегі

қоғадан қос қолдан ұстап алып, жата бересің. Дем алмайсың. Дем алсаң – аузыңа су кетеді. Сырттағы төрешілер санап тұрады. Кім бұрын шығады – сол ұтылады. Ал мен жата беремін. Тіпті су астында көзімді ашып жатамын. Қозғалып, тербетіліп тұрған қоғаны көремін. Су асты ну орман. Қым-қуыт тіршілік. Қоғалардың ара-арасында қылтың-қылтың етіп үйір-үйірімен жүзіп жүрген итбалықтарды көремін. Мүмкін, ықыласым соған ауатын шығар, мүмкін ашық көзден ауа кіретін шығар, шыдай беремін. Сырттан күңгір-күңгір дауыстар естіледі. Біреу:

– Өліп қалған шығар, – дегендей болды. Сонда барып қолымды қоғадан босатып, су бетіне қалқып шығамын. Балалар шу етіп, қол шапалақтайды.

– Осы сен түтікпен дем алып жататын шығарсың? – дейді жеңілген Жолдасбек.

– Қайдағы түтік? Түтік болса судың бетінен қылтып көрініп тұрмай ма? – деп бой бермеймін.

Жолдасбек тапалдығы болмаса, менен үлкен. Үлкендігін істеп, маған «есек» болғысы келмейді. Мен көнбеймін. Аяғында жұдырыққа жүгінеміз.

Сөйтіп, бір дәп-дәле болып жатқанда, өзіме етене таныс ащы айқай естіді. Құдай қай жақтан айдап әкелгенін білмеймін: Айша адуындап жақындап қалыпты. Қолында – Батырхан. Сөйтсем, кеш болып, Айша жұмыстан қайтқан екен.

Қашан, бағана - а - а Батырханды арқама көтеріп келіп, сайдың (яғни көлдің) жағасындағы көгалға отырғызып:

– Қимылдама, – деп кеткенмін.

Бір-екі қарағанымда шоқиып отырған болатын. Сөйтсем, төрт аяқтап еңбектеп, құйрығымен жылжып, судың жағасына жетіп қалған екен ғой. Айша келіп жеткенде, Батырхан жартылай судың ішінде жатыр екен. Енді бірер жылжыса, тереңіне түсіп кетпек екен. Ал тереңіне түйе бойламас.

Қашып үлгермедім. Қашып кетер едім, Жолдасбек қырсық ұстап қалды.

Қолымнан қарыстырып ұстаған қалпы, Айша Бердімбет сайындағы Жалбыз қайнарға алып келіп, Батырханды жалбыздың түбіне отырғыза салып, мені тұқшитып қойып, басымды суға ал кеп батырсын, ал кеп батырсын.

– Суда басың қалса, ал тұншық! Суға Батырхан батқанша, сен батып ел! Ал! Ал!

Сайдың арғы қабағынан Қамқа айқайлады.

– Айша! Ау, Айша! Қойсаңшы, байғұс-ай. Тиме деп ем ғой Барсханға. Ұрма деп ем ғой. Қоя ғой, жарқыным.

Айша Батырханды көтеріп үйге кетіп қалды.

Суға салып қойып сабағанда безірейіп жыламап едім, енді жартыкеш Айға қарап отырып аңырадым-ай кеп.

Айдан басқа мұң шағатын кімім бар?

Жаны ашитын Қамқа – мешел. Арашалап, Айшаға ұрсатын Мұртаза... о да жоқ. Айдың менсіз де қасіреті көп шығар. Мұңаяды. Тіл қатпайды.

БАҚА ЖҰТҚАН ЖЫЛАН

Дүниенің дидары сан қилы. Түгел білігі болған ешкім жоқ. Әлде сағым, әлде сынап. Аспараның мұздақ тауынан сырғанағандай, қайда барып құлайтынын беймәлім. Мысалы, Мұртаза. Талас Алатауының баурайында дүниеге келіп, Қиыр Шығыстың ну орманының, бір түп қарағайының қасында сүйегі қалады деп кім ойлаған?

Дүние шіркін кілең арманнан жаралған сыман. Арманына түгел жеткен кім бар дейсің?

Құрт-құмырсқа, бақа-шаян – бәрі де өмір сүргісі, тірі болғысы келеді. А, бәлкім, осыларда да арман бар шығар. Біз не білеміз, құмырсқаны басып, шымшықты шырылдатып, ұясынан

жұмыртқасын алып, яки балапан ұстап, обалға батамыз. Бәрі де бекер екен де.

Балалық шығар.

Таласбай бұлақтың суындағы көкқасқа бақаларды садақпен атып, таспен ұрып, талайын өлтіріп ек. Әттесі-ай!

Мұны еске алғаным, сол бақаның аянышты халін өз көзіммен көріп шошыдым да, қайтып бақа баласына қиянат жасамауға ант етіп едім...

Сол баяғы Айша мені Жалбыз бұлаққа салып сабағаннан кейін, ертесіне тағы сол Батырханды бағып, үйде ары отырдым, бері отырдым.

Айша қызылшаға кетерінде қатты тапсырды: «Осыдан үйден шықсаң мына баланы тастап кетіп қалсаң, кешегі-кешегі ме, көресіні көресің! – деді де шалап құйған шишасын дорбаға салып алып кете барды.

Ары отырдым, бері отырдым. Бала ыңырсып жылағандай болды. Далаға о да шыққысы келген шығар. Ақыры тәуекел деп, көтеріп алып, сыртқа шықтым-ау.

Таласбай бұлақ жақтан шуылдаған дауыс талып естіледі. Шыдамадым. Баланы арқама лақтыра салдым. О да әккі боп алған: құлап қалмайын деп мойнымнан боп-боз саусақты қолдарымен қысып ұстап алды. Бердімбет сайынан өттік, Салби сайынан өттік. Салбидың қабаған жаман иті шәуілдеп қалды. Ақыры Таласбай бұлаққа да жеттік.

Балалар: Өсер, Жолдасбек, Аманбай, Сұрапалды, Тілепалды, Сүлеймен әуіт басында асыр салып ойнап жүр екен. Қайран заман-ай. Әлі соғыс жоқ кез ғой. Жандарына жақындап барып, Батырханды арқамнан түсіріп, жерге шоқитып отырғызып, өзім де жүрелеп отырмын. Аналарға қосылып ойнауға шама жоқ. Бала тағы да суға түсіп кете ме деп қорқамын.

Олар мен жаққа оқшиып-оқшиып қарап неге келмейді дегендей состиысты да қайтадан шолп-шолп еткізіп, көлге сүңгіп кетті. Тағы да сол «демалмас» ойынан бастады.

Қарап отырмын. Жолдасбек арам қайта-қайта ұта береді. Сыртта кеңес «бір, екі, үш» – деп санап тұрады. Жолдасбек суға сүңгиді де сәлден кейін қайқаң етіп қайта шығады. Мен болсам судың астында жата берер едім, мынау тез шығады. Бәрібір ұтады. «Ой, арам» – деймін. Қасыма Аманбай келді: «Жүр, сен болмасаң, анау бізді құртатын болды» – дейді – Сонша жұмсақ, қыздай сызылған бауырмал бала еді. Кейін Алматыда Ауылшаруашылық институтын Өсер екеуі бірге бітіріп, Ақтөбе облысына агроном болып барып, жазда найзағай түсіп өлді (Жаны жаннатта болсын!). Қолахан деген әкесі Мұртазамен жасты еді. Біртоға кісі болатын. Мені көрсе, басымнан сипап қана қоятын. Тасбет, Жуанқұлдар сияқты боқтамайтын.

Аманбай «жүр», – дейді. Мен иығымды қиқаң еткізіп үндемеймін. «Жүр, Барсхан», – дейді. Тұқшиып отыра беремін. Біледі. Кеше Айша келіп, мені ұрып-ұрып, алдына салып айдап кеткенін де біледі. Түсінгендей болады да, ойынға қайта барып қосылады. Суға сүңгиді, тез қайта шығады. Өкпесі шыдамайтын шығар. Мен болсам қоғадан ұстап алып, жата берер едім. Қоғадан ұстауды білмейтін болар, қайқаң етіп қайта шығады. Арық сіліңгір қара бала еді. Жолдасбек арам артынан шығады. Ұтады. Тапал, тығыншықтай. Аманбайға асылып мініп алады. Арық бала қайқаңдап көтере алмайды.

Көпірден ары көтеріп өтеді, бері көтеріп өтеді. Жолдасбек арам өкпесінен ары тепкілейді, бері тепкілейді: «Жүр есегім», – деп қорлайды.

Шыдамай, Батырханға: «Қозғалмай отыр!» – деп, мен барамын.

Жолдасбек арамға: «Жүр, ал кеттік, давай!» – деймін. «Давайды» Евгенийкадағы орыстың балаларынан естігенмін. Үш-төртеуі, кілең секпіл бет, жирен шаш балалар бәрі жабылып мені ұрғанда, «давай, давай», – дейтін.

Кеңес танауы делдиіп, о да «давай», – дейді. Суға қойып кетеміз. Су астында қоғаның түбінен ұстап, тастай қатып,

көзімді ашып жатып, Кеңестің «Бір, екі, үш... отыз, қырық, елу...» – дегенін күңгір-күңгір естіп жатамын. Балалар шу еткенін де естимін. Ол, Жолдасбек, шыдай алмай судан шығып кеткенін де сеземін. Әдейі шатақ шығармасын деп шыдап жата беремін. «Жүз!» – дегенде, асықпай шығамын.

– Арам! – дейді Жолдасбек. – Сенің бір бәлең бар! – дейді.

Мен:

– Әй, оңбаған, мен тағы бір жүзге дейін жата берер едім, Батырханға бола ерте шықтым, – деп, бала отырған жаққа қараймын. Бала шоқиып отыр. Бұрын балалар жаққа қарап қойып отыратын. Бұл жолы бедірейіп, бір түп жалбыздың түбіне қарап, қатыпты да қалыпты. Артынша шар етіп даусы шықты. «Не болды?» – деп жүгіріп бардым. Қарамайды. Шидей сұқ саусағын шошайтып, жалбыздың түбін көрсетеді. Қарадым да, тұла бойым дір етіп, Батырханды кері сүйрей шегініп кеттім.

Шұп-шұбар, қара ала жылан бүктеліп жатыр. Көзі елегізіп, аузы арандай ашылып, мүлгіп жатыр. Аузында – көкқасқа бақа...

Бақаның басы көрінеді, басқа жағы жыланның аузына кіріп кеткен. Жылан көзі әлде жұмулы, әлде ашық, ыңыранғандай, ирелеңдеп қояды. Бақаның көзі шарасынан шығып барады. Шиқ-шиқ еткендей, әлсіз дауыс шығады.

Ойынды қойып, балалар бәрі жиналып қалды. Бәрі үрпиісіп, бақа жұтқан жыланды көріп, шегіншектеп барады. Содан шошыды білем, жылан жиырылып, жалбыздың арасына ирелеңдеп, шегіне берді. Бірден жұтуға шамасы жоқ. Бақа аузында.

Жанына жолауға ешкім батпайды.

Не күш, не құдірет екенін өзім де білмеймін. Жалаң аяқпын. Сол жалаң аяқпен басынан ала теуіп кеп қалдым. Бақа аузынан атып шықты. Жылан шиыршық атып, жиырылып, шапшып бір секірді де, ақырын жылжып, сусып барып, суға сүңгіп кетті. Көкқасқа бақа сәл-пәл қозғалғандай болды да, тырп етпей, жер

бауырлап, қозғала алмай жатып қалды. Жылан сорып қойған екен. Бәрібір өліп қалды. Көз алдымда өлді. Бірінші рет өлікті көргенім сол. Өтірік. Оның алдында өзіміз садақпен, рогаткамен атып, таспен ұрып, талай өлтіргенбіз. Бірақ мына өліс мүлдем басқа еді.

Кейін, кейін күштінің әлсізді қалай қорлайтынын талай көрдім. Көрген сайын қарашұбар жылан менен көкқасқа бақа көз алдыма келе қалды. Ұмыта алмаймын

Дүние әлі солай. Өзгерген жоқ. Тек күс-күс жарылып кеткен, жарасына топырақ тығылып қалған өкшесімен әділетсіздікті теуіп кеп жіберетін адам табылмайды. Баяғыдай батырлық менде де жоқ.

НОХА

Мамыт атамның Орха, Ноха, Қорғанбай деген үш ұлы бар. Әсем, Гүлзейнеп, Седепкүл, Олжагүл деген төрт қызы бар. Бәрінің анасы – Арзыкүл апам.

Бұл үй – балалы үй, шынында да базар еді. Мамыт атам қатал, түкістеу көрінгенмен, бір ата Тоқсанбайдың бас көтерері, дәулетінен бөліп бермесе де медет тұтатын панамыз сияқты. Бірақ бөліп беретін дәулеті де шамалы.

Әкем өзі қолымен соққан мектепке барғым келеді. Бұл, сірә, 1940 жыл болар. Алыста, беймәлім Сібірде Мұртаза қайтыс болды деп қара хабар келген жыл. Айша бетін айғыздап, қара жамылған жыл. Мен сегізге толар-толмас жыл.

Сірә, бірінші қыркүйек шығар, мектепке лек-легімен ағылған балалардың тобына қосылып, мен де бардым. Мұғалім мені қабылдамай, қайтарып жіберді. «Жасың толған жоқ», – деді ме, әйтеуір, кластан шығарып жіберді. Есімде, 1937 жылы Мұртазаны тұтқындарда осы мұғалім «понятой» болған. Кейін

ойласам, мені «халық жауының» баласы деген екен ғой. Оны мен білмеймін. Жылап үйге қайтып келе жатыр едім, алдымнан Ноха көкем шыға келді.

- Кім тиді?
- Ешкім...
- Енді неге жылайсың?
- Ағай мектепке алмай қойды.
- Қай ағай?
- Анау, анау...

Мен атын атай алмадым. Булығып-булығып, сөйлей де алмадым.

- Жүр, – деді Ноха басымнан сипап.

Жолдағы сайдан өте бере, құм қайнарынан шымырлап шығып жатқан бастауға алып барып, өз қолымен беті-қолымды жақсылап жуды. Сірә, қожалақтау болсам керек. Өзінің қалтасынан беторамалын алып, бет-аузымды ысқылап сүртті. Өсіңкіреп кеткен пашымды сулап, өз тарағымен түзетіп қойды.

Қолымнан қысып ұстап, класқа алып кірді. Қарабұжырлау жуан мұғаліммен сөйлесіп жатыр. Не жөнінде екенін аса ұққан жоқпын. Біраз айтыстан кейін мұғалім мені аса жақтырмай:

- Анау артқы партаға барып отыр, – деді.

Не дәптерім, не қаламым жоқ, мен тұңғыш рет шәкірт ретінде партаға барып отырдым.

Сөйтсем, Ноха көкем комсомолдың бастығы екен. Мұғалім, сірә, директор да болар, Ноханың айтқанымен санаспай тұра алмайды екен.

Ертеңіне Ноха көкем маған Бурныйдан Әліпше кітап, бірнеше дәптер, қара қалам, түрлі түсті қарындаш әкеп берді.

Айша оларды салатын сөмкені матадан тігіп берді.

Сірә, 1941 жылдың күзі болар, Ноханы әскерге алды. Маңдайы жарқыраған, жүзі нұр шашқан, сұлу жігіт еді. Мамыт атам сақалы көз жасына боялып жылады. Ол кісінің жасығанын көргенім – сол.

Артынша Орханы да әкетті. Орха соның алдында ғана Фин соғысында болып қайтқан. Ал бұл жолы Мамыт атам өкіріп-өкіріп жылады.

Екі ұлының да енді қайтып оралмасын сезгендей, жер сабалап жылады.

Соңғы хат Нохадан Курляндия соғысынан келді.

Қайтып хабар болған жоқ.

Осы күні қолымда бел ортасынан жыртылған суреті бар. Солдат киімі бар, Сірә, адамның жайсаңы осындай-ақ болар.

Маған қарайды да тұрады. Тіл жоқ.

Мен алпыстан асып, егде тарттым.

Ол әлі жап-жас, уыз жас.

Үйленген де жоқ

Ұрпағы да жоқ.

Тым болмаса, қағазда аты қалсын деп әңгімеме қостым.

Сонау бір туысқандық мейіріміне сәл де болса қайтарған, қолымнан келген жақсылығым осы ғана.

Алла иманыңды салауат қылсын, көке

ҚАМҚА

Сөйтіп қара ешкі өрістен қайтпай қалды. Әлдеқалай басқа біреудің қорасына кіріп кетті ме деп, Айша екеуміз әр сайдың жағасында үркердей-үркердей болып, шоқиып-шоқиып отырған ауылдың үйді-үйін түк қалдырмай аралап шықтық. Табылмады.

Жартыкеш Ай көрінді. Айша Айға мұңын шаққандай аспанға қарап тұрып:

– А, Құдай! Шиеттей үш жетімге шынымен рахымың түспеді ме? Не жазып еді олар саған?! – деп кемсеңдеді.

Ай тіл қатпады. Айдың ілмиген әлсіз сәулесінен Айшаның көзінен аққан жас жылт-жылт ете қалды.

Сонда барып қара ешкінің қайғысы ақырзамандай ауыр екенін сезіп, жүрегім суылдап қоя берді.

Он жасқа қараған кезім еді. Соғыстың екінші жылға аунаған шағы болатын.

Таңертең мал өріске шығарда, Айша мені ертіп алып, қара ешкіні іздеуге тағы бет алды. Әр үйден екі-үштен қой-ешкі селдіреп шықты. Көк есекке мінген, жалпақ мұрын Ералы шал оларды топтап, өріске бет алды.

– Қара ешкі қайда? – деп, Айша одан да сұраған. Қазір тағы да:

– Қайнаға-ау, қара ешкіні жер жұтып кетті ме? Қайда қалды? – деп сұрады.

– Апыр-ай, ә! Табылмады ма? – деп қара шал сасқалақтады.

– Енді қайттік?..

Сайдың арғы қабағындағы үйдің жанынан:

– Айша, ау, Айша! – деген әлсіз дауыс естілді.

Аласа тамның есігінің алдында, аласа орындықта Қамқа отыр екен. Аяғы көне шапанмен ораулы.

Қамқа мешел. Мен ес білгелі мешел. Күннің көзі жылт етті болды, есіктің алдына шығып, мелшиеді де отырады. Онда да келіні Мүнира көтеріп әкеліп отырғызады. Қамқалардың үйі сайдың күншығыс жақ бетінде, біздің үй күнбатыс жақ бетінде.

– Айша, кешелі бері не іздеп жүрсің? – деді Қамқа семіп қалған қолымен кіртіген шүңірек көзін көлегейлеп.

– Е, әже-ай, Мұртазаның сүйегін іздеп жүр дейсіз бе? Қара ешкіні іздеп жүрмін, – деді Айша аһылап.

– Ой жазған-ай, тіліңнің ащысы-ай, – деп Қамқа кіртиді.

– Менің тілім ащы болмай, қайдан тұщы болсын. Өне-міне лақтайды деп отырған жалғыз ешкі жоғалды. Туса, балалардың таңдайы жіби ме деп жүруші едім... Бұлар ақ көрмегелі қашан?!

Қамқа:

– Oh, жалған-ай! – деп күрсінді. – Ақыр байдың баласы ашықты деген не сұмдық? Енең Күнікей бай қатын атанып, бір елді асырап еді. Жолан Жаныстың қызы еді. Бердімбет байдың жесірі еді. Сенің байың Мұртаза ақбоз ат мініп, қайда той, қайда көкпар – сонда жүрген сері еді. Енді солардың ұрпағы бір қасық ағарғанға зар дегенге кім сенеді...

– Әй, әже, әдірам қалған қайдағы байлықты айтпашы сол. Мүнира кетіп қалды ма қызылшаға?

– Иә, жаңа ғана кетті ғой, мені отырғызып...

– Мен де кеттім. Әлгі Тасбет тағы да әке-шешемнен боқтап, әлегімді шығарар, – деді Айша.

Тасбеті – бригадир.

Мүнира – Қамқаның келіні. Баласы жоқ. Байы Мұсаны Мұртазалармен бірге ұстап әкеткен. Мешел кемпірді баласындай бағады. Түзге баладай көтеріп барып отырғызады. Бірақ Құдай бала бермеген. Осындай әйелге бала бермегені не деген әділетсіздік? Баласы – сексеннен асқан сал кемпір, Күнде далаға көтеріп шығарып, есіктің алдына отырғызып, өзі колхоздың жұмысына кетеді. Таң азаннан қас қарая бір-ақ келеді. Қамқа бір орында тапжылмай отырады.

Қазір де отыр. Тау жаққа қарап отыр.

– Қара ешкіні кебенек алды. Енді іздейтін шама жоқ. Кеттім қызылшаға, – деді Айша Мен Қамқаның қасында қалдым. Кетерінде Айша арқамнан нұқып қалып:

– Ана үйде қалған балаларға қара! – деді. Қамқа:

– Айша, Барсханды арқасынан ұрма! – деді.

Мені аяған кемпірдің қасына барып отырдым. Қурайдай жеп – жеңіл алақанымен басымнан сипалады. Басымнан ыстық күн өткендей шым-шым ете қалды.

Кемпір әлгі салмақсыз, жеп-жеңіл қолын басымнан алып, кіртиген көзін көлегейлеп, тау жаққа қарады. Мен де қарадым. Тескей қара шұбар. Дөңкиген түйетастар. Ойдым-ойдым изен, тобылғы, Ар жағы – аспанға шаншылған асқар таулар.

Әлден уақыттан соң Қамқа:

– Әй, Барсхан, – деді. – Қарашы, сенің көзің өткір ғой. Анау қара жолдың ар жағында сонау қарайған тобылғының түбінде бірдеме қимылдай ма, жоқ әлде маған қос көріне ме?.. Көзім жетпейді ғой менің.

Қараймын. Иә, әр жерде тобылғы қараяды. Бірақ қимылдаған ештеңе көрмеймін.

– Көрдің бе? – дейді Қамқа.

– Жоқ, – деймін.

– Анау Манас жаққа қара.

Манас шыңы мелшиіп тұр. Одан бері қарай алашұбар. Әр қарайған тобылғының түбіне көз тігемін. Қимылдаған еш нәрсе сезілмейді.

– Көрінбейді, әже.

– Көрінеді. Мен көріп отырмын. Құдай біледі, сол сенің қара ешкің. Лақтап қалған-ау деймін. Баршы, барып келші.

– Ой, әже, алыс қой. Ештеңе көрінбейді.

– Бар, бара ғой, нең кетеді.

Қара жолдың өзіне дейін бір-екі шақырым. Қарайған тобылғы шоқтары одан да алыс.

Лаж жоқ, Қамқаның, айтқанына сенбесем де, сөзін жерге тастамай кете бардым. Не көп, топ-топ тобылғы көп. Жүріп келемін. Пыр-пыр етіп бозторғайлар ұшады. Дүр етіп бұлдырық үрке жөнеледі. Жалаң аяққа шошқатікен кіріп кетіп, удай ашытады. Қамқа мені алдағаны несі деймін. Мен көрмегенде, оның, кәрі көзі нені көріп жарытады деймін.

Көңілім бұзылып, ауылға қайтпақшы да болдым. Оның үстіне Айша үйдегі балаларға қара деп кеткен. Үйде қарындасым мен інім бар. Естері кіріп қалған, әрине. Бірақ бас иесі – мен. Оның үстіне Тасбет бригадир кеше маған қырманға кел, тас бастырасың деп кеткен. Тас бастырғаны: қырлы-қырлы дәу таспен бидай бастырамыз. Жалғыз ат жеккен тасты бидай

бауларының үстімен дүңк-дүңк айналдыра береміз... Кейде басым айналып, аттан құлап түсіп те қалатынымын.

Бармасаң тағы пәле.

– Ой, әкеңнің... – дейді Тасбет бригадир. – Халық жауының баласы, – дейді, – сен де жаусың, – дейді. Содан қорқып, ауылға қайтқым келеді. Кенет әлдене мекіренгендей болды. Дыбыс шыққан жаққа жалт қарасам, тарбиған дәу тобылғының түбінде қара ешкім тұр. Әуелі шайтан ба деп қорқып кеттім. Жоқ, өзіміздің қара ешкі. Мені көріп тағы да мекіреніп қойды. Жүгіріп барсам, кіп-кішкентай, сүп-сүйкімді екі лағы бар екен. Екеуі де жағал екен. Қуанғаннан екеуін де құшақтап алып, ауылға қарай тұра жүгірдім. Лақтардың жібек жүні бетімді қытықтайды, екеуі де уыз сасиды.

Кешке Айша үрпиген үш балаға уыз пісіріп беріп отырып:

– Е, Жаратқан, мұныца да тәуба-тәуба! – деді.

– Айша десе, – деймін мен, – Қамқа әжемнің көзі көрмейді ғой, қалай біліп қойды?

– Қамқа әжең әулие ғой, аруақтары көреді.

– Әулие болса, Мұсаны неге қайтарып алмайды?

– Сталиннің дию-перілері одан да күшті. Жібермей тұр ғой.

Терезеден Жартыкеш Ай сығалайды. Бізді көріп жаны жай тапқандай, бұлтқа кіріп кетеді.

Айша менің арқамнан сипалап:

– Сен өкпелеме, енді сені арқаңнан ұрмаймын, – дейді. – Қамқа әжең айтты ғой, арқаңнан ұрмаймын.

ҮШ ЕШКІНІҢ ҚАЙҒЫСЫ

О, сіздер біздің Жуалының боранын білмейсіздер ғой. Дүниені бір тарының қауызына сыйдырып жіберетін боран – сол. 1943 жылдың ақпанында сол сұрапыл қаһарланды. Әр

сайдың басында бүрісіп-бүрісіп отырған үйлер бір-біріне бара алмай қалды. Шақпақ тауы неге долданды – бір Жаратушыдан басқа жан білмейді, Орха, Ноха деген екі арысын бірдей соғысқа жіберген Мамыт шалдың өзі бұл азапқа шыдай алмай:

– Мұндай сұмдықты көргенше, сол соғысқа мен де кеткенім дұрыс еді ғой! – депті дейді.

Қара нардай қайыспас қартыңның өзі солай деген соң, әлі әлжуаз, жап-жас үш балалы жесір Айшаның күні не болмақ?

Түйені жел шайқаса, ешкіні көктен ізде демеуші ме еді.

Жазда жоғалып табылған қара ешкінің егіз жағал лақтары кәдімгідей шыбыш болды.

Айша:

– Құдай бұйыртса, келер жазда сүтке жаримыз, – деп қоюшы еді.

Енді сол ешкілер аш. Ала жаздай колхоздың жұмысында күндіз-түні жүрген Айшаның анда-санда түнделетіп, арқалап алып келіп, түкпір тамға жинаған шөбі ақыр-тақыр ада болды. Жем жоқ. Жем табылса, өзіміз жемекшіміз. Ұраға ұрлап тыққан екі-үш қап қант қызылшасы бар еді, оны өзіміз шоққа пісіріп қорек қылып отырмыз.

Азынап бақырған ешкілердің азабына шыдай алмай Айша әлгі қызылшадан там-тұм талғажау етіп, турап береді.

Жұмырларына жұқ болмайды. Тағы да бақырады. О, аш ешкінің, бақырғанын Құдай сізге естіртпей-ақ қойсын. Ал ешкі албастыдан айнымайды: сақалдары сапсып, көздері шақшиып, адамның өзіне шапшиын деп тұрады. Еуропалықтар шайтан суретін ешкі бейнесінде салатыны тегін емес болуы керек.

Қатарынан алты күн соққан ақ, боран жетінші түнге қарағанда тыншиын деді. Тіпті аспан тесіліп, сол аспаннан қораланып, ауру көздей кілмиіп, Ай көрінеді.

Сонда Айша төсекте жатқан маған:

– Тұр! – деді. – Киін! – деді.

Айшаның ашуын сіздер білмейсіздер. Арланынан айырылған қасқыр – құртқа да бір, Айша да бір.

Екеуіміз екі қап, екі арқан алып, далаға шықтық. Жым-жырт. Тіпті иттер де үрмейді. Ақ кебін жамылған аш ауыл.

Қара жолдың үстінде, төскейде колхоздың жалғыз маясы бар. Жазда Молдарайым шал жоталап жинаған мая ғой. Бұл төңіректе Молдарайымнан асқан шебер маяшы жоқ. Тіпті бұзуға көзің қимайды.

Сәтін салса, қар қатқыл екен. Апта бойы соққан сұрапыл дауыл қарды нығыздап, таптап тастапты. Әйтсе де, анда-санда күртікке күмп беріп, омбылап қаламыз.

Бұл Айшаға ұнамайды.

– Из қалатын болды-ау, – деп қояды. Аңшы қуып, артында құралайы қалып қойған ақбөкендей бұрылып, маған қарап-қарап қояды.

– Менің ізіммен жүр, – дейді. – Қос із түспесін, – дейді.

Ал Айшаның адымы ұзын. Айша – бойшаң. Жас келін боп түскенде, зипа бойлы қыз екен. Әкеміз Мұртаза жарықтық, жаның жаннатта болғыр, тапалдау кісі еді. Құрдастары:

– Ана қатыныңды кәйтіп сабайсың-ей? Сені екі бүктеп, көтеріп алып кететін көрінеді ғой, – деп күледі екен. Иә, Айша қарулы. Өзі жесір әрі әлжуаз болса, қайтіп күн көреді бұл заманда?

Сондықтан Айшаның адымына менің адымым жетпейді. Аяғымды алшаң тастап, әрең ілесемін. Маяға жеткенше, қара сорпа болып терледім.

Мая кеміріліп, кеуектеніп қалған екен. Кеуегіне қар кептеліпті. Алдымен сол қарды қолымызбен әрең аршып, өліп-талып, таза шөпке де жеттік-ау. Шөпті қолмен суырып, қанар қапқа тыққыштап жатырмыз.

Жарықтық біздің Төскейдің шөбі-ай... Қозы қарынға құйып пісірген уыздай екен. Амал жоқ, мал емессің, әйтпесе асап-асап жегің келеді. Хош иіс бұрқ ете қалды. Қақаған қыс емес,

жайраңдаған жаз оралды. Киікоты аралас бидайық пен майлы шытыр, көдесі мен қызыл изені, иіс майлы қылшасы мен жусаны, қызыл жоңышқасы, гүлқайыр мен көкемаралы сол қалпында тірі күніндегідей сиқырлы. Өттең, шама жетсе, маяны түгел көтеріп әкетсе...

Маяның осы қуысына жата қалып, тырп етпестен ұйықтасаң ғой, шіркін... Бірақ Айша айтты:

– Арқанды әкел! – деді.

Екі қапты аяғымызбен тепкілеп, нығыздап толтырып, арқанмен шандып тастадық. Бір қапты Айша менің арқама салып, кеудемді арқанның ұшымен таңып тастады. Өз қабын бұйым ғұрлы көрмей, өз арқасына лақтыра салды.

Сөйтіп, келген ізбен кері қайттық. Алты күн соққан ақ боран аз болғандай, Айша:

– Борасындатып, ізімізді көміп кетсе жақсы болар еді, – деді.

Сөйтіп, аспанға қарады. Қораланған Ай мұңайып тұр екен. Аспанда Ай мұңайса, жерде жыбырлаған біз пақырға не шара? Бір Құдай өзі жар болсын. Тасбеттің қаһарынан сақтасын.

Тасбет біліп қойса, Айшаны, бәлкім, мені де соттап жібереді. Онсыз да «халық жауы» деген қара таңбамыз бар.

Өткен жазда Сартай дейтін өлесі шал сотталып кетті. Өзі Бауыржанның (Момышұлының) жақын туысы еді.

Бар жазығы-жалғыз есегін жаздай Тасбет алып қойып, элеваторға бидай тасытқан ғой. Сартай:

– Не менің есегім құрымады, не осы өкімет құрымады, – деген ғой. Күйінген де. Тасбет милицияға айтып, айдатты да жіберді. Содан бері ұшты-күйді жоқ.

Дәл қазір өз басымда үрей жоқ, жадыраған жаздың бір қап нұрын арқалап келе жатқан адам уайымсыз болады екен. Ал Айша қорқады. Қайта-қайта Айға қарайды.

АЙ ШУАҚ ТҮНДЕР

Ақпанның ақ бура бораны болдырып, жынынан айырылған бақсыдай басылған соң, аспан ашылып, пердесіз терезеден Ай сәулесі себезгілеп тұратын болды. Екі қап шөп келгелі, ешкілер бақырып жылағанын қойды. Ұйқымыз тыншыын деді. Бәрібір түн ұзақ.

Сонда үш жетімін ұйықтату үшін, Айша неше алуан ертегі, қиссаларды айтады. Біз үшін бұл бір қадір түндері – Алланың ақ нұры жауған түндер. Анда-санда Айша осылай өзгереді. Ұзақ түнде бізге әр түрлі әңгіме айту арқылы өзі де азаптан арылып, уайымы жеңілдеп қалатын сияқты.

Біздің үлкен апамыздың, яғни Мұртазаның әпкесі Нұралы деген Көксайдың қырғызына ұзатылғанын (оны өзі де соқыр еңсесінен естіген. Әкеміз Мұртазаның анасы Күнікейдің күндесі кейін соқыр болып қалған екен) жыр қылып айтқанда, біз демімізді ішімізден алып тыңдар едік. Бай қырғыздар екен. Манас шыңына таман жетіп, жайлауға шығады екен. Майдантал дей ме. Өгізқорған дей ме... Ол жайлауды өзі көрмесе де, Айша жұмақ төріндей қылып айтады. Жайлауға қырғыздар атпен, түйемен, өгізбен, қодаспен көшеді екен. Үсті – шың, асты – құз, жалғыз аяқ бұралаң жол болады екен. Сонда қырғыздар:

– О, қоқи, қассақ келіннің көзін байлағалы, басы айналып, құзға құлап кетет, – деп, үлкен апамыздың көзін орамалмен таңып тастайды екен.

Не керек, неше түрлі қызықтарды айтып-айтып келіп, ақыры:

– Сол қырғыздар әкелерің барда жиі-жиі келіп тұрушы еді, қатынағанды қойды, – деп күрсінді Айша. – Әбдібек, Сусар деген жиендеріміз болушы еді. Әбдібек әскерге кеткен көрінеді. Сәнәмбүбі деген келіншегі болатын. Қырғыз – Ата жарықтық, (Нұралы жездеміз) қартайып қалды ғой. Жүріп тұруы қиындаған шығар, – деп қойды.

– Ұйқыларың келген жоқ па-ей? – дейді Айша.

– Жоқ, жоқ, айтшы, апа, тағы да, – деп өтінеді қарындасым Құрмаш. Інім Батырхан үндемейді, ұйықтап қалса керек.

Сонда Айша өзінің балалық бал дәуреніне сапар шегеді. Көз алдына Қаратаудың астында жатқан Бурылтау келеді. Бурылтаудың баурайын мекендеген Есей байдың ауылын көреді. Тұлымшағы селтиген бүлдіршін қыз өз құрбыларымен бірге тастан-тасқа секіріп, кекіліктің жұмыртқасын іздеп жүреді. Қызығына түсіп кеткені сонша, тым биікке шығып алып, қыздар енді төмен түсе алмай жылайды екен. Биікке бәрінен де бұрын шыққыш Айша көрінеді. Қия тастан түсе алмай жылаған қыздарды төмендегі ауылдағылар көріп, әрең түсіріп алады екен.

– Есей әкеміз, жарықтық, алты ағайынды болыпты, – дейді Айша, – Матай, Сасай, Есей, Нұрабай, Қарақұл... а, Құдай, біреуі есімнен шығып қалыпты. А, Татай! Не Матайы, не Сасайы Меккеге барып, содан қайтпай қалған, пейіштің төрінде деседі.

Әкеміз Есейдің үш әйелі болыпты. Біріншісі – осы біздің ауылдағы Дошанай атаның әпкесі Теңгеқыз деген кісі еді, жарықтық. Одан Сүттібек, Ауагүл деген балалары болады. Сүттібектен Төлен нағашыларың. Ол қазір соғыста, е, Жаратқан, жар бола гөр жалғызға...

Екінші әйел – менің шешем Құлыхан, Бектөбе деген жердегі Сіргелілердің ішіне сіңбе Алшының қызы. Құлыханның шешесі Тұрған ханым деген кісі, иә, аруағыңнан айналайын, ірі көріпкел, тәуіп кісі екен.

Есейдің Құлыханнан үш баласы бармыз: мен – Айша, Рахман, Зибә.

Шешем Құлыханның бауырлары әлі сол Бектөбеде тұрады. Сәли, Қали, Бөпетай, Сатай... Е, оларды да көрмегелі көп заман болды. Мұртаза барда бәрі де келіп-кетіп жүруші еді. «Балапан басымен, тұрымтай тұсымен» дегендей болып кетті ғой Мұртаза «халық жауы» дегеннен бәрі қорқатын шығар.

Сонда Мұртаза халықтың бәріне қарсы шыққан ба? – деймін мен шыдай алмай.

– Қайдағы қарсы шыққан, ойбай! Байдың баласы дейді, Тротске дейді, Рысқұлшина дейді – жабам десе, жаласы көп.

– Тротске, Рысқұлша деген не?

– Е, мен қайдан білейін, Сталинге қарсы дей ме... – Кенет Айша даусы өзгеріп:

– Тыныш жат, аузыңнан шығарушы болма мұндай сөзді! – деп жекіп тастады.

– Қойшы оны, онан да баяғы қыз күніңді айтшы, – деп әңгімені жөнге салады қарындасым.

Айша әлгі ашуын ұмытып, күліп алып, қызын басынан сипалап, қайтадан бал дәурен ауылына аттанады.

– Сүттібек көкемнің үйіндегі жеңешем Анаргүл қызық кісі еді.жаның жаннатта болғыр. Өзін он төрт, он бес жасында алып келген екен. Сірә, сонда менен сәл – ақ үлкен. Бала ғой әлі. Бізбен бірге ойнап кетеді. Тауға шығып сағыз тереміз. Тауға шықсақ, ылди жақ алақандағыдай ап – анық көрінеді. Сонда әлгі жеңешем түйетастың үстіне шоқиып алып, ылди жаққа қарап жылап отырады:

– Тастөбе – Көлқайнар-ау... – деп алысқа қарап аңырайды. Сөйтсек, Тастөбе – Көлқайнар – өзінің туған ауылы екен. Жанбай – Жаныстың елі екен. Сөйтсек, Құдай-ай, жап-жақын жер екен! Айша күледі. Айша күлсе, біз де жадыраймыз.

– Жеңеше, неге жылайсың деймін? – дейді Айша.

– Ауылымды сағындым... Ауылыңның қадірін ұзатылғанда білесің, – дейді жеңешем. Сол айтқандай-ақ, – деп күрсінді Айша – көп ұзамай- ақ мен де ұзатылып, Бурылдың тауын сағынып жүрдім ғой, аһ! Бұйрық екен, осы Мұртаза айттырып келген жоқ па...

– Қызық болды өзі, – деді күліп Айша. – Құдайға тоба, мұндай да болады екен-ау. Мұртазаның бір қарындасын Сүттібек ағам алған. Ол бейшара қайтыс болып кеткеннен кейін

ғой, әлгі «Тастөбе – Көлқайнар – ауды» алып жүргені. Енді Сүттібектің қарындасын Мұртаза алмақшы. Сонда айырбас па – немене өзі? – Айша ернін сылып еткізіп қойды, – Содан, тағдыр екен, он алты жасымда осы елге келін боп келдім ғой. Мұртаза менен бұрын екі рет үйленген екен. Біріншісі – мына Жаңабайдағы баяғы Байзақ датқаның тұқымы, Қабылбек болыстың қарындасы. Ерте қайтыс болған, марқұм. Тағы да сол ауылдан бір қыз алған екен. Оны бала таппадың деп қоя берген бе, әйтеуір, бір бәлесі бар...

Бұрылтаудың Қыршындысынан таңертең аттандық. Бүкіл Байтана шығарып салған. Жар-жар. Астымда ер-тоқым, құйысқанына дейін күмістен, зермен жабулап тастаған ақбоз ат. Жолда Күйіктің асуы деген болады екен. Сонда бір аялдап, тағы жүріп келеміз. Қалжыңбас күйеу жолдастар. Осы Жолдасбектің әкесі Сапа деген кісі, жатқан жерің жаннат болғыр. Мұртаза екеуі ажырамас дос еді. Екеуі де боз киініп, боз ат мініп жүретін. Сол бар, тағы көп кісі. Күн бесінде Теріс өзенінен өттік. Сөйтсек, алдымыздан қаптап қарсы алған ел... ең алдымен мені құшақтап сүйіп, сүйемелдеп жүрген – Баян жеңешем. Күн бата осы Мыңбұлаққа да келіп жеттік қой... Ай, заман-ай, ай, арман-ай!..

Айша үндемей қалды. Жөтелгісі келгендей түйіліп-түйіліп, денесі селк-селк етіп, бір уақытта дауыстап жылап жіберді.

Үрпінсіп қалдық.

– Қой. апа, қой, жылама, – деп, Құрмаш қайта естиярлық танытты.

Ай сәулесі көрінбей кетті. Үй төбесіндегі қамыс ызыңдады. Тағы да жел көтерілсе керек. Тағы да боран болатын шығар. Бораны таусылмайтын неғылған жер. Әлде Айшаны қамыстың ызыңымен жұбатқысы келген періштелер, әлде аруақтар...

Айша біздің көрпемізді қымтап, басымыздан сипап:

– Болды. Ұйықтаңдар, – деді.

НАУРЫЗКӨК

Ертеңіне ағыл-тегіл боп қар ереді. Түнде үй төбесіндегі босаттың қамысын ызыңдатқан Алтынкүрек желі екен. Желдің аты – Алтынкүрек. Адамдарды қан қақсатқан, ызғарлы суықпен сүйегін сырқыратқан дүлей дию сияқты сиықсыз қысты бір түнде жайратып салатын Алтынкүрек. Қарды ғана ысырмай, адамдардың еңсесін езген қайғы-мұңды да аршығысы кеп, уайымыңды жеңілдететін Алтынкүрек.

Осы бір жылы жел періштелердің қанат қағысынан есетін сияқты. Қара ниет диюлардың улы тырнағынан адам бейшараны арашалайтын ізгілік күш қой. Айша айтады, диюлар мен періштелер ылғи соғысады деп. Әйтпесе, мен қайдан білейін. Диюын да, періштесін де көрген емеспін. Көзге көрінбей соғысатын ол қандай күштер?..

Атпақшы, сол күні Наурызкөк келді. Айша айтты:

– Аман келдің бе, әулием? Ұяң бұзылмасын, балапандарың қанаттасын! – деді.

Кәдімгі шымшықтың үлкендігіндей ғана құсқа да өстіп табынады екен-ау. Елден қысы – жазы кетпейтін кәдімгі бұзық, тірмізік шымшықтан басқа. Наурызкөк – моп-момақан. Екі көзі моншақтай қап-қара, көгілдір аспан түстес, сүп-сүйкімді, Періште екені рас та шығар. Күшті болу үшін дәу болу, қаһарлы болу шарт емес те шығар. Айталық, Черчилльдің қасында Махатма Ганди кіп-кішкентай ғой. Черчилль сияқты әскери мундир де кимейді. Сигар да тартпайды. Коньяк та ішпейді. Пистолет те асынбайды. Тіпті тыр жалаңаш десе де болады. Беліне байлаған лыпадан басқа тұлдыры жоқ. Қару-жарағы жоқ. Біреуге ищай деп жаман сөз айтпайды. Қабақ шытып, қатуланбайды да. Ал сөйте тұра, бір оқ шығармастан Черчилльдерді жеңді ғой.

Наурызкөк – жақсылықтың нышаны екен.

Сол түні Айша кешегі әңгімені жалғастырды. Оған себепші болған тағы да Құрмаш еді. Аз ғана тақыл-тұқыл тамағымызды ішіп, шырағданды сөндіріп, ұйқыға жатамыз. Ерте жатқаннан соң ба ұйқы келмей қояды. Ерте жатпайын десең, жермай жоқ. Жермайды үнемдеу керек. Жермайсыз шырағдан жанбайды. Біреулер тоңмайға білте салып жағып жүр. Оған тоңмай қайда? Тоңмай табылса, қара көже ішіп неміз бар? Қатпаймыз ба сол көжеге.

ЭЛЬЗА - КІШКЕНТАЙ ПЕРІШТЕ

Адамның басы – Алланың добы» деген, қалай қарай тепсе, солай қарай домалайтын көрінеді.

1941 жылдың жазынан бастап, дүние астан-кестен болғандай, адамдар Батысқа ағылып жатты. Олар әскерлер еді. Батыстан Шығысқа қарай да жүйткіген пойыздар көп. Біздің Мыңбұлақтан ылдида, Теріс өзенінің бойындағы теміржол алақандағыдай анық көрінеді. Байқаймыз, пойыздар жиіледі.

Солардың бірі Боранды бекетіне тоқтап, «жер ауғандарды» түсіріп тастапты. Оны үлкендерден естідік. «Кімдер екен, кімдер екен?» – деп ауыл қазағы сұрамай тұра ма? «Немістер екен», – десті біреулер. «Немісі несі? Соғыс бізге де жетіп қалды ма?» – деп шошынды қарапайым ел.

Оның жауабын көп кешікпей өз құлағымызбен естіп, өз көзімізбен көрдік.

Біздің ауылға сатылы арба, жәшік арбамен тізіліп қош келді. Бәрімізді мектепке жинады.

Жиналысты ауданнан келген қайыс пальтолы уәкіл ашты. Төрде колхоз бастық, сельсовет, тағы бір ұзын бойлы кісі отыр, түрі орыс сияқты.

Уәкіл айтты:

– Жолдас колхозшылар! Бүгін ауылдарыңызға жиырма үй немісті көшіріп әкелдік, – деді.

– Немісі несі? – деп, Сапарбай ата шошынып қалды.

– Неміспен соғысып жатқан жоқпыз ба? – деп, бір бүйірден Әлікұл ата тіл қатты. Уәкіл:

– Шуламаңыздар! Жолдас колхозшылар! Бұлар басқа немістер. Жо-жоқ, фашистер емес. Өзіміздің Волга бойынан көшкендер.

– Немене, Еділді шапты ма?

– Онда фәшистер Қазақстанға жетіп қалғаны ма?

Сұрақ көбейді. Уәкіл қысылды. Қайыс пальтоның қалтасынан беторамалын алып, маңдайын сүрткіледі.

– Жоқ, – деді уәкіл, – фашистер Волга бойына жете алмайды, жетпей желкесі қиылады.

– Онда Еділдегі немістерді неге жер аударады? Уәкілдің қиналған жері осы болды. Немістерді Сталиннің бұйрығымен көшіріп жатыр деп айта алмайды. Айтса, басы кетеді. Енді уәкіл өктемдікке басты:

– Жолдас колхозшылар! Үкімет пен партияның ісіне шүбә келтірмеңіздер. Немене, үкімет пен партияның саясатына қарсы шығасыңдар ма?!

Жұрт жым болды. Уәкіл де сабасына түсіп:

– Сөз көшіп келген неміс ағайындардың атынан Отто Бауэрге беріледі, – деді.

Қайрабай шал жанындағы біреуге:

– Отта, бауыр, дей ме? – деп сыбырлады.

Неміс орысша сөйлесе де, біз түк түсінген жоқпыз. Уәкіл түсіндірді.

– Отто Бауэр жолдас айтады: осындай қиын шақта орталарыңыздан орын беріп, немістерді қабыл алғандарыңызға рахмет айтады. Немістер іскер, жұмыс десе жұлқынып тұрған халық дейді. Колхозға көп көмегі болады, қандай жұмыс болса да қашпайды дейді.

Отто Бауэр – бетінде қорасан дағы бар, ұзын бойлы, еңгезердей кісі екен, уәкілдің қазақша аудармасын түсінбесе де басын шұлығып тұрды. Күлімсіреп қояды. Уәкілдің тілмаштығын күшейткісі келгендей:

– Арбайт, арбайт, работа, работа, – деп қойды. Сонымен жиналыс тарқады. Тарқар алдында кімнің үйіне кім кіреді, соның тізімі оқылды. Оны Жуанқұл бастық жариялады. Тізімді оқып тұрып, бір жерінде:

– Бердімбетова Айшаға – Вольф Анна, екі қызы бар – Эмма, Эльза, – деді.

Сөйтіп, Эммасы мен Эльзасын алып, Анна біздің үйге келді. Эммасы менен үлкендеу, Эльзасы әлі аяғы шықпаған нәресте екен. Оны Анна көтеріп келді. Бір қолында қызы, бір қолында қарала орамалға бұған түйіншегі бар. Эммасының қолында да бір түйіншек бар. Бар байлығы – сол.

Кейін-кейін Анна айтады ғой: тәп-тәуір дәулетіміз, сиырларымыз, шошқаларымыз, үйрек-қаз, тауықтарымыз бар еді деп. Бәрі қалған. Бір түннің ішінде әскер келіп, апай-топай пойызға,қызыл вагонға салған. Енді жеткен жері осы – біздің Мыңбұлақ. Оның ішінде біздің қоржын үйі.

Қоржын үйдің бір жағында – өзіміз, екінші басында шөп, тезек, жалғыз сиыр, бір-екі ешкі. Ортадағы ауыз үйде де отын тағы басқа кәкір-шүкір орналасқан.

Айша айтты:

– Бір бөлмеде бірге тұрамын десең, міне, ана бөлменің бір қуысын жөндеп аламын десең, оны өзің білесің, – деді Аннаға.

Оның тілін түсініп жатқан Анна жоқ. Бірақ мылқау жандарша ыммен – ақ түсініскен сияқты. Анна:

– Гут, гут, – деді.

Сөйтіп, менің немісше бірінші үйренген сөзім – «гут».

Анна сарғыш қолаң шашты, ажарлы әйел еді, үлкен қызы да өзіне тартқан, жасына қарамай аяқ-қолы балғадай, денесі ірі екен. Ал кіші қызы өте шінжәу, ілмийп қана қалған, шала-

жансар. Бұрыннан солай ма, әлде пойыздағы ұзақ жолды көтере алмай ауырып қалған ба, о жағын біле бермеймін. Жылауық та емес, Бірақ ыңырсиды, езу тартып күлгенді білмейді. Әлі ес білмеген сәби болса да, жасыл-сарғыштау кезінде қаптаған қасірет, бозғылт аспандай терең мұң жатыр.

Соғыстың бірінші жылы ғой. Дастарқанымыз әлі құрамаған кез. Қонақтарымызға дәм бердік. Содан соң Анна ай-шайға қарамай іске кірісті. Мал тұратын бөлменің бір бүйірін тазалап, араға ағаштан, Айшаның баулап-баулап қойған жусан отынынан қоршау салып алды. Тауықтың күркесіндей бөлек бір бөлме болып шыға келді. Бөлме ішіндегі бөлме.

Аннаның байын әскерге алған екен. Кейін ойлаймын ғой. Әскерге алса... соғыста. Немістерге, фашист немістерге қарсы соғысады. Неміс бола тұрса да. Демек оған сенгені. Сенсе, неге үйін жер аударып жібереді?

Бұл дүниенің біз білмейтін жұмбағы көп. Дүние о басында түп-түзу, дұрыс жаратылса керек. Бірақ кейін-кейін күштілер шыққан, әлсіздер шыққан. Әділетсіздік содан туған. Шын әділет – тепе-теңдік. Адамдардың бәрі тең болуы керек. Ал адамдарда ондай теңдік бар ма? Біреу семіз, біреу арық. Әлемнің терезесі тең емес. Біреудікі биік, біреудікі аласа, ал біреудің терезесі шынысыз, қозы қарын ғана қампаяды. Ендеше, шын әділет еш уақытта, еш заманда да болмақ емес. Қазіргі әділет, әділет деп жүргеніміз – соның жұрнағы ғана.

Сол жұқаның да жұлыны жұлынған.

Әділеттіктен аттап өтетін, беттің арынан таспа тіліп, түйіндеп тастайтын саясат дейтін сайқал бар. Саясат – көбінесе тақ үшін талас. Тақ дегеніміз – күш. Күшті болу үшін таққа таласқандар туған әке-шеше, құрсақтас бауырын да аямайтынын тарих талмай көрсетті, көрсетіп те жатыр, көрсете де береді.

Таққа таластың ар жағында аран жатыр. Аран ашылады. Қазақтың: «кедей бай болсам дейді, бай Құдай болсам дейді» дегені содан қалған. Араны ашылған патша әлемді алсам дейді.

Әлемді Құдайдан басқа ешкім ала алмайды. Содан барып соғыс шығады. Ал соғыс дегеніңіз қып-қызыл қан, қаптаған түпсіз-түмен қасірет. Патшалар жауласады, халық қырылады.

Сол қасіреттің бір түйірі мына біздің үйдің бір түкпіріне келіп қонақтады.

Аз күнде-ақ Анна дегеніңіз Айшамен бұрынғыдай ыммен емес, қазақша сөйлейтін болып алды. Эммасы да алғыр екен, біз де онымен түсінісіп кеттік. Жалғыз тіл қатпайтын – Эльза. Оның тілі – тілсіз ыңырсу. Сүтте бердік, қаймақта бердік, барымызды аузына тостық, бірақ...

Бір күні таңертең біздің бөлмеге Анна келіп, Айшадан:

– Бұл ауылдың зираты қайда? – деп сұрады.

– Зираты несі? – деп шошып кеткен Айша.

– Эльза... – деп, Анна бетін басты.

Үрпиісіп, орнымыздан өре түрегелдік.

Айналасы қоршалмаған жадау ғана жетім зират Бердімбет сайының бас жағында, қара жолдың үстінде.

Анада жиналыста сөйлеген Бауэр келді, бір-екі неміс келді. Өздерінше бірдеңе-бірдеңе сөйлесті. Біз түсінбейміз. Түсінгенім: «мусульман, мусульман» дегендері ғана.

Не керек, Эльзаны зираттың дәл езіне емес, одан төменірек, Бердімбет сайының қабағынан ошақтай ғана жер қазып, соған көме салды. Қызыл құмырсқаның илеуіндей ғана төбешік ақ қардың ортасында қарауытып қалды. Аппақ дүниенің бетіне біткен бір түйір тарыдай ғана мең.

Ал жалпы, «аппақ дүние» деген осы бір егей бала сияқты оқшау ауылға болмаса, жалпы әлемге жараспайды. Жалпы дүниенің беті дәп-дәле. Айғыз-айғыз қан.

Бауэр, тағы басқа ер-азамат немістер бір күнде көрінбей кетті.

– Қайда кетті? – десек,

– Трудармияға алып кетті, – деді.

Қайтіп оларды көрген жоқпыз.

Ал қалған немістер күн жылына бере өздеріне жертөледен болса да баспана соғып, қазақтардың «қоржын» тамдарынан бөлініп шықты.

Көп жыл өткеннен кейін, ұдайы сыртта жүріп, елге барсам, «неміс көше» деген пайда болыпты. Үйлері әдемі, сүйкімді. Бау-бақшасы бар. Шетінен ауқатты. Анна қартайыпты. Эмма сондағы бір тызылдап тұрған пысық неміске тұрмысқа шығыпты. Өзі магазин ұстайды екен, қисық көз күйеуі қамбашы екен. Билеп тұр. Үйіне шақырып, шай берді. Эмmanın бір бөтелке арағын іштік.

– Гут, гут, зер, гут, – дедім.

Ешкімге қиянаты жоқ, өтірік-өсекке, мақтанға, кеудемсоққа бармайтын, зорлық-зомбылықты сүймейтін, тек өзінің адалдығына, тек өзінің маңдай тері мен табан ақысына сүйенетін мейірімді жандар.

Ал енді осылардың әлдеқайда алыстағы қаңдастары қалайша дүниені шат-шәлекей қылғаны мүлде түсініксіз.

МҰСЫЛМАНДЫҚТЫҢ БЕЛГІСІ

Жаратқан Құдірет, Жасаған Ием о басында Адам Ата мен Хауа Ананы дүниеге келтірген де, бұл ұлы ата-анамыздың тал бойында бір мін болмаған. Артығы да жоқ, кемі де жоқ. Адам баласы шексіз шебер Құдіреттің күшімен, шексіз даналығымен жаратылған. Адамның мүсінінен қандай мін табасыз? Құлағы артық па? Қолы, аяғы артық па? Бәрі-бәрі орын-орнында тұр.

Адамның жаратылысы дүние-әлемнің жаратылысындай мүлтіксіз қиюласқан. Қазір инженер деп жүргендеріміз машина жасайды, сағат жасайды. Қырып-жою құралдарын жасауда мол табысқа жетті. Ал бірақ Адамды жасау үлгісі бар болса да,

адамды жасай алмайды. Роботтың жаны жоқ, сезімі жоқ. Қуана білмейді, қайғыра білмейді, армандай алмайды.

Ендеше, Құдайдан құдіретті ешкім де, еш нәрсе де жоқ. Ал енді, келе-келе, адамдар адамның жаратылысынан, мүсінінен кемшілік тауыпты. Адамзаттың бәрі емес, едәуір бөлігі.

Сөйтсе, олардың ойынша, еркек адамның мүшелерінде, дәлдеп айтқанда, бір ғана мүшесінде, тағы да дәлірек айтқанда, еркектік белгісінде құйтақандай кінәрат бар екен. Еркектік белгі бүрік екен. Бүрік етіп тұрған – тырнақтай ғана тері екен.

Сол тырнақтай теріні өткір ұстарамен шертіп жіберіп, кесіп тастаса, сауап болады екен. Әйтпесе, үлкен күнә! Ол күнәнің жазасын әсіресе о дүниеге барғанда қатты тартатын көрінесің. О дүниеде мәңгі-бақи тозақта ойбайлағанша, осы дүниеде-ақ тыз етпе бір ауырғанға шыдасаң – мойнындағы зіл батпан қарыздан құтылғаның.

Айша осыны қатты уайымдайды екен. Қиын болғанда, Мыңбұлақта бала «піштіретін» маман жоқ. Бұрын заман тынышта, Түркістан жақтан жылда бір келіп, «піштіру» науқанын жүргізіп, мал жинап қайтатын Қара қожа да келмей қойды.

Мұртазасы болса, Айшаға уайым түспес еді. Баласын сүндеттету – әкенің парызы. Бірақ Мұртазаның міндетін Айша өз мойнына жүктеп алған. Тағдыр солай ұйғарды. Көнбеске амал жоқ.

Бердімбет сайының сәні кетіп, гүлдер солып, көбелек қуған қарлығаш ұшпай, оның орнына шұбатылып мизам ұшқан шақ. Сірә, қырық екіншінің қоңыр күзі.

Қырсық қара биеден қалған бурыл тайдың үстінде бір жамбастап, сайдың ажырық отына жайылып жүрген жылқыға қарап, сүлесоқ отырғанымда, ойда жоқта алқын-жұлқын Айша жетіп келді.

– Әй, Барсхан, әйда, жүр үйге, — деді.

– Не болып қалды?

- Кейін айтам, жүр, жүр.
- Жылқыны қайтем?
- Тасбет бригад қазір басқа адам жібереді.

Айшаның айтқанын істемей көр. О, оны сіздер білмейсіздер. Ол бұрыл тайдың үстінде жарбиып отырған мен тұрмақ, зіңгіттей Тасбет маңқаның өзін аттың үстінен түсірген. Тасбеттің өзінен де бар. Дереву тілдейді. Атаңа нәлет дейді. Құлақтың қатыны дейді. Халық жауының қатыны дейді. Айша бір шыдайды, екі шыдайды, тіптен болмаған соң, Қызыл қырманның басында, шаршы топтың көзінше Тасбетті аттың үстінен тулақтай жұлып түсірген ғой. Тасбет сотқа бермекші болыпты. Ел жиылып, қой-қойлап әрең басыпты.

Үйге келген соң Айша дәу қара қазанға су жылытып, мені әбден шомылдырды. Қара сабынды аяған жоқ. Бөз де болса, таза көйлек кигізді. Әлі күн жылы еді, сонда да құрақ сары күпәйкемді, ақ қоян құлақшынымды кигізді.

Не екенін түсінбеймін, қарындасым мен інім де аң-таң. Сірә, мені тойға барады десе керек, біз де барайықшы деп қыңқылдасты.

Айша оларға «тәйт» деп тастады.

Әлдеқалай қашып кетпесін дегендей, қолымнан қысып ұстап алып, дедектетіп, талай сайлардан етіп, басқарманың үйіне жетті.

Жуанқұл бастықты күнде қарғап-сілеп, иттің етінен жек көруші еді, енді мұнысы несі деп түсінбедім.

Үйге кірсек, қауқылдасып шалдар отыр, сампылдасып кемпірлер отыр. Мені көріп бәрі де:

– О, Барсхан келді, Барсхан келді! – деп, дәл бір Барсхан емес, Бауыржан келгендей дуылдасты.

Сөйтсем, төрде қаз-қатар болып, тізіліп көп бала жатыр: Қорғанбай, Боранбай, Қуанышбай, Аманбай, Өсер, Тілепалды, Сүлеймен...

Сүйек қажаған сиырдай, ауыздарына құрт салып, малжандасып жатыр.

Біле қойдым. «Піштіреді» екен. Айшаның қолынан жүлқынып шығып тұра қашайын деп едім, шыға алмадым. «Босат», – деп ышқынып едім, үй толы адам:

– Ой, Барсхан батыр ғой!

– Ой, ол жазда элеваторға бидай тасығанда Евгеньевканың бұзық балаларымен қорықпай төбелескен!

– Ой, ол Салбидің қабаған итінің жағын айырып тастаған! – деп, мені мақтайды – ай шетінен.

Қашып кетуге бет қалмады. Амал жоқ, қаздай тізілгендердің қатарына мен де барып жаттым.

Қырғыздан келген «хирург» небір күлдіргі әңгіме айтып, шаруасын да тындырып жүр. Сол әңгімесін тыңдап жатып, менің де «шаруамның» біткенін байқамай қалыпшын. Тек киіз күйдіріп басқаны жаныма қатты батты білем, қырғыз «хирургты» айқайлап боқтап жіберіпшің. Өйтпесе «хирург» бола ма:

– О, батыр екенсің, тентек екенсің да, – деп күлді.

Көзім түсіп кетіп еді, Айша жылап тұр екен. Кім біледі, қарызынан құтылғанына қуанғаны шығар: «Баламды кәпір қылдырдың-ау» деп, енді оған түсінде Мұртаза налымайтын болар, рухы риза болған шығар. Айша аруақтан ғана қорқады.

ҚОҢЫРАУЛЫ ЕЛІКТЕР

– Баяғыда, баяғыда – а - а... – деп әндетіп, созалаңдатып бастайды әңгімесін Айша. – Ерте-ерте, ертеде, ешкі жүні бөртеде...

Осы жерде тоқтап қалады. Түн ұзақ. Оны Айша әңгімемен қысқартады. Бәріміз төсектеміз.

Биыл біздің үйде бес адам бар: Айша, мен, Барсхан, Құрмаш, Батырхан, Машан.

Машан – жиеніміз. Мұртазаның қарындасы Әдияның баласы. Әкесі Қадырды 1938 жылы «халық жауы» деп Әулиеатаның түбінде, Қарасудың бойындағы жарқабақта атып жіберген. Қадыр, Пірнә, Қасымбек – бәрі де Андреевкадағы шанышқылылар. Жапонияның «шпиондары» екен. Үшеуін де атып тастады. Өйтпегенде, Жапония Қазақстанды әлдеқашан басып алатын екен.

Сол «шпиондардың» ауылында мектеп төрт-ақ кластық. Ал біздің ауылда жеті кластық. Өз Андреевкасында төртіншіні бітірген Машан енді қайда барып оқиды? Борандыда – он жылдық. Ол алыс. Әрине, біздің үйде жүріп оқиды. Андреевка шанышқылылары төртті бітірген балаларының бәрін біздің мектепке берді. Бәрінің жекжат – жұраты бар. Құли – Шілмембет пен Шанышқылыда бір-бірімен қыз алыспаған үй кемде-кем. Содан бері нағашылы-жиенді болып кеткен.

Оқу басталар күзде Әдия әпкем Машанды ертіп келді. Айшаға:

– Мына Машан осы үйде жатып оқиды. Ауырсынба. Жағдайларыңды білем. Шамам келгенше ұн, картоп әкеп тастармын, – деді.

Айша:

– Машанға бола бөлек қазан аспаймыз ғой. Қатықсыз қара көжені балалармен бөліп ішер, о не дегенің, – деді қайын-сіңілісіне.

Машанның келгені жақсы болды. Екеуміз құлын-тайдай тебісіп жатамыз. Төбелесіп те қаламыз, татуласамыз. Аға орнына аға еді.

Әне, сол Машан Айша әңгімені бастай берігі, кідіріп қалғанда:

– Апа, не болды? Айтсаңшы, – деп ынтыға түседі. Айша ән салатындай тамағын кенеп алып, сөзін жалғастырады.

– Осы біздің Мыңбұлақта ит мұрны батпас қалың қара орман болады екен. Емен осында, қызыл қайын да осында, арша, шынарға дейін шығады. Қазір ғой азғындап әр жерде қарағаш пен терек қалғаны. Оның өзін отқа жағып құртып болдық.

Сол орманның ішінде не жоқ: құйқылжыған құс, сандуғаш, сары торғай, жаннат торғай, теңбіл торғай толып жатыр. Нағыз құс базары екен. Әрбір бұтақтың бойы быжынаған ұя. Емен мен шынардың басын қаршыға мекендейді. Не деген пейіш десеңші! Қаршыға мен сандуғаш бір орманда қоңсы қонады.

Оны айтасың, аю ше? Орман іші толған қой бұлдірген. Аю адамға ұқсап, қос аяқтап тұрып, әлгі бұлдіргенді қолымен теріп жейді екен.

Ал ең қызығы: анадай жерде үрікпей, қорықпай еліктер жайылып жүреді. Жан-жануар біткеннің әдемісі. Мойындарында күміс қоңырау сыңғырлайды. Ал енді сол еліктерді біреу атса – сол адам өлді дей бер.

Жазғы шілдеде Түркістан жақтан ба, Түлкібас жақтан ба, жаз жайлауға хан ордасы көшіп келеді екен. Осы біздің Мыңбұлаққа. Ақ ордасын орнатып, сырнайлатып-кернейлетіп, сауық-сайран өмір сүреді.

Хан әсіресе еліктерді жақсы көреді екен. Мойындарына күміс қоңырау тақтырып қояды екен. Оларды өз қолынан жем беріп, сылап-сипап мәпелейді. Құдіреті күшті, сиқыры бар шығар, әйтпесе жабайы елік қасына адам баласын жолата ма?

Сөйтіп жүргенде, бір аңшы бір елікті садақпен атып алыпты. Бірақ сорлы ұсталып қалыпты. Ханның қарауылдары көп қой. Хан жарлық шығарған екен: кімде-кім елікті атса дарға асылады деп. Әлгі аңшы ол жарлықты естімеген бе, естісе де елемеген бе, әйтеуір, түлен тұрткен ғой.

Ханның жарлығы бар. Хан екі сөйлемейді. Хан қаһарланды. Аңшы дарға асылатын болады. Халық жиналады. Ханның жеңдеттері аңшының мойнына қыл шылбыр салады. Айыпкер аңшының астындағы дөңбекті енді алып жатқан кезде:

– Хан ием! Дат! – деп шыңғырған дауыс шырқырап шығады. Халықтың арасынан бір бұлдіршіндей жап-жас қыз жүгіріп шығып, тақта отырған ханның алдына барып, етпетінен құлап, ханның аяғын құшақтайды.

Хан:

– Бұл қайсың?! – деп қаһарланып, әлгі қыздың иегінен көтеріп қараса, құдая тоба, хордың қызы! Ай десе – аузы, күн десе – көзі. Мұндай нұрлы әйел затын бұрын көрмеген хан тілі байланғандай есі кетіп, мелшиіп отырады да қалады. Жарты әлемге жарлығы жүрген, дүниені қалтыратқан құдіретті хан мына сәтте дәрмені кетіп, хан екенін ұмытып, есі шығады.

Айша осы жерде кілт тоқтап, басын көтеріп, біз жаққа қарап қояды. Ұйықтап қалған жоқ па деген шығар. Терезеден Ай қиғаштап, алакөбең сәулесі әлі түсіп тұр.

Машан жастықтан басын жұлып алып:

– Апа, не болды? – дейді.

– Әшейін, сендер ұйықтап қалған жоқ па деп...

– Жоқ, ұйықтамаймыз, айта беріңіз.

– Мен қайбір айтқыш дейсің, баяғыда естігенім ғой.

Баяғыда естігені... Оны баяғыдан да бұрын басқа біреу естіп, енді біздің құлағымызға тиді. Ұрпақтан-ұрпақ осылай бір-біріне аманат қылып, мирас етіп қалдыра бермесе, небір асылдар адасып қалмай ма? Енді ойласам, Айшаның сондағы айтқаны сонау көне түрік дәуіріне, Ұлы Түрік қағанаты заманына кетеді. Мың жылдың ар жағында жатыр.

– Сөйтіп, қыз «дат, хан ием!» – дейді деп сабақтайды Айша.

– Даттыңды айт, – дейді хан.

– Айтсам, мына пенде менің әкем еді, – деп, дар ағашта тұрған аңшыны көрсетеді. – Мен сенің күңің болайын, әкемді өлтірме. Елікті ол еріккеннен өлтірген емес. «Сенің жазығың жоқ, балаларымның азығы жоқ», – деп атты.

Жиналған жұрт аңтарылып, «а, құдайлап» қалады.

Хан есін жиып, қауымға қарап:

– Уа, халқым, естідің ғой мына перизаттың айтқанын. Не істейін? – дейді. Халық шу етіп:

– Босат, босат әкесін!

– Сауабын аласың!

– Мойныңа қан жүктеме! – деседі.

– Халық қаласа – хан жалғыз түйесін сояды. Айтқандарың болсын. Бірақ, – деп хан жеңдеттеріне қарайды. – Бірақ бұл адам менің жарлығымнан аттап елікті өлтірді. Сол елікті көздеп атқан бір көзін ойып тастаңдар. Садақ тартқан бір қолын шауып тастаңдар!

Қыз:

– Хан ием, ол бізді, шиеттей бала-шағасың, аң аулап асыраушы еді, енді қайтіп күн көреміз? – дейді.

Хан:

– Ханның қайын атасы аштан өлмес. Мен сені аламын. Күнім емес ханымым боласың, – депті дейді.

Сөйтіп, қызының ақылдылығы мен сұлулығының арқасында әкесі тірі қалыпты дейді. Қыз ханым атанып, ханға адал жар, әрі ақылманы болып, халыққа пана болып, бақытты өмір сүріпті.

Машан:

– Апа, тағы айтшы, – деп қолқалайды.

– Қанағат, жиен бала, қанағат қарын тойғызар, қанағатсыз жалғыз атын сойғызар, – деді Айша, – ертең де түн ұзақ, сонда айтармын. Ал әзір ұйықтаңдар. Таңертең сабаққа барасыңдар.

* * *

Сөйтіп, бұл Мыңбұлақта ханның жазғы «резиденциясы» болған. Ақ Орда тігілген. Қай жерге тікті екен? А... бәлкім, осы біздің үй тұрған жер хан ордасының орны шығар, а? Өйткені біздің үй – Тәңіртауға қараған ең шеткі үй. Өзі өрлеуіт жерде тұр. Хан ордасын ойпауытқа тікпейді ғой. Және Мыңбұлақтың ішіндегі ең сұлуы, ең мөлдірі – біздің Жалбызбұлақ. Оның суы

кәусар. Айналасына жалбыз иісі аңқып, әлі күнге дейін бүлдірген өседі. Жазда бұлбұл сайрайды.

Айша суға жұмсағанда, шелекті жаныма қойып, мөлдір көзді қайнарға қарап, шөкелеп көп отырып қаламын. Сайдың қабағынан Айша айқайлап:

– Барсхан, неғып отырсың? Су перінің қызы басыңды дуалап қойды ма? Қайт! – дегенде, шелекті әрең көтеріп, сайды қиялап, жалғыз аяқ жолмен асыға жүгіріп, алқынып қаламын.

Елден ерте кетіп, Әулиеатаның интернатында оқып жүргенде де, Мәскеуге барып оқығанда да... ылғи түсіме осы кәусар бұлақ кіреді. Етпеттеп жата қалып, суына бас қоямын. Бірақ шөлім қанбайды. Іше беремін, іше беремін, шөлім қанбайды. Оянып кетсем – аузым кеуіп, тілім таңдайыма жабысып қалған сияқты болады. Тұра салып, қранның суынан ішсем, әлгі түсімдегідей емес, хлор мен саз татады. Интернаттың шикылдақ темір төсегіне қайтадан құлай кетіп, мақта тыққан жастыққа бетімді басып жатқанда, жастық суланып қалады.

Енді көзім ілініп кетсе, Тәңіртаудың бөктері, қызыл изенді, тобылғылы төскей, сол төскейден төменірек біздің ақ үй көрінеді. Ылдида жатқан теміржолдан, пойыздан секіріп, сол ақ үйге қарай белуардан көк шөп кешіп, асығып бара жатамын.

Жақындаған сайын ақ үй ажарлана береді, асқақтай береді, жарқырап көрінеді. Небір асыл тастармен көмкеріп тастаған Алтын Орда екен деймін. Апыр-ау, біздің үй мұндай емес еді ғой деймін. Мойнына күміс қоңырау таққан еліктің лағы алдымнан билеп, еркелеп шығады. Оған интернаттың іші «балшық» кәмпітін беремін. Базарлығым – сол.

Одан бері де қырық-елу жыл өтіп кетті. Бәрібір, әлі солай. Әлгі түстен айыға алмаймын. Сол баяғы мен тұрған үйден қазір жұрнақ та жоқ. Соқамен айдап, әуелі қызылша, одан кейін картоп егіп тастаған. Бір белгі жоқ-ау, бір белгі жоқ. Есіктің алдында Мұртаза демалып отыратын дәу қойтас болушы еді, о да көрінбейді. «К-700» оны да уатып жіберген бе, білмеймін.

Ал бірақ менің түсім бұл шындықты мойындамайды. Алдымда дәйім Ақ Орда, кейде Алтын Орда тұрады. Қағанат дәуірлеп тұрған кезде, Түрік ханына саяжай болған жер.

Сырдың бір сүлейі:

Адамзат – келер, келер, жүзге келер,

Пеңдені үйде өлсе де, түзге көмер.

Құдая, иманымды салауат қыл,

Ағайын қайда бізді іздеп келер? –

деп еді.

Жүзге келермін. келмеспін, Алланың ісі. Алланың қарызға берген өмірін ерте ме, кеш пе, әйтеуір, бір қайтарарың хақ.

Сонда, шіркін, менің қабірім сол Ақ Орданың түбінде қалса... Қара орман шулап тұрса... Күміс қоңыраулы еліктер жайылып жүрсе... Қабірімде шыққан бір түп сәмбі талына сандуғаш қонып, Ай сәулесі астында мәңгі-мәңгі махаббат жырын жырлап тұрса... Ой, дүние-ай десеңші!

ЖАЛАҢАШ ҚАСҚЫР

Қасқырдың жүні қалың, киіздей тығыз. Қасқырдан ішік кигендер некен-саяқ. Әркімнің қолы жете бермейді. Бар болса да жастарға кигізбейді. Күйдіріп жібереді дейді. Жас бозбала, жігіт-желең кісе, әтек болып қалатын көрінеді. Тұқым тамырлары өртеніп кетеді екен де.

Қасқыр жазда түлейді. Киімін ол да жеңілдетеді. Ал қыста қырық градус аязыңа бұлк етпей жорта беретін көк бөрің – осы. Аңшылар оны осы кезде аулайды.

Қасқыр затын адамдар жек көреді. Көбі қорқады, тіптен бәрі қорқады. Малың жеп қояды, содан өштеседі. Ал адам мал жемей ме? Жейді. Оны ешкім күстәналамайды.

Қасқырдың адамнан өзгешелігі – адам бәрін жей береді. Шөп-шаламды да азық қылады. Тіпті бақа-шаян жейтін ел де бар. Ал қасқыр шөп жей алмайды. Тек емдік үшін өте сирек дәру шөптерді қажағаны болмаса, шөп атаулыны аузына алмайды. Ал әлдеқалай ауырса – тек асыл тамырды ғана татады. Өзін-өзі емдемесе, қасқырды кім емдейді?! Табиғат солай жаратқан.

Қасқыр тек етпен ғана қоректенеді. Су ішеді. Арақ ішпейді. Ол Құдайдан шекер мен бал сұрап жатқан жоқ. Ананас пен банан талап етпейді. Оның бәрі адамдардың ермегі. Қасқыр адамдар сияқты тойымсыз, тәуфихсыз емес. Бәрі баласын жұрт: «қорқау, қомағай» деп ғайбаттайды. Бәрі бекер. Қомағайлық, қорқаулық алдымен адамға тән.

Құдай солай жаратты. Оған бәрі баласы кінәлі ме? Амал жоқ, ет керек, еттен басқа қорегі жоқ.

Қасқырды жамандап жатқандарды көргенде, мен ішімнен:

– Уа, қасиетті киеміз, бұл пенделерді кешіре гөр, – деп отырамын.

Көк Бөрі біздің қасиетті киеміз ғой. Көк Түрік заманында көк байраққа алтындап, Көк Бөрінің басын салып қояды екен. Сол тегін деп пе едіңіз?! Тегін емес қой. Қазіргі көк байрағымызға:

– Бөрінің басын салайық, – деп ұсынғанымда, кәдімгідей ақылды, биік дәрежелі, лауазымды адамдар күлді:

– Ай, осы жазушылар-ай, қайдағы жоқты айтады, – деді. Амал не, көп айтса, көнесің дағы. Мейлі, келер ұрпақ бізден гөрі парасаттырақ болса, түзетіп алар.

«Бұл не айтпақшы?» – дейсіз ғой. Айтпағым, кешегі әңгіменің жалғасы. Құдайдың өлшеп берген өмірінің тағы бір күні өтті. Тағы бір түн келді.

Жоқ-жұтаңдай тамағымызды ішіп, Машан екеуіміз уқит-суқит, шала-шарпы сабаққа дайындалған болып, төсегімізге жатамыз. Ерте жатсаң – түн ұзақ. Ұйықтамай отыра берсек – жермайды жеп қоямыз. Жермай іздеп, Айша тракторшыларды

жағалап, жалынып жүргені. Қазір трактор да тоқтаған. Дала – аяз. Жатпағанда не істейміз?

Ары тартып, бері тартып, Машан екеуіміз бір көрпеге таласып, көз байлана бере, сырыққа қонақтайтын тауықтар сияқты бір-бірімізді итерісіп, әйтеуір, бір кезде тынышталамыз:

Машан:

– Апа, – дейді. Айша:

– Ау, жиен бала, – дейді.

– Кешегідей әңгіме айтыңызшы.

– Нені айта берем беталды?

– Иә, кешегі хан жақсы кісі екен ғой.

– Жақсысы жақсы ғой, – деді Айша күрсініп. – Залымдығы да жетеді.

– О, не? – Машан басын көтеріп алады. Хан залым дегенге сенгісі келмеген шығар.

– Ақыры, қоймадың ғой, – деп, Айша ықылассыздау бастайды.

– Кеше сол хан қоңырау таққан еліктерді жақсы көреді екен деп ем ғой. Жарықтық елік те бір ерекше сұлу жануар, әсіресе лағының көзінің жәудірегенін көрсең. Хан да сұлуға құмар шығар. Сұлулықты, әсемдікті, әдеміні сүймеген патша қатыгез, қан-құмар келетін көрінеді.

Содан, сол қарауылдар көздің қарашығындай қоритын еліктің біреуін түнде қасқыр жеп кетіпті. Хан ордасы жау шапқандай аласапыран.

Қарауыл қанша күшті болса да, ормандағы ағаш сайын бір-бір қарауыл қойса да, тағы бір елік жоғалып кетеді.

Хан қаһарланып:

– Тірідей ұстап әкеліңдер! – деп бұйырады. Нөкерлер:

– Қасқырдың апанын кім біледі? – деп жар салады. Сонда қарадан біреу тұрып:

– Е, ханның қайын атасы аңшы емес пе? Білсе – сол біледі, – дейді.

Бір көзі ойылған, бір қолы шабылған қайын ата:

– Баяғыда білуші ем, – дейді.

– Білсең – баста, жол көрсет, – дейді нөкерлер.

Арланның апаны жайдақ жерде болушы ма еді, аңшылар атқа қонып, тазыларын жалақтатып, тауға қарай тартады. Керегетастың ар жағындағы Қорымтасқа жортады.

Семіз елікті жарып жеген арлан, әлгі мол етті сіңіріп, тарғыл жартастың астындағы үңгірінде ұйықтап жатса керек. Апанына жақындап қалған аттылардың дүбірін естіп, бір бәленің боларын сезіп, атып тұрып, аттыларға ызғарлана бір қарап алып, Қорымға желе жортып жөнеледі. Аңшылар қиқулап, қуып келеді. Бірақ сусыма, тайғанақ тастан аттары жүре алмай қалады. Енді арланның соңына тазылар түседі. Бүркітшілер қырандарының томағасын сыпырады.

Не керек, бүкіл әлем жиналып жатып, әлгі арланды тірідей ауылға алып келіп, ханның алдына тастайды. Аяқтары қыл шылбырмен матаулы. Аузын да қайыспен құрсаулап тастапты. Ақсия да алмайды. Тек ызадан от тұтанған көздері ғана аласұрады. Керіскедей тұрқы есік пен төрдей екен. Аяқтары – Нәметқұлдың балғасындай.

– Қай балғасы? – деймін шыдай алмай. Өйткені ұстаханада балғаның түр-түрі барын мен жақсы білемін ғой. – Шеге соғатыны ма, таға қағатыны ма, жоқ болмаса арбаның дөңгелектеріне құрсау соғатыны ма?

– Тыныш жатшы-ей, тақылдамай, – деп, Машан мені шынтағымен түйіп қалды.

– Ең үлкені, – дейді Айша. – Содан хан айтады:

– Мұның терісін тірідей сыпырыңдар! – дейді.

Хан айтты болды. «Оу, тақсыр, қалай тірідей сыпырамыз? – деп сұрау жоқ. О кезде де неше түрлі қасапшылар бар шығар. Тірі қасқырға пышақ салып, терісін сыпырғанда, әлгі арлан бір қыңқ етпеді дейді ғой. Тек, шоқ шашқан көздерінен бірер тамшы жас шықса керек. Не деген жаны сірі десеңші!

Қасқырды қасапшылар жалаңаштап, туырлықтай терісін тірідей сыпырып болған соң, хан:

– Енді аузын, аяғын шешіп, қоя беріңдер! – депті.

Хан айтты – бітті.

Арлан қаны шыққан жалаңаш егіне шөп-шалам, қиыршық тас жабысып, орнынан әрең тұрды дейді. Жанына жаман батса да артқы аяқтарымен шоқиып отыра қалып, алдыңғы екі аяғымен жер тіреп, хан отырған таққа қарап қойып, содан соң қан толы көзін жұмып алып, тұмсығын көкке көтеріп, әй бір ұлыды дейді. Адамдардың тұла бойы қаза болып, шыдай алмай, құлақтарын басты дейді.

Көк Бөрі баласы ит сияқты адамға жарамсақтана алмайды. Ол үрмейді де, қыңсылап жыламайды да. Тек, Көктегі Тәңірге ғана мұңын шағады. Соған ғана бағынады. Әйтпесе, адамдар қасқырды асырап, қолға үйретпек боп талай әуреге түскен. Бірақ одан түк те шықпаған.

Жалаңаш қасқыр жалаң егі дір-дір етіп, безгек қағып, Көкке қарап зарлана ұлығанда, жұмулы көзден қан тамшылады дейді.

Мұндай азалы зарға шыдай алмай, хан тағынан тұрып кетіпті. Патшаға да шүкіршілік, тәуба керек қой.

Әлде содан ба, әлде басқа себептен бе – кім біледі, бір Тәңірден басқа ешкім білмейді. Әйтеуір, содан соң-ақ әлгі айбынды асқақ хан билеген елдің әлемді жарқыратқан Күні бешінге, ақшамға қарай құлдырай береді деседі.

Ал болды, ұйықтаңдар!

Айша үндемей қалды. «Тағы айтшы» деп, Машан да қолқалай алмады. Көпке дейін ұйқы да келмеді. Әлден уақыттан соң, тереземізден Ай да ауып кетті. Үйдің ішін ап-ауыр, зілдей қараңғылық басты да қалды. Жайшылықта шынтақтасып, тебісіп жататын екеуміз бір-бірімізге тығыла түстік. Құрмаш пен Батырхан екеуі екі жақтан Айшаға жабысып қалған сияқты.

ӘМІРЕҚҰЛ

Сөйтіп, мен, Айшаның айтуы бойынша, 1932 жылы қыркүйектің 28-де дүниеге келген екенмін. Біздің ауылда сол жылы туған төрт-бес қана бала бар екенбіз. Қолаханның Аманбайы, Әбіштің Сүлеймені, Мамыттың Седепкүлі... Тағы біреуін ұмыттым. Солардың ішінде қазір, яғни XX ғасырдың аяғында, жарық дүниеде жүрген жалғыз мен. Қазір ауылда 1932 жылы туған менен басқа ешкім жоқ.

Қалай өлмей қалғанымды құдіреті күшті бір Алла өзі біледі.

Сонда елден ерекше біздің үй қиыншылық көрмеген бе?

Айша айтады:

– Мұртаза, оның аталас інілері Әміреқұл, Нәметқұл, Сұлтан үшеуі жасырып көмген бір қап бидайы бар екен, соны ашып алуға шамалары келмейді ғой. Аңдыған ақыран (охрана, қарауыл, аңдушы дегені). Олар – кешегі кедейлер. Сенің Күнікей апаң асыраған кедейлер. О, аруағыңнан айналайын, Жолан – Жаныстың қызы, ұлы Төле бидің ұрпағы – Күнікей ханым бүкіл елді асыраған екен. Жетім-жесірге басына үй, алдына мал салып берген.

Оның жақсылығын иманы барлар әлі жыр қылып, жылап тұрып айтады.

Біріақ қазір байды кім мақтайды, құртып жіберді ғой.

Әлгі «ақырандардың» ішінде осы мына Тасбет те бар. Саған екіқабат кезімде ащы сүр етке жерік болдым. Сүр қайда - а - а? Содан пияз жей беріппін. Ащы пияз ауқат бола ма? Құсып, лоқсып, өліп қала жаздаймын.

Иә, сөйтіп мен – Барсхан – анамның құрсағында жатқанда-ақ ащының дәмін татып жетілгенмін. Өйткені құрсақтағы шарана ана немен қоректенсе, ода сонымен қоректенеді.

Мені сыртымнан «сұсты», «жауқабақ» деп, тағы бірдеңе деп, сыртымнан сөз қылады. Көрер едім ғой оларды, менің

көргенімді көрсе... Тумай жатып ащыменен уланса... А, бәлкім, мені шешектен аман алып қалған ащы пияз шығар...

– Сөйтiп жүргенде, – дейдi Айша, – келер жылы, яғни 1933 жылы Мұртазаны Түлкібастың түрмесiне қамап тастады. Жиырма сегізiншi жылғы кәмпескеден қалған-құтқанды тағы сыпырып әкеттi. Бердiмбет сайының қабағына көмiп, аман алып қалған алты қинат ақбоз үй бар едi, шiрiп кетер деп кейiн Мұртаза мен Әмiреқұл аршып алған. Соны да алды.

– Әй, Барсхан, сен Әмiреқұл көкеңдi бiлесiң бе, айтпақшы? Ойбу, Құдай-ай, қайдан бiлесiң? Онда бiр-ақ жаста едiң ғой. Әмiреқұлдың баласы Медетхан да бiр жаста. Екеуiң түйдей жасты едiңдер ғой...

Әмiреқұл – Мұртазаның туған iнiсi. Шiркiн, еркекте мұндай бозым жiгiт болды ма екен. Сенiң әкеңдей емес, бойшаң едi. Сұлулығында есеп жоқ. Ай, көркем жiгiт едi... Құдай жанын жаннатта қыла гөр.

Айтып едiм ғой. Мұртазаның әпкесiн Нұралы деген қырғыз алған деп. Осы Әмiреқұл сол әпкесiнiң артынан көп барады екен. Жақсы көрген болуы керек. Әлде пешенедегi жазуы шығар, сол қырғыз жаққа барғыштап жүрiп, Шарбан деген қызға ғашық болады.

Не керек, сол Шарбанды Әмiреқұл алып қашып келсiн. Артынан адыраңдап қырғыздар қуып келсiн. Арада жанжал шығып кете жаздап, әйтеуiр, әрең басылған.

Бiр жылдан кейiн балалы болды. Атын Медетхан қойды. Содан 1933 жыл келдi. Әкеңдi Түлкібастың түрмесiне қамап қойды. Әмiреқұл артынан барып жүрдi. Сөйтiп жүргенде, бiр күнi ауданнан Анарбай деген уәкiл келдi, ауылдың старшыны Кешендi ертiп алып, Әмiреқұлдың үйiне түседi. (Үй қазiргi темiр ұстаның орны болатын.)

Әмiреқұлға:

– Кәне, күмiс ердi бер! – дейдi.

– Бермеймiн, – дейдi Әмiреқұл.

– Неге? – дейді зорақылар.

– Ол әкем Бердімбеттен қалған көз, ескерткіш.

– Әкең Бердімбет бай болған ғой. Сен байдың баласысың ғой.

Онда ағаң Мұртазаның қасына барып жатасың! – дейді белсенділер.

– Маған десең атып таста, тірі тұрғанымда бермеймін, – дейді Әміреқұл. – Әкем Бердімбет осы ер-тоқымға мініп, анам Күнікейді сонау Төле би ауылынан алып қайтқан. Бұл – тарих, бұл – ескерткіш, түсіндіңдер ме?

Түсіну қайда, ауданнан келген уәкіл, қасында милисасы бар, старшын – бәрі жабылып, Әміреқұлды соққыға жығып, күміс ер-тоқымды тартып әкетеді.

Тұқымдарыңа біткен мінез бе, білмеймін, сол заманда күміс ер-тоқым тұрмақ, адам қынадай қырылып жатқан заманда, күштіменен күреспей-ақ қою керек пе еді... Ақыры намыстан, күйіктен Әміреқұл бейшара өртеніп кетті. Қападан, қайғыдан өлді...

Мұртаза сол жылы түрмеден шығып келді. Осы қазір соғыста жүрген Бауыржан, ол кезде ауданда бір өкімет болып істейді екен, әкесі Момыш атамыз, жарықтық, Мұртазаны жанындай жақсы көруші еді, кішкентай күнінде Бауыржанды артына мінгестіріп келіп, ылғи да біздің үйге түсіп, қымыз ішіп кетіп тұрушы еді... Сол Бауыржан кейін ер жетіп, қызметке араласып, Мұртазаны абақтыдан шығарып алды.

Әміреқұл қайтыс болғанда, жесірі Шарбан, әйел біткеннің ажарлысы, сұлу Шарбан жынданып кете жаздады. Әміреқұлдың өлгеніне сенбей, Сәрсенбай қайнағасына жалынып, Әміреқұлдың мүрдесін қаздырып (бізден жасырып) көріпті. Көрді ашып қараса, Әміреқұлдың қияқтай сұлу мұрты жидіп түсіп қалған екен. Өне, содан кейін көңілі суыған...

Ағайын әмеңгерлік жолымен Шарбанды Мұртазаға қоспақшы болды. Мен де сорлы екенмін, көнбедім. Сөйткен Мұртазаның менің қасымда қалғаны кәне? Қызғанғаның – қызыл

итке... Оның үстіне Мұртаза байдың баласы деген қоңырауы бар, қос қатын алды деп тағы бәле жаба ма... Не керек, елден жесір кетті, жетім бала кетті. Сүйекке таңба болды. Жесір мен жетім ерден кетсе де, елден кетпеуші еді. Заман кері кетті...

Түн ортасы болған шығар. Шұбар қораз шақырды. Аулақта Мамыт атаның төрткөз иті ұзақ ұлыды. Айша:

– Е, өз басыңа көрінгір, – деді итке.

Кім біледі, сол түні не Орха, не Ноха оққа ұшқан шығар. Мамыт атамның бұл екі баласы да соғыстан қайтпай қалды.

Мен әлі баламын. Бірақ әлгі Әміреқұл әңгімесінен кейін зіл қорғасын ойлар қамалап, көпке дейін ұйықтай алмаймын.

Тау жаққа қараған жалғыз терезеден Ай сығалайды:

«Ұйықта, бала, әлі көрер көресің алда» дегендей болады...

ҚЫРҒЫЗ АТА

Айша айта беретін Қырғыз атаны да көрдім. Күздің қара суығы еді. Ұмытпасам, 1942 жыл. Мен, бұйыртса, он жастамын. Кәдімгідей азаматпын. Өйткені Тасбет бригадир маған бала деп қарамайды, ұдайы жұмысқа салады. Мысалы, жақында ғана Жақаш екеуміз сүдігер жырттық. Әрине, Жақаш менен үлкен, Әбдімомын дейтін әкесі бар. Өте тақуа кісі, үлкен ғұлама сияқты. Мұндай зиялы адамды қалай қамап қоймағаны түсініксіз? Тәуір киінген, таза жүрген, елдің көркі боларлық адамдардың бәрі ұсталып кетті ғой. Адам сияқты өз беделіңді бекем ұстап, басыңды тік көтеріп жүрсең – «халық жауысың» ғой. «Халық жауы» атанбас үшін, алба-жұлбалау, ақымақтау, өз ойы, өз пайымы жоқ мәңгүрт болуың керек.

Бірді айтып, бірге кетіп барамын. Сөйтіп, біздің үйге, көптен бері қонақ келмеген үйге, сонау Көксайдан Қырғыз ата келді.

Бүкшиіңкіреп қалған қарт екен. Сақал-мұрты аппақ құдай. Көзінің жиектері қызарып, жасаурап тұрады екен.

Біздің бәрімізді құшақтап, сүйіп, «қағылайын, қағылайын» деп жатыр. «Айналайын, айналайын» дегені.

Мұртаза мен Әміреқұлдың туған әпкесін алған жездеміз осы кісі. Тозыңқырап, әр жеріне жамау түскен сары тонын шешіп, басында сондай тіккен телпегін шешіп, төрге шығып отырды. Айша құрақ ұшып қуанып, көрпеше төсеп, жанына жастық тастады.

Айша шыр айналып, қазанға су құйып, ошаққа тезек салып, тынбай жүр. Аузы да тынбайды. Ананы сұрайды, мынаны сұрайды. Мен біріне түсініп, біріне түсінбеймін. Менің міндетім – тезірек самаурынды қайнату. Самаурынға жаңқа салып, ағаш салып, қолым тимей жүргенмен, құлағым бос қой. Құлақ ағаш жармайды, құлақтың міндеті – тыңдау. Қырғыздың кейбір сөздеріне түсінбесем де тұспалдаймын. Түсінгенім: әскерге кеткен Әбдібектен хабар жоқ. Әуелі Аягөз деген жерден бір хат келген екен. Ол Қазақстанның жері көрінеді. Одан соң, Новосібір деген жерден келіпті. Содан кейін, Мәскеуге қарай бет алдық деген екен, қайтып хабар жоқ.

Менің сауатым ашылып қалған. Аздап картаны да білемін. Жиеніміз Әбдібектің жүрген жолы айналма жол. Мәскеуге қырғыздың Маймағынан немесе біздің Борандыдан тік теміржол бар емес пе? Аягөз, Новосібірді айналғаны түсініксіз. Менің ұғуымша, Аягөзде де, Новосібірде де соғыс жоқ. Соғыс Мәскеу жақта.

– Айша келін қарағым, жағдай ошондай болып тұрат, – деп күрсінді Қырғыз ата.

– Е, жезде, бір Құдай өзі жар болсын. Аруақ қолдаса, тірі жүрген шығар, – деп жұбатқан болды Айша.

Шәй ішіп отырмыз. Дастарқан жүдеу. Жарты таба нан. Айша көзінің қарашығындай сандыққа салып, сақтап жүретін кішкентай қозы қарын майдан бір қасық қана алып, мейманның

алдына қойды. Оны менің көзім тесіп барады. Таба нанға май жағып жеу деген – арман. Қарындасым мен інім де жетісіп отырған жоқ. Бірақ шыдаймыз. Айшаның айбарынан қорқамыз.

Қырғыз ата наннан кішкентай-кішкентай үш үзіп сындырып, оған май жағады. Құдай тілеуіңді беріп, Әбдібегің аман келгір, Қырғыз ата әлгі үш үзікті үшеуімізге ұсынады. Арық қолы дірілдейді. Біз Айшаға қараймыз. Айша бізге қабағын түйіп, астыңғы ернін жымқырады. «Алмаңдар» дегені. Өзі:

– О, жездеке, бұлар тоқ қой, әлгінде ғана ауқат ішкен. Сіз алыс жолдан келдіңіз, өзіңіз алыңыз, – дейді.

Қырғыз ата тыңдамай, бізге әлгі асылдарын тықпалап:

– Е, қағылайын, алғыла, – дейді.

Аламыз, ақырын-ақырын, аз-аздап тістеп, жей бастаймыз. О, дүниеде бұдан тәтті тамақ бола қоймас. Әлде, Қырғыз атаның қолының сиқыры бар ма, мұндай шырын нанды сары алтындай сақтап, дәмін ұзағырақ татқымыз келеді. Қайран, қозы қарынның майы-ай! Өзі ешкінің сүтінен пісірілген май, ақшыл, сәл көкшілдеу ме, қалай... Майды қозы қарынға салып, Айша оны қапшықтағы ұнның ішіне тығып, сандыққа салып қояды. Сандықтың кілтін бұрымының ұшына байлап алады. Сандықтың кілті – Айшаның шашбауы.

Шәй ішіп, Қырғыз атамның көк есегіне кәшек (шөптің қалдығы) салайын деп далаға шықсам, бір топ бала темір ұста алдында тұр екен.

– Бері кел, – деп шақырды. Бәрі де менен үлкен, ересек балалар. Айттым ғой, бұл ауылда менімен жасты ешкім жоқ деп. Бір – екеуі бар, олар арғы жақта, Таласбай бұлақтың басында.

Бардым. Аталас ағаларым: Сейсенбай, Дүйсенбай, Боранбай, Қорғанбай екен.

– Үйлеріңе кім келді? — деді ең үлкені Сейсенбай.

– Қырғыз ата келді, – дедім мен біртүрлі мақтанғандай. Сірә, біздің үйге де мейман келеді деп кісімсінгім келген болуы керек. Мұртаза кеткелі бері біздің үйдің есігін ашатын адам сиреді ғой.

– Жездең ғой ол сенің, – дейді Боранбай мысқылдап. – Құлағынан тартпадың ба?

– Кәрі кісіні де құлағынан тарта ма екен? – деп қарсыласа кетемін.

– Қарай гөр өзін! Тартпағанда ше. Жезде болған соң, құлағынан тартып ойнайды да, – деп мазақтағандай болды Боранбай.

– Ей, былжырама, – деп, ең үлкеніміз Сейсенбай Боранбайды тыйып тастады. – Сенен кіші болса да Барсхан дұрыс айтады, кәрі кісімен де құлағын тартып ойнаушы ма еді, есің дұрыс па өзіңнің?!

Сөйтп, Сейсенбай менің арқамнан сипалап тұрып:

– Қырғыз атаңның қабында не бар екен? – деді жай ғана.

– Білмеймін. Шөп сияқты бірдеңе, – дедім мен. Шынында да, Қырғыз ата көк есегінен теңдеген екі қап бірдеңе түсіріп, үйге кіргізіп қойған.

– Темекі емес пе? – деді Сейсенбай.

– Болса, болар, қаптың аузын ашып көрген жоқпын ғой.

– Ендеше, мә, – деп, Сейсенбай қалтасынан бір уыс асық шығарып алақанымға сала салды. Байыдым да қалдым. Өзімде бір шүкей де жоқ еді. Ұдайы ұтылып қала берем.

Бұлар бұрынғыдай мен ұтылғанда асығымды қайтарып бермейтін болды. Неге екенін білмеймін? Бұрын мұндай емес еді.

Маған жалынғандай болып жүруші еді. Әйтеуір, бәрі де айныды. Кейін-кейін ойласам: Мұртаза «халық жауы» болған екен ғой...

– Енді, – деді Сейсенбай, – қазір үйіңе бар да, Қырғыз атаң да, Айшаға да көрсетпей, сол темекіден қалтаңа толтырып салып, алып келе ғой.

Әлгінде ғана басымнан сипап, бетімнен сүйіп, қайта-қайта аймалаған атамның темекісін қалай ұрлаймын? Ұят қой. Бірақ мына асық...

Екіойлы болып тұрғанымды сезіп Сейсенбай:

– Мә, мынаны ал, – деді. – Қорғасын құйған сақа.

Менің ұтылып қала беретінім: сақам жаман ғой. Қорғасын құйған сақа! О, ол менің арманым ғой.

Үйге жүгіріп барып, ауыз тамда тұрған қаптың аузын шешіп, қос қалтама сап-сары темекі жапырақтарын толтыра салып, қаптың аузын қайтадан байлап қойдым. Темекі ащы екен, түшкіріп-түшкіріп жібердім. Ішкі есікті ашып, Құрмаш қарады:

– Не істеп жүрсің? – деді қас қылғандай.

– Аузыңды жап, – деп жұдырығымды көрсетіп, тысқа атып шықтым.

Жүгіріп балаларға келдім. Сейсенбай қуанып кетті. Қалтамдағыны қағып алды. Сөйтіп, төртеуі газет жыртып, соған темекіні орап, шылымды бұрқырата бастады. Маған да сорғызды. Жөтеліп, қақалып өліп қала жаздадым. Сонда Сейсенбайдың інісі Дүйсенбай кісілік айтып, «Барсхан әлі жас қой, неғыласыңдар», – деді.

Ертеңіне Қырғыз ата Борандының базарына барып, темекісін сатып, оның ақшасына дәсері қап жүгері алыпты. Қайтарда біздің үйге түсіп, әлгі жүгеріден бір табақтай тастап кетті. Қоштасарда Айша:

– Жездеке-ау, келіп тұрсаңызшы. Мыналар болса шиеттей жас, біз жалғыз қалдық қой, – деді.

– Қағылайың, Айша келін, келіп тұрар едім, қартайып қалдым. Шамам жетсе қарап жатпасың, – деді Қырғыз ата жиегі қып-қызыл көзі жасаурап.

– Медетханды көрсеңіз, бетінен сүйіп қойыңыз, – деп Айша көңілі босады.

Қырғыз ата көк есекке мініп, Манас тауын бетке алып кете барды.

Мен Медетханды көргім келді. Ол, шынында да, мына қиын заманда бір тірек сияқты сезілді. Мен бір жасымда айырылған алыстағы туысқан. Мұртазаның інісі Әміреқұлдың жалғыз баласы. Енді Мұртаза да жоқ, Әміреқұл да жоқ. Мен көрмеген Медетхан қырғыз елінде. Қазақтың баласы қырғызға кетіп адасқан заман.

Қара жолдың үстінде жалғыз қарайған бірте-бірте көрінбей кетті.

БІР ҚАЛТА ТЕМЕКІ

Ұмытпасам, Қырғыз ата сол баяғы көк есекпен тағы бір рет келді. Бірақ Борандының базарына бармастан екі қап темекісін біздің үйге тастап кетті.

– Қағылайын, келін, – деді Айшаға, – бұ темекі өзіңе аманат. Шамаң келсе, астыққа айырбастарсың. Тәуір болсам, келесі бір жолы алып кетермін.

Сөйтсе, ауырған екен. Қарт адамдар ауырса, тезірек өз үйіне жеткісі келеді. Түзде жүріп олай-бұлай боп кетсем, қиын болар деп қауіптенетін шығар.

Бұл енді қыстың күні шығар. Сол жолы Қырғыз ата құлжаның асығын әкеп берді. Кәдімгі тауда жүретін арқардың құлжасының асығы. Сиырдың топайына жете – ғабыл.

– Ошоны саға Мамытбек жиенін саламдаға берді, – деді Қырғыз ата. Мамытбек соғысқа кеткен Әбдібектің баласы, Қырғыз атаның немересі.

Мақтанып, асық ойнағыштардың арасына барайын. О кезде мен мақтанатын шақ тым сирек болатын. Рас, өзімнен үлкен балалармен аяусыз төбелесте, әйтеуір, таяқ жесем де, көбінесе жеңіп шығушы едім. Ішімнен соған мақтанатынмын. Басқа не бар? Бірақ күнде төбелесе бермейсің ғой.

Асықшылар құлжамды көріп таң қалысты. Алдап алмақшы да болды, Жуанқұл бастықтың баласы бір таба нан да бермекші болды. Нан жемегелі қай заман? Ұдайы қызылша пісіріп жейміз. Айша қос уыс бидай қуырып, үшеуімізге теңдей бөліп береді. Сол дәнді ауызға бір-ақ салмай, бір-бір талдан қытырлатып, неғұрлым ұзағырақ тауысуға тырысамыз. Ал нан деген сөздің өзінен басың айналып, көзің қарауытады. Бір таба нан – зор байлық.

Көнбей қойдым.

Сонда бастықтың баласы Тілепалды басқа балаларға нан беріп (көбі мен сияқты аш қой), бәрін маған жауықтырып, жабылып жатып, құлжамды тартып алды.

Мұны, Құдай тілеуіңді бергір Сейсенбай көріп қалып, бастықтың баласын бетінен шапалақпен тартып-тартып жіберіп, құлжамды қайтып алып берді.

Бірақ есесіне әскерге бір жыл бұрын алынды.

Ұмытпасам, сол 1942 жылдың желтоқсаны болар, темір ұста дүкенінің алдына кілең қатын-қалаш, шал-кемпір жиналып қалды. Жел тұрып, жаяу борасын соғып тұрған. Бүрсеңдеп біз балақайлар да тұрамыз.

Сөйтсе, төрт-бес бозбаланы қос ат жеккен шанаға мінгізіп, Борандыға алып бармақшы екен. Ауданнан келген военком өзі жеке ат мінген. Шанада менің аталас немере ағам Махан, менің әкеммен бірге отыз жетінші жылы ұсталып кеткен Мелдеханның баласы Рәсілхан, шеткі ауылдан Бейсенбек, оқымаған агроном шал Әбдікәрімнің баласы Тұрар, тұтықпа шал Әлімқұлдың баласы Күзембай, осы елдің жиені боп сіңіп кеткен Кәмет және әнеугүні құлжамды қайтарып берген Сейсенбай бар.

– Ойбай-ау, Сейсенбай әскер жасына келіп қап па еді, – деп күбірлескен ел.

Әркім-әркім әлгілердің дорбасына бір-бір түйіншек: біреу құртын, біреу талқанын тықпалап жатыр.

– Оу, бізді өкімет асырайды енді, өздерің күн көріңдер, – дейді шанадағылар.

Айша сонда Сейсенбайдың қойнына бір қалта темекі тықты.

– Қош, мырза бала, аруақ, Құдай қолдап, Алла жар болып, аман қайт, – деді.

– Рахмет, жеңеше, – деп, Сейсенбайдың көзі жасаурап кетті.

Айшаның оған беретін басқа ештеңесі жоқ еді. Қырғыз атаның темекісі сөйтіп майданға қарай кетті.

Кәмет жиен әнші еді, гармоньға қосылып ән салды. Бір – екі ақ жолы есімде қалыпты:

Әлде қайтар, әлде қайтпас

Туған елге ғазиз бас...

Әйелдердің бәрі аңырап жылап жіберді.

Кәмет, шынында да, қайтпай қалды.

Көп ұзамай жел қатайып, боран үдей бастады. Военком асықтырып, қиыспай тұрған жұртты атпен омыраулап таратып, шанаға жеккен қос атты қамшымен тартып-тартып жіберді.

Зымыраған шананы ақ түтек лезде жұтты да кетті.

ШЫРАҚ

Көп ұзамай ауылға Бауыржан келді. Өзінен бұрын бізге оның даңқы жеткен. Бізде радио жоқ. Бірақ тоғыз үйлі Тоқсанбай баласынан жалғыз Мамыт атамның үйінде ғана газет бар. Сірә, әскерге кеткен Орха мен Ноха дейтін балалары жаздырып қалдырған болар. «Социалистік Қазақстан» дейтін газеттің тігіндісі қабырғада ілулі тұрады. Соның бір санында, бірінші бетте Бауыржанның суреті басылып шықты. Оны қиып алып, төрге іліп қойыпты. Біз, кішкентай балалар сол суретке тесіліп кеп қараймыз. Орха мен Нохадан кейінгі Қорғанбай бізге қарағанда сауатты. Сол сөзін оқып береді. Түсінгеніміз: Москва

деген қаланы неміс фашистерінен аман алып қалған – осы біздің ағамыз, кәдімгі Момыш атамыздың баласы Бауыржан екен.

Кішкентай кеудемізді кәдімгідей мақтаныш сезім кернейді. Біз де тезірек өсіп, әскерге барып, жауды жайратып, Бауыржан көкеміз сияқты герой болғымыз келеді...

Сөйтіп жүргенде, батыр көкеміздің өзі келе жатыр деген хабар жетті. Бәріміз: тайлы-таяғымызбен, кәрі-құртаң, балашаға – қыбырлаған жанның бәрі мектептің жанына жиналды. Жалғыз жиналыс орны – сол. Клуб деген о кезде жоқ.

Сол кездегі он жасар баланың қазір алпыстан асқанда есінде не қалды? Соны жиып-теріп, көз алдыма келтіріп отырмын.

Жұрттың көзі батыста. Алыстан-алыстан, ақ қар жамылған алқаптың ар жағынан қарауытып Евгенийканың тал-дарағы елес береді. Одан ары – Боранды, Бурное. Ауданның орталығы. Батыр сол жақтан келсе керек. Күн ашық болса да, аяз қатты. Бүрсеңдеп тұрмыз. Алатау жарықтық бүгін ерекше асқақ. Өзі өсірген қыранына о да мақтанып тұрғандай. Борандының ар жағындағы Құлан тауы да ақ теңізге ақ желкен көтерген кемедей боп көрінеді. Мүмкін, Батыр сол кемемен жүзіп келе жатқан шығар.

Жоқ, атпен келе жатыр екен. Бір топ атты Үсен сайынан қайқаң етіп, қаптап шыға келді.

Қалың оппа қардан бойы биік тек қызыл изен. Шоқ изеннің дәнін теріп жеп отырған суықбас молда торғайлар пыр етіп, ұша жөнелді. Аттылар таяп қалды.

Мектепке жақын жерде, боран қармен бітеп тастаған ор бар еді. Аттылардың біреуі – Жуанқұл бастық сол орды айналып өтпек болып, аттың басын өрге қарай бұрды. Басқалары соған ілесті. Кілең қайыс пальто кигендер. Сірә, бәрі де өкіметтер болуы керек.

Тең, апайтөс көк айғырға мінген біреу бұрылмастан қалып қойды. Оның киімі де қайыс пальтолардан өзгеше. Жағасың, өңірін елтірімен көмкерген сұлу сұр пальтосы бар екен. Басында

әскери фуражка. Мына аязда құлағы қалай жаурамайды? Ең алдымен таң қалғанымыз сол болды. Немене, мына құлақшын киген ығай мен сығайлар оған жылы баскиім тауып бере алмаған ба?

Көк айғырға мінген, әскери фуражкалы адам басқалардан бөлек қалып қойды да, тізгінін тартып еді, аттың басы кегең етті. Содан тебініп кеп қалып еді, көк айғыр, жануар, көзі алан етіп, ақшиып, ышқына қарғып кетті де, қар бітеген ордың бер жағына топ ете түсті.

Жұрт:

– Аруақ! – деп шу ете қалды.

Бауыржан батыр осы екен. Жақын жерден байқадық: жылтыраған хром етігінің өкшесінде шпор дейтін темірі бар екен. Тебініп кеп қалғанда, көк айғыр содан ышқынған екен.

Басқалары ордың басын орағытып, біраз уақыттан кейін жетті.

– Ассалаумағалейкум, халқым! – деп саңқ етті Бауыржан.

Жұрт әлсіз ғана жамырады.

Әскердегі батальонның саңқ-саңқ еткен тақ-тұқ сәлеміне үйренген Батыр риза болмай қалған сыңайлы.

– Немене, үндерің жердің астынан шыққандай?! — деп жекіді.

– Қарағым-ау!

– Құлыным-ау!

– Арысым-ау! – деп, әркім әр тұстан жамырап жатыр.

– Аман-есен келдің бе?

– Аруақ – Құдай қолдап, аяқ-қолың сау оралдың ба?

Мектептің қайбір оңған кең залы бар, жұрттың көбі сыймай, ауыз үйде тұрды.

Батыр төрде тұрып сөз сөйледі. Түсінгенім: жаудың беті қайтқанмен, әлі түрі жаман. Қасарысқан, қиян-кескі соғыс әлі қырғын көрінеді. Бірақ біз жеңеді екенбіз. Өйткені біздің ісіміз

адал көрінеді. Әсіресе қазақтар, қырғыздар ерекше батыр сияқты.

– Сондай жаужүрек батыр ұлдар туғандарың үшін, аяулы аналар, ардақты әкелер, сендерге мың да бір рақмет! – деді Батыр.

Қол соқтық.

– Ал енді, мен майданнан мүлде қайтқан жоқпын, – деді Батыр.

– Аз күн демалыс алып келдім. Мен майданда жүргенде, әкем Момыш қайтыс болыпты. Соған құран оқиын деп келдім.

Содан соң көптің ішінен біреуді іздегендей, үп-үлкен шоқтай көздері жарқ-жұрқ етті.

– Дошанай! Дошанай көке, қайдасың! – деді. Басында қазандай дөңгелек қара бөркі бар, аппақ құдай сақалы көлкілдеген Дошанай ағамыз:

– Мен, мен мұндамын, Бәужан қарағым, – деп, даусы дірілдеп, орнынан әрең тұрды.

– Бауырын Момыш өлгенде, басына құран оқымапсың, оның қалай? – деп ақырды Бауыржан.

– Қатты боран болды, қарағым, ауыл арасы едәуір, үйден шыға алмай қалдым, табан аяқ боп қалдым, Бәужан қарағым, кешір мен бейбақты, – деп, Дошанай атам еңкілдеп жылап жіберді.

Ол кезде өлген адамға құран оқып, дұға қылатын заман ба? Құран оқығаныңды көрсе, ана Жуанқұлдар табанда түрмеге апарып тықпай ма? Мына Батыр соны да білмей ме? Қайыс тондылардың қабағы түсіп кетті. Бірақ Батырға үндей алмайды.

– Білемін, Дошанай көке, кінә сенде емес, мыналарда! – деп, Батыр сабаудай сұқ саусағын қайыс тондыларға қадады.

– Иә, иә, сөйтші, Бәужан қарағым, соларға айтып қойшы, – деп Дошанайдың айызы қанғандай құнжыңдап, қуанып қалды.

Қайыс тондылар қаймығып, төмен қарады.

Біз ойлаушы ек: дүниеде Жуанқұлдан үлкен үкімет жоқ деп. Сөйтсек, Жуанқұл аждаһа көрген көжектей бүрісті де қалды.

Содан соң есімде қалғаны: Қарақас дейтін анамыз Батырдың өзіне айқайлап:

– Әй, Бауыржан, өзің көріп тұрсың, осы мына алдындағы адамдардың арасында атпал азамат бар ма? – деді. – Кілең өлесі шал-кемпір мен жесір-жетімдер. Неге ақырасың бізге?! Көріктей сөнген көңілімізді көтере ме десек, сонау соғыста жүрген боздақтарымыздың хабарын айтып қуанта ма десек.

Қарақас қанша қасқыр болса да басын шайқап, көзін тас жұмып, астыңғы ернін қымқырып, үнсіз үілдегендей болды. Жұрт шошына тына қалды.

Қарақас қайтадан қаһарланды:

– Осы ауылдан кеткен Сатылған мен Сәрсезақы қайда, Исақұл мен Әділхан қайда? Ана Мамыттың Орхасы мен Нохасы қайда? Тере берсе толып жатыр, не хабар білесің солардан?

Батыр:

– Ы – ы - ы, – деп ыңыранды. Галифе шалбарының қалтасынан темекінің құтысын шығарды. Сірә, «Қазбек» деген папирос болар. Папиросты шарт тұтатып, түтінді аузынан будақ-будақ шығарды. Сірә, өрге көтерілерде түтіні будақ-будақ атқитын қара паровоздай ғаламат күш түскен болуы керек. Содан соң айбыңданып:

– Бүйтіп сендердің алдарыңда тұрғанша, қақаған оқтың өтінде, қаптаған жаудың бетінде тұрғаным жақсы еді, – деді.

– Сұрапыл сұрақ қойдың, Қарақас жеңеше, – деді. – Соғыста, сонау Балтық теңізі мен Қара теңіздің арасына дейін созылған соғыста мың-миллион әскер бар. Осы ауылдан ғана аттанған бір топ Құли – Шілмембет бір жерде жүрген жоқпыз, жан-жаққа шашырап кеткенбіз. Аман болса, жүрген шығар, аруақ – Құдайға сиын, Қарақас. Ақмеңтай батырдың, Домалақ анаңның, Бәйдібек бабаңның аруағына сиын, Қарақас! Қапаланба, Қарақас! Бар жамандықтың бір жақсылығы бар. Кебін киген

келмейді, кебенек киген келеді. Кебенек киіп кетіп еді ғой балаларың, үмітсіз шайтан деген, Қарақас!

Батыр бұрынғыдай емес, жібіді. Ортаға шықты. Кемпірлер жағы оның пошымы бөтен венгеркесінің етегінен сүйіп, көздерін сүртіп, тәу етіп жатыр. Батыр жүдеу балалардың басынан сипап шықты. Менің де басыма алақаны тиді, басым тыз ете қалды. Сірә, алақанының оты бар шығар.

Менің тұсымнан өтіп бара жатып, жанымда тұрған Айшаға қарады:

– Оу, жеңеше, амансың ба? – Состиып тұрып: – Солдаттың шинелін киіп алыпсың ғой, – деді.

– Кебенек деген осы, Шырақ, – деді Айша. – Ағанды мыналар баяғыда-ақ жалмаған, – деп, қайыс тондыларды меңзеді. – Сонымен қоймай әлі бізді «халық жауы» деп қорлайды. Қайда барып күн көреміз, Шырақ?!

Батыр Айшаны арқасынан қағып: «Шыда! Мына балаңды өлтіріп алма», – деді.

Аттылар батысқа кетті. Алдарынан қияқтанған Ай көрінді. Айша мені жетектеп алды. Үйге қайттық.

– Жарықтық Момыш ата осы баласын ертіп келіп, біздің үйден қымыз ішуші еді, – деді.

Қымыз дегенді мен біле бермеймін. Ес білмеген кезде татсам татқан шығармын... Бір кезде болған дейді...

ҚЫРҒИ МЕН ҚҰЛАДЫН

Мен көрік басамын. Көрік үлкен, өгіздің терісінен жасалған, жел толса – зілдей ауыр. Жел толып, көмірі жанған отты үрлеп, жалыңдата түседі. Қып-қызыл көмір шоққа Нәметқұл көкем тістеуікпен соқаның тісін салып балқытып, шоғын шашыратып суырып алып, темір төске төсеп, балғамен ұрып өткірлейді.

Қып-қызыл темір қамырша иленіп, балға қалай ұрса, солай жаншылып, бірте-бірте сұрлана береді. Оны Нәметқұл тістеуікпен бөшкедегі суға быж еткізіп тастай салады да, екінші тісті қолға алады.

Екінші тіс шоқта балқып жатады. Ол жақсы пісуі үшін, мен тынбай көрік басамын. Қарым талып, шаршаймын. Тер одан да кетеді, бұдан да кетеді. Нәметқұл үндемейді. Сәл тыныстаса қайтеді. Оның да маңдайынан, бет-аузынан тер саулайды.

«Тердің моншада шыққаннан гөрі, осындай орасан еңбекпен шыққаны пайдалы» – дейді Нәметқұл.

Онысы рас та шығар.

Ақ егіс орылып біткен. Енді тары қалды. Тары да пісті. Өнеміне, орақ түседі. Колхоз сүдігер жырта бастады. Өне, соқаның тісі соған керек. Зауыттан келіп жатқан тіс жоқ. Бәрін Нәметқұл өзі соғады. Оны соғысқа алмай жүргені де содан шығар. Ол соғысқа кетсе, колхоз темір құралсыз тұралап қалар.

Нәметқұл келесі тісті бөшкедегі суға лақтырып тастап, жеңімен маңдайың, бет-аузын сүртіп, айқара ашық есіктен далаға қарады. Анадайда біздің үй көрінеді. Одан ары алқапта қызыл изен басын иіп, желмен тербеліп тұр. Нәметқұл далаға шығып, аспанға қарады, батыс жаққа қарап біраз тұрды.

Ішке қайта кіріп:

– Барсхан, – деді.

– Не, көке?

– Болды. Дүкенді жабамыз, – деді. Қып-қызыл шоқты күлмен көміп тастады. Көнетоз бешпетін киді. Мен қуанып кеттім.

– Не істейміз, көке?

– Бөдене аулаймыз. Күнді көрдің бе? Желтең. Шақпақтан соғып тұр. Әлі күшейеді. Нағыз бөдене ұстайтын кез.

Қара жолдың үстіне, тастаққа егілген тары алқабына қарай тарттық.

Тары піскен қыркүйек айы. Қырғи келген кез. Мұны Нәметқұл көкем айтады. Қыркүйекте қырғи келеді дейді. Бұған дейін қайда жүрген?

«Қыркүйек» – «қырғиек» емес пе екен? Неге бұл уақытқа келеді десе, тарыға жаушымшық өлердей өш. Жаушымшық шоқыған тарының сояуы басы салбырамай, қауызы ғана қаңырап, репеті кетіп, қаңқиып тұрады.

Дәл сол кезде қырғи келсе, жаушымшық тарыға жоламай безіп кетеді. Бұл елдің тарыны басқа дақылдан гөрі кеш егіп, әдейі қыркүйекте пісетіндей етіп себетіні содан.

Мұны да маған Нәметқұл айтады.

Ауылдың сыртына, қара жолдың үстіне шығамыз. Сайдың басында күйген кірпіштің үйіндісі жатыр. Бір кезде бұл қара жолмен пошта жүрген дейді Нәметқұл. Әрбір жиырма бес шақырым сайын бекет болған. Бекетті патша қызыл кірпіштен соққан. Енді пойыз шыққалы бері қара жолдан сән кеткен, бекет үйі құлаған. Кірпішін әркім-әркім пеш салуға талап әкеткен. Енді үйіндісі ғана жатыр.

Аспан тұнжыр. Жел уілдеп, құраған сиырқұйрықтың басы ызыңдайды. Піскен мияның дәні сылдырайды. Даланың өзі композитор. Дала музыка тартып тұр.

Аңызқтың үстінде қалбиып дәу қарақұс ұшып жүр.

– Көке, анау бүркіт пе? – деп сұраймын Нәметқұлдан.

– Қайдағы, – деп күледі ол.

– Лашын ба?

– Жоға. Лашын бұл жерден боқ жей ме?

– Қаршыға ма?

– Лашын, қаршыға-көлі көп, сулы, нулы жерде болады. Қаз-үйрегі мол жерде жүреді.

– Иә, Жуантайдың үйрегі бар ғой.

Нәметқұл күледі.

– Жуантайдың сай суына аунаған екі-үш үйрегін қаршыға не қылады? Қаршыға мен лашынға жүздеген үйрек-қаз керек. Шетінен қырып салады.

Шетінен қырып салып не керегі бар? Бір-екеуін жеп тойып алса, тоба қылмай ма?!

– Ал енді мынау не? – деймін, төбемізде асықпай айналып, қанатын анда-санда, қалбаң-қалбаң қағып қойып жүрген қарақұстан көз алмай:

– Ол – құлады, – деп күрсінеді Нәметқұл.

Неге күрсінеді?

Сөйтсе, құлады-құс тышқан аулайды екен. Тышқаншылаған күйкі тіршілік.

Біздің тіршілікке ұқсайды. Құлашты кең жайып, биікке самғап, дүниені дүр сілкіндіре алмайтын келте қадам.

Нәметқұл оқыса, зор ғалым болар еді. Темірден неше түрлі құрал шығарады. Көктемде су тасып, адамдар сайдан өте алмай қалғанда, Нәметқұл екі сырықты екі аяғына жалғап алып, қандай терең су болса да кешіп өте береді. Сырықтан аяқ жасап алу кімнің қолынан келеді? Қалай құлап кетпейді – ешкім білмейді.

Біз тары тербеліп тұрған тақтаға да жеттік. Басы иіліп, желмен тербеліп, теңіздей толқиды. Енді орып алмаса, төгіліп қалайын деп тұр. Орып, бастырған соң, біздің қамбамызға түсу қай - да - а - а. Бәрін сыпырып-сыпырып, өкіметке өткіземіз.

Соғыстағы солдаттарға тары өте қолайлы ас көрінеді. Ботқа пісіреді.

Ал біздің ауылдың қатындары там-тұмдап, қалталап, дорбалап алады ғой, әрине. Жандарын шүберекке түйіп жүріп алады. Сөйтіп, қыстың күні оны қайнатып, қуырып, келіге түйіп, сок қылады. Майсөк жесең – жұмақта жүргендей боласың. Кейбіреулер боза ашытады. Бозасын ішсең – қардың үстінде ұйықтасаң да үсімейсің.

Нәметқұл көкем тарының үстіндегі атызды жағалап келеді. Қалың тарының ішіне кірмейді. Атыздың бойына тарының шашырандысымен бірге итқонақ балықкөз өскен. Түп-түп көде көрінеді.

Желге қарсы жүріп келеміз, Желді күні бөдене ықтап, бұғып жатады екен. Нәметқұл жерден көз алмайды. Көзімен әрбір тал шөптің түбін тінткілеп келеді.

Бір уақытта артында келе жатқан маған қолын көтеріп, белгі берді. Үндеме дегені шығар. Жүрегім дүрсілдеп, тұрдым да қалдым. Нәметқұл бір түп көдені айналып кете бергенде көрдім: топ-томпақ, әдемі, қызғылтым түсті бөдене Нәметқұл арбап қойғандай, ол қалай жүрсе, солай бұрыла береді. Нәметқұл екі-үш айналды. Бөдене де бір орнында Нәметқұлға көзін қадап, дөңгелене берді. Бір уақытта, көкем бөдененің қарсы алдынан келіп, бас салды. Ұстап алды. Ғажап!

– Неге ұшып кетпеді? Неге қашпады? Көріп жатты ғой, – деймін.

– Бізді мал екен деп қалды, – деді Нәметқұл.

– Ал бірден ұстап алмай, айнала бергеніңіз қалай?

– Мен айналсам, о да айналады. Содан басы айналып, ұшуға шамасы келмей қалады. Қарсы алдынан келмесең, ұшып кетеді.

Кішкентай жүрегі дүрс-дүрс етеді, жып-жылы.

Нәметқұл:

– Қораз екен, – деді. Сөйтті де менің көйлегімнің етегін шалбарыма тереңірек сұғып, омырауымды ашып, бөденені менің қарныма сүңгітіп жіберді. Бөдене тапырлап қытығымды келтірді.

– Ештеңе етпейді, қазір тыншиды, – деді Нәметқұл. – Көйлегіңнің етегі ышқырыңнан шығып кетпесін.

Сөйтті де атызға бойлап, ары қарай тағы да көзімен жер тінткілеп кете барды.

Бөденеден айырылып қалмайын деп, көйлегімнің сыртынан сипалап қоямын.

Жел қатайды. Шақпақ тауының басы қарауытып алыпты. Көйлекшең бойым тоңазыын деп еді, жұдырықтай құстың жылуы әсер етті ме, жаурағанымды сезбей де қалдым.

Енді мен де өз бетімше бағымды сынап көрмекші болып, тарыны жиектеп келемін. Әлден уақыттан кейін көріп қалдым: көзі бақырайып, маған тесіле қарап, қарсы алдымда жатыр. Өзім сасып қалдым да, үстіне құлай кеттім. Астымда қалған сияқты еді, тұрып қарасам – түк жоқ. Ұшып кетіпті. Ол аз болса, жаңа жығылғанда ышқырым ысырылып, көйлегім түріліп, қойнымдағы бөдене де шығып кетіпті. Өкінгеннен жылап жібердім. Нәметқұл көкеме не бетімді айттым? Бет жоқ.

Алыстан о да байқап қалған екен. Қасыма келді. Не болды деп сұраған да жоқ. Ышқырымды жөндеп, үн-түнсіз өз қойнынан екі бөдене шығарып, менің көйлегіме салды. Басымнан сипап қойды.

– Өсте-өсте үйренесің, – деді.

Ай, заман-ай десеңші! Көп кешікпей Нәметқұлды да әскерге алды. Бұл ұста ғой, колхоз тіршілігінің тұтқасын ұстап тұрған осы ғой деген жоқ. Мен ұстазсыз қалдым.

Келесі көктем де келді. Мамыр айында тары мен жоңышқалықта бытпылдақтап бөдене сайрайды. Тағы да күз келді. Мен бөдене ұстауға шықтым. Бірақ біреуін де ұстай алмадым. Нәметқұлдың өнері маған қонбады. Сол жолы ол мені әдейі ертіп шығып еді. Көрсін, үйренсін деп еді. Бірақ мен нашар шәкірт екенмін. Жолым болмады. Бөдене маған алдырмады.

Бытырғы құлады әлі ұшып жүр. Анда-санда, қалбаң-қалбаң етіп қойып, екі көзімен жер тесіп, арпасы орылған аңызды айналады да жүреді. Тышқан одан гөрі ақылдырақ па, әлде айлалы ма, құлады құстың жерге құлап, мақұлық ұстағанын көрмедім. Оның есесіне зымырап ұшқан қырғидың бөдене жүнін бұрқыратып, дәп-дәлесін шығаратынын көрдім.

Қырғиды жек көріп кеттім. Қызғаныштан да емес. Зорлықшыл, мейірімсіздігіне, тойымсыздығына бола.

Құладың құсқа жаным ашыды. Неге екенін білмеймін? Мүмкін, тағдырлас шығармыз.

Мына қияметі мен қиындығы көп дүниеге ебедейсіз жаратылған жандар болармыз. Ай, құладың, құладың...

КИІЗ ДОП

Пайғамбар жасына жақындасам да, кейде менің бала болып кеткім келеді. Өзім құралпы, өзімнен кіші, көңілі жақын жандармен алысып-жұлысып, күресіп, белдесіп ойнағым келеді. Кейде тіпті ауылға барғанда, кішкентай балалармен кәдімгідей асыққа таласқым да кеп кетеді.

Мұным қалай деп өзіме-өзім тыйым саламын. Бірақ кейде өз құрбы-құрдастарыммен қалай алыса түскенімді байқамай қаламын.

Жатып алып ойласам: мұның бәрі өмір заңының бұзылуынан екен. Өмір заңы: бала-бала болуы керек. Балаға тән аз дәуренді басынан кешіру керек. Егер балалық дәуренің шала болса, сол жетіспей қалған сыбағаңды кейін есейгенде аңсап тұрасың. Ал жалпы, қай жаста болсаң да кей-кейде бала болып, балалық шаққа оралғанның ерсілігі жоқ па деймін. Сәби шағын мүлде ұмытып кеткендер, артына бұрылып бір қарамағандар – тегін білмес топастар ма деп қаламын. Олар туған анасын да, Отанын да тез ұмытып кететін опасыздар сияқтанады да тұрады.

Сорымызға қарай, балалық шағымыз соғыс жылдарына тап болды. Сол шақтың өзінде де, өзегіміз талып жүрсе де, андасаңда біз де ойнайтынбыз.

Ойынымыздың түрі – киіз доп. Немесе қашпа доп. Ол былай: көктемнің көк өзегі өтіп, майысып мамыр айы келеді.

Мамырдың аяғын ала сиырлар түлей бастайды. Көкке тойғаны ғой. Дәл сол кезде зеңгі баба баласы құтыра бастайды. Таңертең жайбарақат еріне басып, бұзауын қимай артына мойнын бұрып, мөңіреп қойып өріске кеткен мал сәске түс кезінде жын қаққандай, құйрықтарын шаншып алып, көздері алара ақшиып, жолыңда не кездесе де соның бәрін жапырып, жайпап, ошақтағы қазанды төңкеріп, қайнап тұрған самаурынды құлатып, кейбіреудің қара лашығын таптап, тас-талқаныңызды шығаратын.

Сөйтсе, оқалақ, оқыра деген болады екен. Жылқының бөгелегі болса, сиырдың оқалағы бар. Оқалақ сиырдың құйрығы жетпес жон арқасын шағады екен де, сол жон арқаға тұқым тастап кетеді екен. Оқалақ шаққанға шыдай алмай, сиыр сорлы жынданбай ма. Көп ұзамай, әлгі ұрық құртқа айналады да, сиырдың арқасын жыбырлатады ғой. Ал шыдап көр. Сол құрттан қайтадан оқалақ оқыра ұшып шығады. Залымын көрмейсіз бе? Әйтпесе, ұяны сиырдың не құйрығы, не тілі жететін жерге салмай ма? Жоқ, дәл жон арқадан. Кәдімгі қара шыбыннан сәл ғана үлкен, тигімдей жауыз үп-үлкен ірі қараны осынша зорлағаны, арқасын тесіп, жайлы, майлы жерге ұялап, жұмыртқалағаны таңғажайып.

Қош. Ал енді сиырдың сол шақтағы құтқарушы досы бізбіз. Оқалақтаған сиырды ұстап алып, сипап-сипап, арқасындағы өлі жүнін жұламыз, бармақтай болып бөртіп-бөртіп тұрған жонын саусақпен сығып, бырт-бырт еткізіп, аппақ құрт шығарамыз. Сиыр сүйсінеді. Құртты терген сайын көзін жұмып, мөлиеді де қалады. Есесіне бізге өлі жүнін береді.

Ал енді ол жүнді неғыласың дейсіз ғой. О, ол жүннен шекпен тоқымаймыз, киіз де бастырмаймыз. Ол жүннен қолдың басындай доп жасаймыз.

Оның өз технологиясы бар. Өлі жүнді ыстық суға малып алып, қос қолдап уқалай берсең, басы бірігеді. Үстемелеп тағы жүн қосып уқаласаң, біраздан соң, доп болып шыға келеді. Қол

доп. Салмақтырақ болуы үшін, өзегіне тас салып қойсаң, тіптен әйбат.

Ол допқа таяқ керек. Құдайға шүкір, сол кезде Мыңбұлақтың бойында, әлі әдемі сәмбі талдың тамтығы бар болатын. Содан тұмсығы қайқы бір-бір таяқ кесіп аламыз. Содан соң – ойын дайын.

Осы күні ойласам, ол ойынымыз – кекірігі азған бай ел Америкада «гольф» дейтіннің сыңары сияқты. Ортадан бір шұңқыр қазып қойып, әлгі киіз допты алыстан ұрып, соған түсіру керек. Кім түсірсе, сол ұтады, кім түсіре алмаса, белгілі бір мәреге дейін қашуы керек. Ұтқан бала қашқан баланы доппен қадап ұрып дәл тигізсе – екі есе ұтады. «Қашпа доп» деген – сол. Ойынның одан басқа түрлері бар еді – ұмытыпшын. Қазіргі ауылдың балалары оны білмейді. Допты жүннен жасауды да білмейді. Өйткені резеңке доп деген шықты.

«Асық ойнаған азар, доп ойнаған тозар», – деп, Айша талай айтты. Асықты да ойнадым – ұтылып қалдым. Допты да ойнадым – ұтылып қалдым. Допты ойнап жүргенімде, не сиырды бұзау еміп қояды, не жәутік Батырхан отқа түсіп кете жаздайды. Әйтеуір, қырсығым көп.

Сені көп ренжіткен сол бір шала-пұла ойынымды, кейде айтқаныңнан шығып, сені қиналтқан әсіреңкілігімді кешіре гөр, Айша.

Қанша қиын болса да, қанша зұлмат өтсе де, енді міне, сол кездерді сағынамын. Сөйтсем, Айша, сенің ұрысқаның маған майдай жағады екен ғой. Соны да сағынамын. Үзіліп-үзіліп... Енесі тепкен құлынның еті ауырмайды екен ғой.

ҚАРА АРПА

Қайдан шыққанын, қайдан әкелгенін біз қайдан білейік, әйтеуір, біздің колхоздың қамбасында қара арпа пайда болды.

Шамасы, үкімет берген болар. Соғыс кезінде әлдеқайдан қара арпа тауып беріп жүрген үкімет те осал емес.

Бірақ бастық айтты: «Бұдан ешкімге бір түйір дән берілмейді. Бұл – тұқым!» – деді.

Сөйтті де қамбашыға сенбей, Әбіш атамды қарауыл қойды. Қарауылға да қарауыл керек екен, Әбіштің қасына жәрбитіп мені отырғызып қойды. Мен сонда Павлик Морозов болуым керек. Әбіш атам әлдеқалай ақсақ қамбашы Оспаналымен «ауыз жаласып» кетсе, мен оларды әшкерелеуім керек.

Бір қызығы, қарауылдар қамбаның сыртынан қорымайды, ішінде отырады. Сыртымыздан құлыптап кетеді. Қыстың күні күн суық, сірә содан болар. Мен қайдан білейін?

Айша Жуанқұл бастыққа:

– Жұдырықтай баланы түнгі жұмысқа қойғаның не? – деп жақтырмап еді, бастық:

– Әй, «халық жауының» қатыны, аузыңды жап! – деді.

«Халық жауы» деген сөз шыққан жерде, қайран Айшаның аузына құлып салынады да қалады. Тілін тістеп, үндей алмады.

Қамбаның іші қараңғы. Әрине, суық. Әбіш атам көнетоз түлкі тымағының құлағын түсіріп, бауын байлап алған. Тымақтай көне тоны бар. Аяғында байпақты пұшық калош. Мен де осал емеспін: басымда Айша өзі тігіп берген ақ қоян құлақшын. Аяғымда Айша сыртын қара матамен сырып тіккен киіз байпақ. Үстімде сырмалы күпәйке. Сол сияқты құрап тігілген мақталы шалбар. Тері қолғабым тағы бар.

Әбіш атамның құлағы тосаңдау. Оның үстіне жұпыны түлкі тымағын баса киіп, бауын байлап қойған, айқайлап сөйлемесең, естімейді. Шоң мұрын, қысық көз, сақал-мұрты бурыл, ұзын бойлы, бірақ бүкіш кісі. Таяғын ұдайы арқасына салып тіреуіш етіп, екі бүктеліп жүреді. Саған бірдеңе айтардың алдында үн-түнсіз, өз-өзінен кеңкілдеп күледі. Қазір қараңғыда ол күлгенін көрмейсің, бірақ сезесің. Маған қарап, сірә, күліп отыр.

– Ә, қызталақ, жаураған жоқсың ба? – дейді.

– Жоқ, ата, – деймін.

– Е - е - е, – дейді.

Одан ары үн жоқ. Сірә, тұрымтайдай баламен не туралы әңгіме бастауды білмей отырған шығар. Мен де қайбір тақылдап тұрған дейсің, сөзге жоқпын.

– Бастық енді еңбеккүнді екеумізге бөліп жаза ма? – дейді басқа сөз таппаған керең қарт.

– Білмеймін, – деймін дауыстап. – Еңбеккүн жазды не, жазбады не – бәрібір емес пе?

– Е, неге?

– Бәрібір ештеңе бермейді ғой.

Атамның үнсіз күлгенін сеземін. Соңынан:

– Сенікі рас ей, қызталақ, – дейді.

Кейін ойласам, әңгіме еңбеккүнде емес, ол менен еңбеккүнді қызғанып отырған жоқ. Мәселе басқада екен...

Үлкен ұлы Қайып әскерге кеткен. Хабар жоқ. Үйінен шықпайтын қара кемпір (Құдай иманын берсін, атын ұмыттым) ине жұтқандай ішін басып, бұралып отырады. Дімкәс. Менімен жасты Сүлеймені о да ілмиген, боп-боз. Үнемі тық-тық жөтеледі. Сонда бүкіл үйде бас көтерер мына бүкір шал ғой. Әулие шатыс адам, тәуіпшілігі бар. Сонда үйдегі екі масылды бірдеңе етіп асырауы керек қой. Әсіресе Сүлейменге күшті тамақ керек. Ал үйінде бір уыс қара талқаны болмаса, өкпе ауруы қайдан жазылады.

Ал Әбіш әкесі бар қамба қара арпаның қасында отыр. Қос уыс алса, әлгі міскіндеріне талғажау, бірақ қарауыл – Павлик Морозов бар. Ол кезде менің қызметім Павлик Морозов екенін қайдан білейін. Білсем... алпыс үйлі адыр маутанға қара арпаны қап-қабымен таратып жіберер едім. Ақыры «халық жауының» баласымын. «Халық жауының» баласы халыққа жақсылық жасар еді. Қайдан білейін.

Бірақ бәрібір мен Павлик Морозов емеспін!

Қараңғы қамбада қамалып, үнсіз отыра берген де қиын болар, Әбіш атам:

– Әңгіме айт-ей, Барсхан, – деді. Құнжың етіп, иығымды қиқандатып:

– Не айтамын, өзіңіз айтыңыз, – деймін.

Шал тағы да күледі. Не дер екен деп біраз отырдым, үндемейді. Шыдай алмай:

– Ата, – деймін.

– А - а? – деді созолаңдатып.

– Мұртаза шыннан жау ма?

Шал шошып кеткендей:

– Кім айтты? – деді.

– Кім айтушы еді, Жуанқұл бастық, Тасбет бригадир айтып жүр ғой.

Байқаймын, күлгенін қойды. «А - а - а» деп бір жері ауырғандай толғатып отырып алды.

– Мұртазадай бозым жігіт қайда - а - а, – деді. «Бозым» дегенін онша түсіне бермеймін.

– Айтыңызшы, қандай кісі еді? – деймін.

– Оттапты! – дейді Әбіш үні қаттырақ шығып.

– Кім?

– Әлгілер... Солар күні кеше сенің әжеңнен, әсіресе әжеңнен (жаны жаннатта болғыр), әжең Күнікей бәйбішеден көп қайыр көрген жандар. О - о - о, – дейді Әбіш ішінен жалын атқандай. – Қайда енді ондай адамдар! Күнікей бәйбіше – Жолан Жаныстың қызы еді. Төле бидің ұрпағы. Бердімбет жәкем (Құдай иманын салауат етсін) ерте марқұм болды да, Күнікей бәйбіше осы бүкіл Маутан, Шектібай, Күшпан баласын асырап қалды ғой. Бердімбет бай кісі еді... Сол малды Күнікей бәйбіше осы Мыңбұлақтың бар баласынан аяған жоқ. Күнікей – Мұртазаның, Әмірқұлдың анасы ғой. Айша шешең айта ма саған соны?

– Айша ол әжемді көрмепті ғой.

– Е, бәсе, солай екен-ау, Айша келін боп кейін түсті. Сенің әкең Мұртаза, Мұртазаның әкесі – Бердімбет, Бердімбеттің әкесі Үкібас, Үкібастың әкесі – Тоқсанбай... Түсіндің бе? Тоқсанбайдың төрт баласы бар: Үкібас, Шоқыбас, Үсіп, Жылтыр. Қош, Тоқсанбай, Тоғамбай, Арықбай, Бәйтiк – Маттың баласы. Мат – Маутанның баласы. Түсіндің бе? Мына мен Тоғамбайдың баласы, сен Тоқсанбайдан тарайсың. Түсіндің бе?

– Түсіндім, ата.

– Түсінсең айтшы, кәне!

Мен Мұртазадан бастап, тақпақтап шықтым.

– Ой, айналайын, ақылдым, – деп, Әбіш мені құшақтап, арқамнан қағып-қағып қойды.

Енді бұл атам Маутаннан ары қарай ұзақ жолға түседі. Маутан – Шахаман – Құли – Шілмембет – Бекболат – Шымыр – Дулат... Сонау Бәйдібекке барып тіреледі. Домалақ ана туралы хикая кетеді...

Ұйықтап қалсам керек, сықыр-сықыр, сылдыр-сылдыр, сыбыр-күбірден оянғандаймын. Қамбаның құлпы ашылған сияқты, әлдекімдер қараң-құраң жүрген сияқты. Ұйқым ашылмайды, өң мен түстің арасы. «Павлик Морозов» екенім есіме түскендей. Қара арпаны біреулер арбаға тиеп артып жатқандай. Айқайлағым келеді. Үнім шықпайды. Қайтадан ұйықтап қалыпшын.

Таң ата үйге келсем, Айшаның қабағы ашық. Қарындасым мен інім де қутыңдасып қалыпты. Құрмаш қол диірмен тартып отыр. Қарасам – қара арпа!

Өзі қара болса да, талқаны ашпақ!

Кейін-кейін, Айша айтады ғой: сол түні Оспаналы қамбашы, Айша, Сүлеймен үшеуі барып, қамбаны ашып, бір-екі пұттай қара арпа алса керек. Құдай абырой бергенде, Жуанқұл бастық сезген жоқ.

Қара арпа, ақ талқан – тағзым саған.

ҚАРА АРПА, ҚАРА БИЕ

Қамбадағы қара арпаны көктемде қара жолдың үстіне, зираттың іргесіне септік. Жалғыз ЧТЗ тракторына ат, егіз соқалар көмектесті. Мен өгіз соқаға шықтым.

Енді, міне, сол арпа дүмбіл болып пісейін деді. Үздігіп жеткен жаңа астық. Әр жерде ойдым-ойдым аралдай болып сарғая бастады.

Үздіккенде де жаман болады. Мен жылқы бағамын. Жылқы қайырған болып барып, арпаның масағынан үзіп-үзіп алып, әлгінің уыз дәнін шикідей сорамын. Әлі үгітіп, дәнін қауызынан ажыратуға келмейді, сондықтан қылпығымен ауызға салып, шайнап-шайнап сорғаннан басқа амал жоқ. О да болса тамаққа талшық.

Арпаны мен ғана емес, колхоздың қамыттан қажыған аттары да жақсы көреді. Сәл көз жазып қалсаң, жайқалып тұрған егінге тап-тап береді.

Әсіресе қара бие жаман. Өзінің өзге жылқыдан тұрпаты бөлек: тұрқы ұзын, мойны құрықтай, шоқтығы биік, бітімі келісті-ақ.

Соғыс басталған жылы Қаратауда атты әскер тұрған көрінеді. Осы бие сол әскерден қашқан «дезертир» деседі. Әйтеуір, біздің колхозға сіңіп қалды. Өзі былтыр бір рет құлындады. Онысы биыл тай болды. Менің мініп жүргенім – сол бурыл тай. Әкесі – колхоз бастық мінетін сол көк айғыр. Көк пен қарадан бурыл шығатын көрінеді.

Қара бие жалғанның бұзығы. Үлкендер «бұл бәле көрген» деседі. Басқа аттар мәнжубас, айтқаныңа көнеді, айдағаныңа жүреді. Ал қара бие...

Көзімізді ала беріп, арпаның ішіне кіріп кетеді. Ал енді қайыруға көнбейсің. Мені баласына ма, залым, білмеймін. Жанына жақындасаң құлағын жымқырып, қосаяқтап тебе бастайды. Менің астымдағы ат өзінің құлыны ғой, бірақ оны да

аямайды. Алдынан келсең – тістейді, артына шықсаң – тебеді. Қолымда ұзын шыбығым бар (қамшы қайда!). Оны місе тұтпайды, ұрғаныңды шыбын құрлы көрмейді. Айдамасаң, арпаны жайпап бара жатыр. Бастық керсе, мен құрыдым.

Осылайша екі оттың ортасында жүргенде, арпа да пісейін деп қалды-ау.

Бердімбет сайының басында жылқыны сазға жайып, бұрыл тайдың үстінде жәрбиіп отыр едім, қасыма Қорғанбай келді. Қолында дорбасы бар, дорбаның ішінен қолорақтың ұшы қылтиып көрінеді.

– Сен, – деді ол маған, – жан-жақты қарап тұр. Охран яки бастық көрінсе, жылқы қайырған болып, қатты айқайла.

Сөйтті де арпаның қалың ортасына кіріп кетіп, масақты қол орақпен қырқып ала бастады. Мамыт Жәкемнің баласы. Мамыт жәкем өйтіп-бүйтіп даладан мал тауып келеді. Бұлар соншалықты аш та емес. Оларға қарағанда, біздің үй үп деп отыр ғой. Айша қызылшадан қас қарая бір-ақ келеді. Үйде екі бала аш отыр. Мына пісіп қалған арпаға Қорғанбай қол салғанда, менікі не тұрыс?

Жылқының бас-аяғын жинап, сайдың табанына үйіріп тастап, бұрыл тайды талға байлап, арпаға мен де сүңгіп кеттім... Көйлегімді шешіп алып, соны дорба қылып, арпаның масағын қолмен жұлып, соған тықпыштап жатырмын. Орақ болмаса киын екен, масақ алақанымды қиып кетті.

Көйлегімнің қарны кәдімгідей қампайып қалды. Бұл ашкөз болған жаман. Қанағат деп қайтып кетсем, еш бәле жоқ еді. Тағы да, тағы да... дей бергенде...

Қайдан шыққаны белгісіз, көк айғырды алқындыра арындатып, колхоз бастық Жуанқұл дәу перідей төніп келді.

–А, атаңа нәлет контра! – деп, қамшының астына алды кетті, алды кетті...

Сөйтіп, Қорғанбай екеуіміз қолға түстік. Алдына салып, аттың бауырына алып, дедектетіп қуалап отырып, колхоздың қамбасына әкеліп қамады да тастады.

Жолда келе жатып бір байқағаным: қара бие біз масақ қырыққан жерге жақын қаздыып тұр екен. Колхоз бастық алыстан соны көріп келіп, біздің ұрлығымыздың үстінен түскен болды.

Қамбаның іші қараңғы. Өзі қаңырап бос тұр. Біздің қарнымыз қабырғамызға жабысып қалса, қамбаның қарны да қабысып қалған. Қамба тоқ болмай, қарын тоқ болмайды. Бұл – анық ашаршылықтың нышаны.

Қараңғыда түртінектеп, Қорғанбай екеуіміз үн-түнсіз біраз тұрдық. Әлден соң ол:

– Оңбаған, сенің кесірің, – деді. Маған айтты.

– Мен неғылдым?

– Саған айттым ғой қарап тұр деп!

– Мен де...

– Енді екеуіміз де түрмеде шіріміз. Әкеңнің түрмеде өлгені аз еді. енді өзің де сонда шірісің.

Қорғанбай мұны айтқанша, мені ұрғаны жақсы еді. «Түрме» деген сөз – мен үшін адамды өлтіретін жер. Түрмеден тірі қайтыпты дегенді әлі естімеген кезім.

Қамбаның қараңғылығымен қоса қат-қат уайым қалыңдай түсті. Бидай ұрладың деп былтыр көрші ауылдан бір әйелді соттап жіберген. Жап-жас балалары қалды, байы соғыста еді. Соған да қараған жоқ. Заң жаман, заман жаман.

Қой, қашу керек. Қамбаның қабырғасы қалың, есігі бекем. Мұны соғыстан бұрын ауылдың атпал азаматтары соққан. Сондықтан мықты. Қашып шығатын терезесі де жоқ. Ауа кірсін деп қойған қуыры төбеде. Ол биік.

Қашқанда қайда барасың? Шанышқылыдағы Әдия әпкемнің ауылына ма? Ол жерден де ұстап алады. Әдия әпкемнің күйеуі

Қадырды да отыз жетінші жылы ұстап алып, Әулиеатада атып жіберген.

Көксайдағы Қырғыз атаның үйіне ме? Қырғыз ата айтатын Манас шыңына шығып кету керек шығар...

Түрлі ойлар, қиялдар...

Қай уақыт екені де белгісіз. Қорғанбай дорбасын басына жастанып, қорылдап ұйықтап қалды.

Әйелдің айқайлаған даусы талып естіледі. Есікке барып, құлағымды тосып тұрмын. Таныдым: Айша ғой. Айшаның даусы. Мені іздеп жүр. Демек кеш батып, Айша қызылшадан қайтқан ғой.

– Барс - ха - а - ан... Барс - ха - а - ан...

Кешкі айқай Тәңіртауға шағылып, жаңғырығып бара жатқандай.

Қатар-қатар жарысып жатқан сайларды жағалай шоқ-шоқ болып отырған ауыл, Айшаның айғайын түгел естіген шығар-ау. Бірақ біздің қамбада қамаулы жатқанымызды Жуанқұл бастықтан басқа ешкім білмесе керек. Бір білсе – Қамқа кемпір білер, ол көріпкел ғой. Айша одан Барсханды көрдің бе деп сұрауы әбден ықтимал. Өйткені кейде мен Қамқа кемпірді үйіне көтеріп кіргізетінмін. Күні бойы далада, аласа орындықта отырады ғой. Келіні жұмыстан қайтқанша. Кейде келіні Мүнира жұмыстан тым кешігіп, көз байланғанда ғана оралады. Сондайда Қамқа әлсіз даусымен үн қатып, мені шақырады. Менің есітетін жерде жүргенімді сезеді. Өзі шүйке жүндей жеп-жеңіл, мен көтере аламын. Ол тұрмақ Бурныйдың элеваторына бір қапшық бидайды есекпен тасып, оны элеватордың сатысымен биіктегі бункерге де көтеріп шыға аламын. Рас, кейде тәлтіректесп, қапшықпен бірге биіктен құлап қала жаздаймын. Әйтеуір, Құдай сақтап, аруақ қолдайтын шығар. Ал мүмкін, Қамқа кемпірдің батасы дем беретін шығар.

Өйткені Қамқа мені жұмсаған сайын:

– Құдай саған әл-қуат берсін, қайсарлық берсін, ғұмыр берсін, құлыным! – деп, шидей арық саусақтары, арық алақандарын жайып бата беретін.

Күндіз Жуанқұл бізді қамбаға айдап, балағаттап, боқтап бара жатқанын Қамқа естіп қалуы да мүмкін. Айша сұраса, айтар.

Айша сұрайды ғой. Үйді-үйге кіріп сұрайды. Ал қазір айқайлап тұр. Тарғыл тастар арасында балапанын жоғалтып алған ұлардай талмай шақырады. Ұлар да бір мұңлық құс. Адамдар атып ала берген соң, екі аяқты жыртқыш жете алмайтын биікке, таудың қар жататын белдеуіне дейін шығып кеткен. Соның өзінде де жаулары бар. Қарны ашса, теңбіл терілі қар барысы да алмайды. Әсіресе бүркіт қиын. Балапанын алып кетеді. Сонда сорлы ұлар ананың зарлағанын естісең...

Ал Қорғанбайды ешкім іздеп жатқан жоқ. Ол ұйқысын қандырып алып, анда-санда:

– Атаңа нәлет, Жуанқұл! – деп қояды. – Шыннан сотқа берер ме екен, – дейді.

Мен есікті тоқпақтап:

– Мен мұндамын, – деп шырылдаймын.

Бірақ оны Айша естімейді. Шәуілдеп иттер үреді.

Қарын аш. Оның үстіне қараңғы қамбаның іші дымқыл, салқын. Мен масақты жерге төгіп тастап, көйлегімді киіп алдым.

Масақты ауызға салып шайнаймын. Сөлін жұтып, қылпығын түкіріп тастаймын. Әйтеуір, тамақ...

– Атаңа нәлет, Жуанқұл, шыннан соттата ма, – дейді Қорғанбай. – Осынша кешіккеніне қарағанда, ауданға барып милиса алып келер ме екен?

Мен милисадан қорқамын. Әкейді алып кеткен – солар. Олар әкеткен адам қайтпайды. Білемін. Енді мен де үйге қайтпайтын шығармын. Сонда Айшаның күні не болады, үйдегі екі баланың күні не болады? Бесіктен беліміз шықпай жатып, қасіретке батып, қайғы ойлаған жанбыз. Қамқа айтқандай, Құдай өзі қуат

беріп, қайсар жаратпаса, өле салу оп-оңай. Айша мені шақырып, айқайлап жүр. Даусы біресе жақындап, біресе алыстайды. Осыдан босасам, Айшаны, екі бауырымды алып, Талас Алатауының шыңына шығып кетсек пе екен. Ұлар құс сияқты.

Мен қамбаның есігін тепкілеп, тоқпақтаймын. Есіктің көздей тесігінен қылтиып жаңа туған Айдың қияғы көрінеді. Айшадан естігенімді ішімнен қайталап:

– Иә, Құдай, жаңа Айда жарылқа, ескі Айда есірке, – дедім.
Жарылқай ма, жоқ па – беймәлім?

АЛАҚАНДАҒЫ АЙ ТАҢБА

Иттің де ақылдысы, ақымағы бар. Тектісі, тексізі бар. Кісінің жақсы, жаманын ит пен бала таниды деген рас. Бірақ иттің бәрі емес. Адамдардың арасында бұзығы, қара ниетгісі, ұсақшыл қырттары бар сияқты, итте де небір тәсірсіздері бар. Жалпы, ит тұқымы адамға адал берілген хайуан екені рас. Бірақ «иттің етінен жек көремін», «иттің баласы», «сен итсің» сияқты балағат сөздер сол иттің тұтас затынан емес, жамандарынан туындаған болуы керек.

Мамырдың жадыраған жақсы күні еді. Әдеттегідей ауыл балалары бас шығарып қалған арпаны арам шөптен тазалауға шығамыз. Оны «отақ» дейді. Яғни, арам шөпті отайды. Ал арам мия арпадан аз емес. Оның бәрін отап шығу... азап.

Бастығымыз Қайрақбай дейтін қартаң көсе кісі. Бір топ жас балаға бір әумесерлеу көсе шал бастық.

Құданың құдіреті, сол шал көп баланың ішінде өзі де бала болып кете ме деймін. Өйтпесе ол бізге басшы да бола алмайтын шығар.

Бидайдың арасына мия деген шығады. Мияның жасымықтай дәні болады. Әне, сол-ау. Мияның дәні араласқан бидай улы. Оны жеген өледі.

Қолымызда бір-бір өткір пышақ болады.

Командиріміз Қайрақбай егін басына барған соң, балаларды қаз-қатар тізіп қойып:

– Ал, батырларым, алға! Фашистердің басын қырқыңдар! – деп бұйрық береді.

Біз уралап лап қоямыз. Күрдек мияның басын ұшырып түсіреміз. Кейбір «батырлардың» көзсіздігі сонша, миямен қоса арпаның масағын да қырқып жібереді. Бір тақта егістің басынан аяғына кім бұрын шықса, сол – «герой».

Әуелі аптыққанмен, күн қыза келе шаршай бастаймыз. «Герой» болу оңай емес. Тақта ұзақ. Біреу бұрын, біреу кейін – тақтаның аяғына да жетеміз.

Енді кері қайту керек. Кері қайтқанда балалар барын салады. Өйткені, тақта басында әркім үйінен алып келген айран-шалабы, бірер үзім наны бар. Соны жылып кетпесін деп шөмеленің астына тығып қойғанбыз. Соған жету – пейішке жеткенмен бірдей.

Ақыры, жетеміз-ау. Сонда Қайрақбай командир:

– Этбой! – дейді.

Онысы – демалыс дегені.

Қолымыз көк иілденіп, мия сасиды. Оны жуып жатқан біз жоқ, айран-шалапақа лап қоямыз.

Жан шақырып, көзімізге нұр біте бастаған кезде, Қайрақбай командир:

– Әй, қыздар, сендер ана шөмеlege барыңдар, – деп, тұлымшағы селтиген қыздарды қуып жібереді. Кілең ер балалар қалады.

– Мен сендерге қызық әңгіме айтамын, – дейді. – Мен өліп қалсам, оны сендерге кім айтады, – дейді.

Біз аузымыз аңқайып, мұрнымыз таңқайып, Қайрақбай қартқа қараса қаламыз.

Ал кеп боғауыз әңгіменің неше түрін жібереді-ай. Қиқылдап, шиқылдап күлеміз. Шаршағанымыз лезде ұмытылады.

Өзін қартпын-ау, иман керек-ау, баладан ұят-ау деген жоқ. О да бала. Әйтпесе, бет-бетімізбен қашып кететін шығармыз.

Тәрбиенің түрі–осы. Тәрбие берер тәсірлілер соғыста жүр. Бәрін қынадай қырқып алып кеткен. Ауылда қалған Қайрақбайдың сықпыты мынау.

Бірақ ауылда қалған шал-шауқанның бәрі Қайрақбай сияқты екен деп ойлап қалмаңыз...

Құлан тауынан асып барып күн батты. Бірақ Талас Алатауының шыңдары бізге көрінбей кеткен күн сәулесіне әлі оранып тұр. Шыңдарға қарағанда біз құрт-құмырсқадай ғана пендеміз. Тәкашпар таулар біздің әбден қалжырап, үйге қайтқымыз келгенін сезбейді. Қатал шал Қайрақбай ақырында:

– Әтбой! – деді.

Ел сыртындағы шырыш пен шоңайна тікен басып кеткен жадау зиратты айналып өтіп, бәріміз үркіп ұшқан бұлдырықтай құлдыраңдап, ауылға қарай тұра жүгірдік. Тұйық сайдың басындағы Салбидің үйінің тұсынан өте бергенде, қорасынан ала төбет абалап атып шықты. Балалар жан-жаққа, тым-тырақай қаша жөнелді.

Мен қалшыып тұрдым да қалдым. Бұл менің өзгелерден өзгеше батырлығым емес, сірә, ебедейсіздігім шығар.

Ит деген иесінің үйін, қорасын қорымай ма. Салбидің үйіне қастандық жасайын деген пиғылым жоқ. Ендеше, ала барақ жаман иттің менде несі бар.

Ит оны ойланып жатқан жоқ. Қара тұмсығы тыржиып, тістері ақсыып, тыныш тұрған мені келіп бас салды. Әуелі онсыз да шеттік тікен жырып қанталаған балтырымды алып түсті. Тірі жан емеспін бе, сол қолыммен тұмсығынан ұстай беріп едім, ақсиган, ақ қанжардай азу тісі алақанымды жалбыратып жарып

өтті. Оң қолымдағы дорбада мия кескен пышақ бар еді, капелімде суырып ала алмай, дорбамен итті бастан сабалап-ақ жатырмын.

Ақыры, үйдің иесі ме, әйтеуір, біреулер иттен ажыратып алды. Оны мен шала-пұла білемін. Өйткені балтырдан да, алақаннан да қан саулап ала жөнелді.

Сірә, балалар айтқан болуы керек, айқайын салып Айша жетті. Салбидің тұқым-тұқиянын қалдырмай қарғап-сілеп, жермен-жексен қылды. Кіржиген бүкіш Салби үндей алмай, үйіне кіріп кетті.

Айша менің қанымды тыя алмай, басындағы көне орамалдың шетін дар еткізіп жыртып, сонымен алақанымды орады. Еті ырсиып, жалбырап қалған екен. Тағы да дар еткізіп, бір жыртып, балтырымды байлады. Одан соң мені жерден тулақтай жұлып алып арқасына салып, сайды кешіп өтіп, Әбіш шалдың үйіне апарды.

Құдай оңдап, Әбіш ата үйінде екен. Бұл әлгі Салбиден де өткен бүкір. Бұл елдің қарттары неге бүкшиіп қалады? Әлде, қу тірлік бұл жақта тым-тым ауыр ма...

Әбіштің қара кемпірі күйбеңдеп жүріп, шишасыз жермай шамды жақты. Айша:

– Елдің баласы аман-есен. Қайнаға-ау, Құдай бізді қай жағымыздан қарғады. Бұл қағынғыр Барсхан тумай жатып әкесін жалмады. Көп баланың ішінен не пәлеге осы ұрынады. Не жаздық? – деп аһылайды.

– Қой, қарағым келін. Олай деме, – дейді құлағы тосаң Әбіш даусын әндете созып. – Әкесін адамдар жалмады. Баланың жазығы не...

Сөйтіп, жараларыма киіз күйдіріп басты. Қоңырсыған еттің күйік иісі қолқаны атты. Әбіш ата мені тірідей пісіріп жатты.

– Өй, айналайын, Мұртаза інімнің тұяғы. Батыр ғой, жылаған жоқ-ей, қың демеді ғой, ой, азамат! – деп қояды.

Үнсіз кеңк-кеңк күлгендей, әлде үһілегендей, аяқ-қолымды әлденемен шандып жатып:

– Иттің қапқанынан Құдай сақтар, балам. Адамның қапқанынан сақтасын. Әкеңді адамдар қапты ғой... – дейді.

Содан соң іңір қараңғысында далаға шығарып, мені күнбатысқа қаратып қойып, күңірене күбірлеп дұға оқыды. Дұға әуеніне ұйып тұрғанымда, байқаусызда бетіме сұп-суық суды шашып кеп жіберді.

– Кет, бәле, кет. Алас-алас! – деді. Сөйтіп, мені бәледен ұшықтады.

Айша мені арқалап үйге қайтты. Есік алдында, қараңғыда үрпиісіп, Құрмаш пен Батырхан бізді тосып тұр екен. Екеуі де жас еді, екеуі де аш еді...

Содан бері сол қолымның алақанында ай таңба қалды. Жаңа туған айдың қиығындай-ақ таңба. Әлі бар. Сол алақанымда абайсызда болмаса, әдейілеп қарай бермеймін. Қарасам болды, арзымаған азапты жылдар көз алдыма көлбең ете кетеді.

ҚЫРЫҚ ЖІЛІК

Пияш апамыздың ала сиыры жоғалып кетті. Ұшты-күйді жоқ. Пияш пен оның қызы Жібек іздемеген жері қалмады. Біз де қосылып іздедік. Біреулер айтты: «Осы Ақсай, Көксай жағында әскерден қашқандар тығылып жатады. Солар алып кетті», – деді.

Мына аласапыранда Ақсай мен Көксайға кім барады? Барғанда апайтөс аңғарлардың қай түкпірін тінтігендейсің? Тіпті тапқанның өзінде, ерні жалақ, жұқалаң сары кемпір мен біз сияқты жәутік балалар қай қарақшыға қауқар қылғандай...

Жалғыз кемпір, жалғыз қыз. Жалғыз ұл әскерде, соғыста. Тірі екені, өлі екені белгісіз.

Қыс қатты болды. Жалғыз сиырды кемпір мен қыз сол қыстан әрең алып шыққан.

Өздерінде үй дейтін үй де жоқ. Сайдың жарқабағында Нәметқұл дейтін ұстаның үйіне жапсарластыра салынған жеркепеде тұратын. Бір кемпір, бір қыз, бір сиыр, бір мәшке ит.

Кемпір ұрысқақтау, бажылдақтау еді, жарықтық. Бірақ кейде бізді үңгір үйіне шақырып алып, бір-бір құрттан үлестіріп:

– Махан аға аман-есен келсін деп айтыңдар, – дейтін. Біз қосыла шулап:

– Махан аға аман-есен қайтып келсін, – деп жамыраймыз. Бала пәк, оның тілегін Құдай есітеді деп сенетін болуы керек. Әйтпесе, үлкендерге өйтіп дәм татқызбайды.

Сонда жеркепе, үңгір үй бізге қызық көрінетін. Қап-қараңғы. Ыстан қап-қара болған қамыс төбе. Ортада жалғыз ағаш тіреудіңтек. Оған көп шеге қағылған, түрлі түйіншек, дорба, шипа шөп: адыраспан, киікоты, көкемарал, қылша – бәрі сонда ілулі тұрады.

Ал енді, осы Пияш пен Жібек о бастан, осылай тұяғы тарамысына ілінген сорлы деп ойламаңыздар. О, ақыр байдың баласы аштан өлген деген бар.

...Сайдың арғы бетінде айналасы атшаптырым дуалдың, жұрнағы жатады. Оған жазда көк қарға, құрқылтай, жау шымшық, молда торғай, әйтеуір, құс атаулы быжынап ұя салады. Ордалы жылан да сол ескі дуалдың іргесінде. Жапалақ пен байғыз да.

Әне бір кезде сол дуалдың ішінде керемет керуен-сарай болған. Үй иесі Ұзын Дембай атақты бай саудагер болған. Мына жағы Қытай, мына жағы Хиуа, Үргенішке дейін керуен тартқан. Бәйбішесі бала таппай, осы Пияшты тоқал алып, Пияштан бір ұл, бір қыз туды. Ұлы Махан (Маханбет) – әскерге кетті. Қызы Жібек – мынау. Екеуі де бәйбішенің бауырында өскен. Айша айтады, ұзын қайнағаның байлығы сонша, осы Жібектің

жаялық-жерегіне дейін шәйі матадан болыпты. Үш-төрт жасарында Әндіжаннан әкелген құлпырма атлас көйлек кигізіп қояды екен.

Менің шамамда, бұл НЭП-тің тұсы болар. Кейін-кейін дүниенің тас-талқаны шығып, дүние енді бетін емес, көгін көрсеткен ғой. Кәмпеске, тәркілеу, колхоз, ұлы зұлмат, ашаршылық, отыз жеті, енді міне, соғыс. Неғылған соғыс, не үшін соғыс? Жердің түбіндегі, айдала, алыс Қиырдағы соғысқа қазақтың қандай қатысы бар, оны біз білмейміз, әйтеуір, азамат атаулыны көгенге тізіп, көзден таса қылды. Соның бірі осы үңгір үйдің ұлы – Махан. Наурыздың аяғын ала күн жылып, «алтынкүрек» жүріп, сайдың күнгеі жақ қабағы ашылып, көк қылтиған соң, қаусаған мал қалтаң-құлтаң етіп жайылымға шыққан.

Сол-сол екен, Пияштың ала сиыры жым-жылас жоқ болды да кетті.

Кім айтқанын білмеймін, кәрілердің біреуі, мүмкін, Қамқа шығар, сірә, Қамқа болуы керек:

– Е, пенде, сиырыңды қардың астынан ізде, – депті Пияшқа.

Содан сай-сайдың, Мыңбұлақтың сала-саласын тінтіп ала жөнелейік. Жазықтағы, күнгейдің қалың қарын «алтынкүрек» сыпырып алып кеткенмен, сол сайлардың батыс жақ қабағын бәйшешек шығып, ұшып кеткенше, қалың күртік басып, жатып алады. Бұл енді қыстағы борандардан қалған сарқыт. Әбден күн жылынғанша, бірте-бірте мүжіліп, кірлеп барып, әрең кетеді.

Бердімбет сайдың басын ала, бір бала шар-шар етіп, айқай салады. Ұмытпасам, Өсер ғой деймін. Жүгіріп бардық. Тұтас сіресіп жатқан қардың қара қазан аузындай жері үңірейіп жатыр екен. Аулақта тұрып, мойнымызды қылықта созып-созып қараймын. Үңірейген үңгірден ештеңе көрінбейді. Жақындайық десек, қар ойылып, өзіміз түсіп кетеді екенбіз деп қорқамыз.

Содан у-шу болып тұрғанымызды көріп, үлкендер де келіп қалды. Пияш пен Жібек те келді.

– Дәу де болса, сиырың осыған түсіп кеткен, – деді біреу. Сірә, Қалпақбай қарт шығар.

– Енді қайттік?

Үлкендер солай шешкен шығар, бір кезде тайлы-таяғымызбен қолымызға бір-бір күрек алып, әлгі қабақтағы үңгірдің дәл тұсынан, төменгі сай табаннан жол сала бастадық.

Дәл бір Маймақтауын тесіп, Түрксібтің темір жолын салып жатқандаймыз. Туннель тесіп жатырмыз.

Сөйтсек, бір қызығы, сірескен қабақ қардың, асты кеуек екен. Қар үстінен емес, астынан ериді екен. Кеуекке кіріп кетсек, үстімізден су тамшылаған бір ғажап дүние. Тіпті кәдімгідей дүрдиіп қоразгүл де өсіп қалыпты. Әтештің айдарындай айдары бар ала шұбар гүлді қоразгүл дейді.

Қамқа әулиенің айтқаны рас екен. Ақыры, сиыр табылды. Тоғызымыз жабылып тоқты жыққан батырмыз дегендей, бәріміз жиылып жатып, сиырды сүйреп, табанға түсірдік.

Өліп қалыпты. Пияш пен Жібек дауыс қылып, ал кеп жыласын. Жұрт не дерін білмей, үрпийсіп тұр. Не деп жұбатасың? Бетіне қарап отырған жалғыз қара жайраған соң, бұл екеуіне қой, жылама, деп айтудың өзі қиын. Не амал бар?

Шіркін, сол кездің әйелдері-ай! Азамат орнына азамат та болды. Ақыл-ес айтар ақылман да болды. Отқа да түсті, суға да түсті. Бірақ бүк түсіп, белі сынбады. Егер олар сынғанда, елде ешкім қалмас еді.

Сонда Баян тұрып:

– Қой, жеңеше, жылама, соғыста жүрген балаңа көрінбесін, жылама! – деді. – Мен бірдеңе білсем, бұл жануар – адал. Суда өлген мал адал десетін. Молда қайнағаны шақырайық. Үкімін сол айтсын, – деді.

«Молда қайнағасы» – Дошанай шал.

Бөркін қазандай қылып, аппақ сақалы белуарынан түсіп, Дошанай атамыз да келді. Сұлап жатқан сиырды ары-бері көрді де:

– Бұл әлі бауыздауға келетін мал. Бұл – адал, – деді. Сөйтті де шөкелеп отырып дұға оқыды. Бәріміз отыра қалып, әлдебір құдіреттен медет, қайыр тілеп, алақан жайдық.

Ералы ағамыз беліндегі пышағын суырып алып, ала сиырды алқымынан орып-орып жіберді. Кәдімгідей қан шықты. Сірә, өлгеніне көп те болмаған-ау.

Жұрт «үһ» дегендей болды. Өйткені көңілде күдік, секем қалмау керек қой.

Сонда Баян апамыз тағы бір тапқырлық жасады.

– Ал енді, бұл адал мал екен. Көнсеңдер, мұны төрт ата Маутан баласы төрт аяғын бөліп алайық. Әр аяғын әр ата өзінше тағы бөліп алады. Сонда бұл қырық жілік болады. Сөйтіп, қырық үй бұл сиырдың орнына тұяқ тұрғызайық, – деді.

Қызылсыраған халық әуелі «дұрыс, дұрыс» деп көне кетті. Артынан: сиыр орнына сиырды қалай тұрғызамыз деп ойланып қалды. Апарып сататын іліп алары тағы жоқ. Бәрі «үп» деп отыр.

Ақыры, «қырық жыл қырғын болса да, қиыспайды туысқан», «көп түкірсе көл деген», Пияшқа бұзаулы сиыр алып беруге бәтуаласты.

Ала сиырдың ішінен бұзау шықты. «Мұны қайтеміз?» «Жеуге бола ма?» деп тұрғанда, Ералы шал: «Бұл менің сыбағам болсын, қуырып жеймін», – деді.

Заман қанша қаһарлы, қатыгез, тасбауыр болса да, сол кездегі адамдар, Жуанқұл сияқты бірлі-жарымы болмаса, мейірімді, бауырмал еді. Жуанқұл сонда мына жиынның басына келіп: «Оу, не болды?» – деуге де жарамады. Үйінде арақ ішіп, мас болып жатыр екен. «Қайтеміз?» – деп ақыл сұрай барған адамды «кет» деп қуып шығышты.

Арада талай-талай жыл өтті. Сол кездегі жас бала мына мен де алпыстан астым. Махан майданнан қайтып, Рәзия дейтін татар қызына үйленіп, тоғыз баланың әкесі болып, дүниеден

өтті. Пияш та қартайып қайтты. Махан мен Рәзия көп баланың қызығын көре алмай, жас кетті.

Жандарың жаннатта болсын.

Сонда бір қызықты, мүмкін, қызықта емес шығар, әйтеуір, бір таң қаларлық нәрсені көрдім. Әлгі Пияштың ала сиыры қырық жілік болып, әр үйдің қазанына түскен соң, сүйек-саяғын далаға шығарып тастамай ма?!

Бір күні өрістен қайтқан сиырлар өкіріп-бақырып, бір жерге жинала қалды. Бәрінің басы салбырап, жер тарпып мөңіреді. Жай мөңіреу емес, азалы үн, азан-қазан.

Біраздан соң бәрі лезде үйді-үйіне тарап кетті. Мен әлгі сиырлар топтанып мөңіреген жерге барсам, жас сүйек – сиырдың тоқпан жілігі екен. Пияштың ала сиырының жілігі.

Сонда сиырлар да өлген бауырын жоқтап жылайтын болғаны ма? Басқа мал неге ондай емес? Сиырды топас, сасық дейтіні қайда?

Бұл дүниенің біз білмейтін жұмбағы көп.

«Қарақағаз» деген қаһарлы сөз шықты.

«Мыңбұлақтың» әр жерінен аңда-саңда «ойбай, бауырымдаған» үрейлі үн естіліп, шал-шауқан, кемпір-сампыр, бала-шаға әлгі жерге жиналып қалып, азан-қазан болады.

Әлде сиырлар адамдардан үйренеді ме екен...

СҮДІГЕРДЕ ИЗЕН ЫЗЫҢДАЙДЫ

Сүдігерде изен мия ызыңдайды.

Егер мия у болмай, жеуге жараса, біз ашықпас едік. Күрдек бас мия жасымықтан үлкен, топ-толық дәнін көтере алмай, жерге жеткенше еңкейіп қалыпты. Ал Шақпақтың желі тұрғанда, күрдек бас мия, қызыл изен ызыңдайды. Бір-бірімен жарысып ебелек домалайды.

Суық тиіп ауырғалы бері басымды көтеріп, терезеге қарап отырғаным бүгін. Кеше Айша қызыл жантақ қайнатып, соның суын ішкізгелі бері тәуір болғандығым. Бірақ төсектен тұрып кетер дәрмен жоқ. Тұрсам да бәрібір далаға шыға алмас едім.

Айша таңертең:

– Жалаңаяқ қалып ауырдың ғой, Барсхан. Сенен аяғанды ит жесін. Өтсе – жалғыз тоқтыны сатып, саған бәтеңке қарастырайын, – деп базарға кеткен.

Күн бесіннен ауып, терезе алдындағы сүдігер қарауыта түскендей болды. Айша әлі жоқ.

Кешегі күншуақты қоңыр күзде сүдігерді Жақаш екеуіміз жыртқанбыз. Жақаш маған қарағанда ересектеу, бойы да ұзын. Бригадир әдейі қосқа бір кішкентайдың қасына бір ересектеу бала қойған ғой. Онысы ақыл болған. Әйтпесе, мен өліп қалар едім...

Менің соқам алдында, Жақаштікі артта болатын. Менің соқама жегілген екі тарғыл өгіз-соқамен жер жыртудың чемпиондары. Жақаштікі – екі қызыл өгіз. Біреуінің мүйізі сынық.

Мен соқаның жалтыраған екі тісінің арасына аяғымды тіреп, шоқиып отырғанды ұнатушы едім. Жап-жалтыр, өткір тістер қопарған қыртыс топырақ қара бұйраланып, шексіз қара су ағып жатқандай. Ұзақ қарап отыра берсең басың айналады.

Әлдене тырылдағандай, әлде тыраулағандай болды. «О не?» – деп жан-жағыма қарап едім – бөтен нәрсе көрінбеді. «Айырплан ба?» – деп аспанға шалқайып едім: екі қатар нүкте сызық көрінді де, екеуінің алдыңғы ұшы бірігіп кетіп, сәлден кейін жалғыз нүкте жеке-дара сақа шықты. Содан үшкіл пайда болды. Тырналар.

Жақаш екеуіміз жыртып жатқан сүдігердің үстінде біраз аялдағандай болды да, Аспан таудың Шоқыбас шыңына бет түзеді. «Енді көрінбей кететін болды-ау» дегенімше, сақа-нүкте Манас шоқысына қарай бұрылды. Бірте-бірте ылдилай Маймақ,

Күркүресу тауын сауырлап, Күйік асуының тұсынан аунап түсіп, Қаратауды жебелеп көп ұшты. Батыстағы Боралдай, Құлан, Шақпақ тауларын айналып өтіп, қайтадан біздің сүдігердің үстін күннен көлегейлеп сәл тұрды да, тура батысты бетке алып, тыраулап ұшып кете барды.

Сонда барып «А - а - ай!» – деп айқайлап жібергенім есімде...

Сөйтсем, тырналар дегенім адамдар сияқты елестеп кеткен екен. Сақа – нүкте – Орха көкем. Ол фин соғысында болып оралған. Соғыс көрген деп алдына қойған шығар. Үшкіл сызықты суретке салса мынадай болады.

Орха!

Ноха! Сияқұл!

Сұлтан! Жиренбай!

Нәметқұл! Төреқұл!

Сейсенбай! Өскен!

Байбосын! Сәмбет!

Махан! Қайып!

Нұралы! Рәсілхан!

Найын! Бейшенбек!

Кәмет! Тұрарбек!

Өскенбай! Сайлау!

Поштақұл! Қожагелді!

Тәшкен! Сайлаубек!

Тоққұлы! Жарқынбек!

Егемберді! Сышабек!

Алдаберген! Күзембай!

Құдайберген! Әнуарбек!

Ержан! Сәрсеқазы!

Таутана! Орынбек!

Тарбақай! Кәрібай!

Керімбай!

«А - й - ай!» – деп айқайлап жібергенім есімде... Одан әрі, сірә: «Мені де ала кетіңдер!» – деп айқайласам керек, бірақ үнім

шықты ма, шықпады ма – білмеймін. «Мені де...» – деп қол созып тұра бергенімде, қос өгіз қолымдағы жылаңдай ысқырған қамшыдан қорықты ма, білмеймін, әйтеуір, оқыс бұрылып, боразадан шығып кетіп, мен соқаның екі тісінің арасынан құлап түсіпшін...

Әбүйір болғанда, Жақаш көріп қалып, айқай салып, екі тарғыл өгізді әрең тоқтатып, мені екі тістің арасына кептеліп қалған жерімнен шығарып алды. Аузы-мұрныма қара топырақ тығылып, енді болмаса тұншығып өлетін екенмін.

Жақаш әуелі:

– Ей, болбыраған боқмұрын, қараптан қарап отырып өліп қала жаздағаның не-ей?! – деп әбден жерден алып, жерге салды.

Ақыры отыра қалып, қара топырақты қобырата шашып жіберіп, солқылдап жылады.

– Саған соқа айдатып қойған соғыс оңбас, сені маған серік қылған шолақ бригадир оңбас. Ей, болбырақ боқмұрын!

Егер сол жолы Жақаш болмаса, яки көрмей қалса, мен бүйтіп қалқайып, терезеден сүдігерге қарап отырмас едім. Мені сол жолы топырақ көміп қалғанда, ешкім таба алмас та ма еді?..

Осылай ойлауым мұң екен, өзімді өзім аяп, жападан-жалғыз отырып, жылағым келді. Қоңыр күзде өзім жыртқан сүдігер сұлқ түсіп жатыр, тек соқа жыртпай кеткен мия мен изен ызыңдайды. Теп-тегіс қылпықсыз сүдігерде аядай жер арал болып, миясы мен изені қырқылмай аман қалған.

Мылтық даусы гүрс етті. Жалт қарап, терезеге үңілдім. Сүдігерден басқа ештеңе көрінбеп еді, кенет сүдігердің жал-жал топырағын малти кешіп, артына қарай-қарай Ақжол қашып барады.

Жүрегім зу ете қалды. Ақжол қылмысты сияқты. Ол ұзай түскенде құтылып та кететін еді. Бірақ ол сүдігерге малтыққандай тоқтай қалып, артына бұрылып қарады. Оны қудалаушы адам ұратынын, әрине, біледі. Білмесе, қашпас еді ғой. Ал сол адам өлтіретінін Ақжол қайдан білсін. Өлім бар деп

ойына да кірмеген шығар. Сондықтан ол енді құдалаушы адамның таяғы жетпес-ау деген жерге барып, артына бұрылып қарады. Көзқарасы кінәлі еді. Содан да бір сұмдық істегенін сезе қойдым.

Енді сүдігердің шетіне шыққан адам сұлбасы да көрінді. Жуанқұл көрші галифе шалбарлы аяғын алшайтып қойып, мылтықтың дүміне басын қисайтып, әбден көздеді.

– Қаш, – деп айқай салғанымша, мылтық гүрс етті...

..*

Ақжолды жазда Евгеньевкадан алып келіп едім. Шынын айтсам, өзі ілесіп келді. Борандының элеваторына бидай тапсырып, шаңқай түсте бір топ бала ауылға қайтқанбыз. Арасындағы ең кішісі мен едім. Астымдағы көк тайқар да қашыр сияқты шабан неме, арам қатқыр. Басқалардың көлігі әсіресе ауылға қайтарда есіре жөнеледі. Бірінен бірі қалғысы келмей, қосаяқ қағып аңдыздайды.

Менен басқалары ызу-қызу, қиқу салып, топтана қарауытып, қара жолдың шаңын бұрқылдатып, ұзап кетті. Көптің аты – көп. Көпке ешкім тиіспейді. Евгеньевканың әккі балалары жалғыз-жарымды торида. Серіктерім мені жалғыз тастап кетейін деген де шығар, бірақ қалың шаңның арасынан кім бар, кім жоғын байқамай қалған да болар. Не десе де мен жалғыз қалдым. Қашыр тектес тайқарды қаншама қамшыласам да, жүрісі өнбей, дүние өртеніп бара жатса да мимырт жүрістен танбайды.

Төбесіндегі қамысы қарауытып, тозып кеткен маяжон үйдің бұрышынан айнала беріп, ауылдың жолына енді түсейін дегенде, көк тайқардың әдеттегі салпаң құлағы тікшіе қалып, жалт бергені. Басына жаман тонды айналдыра жамылып, үйдің тасасынан бір бала шыға келгенде, тайқар үрейлене үркіп, оқыс бұрылғанда, үстінен ұшып түстім. Аузы-басымның шаңын

сүртіп, орнымнан тұрып болғанша, Евгеньевканың қағынды келгірлері көк тайқарға ит қосып қуалап, мәз бола қалыпты.

Егделеу бір әйел қамысы тозған маяжон үйден шығып, әлгі мені жәбірлеушілерге бажылдап, қарғыс жаудырған сияқты.

Не айтып айқайлағанын онша түсінбесем де, әйтеуір, маған пана болып тұрғанын сезіп, ішім жылып қалды. Өзге тұрмақ, өз шешеңнен айналайын деген сөзді сирек еститін заманда бейтаныс адамның сені аяп, араша түскеніне көңілім босаңсып, көкіректе қатып жатқан көп қоя мына бір жылудан еріп ала жөнелгендей, еңіреп жылағым келді.

– Болды. Сенікі үлкен бала. Қорықпа. Олар енді саған ұрмайды, – деп жұбатты әлгі егде әйел үсті-басымның шаңын қағып, жерде жатқан кенеп дорбаны қолыма ұстатып. Шұбар ала алжапқышының астына күс-күс қолын жасырып:

– Бедные, – деді.

Онысын мен түсінбедім. Рақмет айтуды да білмей, ауылға қарай кете бардым. Арам қатқыр көк тайқар алды-артына қарамай ауылға қашып кетті. Үстімде бала бар еді-ау деп қарамады.

Евгеньевканың тағы бір қамыс шатырлы шеткі үйінің тұсынан өте бергенімде, ажырық тұтқан арықтың ішінен бір бітік көз күшік тырмысып, тырбаңдап жатып жолға шығып, жанары жылт-жылт мөлііп, құйрығын бұлғаңдатты.

– Күшкә, күшкә, – дедім кетіп бара жатып. Неге айттым, өзім де білмеймін. Сол-сол екен, әлгі жәрбиген жаман күшік құлдыраңдап маған ілесе берді...

Евгеньевкадан былай ұзап шыққан соң, бір терең сай кездеседі. Әдетте бір топ бала сол сайға түсіп, бұлақ суына жуынып-шайынып, таңертең үйден ала шыққан там-тұм тамағымызды бидайдан босаған қапшықтың үстіне жайып, әлденіп алатынбыз.

Бұл жолы мен жалғызбын. Ербиіп, жападан-жалғыз отырып тамақ жегім келмейді. Үйге тезірек жетсем деймін. Дегенмен

жалбыз бүркенген бұлаққа етпеттеп еңкейіп, мұздай судан сіміріп болып, енді түрегеле берсем, артымда шоқиып әлгі көкқасқа күшік отыр. Менің таңдана қарап қалғанымға жауап бергендей тез тұрып, құйрығын бұлғаңдатты. Қызғылтым нәзік тілін шығарып, жаланып қойды.

– Е, байғұс, бір нәрсенің иісін сезген екенсің ғой, – деп дорбадағы жарты таба нан мен қос жұмыртқаны шығарып, алдымен өзім наннан бір тістеп, содан соң барып көк қасқа күшікке бір үзімін тастадым. Лезде қақшып алып, шайнар-шайнамас бір-ақ қылғытып, басын қисайта қалып, тағы мөліді. Енді оған жұмыртқаның бір түйірін тастап ем, шайнамай жұта салды. Бірақ қызғылт тілімен сүп-сүйрік дымқыл қара тұмсығын жалай берді, жалай берді. Мұнысы маған ұнаған болуы керек, жұмыртқаның қалғанын түгел тастай салдым. Ол өзбектердің аңшы иттерінің жоңышқа арасынан бөденені бас салғанындай, қақшып түсті.

Кейіннен ойлаймын: менің қателескен жерім – күшікке жұмыртқа тастау болды.

Не керек, сайдың арғы қабағына шығып, ауылдың борпылдақ қара жолына түскенде де, күшік соңымнан қалмады.

– Қайт! – деп бір-екі рет жекіп едім, әлгі неме қаймығып, сәл шегінді де, шоқиып отыра қалып, мұңая қарағанда, шыдамадым.

– Мейлі, жүрсе жүре берсін, – дедім. Әйтсе де Евгеньевка жаққа бұрылып көз салсам, күшік жоқтаған ешкім көрінбеді.

* * *

Үйге таяп қалғанда, бөрте лағын жетектеп, аузынан түспейтін махорка шылымын бұрқыратып, Хадиша кездесті.

– Барсхан-ау, мынауы не сұмдық? – деді ол көкқасқаға ернін шығара, менсінбей қарап.

– Евгеньевкадан өзі ілесіп қалмай қойды, – дедім, ұрлады демесін деп ақтала сөйлеп.

– Сенің үйіңнің жуындысы біздің Майлыаяққа енді бұйырмайды десеңші, – деп Хадиша аузынан түтінді зеңбірек атқыза шығарып, қасын керіп қойды. – Мейлі, ит жарықтық жеті қазынаның бірі дейді ғой, атын Ақжол қой, соғыстағы боздақтар аман келіп, жолдары ақ болсын.

Хадиша шылымын кебісімен таптап өшіріп, көкқасқаға енді сынай қарап:

– Тұмсығы біздей екен кәпірдің, не түлкі алатын тазы болады, не кәззап ұры болады, – деді. Тіпті күштіктің артқы бір аяғын тарбитып көтеріп те көрді. Күшік байғұс, әуелі жағымпазданып, құйрығын бұлғаңдатып, көзі жылтың-жылтың етіп, еркелеген болып еді, көтеріп абыройын ашқанда, қыңсылап, тартыншақтап, менен көмек күткендей, маған қарап жаутаңдай берді.

Хадиша қолына бірдеңе жұғып қалғандай, алақанын бір-біріне үйкелеп тұрып:

– Қарай гөр өзін – төбет екен, – деді. – Дүбәра ма, қалай? Жоқ, тазы, тазы...

Хадиша жеңешем, сөйтіп мені дал қылып, ойға қалдырып кетті. Біресе тазы, біресе ұры, біресе дүбәра дейді. Көңіліме күдік алсам да тазы дегеніне сенгім келіп, өзімше бір үміттеніп те қалдым.

* * *

Үмітімнің түрі – осы таяуда Керегетаста көрген түлкінің баласы. Керегетастағы тракторшыларға жалғыз өгіз жеккен арбамен су тасып, түс ауа ауылға қайтар жолда, қызыл изен қалың өскен ойпаңнан бір түлкінің баласы жылт ете қалған. Есім кетіп, арбадан аунап түсіп, ұзын қамшымды серт ұстап, тұра кеп қуайын. Дәл иегімнің астынан ат басындай алтын қашқандай, ышқына жүгіргенім сонша, ә дегенде түлкі кәдімгідей қорқып, қос құлағын жымқыра зытты. Едәуір ұзап кетіп, құлағын біресе тікшитіп, біресе жымқырып, шоқыып

отыра қалып, қиқ-қиқ күлгендей болды. Дәме шіркін қиын екен, енді ұрып алатындай барымды салып бағайын. Түлкі орнынан ыршып түсіп, дөңгеленіп ала жөнелді де, бұрылып тағы қарады.

Аузы-басын қисандатып, мазақтап тұрғандай көрінеді. Енді оны ұстап алудан күдер үзе бастасам да мына ыржаңдап күлгендей күйігіне шыдай алмай, ентіге ентелей тағы бір ышқындым. Даусым да ащы шығып кетті.

Түлкі бұлаң етіп, изеннің қалыңына қарай бұралаң тартқанда, алдымыздан пырдай болып бозғылт балапандар жан-жаққа шашырап жорғалай жөнелді.

Әлі қанаттанбаған бұлдырық балапандары болды. Қанаты қатайған күннің өзінде бұлдырық аспандап алысқа ұша алмайды. Мына қу түлкінің қызыл изен алабын жағалап жүргені де осы әдемі құстың әлегі шығар. Дүниеде бұлдырық етінен тәтті дәм бар дейсің бе?

Мен түлкіні ұстай алмадым, бірақ оның аранынан бұлдырықтарды сақтап қалдым-ау деймін. Түлкі аңдып жүргенін олар көрді ғой, ендігі амалын өздері табар.

Айдалада, көз ұшында қалған арбама салбырап әрең жеттім.

* * *

Әлгі Хадишаның сөзінен кейін кәдімгідей үміттеніп, Ақжолды өзімше баптауға кіріскен болдым. Арманым: Ақжол қысқа дейін өссе, оны алғашқы қарда қансонарға, Керетасқа, қызыл изенді ойпаңға алып бармақшымын баяғы. Сөйтіп, қызыл түлкіден өшімді алмақшымын. Тек Ақжол дүбәра болмай, тазы болып шықса ғой...

* * *

Мылтық тарс етті. Таңертең, Айшаның:

– Орныңнан қозғалма. Бүркеніп жат, буын-буыныңды буып алған суық термен шығады. Тер қатып қалмасын, шошаңдамай тыныш жат, – деп қатаң ескерткені енді далада қалды. Жалаң

аяқ, жалаң бас, жейде-дамбалшаң, алба-далба болып үйден атып шығып, сүдігерге қарай сүріне-қабына жүгірдім-ау... Барсам, Ақжол күзде өзім салған бораздаға құлап, артқы сол аяғы сүйретіліп жатыр. Алға жылжиын деп біраз тырмысқан-ақ екен. Жаралы аяғын жия алмай, жыламсырап ыңырсиды. Мені көргенде көзі жаутаңдап, қыңсылағаны үдеді. Әлдене дейді, бірақ түсінбеймін. Түсінетін не бар, мұңын шаққаны шығар. Дереву көтеріп алып, қанын сорғалатып үйге алып келе жатқанда, алдымнан кәдімгі Хадиша:

– О, қуратқан қу құдай! Енді көрсетпегені осы ма еді, – деп гөй-гөйлеп қарсы алды. – Өзің төсек тартып жатқанда бұл не сұмдығың? Итте нең бар, ойбай. Ит тұрмақ әкеңнің қайда қалғанын білмейсің... – Ол кенет оқшия қалып:

– Ойбу, қараң қалғыр-ай, мына байғұстың аяғы сіңіріне ілініп қалыпты ғой, обал-ай, – деп күшікті өзі көтеріп, мені желкелеп үйге кіргізді. – Жат, ойбай, көрпеге оран!

– Женеше, – деп алқымыма өксік тығылып, әрең сөйледім.

– Не?

– Енді Ақжол түлкі ала алмайтын болды ғой...

– Алда тәңірі-ай, арманын-ай мынаның. Алады, неге алмайды? Қазір мен Кенжегүл кемпірді шақырып келейін.

Емдейді ғой... Жазылып кетер. Көп болса, Ахмет ұста сияқты бір аяғы жоқ болар...

Кіршеңдеу жаулығының астынан бурыл шашы будаланып, үйге Кенжегүл кіріп келді. Ақжолды көріп дереу іске кірісті.

– Басын тізеңмен басып тұр! – деп бұйырды соңынан кірген Хадишаға. Хадиша: «Қауып алмасын», – деп Ақжолдың басына бұрышта жатқан бос қапты жапты да, тізесімен емес, қолымен басты.

Тәуіп кемпір еркектерше белдігіне тағып жүретін қайыс қыннан кездігін суырып алды. Кездіксіз жүрмейді: дәрі шөптің тамырын қырқады, қызыл жантақ отайды, адыраспан кеседі.

– Байғұс-ау, аяғын шынымен кесіп тастайсың ба? – деді Хадиша Кенжегүлдің ойын біле қойып.

– Кеспегенде ше?

– Таңып қойса бітіп кетпес пе екен?

– Сүйегі талқандалған. Мен сынықшы емеспін, шөппен емдеуді ғана білемін.

Кенжекүл кездікпен жалғыз сіңірді қия бергенде, Хадиша көзін тарс жұмып, теріс айналып:

– Ахмет ұстаның ағаш аяғындай аяқ жалғауға болмас па екен? – деді. Кенжекүл оған алара қарап:

– Оны қайтейін деп едің? – деді.

– Әшейін, Барсхан мұны түлкіге салмақшы еді ғой, енді үш аяқтап түлкі алушы ма еді, – деді Хадиша менің кеудеме арман ұялатқанына енді өзі кінәлі адамдай басыла сөйлеп. Кенет даусын өрекпітіп, арқаланып кеткендей:

– Қараң қалғыр түге, керман сұм біздің ер-азаматтарымызды атып, аяқ-қолынан айырады. Мұнда болса Жуанқұл жұмыртқамды жеп қойды деп итті атып, аяқсыз қалдырады. Атқыш болса, соғысқа барып, фашисті неге атпайды? – деп Ақжолды атқан колхоз бастыққа кіжінді.

Кенжекүл Ақжолдың шолтыып қалған тұқыл аяғына киіз күйдіріп басқанда, күшік байғұс, баж-баж етіп бұлқынды. Бірақ Хадиша оны тырп еткізбей басып тұрған, Ақжол әлі әлсіз ғой, босана алмады. Кенжекүл оның тұтқыл аяғын таңып тастады.

Жуанқұлдың Ақжолды неге атқанын енді түсініп жатырмын. Ақжол оның тауық қорасына кіріп кетіп, жұмыртқасын жейді екен ғой. Оны Хадиша да біледі екен ғой. О баста жұмыртқамен ауыздандырған өзім кінәлі екенмін да...

Көп ұзамай қар да жауар. Қызыл изенді ойпаңда қызыл түлкі алғашқы қарға аунап құлпыра түсер. Енді үш аяқты Ақжолмен оны қалай аулаймын? Ақжол пештің түбінде алдыңғы екі аяғына басын салып, көзін бір ашып, бір жұмып,

сораң жасы ып-ыстық қара тұмсығына дейін сорғалай ағып жатыр. Түлкі қуа алмайтынына ол да өкінетін сияқты.

Терезе сыртында сүдігер қараяды.

Сүдігерде күрдек бас мия мен қызыл изен ызыңдайды.

АЙША О ДҮНИЕЛІК БАЛАЛАРЫН УАЙЫМДАЙДЫ

Егер шашы ұзын әйелдердің жарысын, казіргі тілмен айтқанда «конкурсын» өткізсе, біздің Айша бәрінен де озып шығар еді. Ең құрығанда Мыңбұлақ көлемінде.

Білектей-білектей қос бұрымы тілерсегіне түсер еді. Мұртаза барда біздің үйдің қызметінде жүретін Әйнек әжеміз Айшаның шашын тарасып, бұрымдарын өріп, шолпысын тағып береді екен. Әйтпесе, Айша жалғыз өзі ол шашқа ие бола алмас екен.

Мұртаза кеткен соң, ең жақын деген ағайын да, бірен-саран Құдайға қарағаны болмаса, бірте-бірте алыстай бастады. Әйнек әжеміз де қартайды. Енді Айша өз шашымен өзі алысатын болды. Баяғыдай «шаштарын бес күн тарап, он күн өретін» заман қайда?

Тілерсекке түскен қос бұрым Айшаның көркі болса, енді азабына айналды. Таң азаннан тұрып қызылшаға кеткеннен, күн батқанда бір-ақ келетін Айшаның шаш баптайтын халі бар ма?

Қызылша алқабына жеткенше жалғыз аяқ пішен теңізін кесіп өтеді. Сонда Айшаның бұрымына ошаған мен түйежапырақтың тікендері жабысып тұрып қалады. Оны теріп, ажыратып алу бір қиямет.

Бір күні жұмыстан кайтқан соң, Айша қара қазанға суды толтырып, жылытты. Суды Бердімбет сайынан таситын – мен. От жағып, жылытатын – Құрмаш. Айшаның үш баласы үшеулеп жатып, ошағанын теріп, бұрымын әрең тарқаттық-ау.

Мен қолбақырмен Айшаның басына су құйып тұрмын.

Айша сахарлы қара сабынмен шашын сабындап бола алмай жатыр. Шашының үш жағын Құрмаш ұстап тұрмаса, жерге төгіліп кетеді. Жуып болуына бір қазан су әрең жетті-ау.

– Қараң қалғырдың шашын анау Аннаның шашындай шорт кесіп тастасам ба екен? – дейді Айша. Аннасы біздің үйде тұрған неміс әйелі.

– Кеспей-ақ, бұрымыңды шұбар мұғалім сияқты төбеңе түйіп алмайсың ба? – дейді Құрмаш.

– Тәйт әрі!

Енді мұншама шашты тарау деген де ақырет екен. Қадақтап сатқан сары майдың ақшасына алған мүйіз тарақ шыдамай, тістері бырт-бырт сынып кете береді. Бір бұрымын Айша өзі, бір бұрымын Құрмаш тарайды.

– Құдай маған мұншама шаш бергенше, бармақтай бақ берсеңі, – дейді Айша, тарақ тісіне ілініп түскен уыс-уыс шашты бір талына дейін қалдырмай мұқият жинап, шүйкелеп орап отырып. – Әй, бірақ өзі де сирейтін шығар. Баудай түсіп жатыр ғой. Мына сұм заман қойсын ба?!

Сонда мен қалың шаштың сиреуіне «сұм заманның» қанша қатысы бар екенін түсіне қоймадым. Сөйтсем, адам өзі тозбайын десе де, жазмыштан озбайды екен ғой. Тарпаң тағдыр табанына адамды бір салмасын. Бір салса, тас керең боп, айқайласаң да арызыңды есітпейді.

Айша Құрмаш екеуі қос бұрымды өріп болып, ұштарын баяғыдай шолпымен емес, жай көк шүберекпен түйіндеді. Тарқатылып кетпесін деп.

Тарақтың тісіне ілініп түскен шашты Айша уыстап отырып, әбден шүйкеледі. Сол қобыраған күйінде сыпыра салса қайтеді? Жоқ, әлі шиыршықтап отыр. Сиырдың түлек жүнінен біздің киіз доп жасайтынымыз сияқты, қос алақанымен әлгі өлі шашты әбден нығарлады.

Содан соң, сабы күйген дәу қара пышақты алып, табалдырықтың түбін қаза бастады. Едәуір тереңдетіп барып,

әлгі түйіншек шашты шұқырға салып, қайтадан өзінің сабымен таптады-ай келіп.

Құрмаш:

– Апа, бұл неғылғаның? – деді.

Айша біраз үндемей, әлгі топырақты енді алақанымен таптап отырып:

– Менің сендерден басқа да балаларым бар ғой, – деді даусы дірілденкіреп. – Үшеуі де нәресте кетті. Құттыбай, Елтай, Сәткүлді айтам. А - а - ah! Мұртазаны алары бар Құдай тым болмаса, соларды тірі қалдырғанда, мұншама мұз тақырға отырмас па едік. Маңдайға сыймай кетті, қайтейін...

Басын көтеріп, бізге қарап:

– Ойбу, сорлы басым-ай, қайдағы-жайдағыны айтқанша, Құдайдан сендердің өмірлеріңді тілесемші, – деп түрегелді.

Ұлдан гөрі қыз бала пайымдырақ келетін шығар, Құрмаш қоймады.

– Сол өліп қалған үш баланың мына сен көміп тастаған шашқа қандай қатысы бар?

– Әйел баласы шашын беталды тастамас болар, – деді Айша. – Тарақтан түскен шаш әлдеқалай отқа күйсе, о дүниеде балалары шырылдайды дейді. Анасының шашының отқа күйген иісін танып қояды екен де: «Анамыз тозақ отына түсіп кетті-ау!» – деп шыр айналып шырылдайды екен. Тозақ отынан анасын құтқарып алмақ болып, өздері де сол тамұқ өртіне түсіп кете жаздайды екен.

Әне, сондықтан шашты көміп таста. Далаға тастасақ, жел ұшырып немесе құс ұя салып, әйтеуір, бір себептен отқа күйсе, о дүниелік нәрестенің обалына қаласың.

Ал мен болсам жатып аламын да ойланамын: анасы үшін о дүниедегі балалар отқа түсе жаздағанда, бұ дүниедегі біз сияқты пәндалар не бітіріп жүрміз? Не жақсылық жасадық анамызға?!

Мен паркке бара жатқанда, Қазыбек би көшесі мен Қонаев көшесінің қиылысында бір мәшке итті машина басып кетті.

Жаңадан күшіктеген екен. Күшіктері арыққа төселген құбырдың ішінде қалған. Машина соларды таптап кетеді-ау деп, ана сорлы моторлы тажалға қарсы ұмтылған.

– Ана сүтін ақ ішкен адал ұлға, Дүниенің төрт бұрышы болар тұлға! – дер еді Айша...

Ана қарызынан қалай құтыламыз?!

«ЖІЛІГІМДІ ЖАҒАЙЫН...»

Дүние өртеніп жатса да, қырық үшінші жылдың қысы жылымай-ақ қойды. Жылығаны не, қақап тұр. Мен мектепке де бара алмай қалдым. Қарындасым да бара алмайды. Белуардан кар. Тобанаяқпыз. Інім ғой, тіпті үйден шықпайды. Өзі мешел.

Енді бәріміз мешел болдық. Айша Кавказдан жер аударылып келген қарашайлардан көргенін істеп, өгіздің шикі терісінен шошақбас шоқай тігіп беріп еді, о да тозды. Су тисе былжырап, жайынның аузындай жайылып кетеді екен.

Үйден шыға алмасақ шықпай-ақ қояйық, сол үй жылы болса екен. Азынап тұр ғой. Колхоздың таусылмайтын азапты жұмысының ара-арасында Айшаның там-тұмдап жиған отыны таусылды. Жарықтық, жұмыстан қайтарда жол-жөнекей есекмия, кекіре, сора орып, арқанмен таңып, арқалап келе жатар еді. Ала арқан иығын қиып, қанталап тұрғанын талай көрдім. Кекіреніп ащы иісі қолқасын қауып, тынысы тарылып, үні бітіп, есіктің көзіне отыра кетіп қырылдап:

– Су, су, – дер еді.

Енді арқалап жиған отын таусылды. Қыс ұзап кетті. От жағылмаған пештің қуыры ішін тартып, уілдейді. Сыртта боран ұлыса, іштен оған пештің уілі қосылып, ақырзаман азан шақырғандай болады. Менің балалық шағымның «джаз», «рок»

музыкасы боранның ұлуы мен пеш қуырының уілінен құралған. Біреулер қазір мені:

– Неге мұңды, минор музыканы ұнатасың? – деп кінәлайды. Не дейін? Өмірбаянымды айтып жатам ба?

Амал таусылды. Әкеміз салған үйдің боғат қамысын суырып жаға бастадық. Ол қамысты суыра берсең, үйдің төбесі құлайды. Оның үстіне қырық жылдан бері сүрленген сары қамыс лап етіп жанып, жалп етіп тез сөнеді. Қазандағы қара суды да қайната алмайды.

Баяғы бабалардан қалған сырлы, оюлы кебеже болушы еді. Айша соны бір қап қиға айырбастады. Ол өзі бір өнерлі қолдан шыққан асыл сүйекті, әдемі кебеже еді. Амал не, қазір болса, мұражай көркі болатын қымбат жәдігер... Бір қап қиды қаншаға жеткізерсің, о да бітті.

Бір күні Айша ауыз үйде жиюлы тұрған киіз үйдің бір керегесін сүйреп әкелді. Алты қанат еді. Бұл киіз үй кезінде кәмпескеленген екен. Өкімет ісіне араласа бастаған балаң жігіт-Бауыржан Момышұлы арашалап алып қалып, әкеме қайтарып берген екен.

Сөйткен Бауыржан қазір соғыста жүр. Ал Мұртазаның сүйегі Сібірдің бір қарағайының түбінде қалды.

Кебежеден айырылғанына аһылап жүрген Айша, енді мүлде қатты күйзелді. Керегені сүйреп әкелуін әкелсе де, балтаны қолына алып, шабуға көзі қимай, басын шайқап көп тұрды.

Үш бала үршиісіп біз тұрмыз. Ербиіп қасында тұрып неміз бар еді. Айша енді бұрылып бізге қарап:

– А - а, тумай жатып әкесін жалмаған жалмауыздар! – деді. – Сендер болмасаңдар, мен әлдеқашан біреудің етегінен ұстап, мұндай қорлық көрмес едім. Сендер, сендер, сендер!.. – деп, жер тоқпақтап отыра кетті. Ағыл-тегіл жылады. Інім қорыққанынан бақырып жіберді. Қарындасым кішкентай да болса есті, сабырлы еді, Айшаны құшақтап, көзінің жасын сүртті.

Мұртазаны жендеттер алып кеткен кезде, Айша жиырма сегіз жаста екен. Мұртазадан қаралы хабар келгеннен кейін, ауылдың ақсақал-көксақалы жиналып, Айшаны немере қайнысы Нәметқұл ұстаға қоспақшы да болыпты. Оны біз білмейміз ғой. Баламыз. Ақсақал – көксақалдар айтыпты: «Шырағым, Мұртаза енді қайтып келмейді. Мына үйелмелі-сүйелмелі үш жетімнің тағдырын ойла. Соларға қамқор болатын бірден-бір жанашырың, – осы Нәметқұл», – депті.

Айша айтыпты деседі:

– Құдай өзі берген жанын өзі алады. Бұл үшеуі талқаны таусылған күні өлсе, өледі де. Өлсе Мұртазадан жаны артық дейсіңдер ме! Біреуге өгей бала болып оңдырмайды. Әсіресе ана Барсханның мінезі жаман. Өгей әкеге көндіге алмас. Бөріден қалған бөлтірік қой, өгей әкелі ете алмаймын, неде болса тәуелді болмай өссін депті, – дейді. Нәметқұл да көнбепті. Ағамның төсегін қорлай алмаймын депті.

Енді сол Нәметқұл да соғыста. Соғысқа дейін қолғабысы тиетіні – рас екен.

Қазір мына Айша осыны меңзеп, Мұртазадан қара хабар жаңа келгендей, өз бетін өзі жырта жаздады. Жосамен сырлаған, түйенің таспасымен көктеген сұлу керегені көлденең сұлатып тастап, балтамен шаба берейін деп оқталып, қайтадан сылқ етіп, отыра кетіп:

– О, Құдай, Бердімбеттей атамнан қалған, Күнікейдей енемнен қалған, Мұртазадай бозымнан қалған баға жетпес қазынаны отқа жаққанша, мына қу сирағымды неге жақпаймын? – деп, бір аяғын созып жіберіп, сирағын жалаңаштады. – Сирағымды жағайын!

Оң, қолын балтаға соза бергенде, үш жетімек үшеулеп жабылып, балтаның үстіне жата қалдық.

Енді біздің үстімізге Айша құлады. Үшеуімізді қапсыра құшақтап, сұр шинельдің етегімен үстімізді қымтап:

– А - а, қаһарлы дауылда қалған байғұс балапандар, – деп, басымыздан сипады. – Қанаттарың қатпады ғой. Соған жеткізсем, өлсем де өкінбес едім...

Боран басылып, аспан ашылайын деді ме, терезеден ауру көздей Ай көрінді.

Сөйтіп, сол алты керегенің екеуін пышақпен жаңқалап жатып, қырық төртінші жылдың кешіккен көктеміне де іліктік-ау. Айша айтты:

– Заман түзеліп кетсе, бізге ана қалған төрт қанаты да жетеді. Кім біледі, сәмбі тал табылса, кейін екі қанатын қосып алармыз. Алты қанат ақ боз үй тігетін Бердімбет бай бабаңның, Күнікейдей анаңның дәурені қайтып келмес. Құдай қалғанына береке берсін, – деді.

Бірақ Құдай оны да көп көрді. Қырық төртіншінің көктемі ақсүйек ашаршылық ала келді. Айша:

– Ана үш жетім аштан өлсе, обалы саған. Талғажау бірдеңе бер, – деп, Жуанқұл бастыққа барған екен, Жуанқұл діңкілдеп ашуланып, артынан:

– Онда киіз үйіңді бер. Тракторшылар төске шығып, егін салады. Соларға сая бола тұрсын. Кейін өзіңе қайтарамын, – депті.

Амал жоқ, балалар аштан ісіп өлетін болған соң, Айша үйді Жуанқұлға беріп, бір қапшық қызыл бидай алады.

Жуанқұл үйді қайтармады. Тракторшыларға өгіз арбамен су таси барғанымда, жұмыртқадай аппақ үй көзіме оттай басылды. Қарасам, үйдің етегін қара ала, сары ала май басып қалыпты. Тракторшылар май-май қолдарын ақ киізге сүрте береді екен.

Оларға тамақ пісіруші салпы етек, қара қатын ақ туырлықтың бір шетін пышақпен кесіп, қазанға бидай қуыратын бұлғауыш жасап алыпты. Ошақтың басында отырған жерінде бұлғауышты қолынан жұлып алып, алысқа-алысқа, құлашым жететін жерге, қызыл изеннің арасына лақтырып жібердім. Қара қатын бетіме қарап тұрып-тұрып:

– О, жуадай солғыр жүгірмек, күшәла жеп алғансың ба, әлде жың ұрды ма?! – деді. Түк түсінген жоқ.

ЖЕЗ ЕЛІК ПЕН КҮМІС ҚАСҚЫР

Бұрын ылғи да Шоңқараның диірменіне барушы едік. Бұл жолы Айша:

– Ақсайдағы Мағымбек қайнағаның диірменіне барамыз, — деді. «Неге?» – деп мен сұрамадым. Бірақ бұл сұрақтың көкейімде тұрғанын білген Айша себебін айтты:

– Шоңқарадағы неміс диірменші «қалда» деп көп бидайымызды алып қояды. Мағымбек қайнаға көз көрген ғой, Мұртазаны жақсы көруші еді, бізден «қалда» алмайтын шығар, — деді.

Түсінік бере кетейін: Айшаның «Мағымбек» дегені, шынында, Сағымбек. Қайнағаның атын тура атамайтын тәртіп бар. Айша сол әдептен озбайды. Ал «қалда» дегені – диірменшінің ұн тартып бергені үшін алатын ақысы.

Дәсері деп отырғаным: жарты қаптан жоғары, толы қаптан төмен. Айша қаптың аузын шуда жіппен жуалдыз инемен қос қабаттап тігіп тастаған.

Ақ үйдің ақысына алған, аялап алақанға салған бар байлығымыз осы.

Сонымен, дәсері қап бидайды есектің үстіне жаймалап салып, арқанмен таңып тастап, «бисміллә» деп жолға шықтық. Біз алыстап кеткенше, Құрмаш пен Батырхан үйдің артынан бізге қарады да тұрды.

Тіке түстікке тартып, Ақсайдың аузына сүңгіп барамыз. Бұрынғы даңғыл жол жоқ. Шөп басып кеткен сілемі ғана жатыр.

Арт жаққа бұрылып қарасам, едәуір өрлеп кетіппіз. Мыңбұлақтың өзі ылдида қалыпты. Әйтпесе, төмендегі темір

жолға, Теріс өзенге қарағанда Мыңбұлақ та өр ғой. Сөйткен Мыңбұлақ қазір ылдилап қалды. Ауылдың ең бергі шетінен ағараңдап біздің үй көрінеді. Алыстан ағарып көзге оттай басылады. Қайран менің ақ үйім.

Мыңбұлақ пен Ақсай аңғарының арасын «Төс» дейді. Ауылдағылар: «Арпаны биыл Төске салдық», «Малды биыл Төске шығардық», – деп жатады.

Ал сол Төсті сіз осындай көктемде көрсеңіз ғой. Сәуірдің ортасы – мамырдың басы. Басқа еш жерде жоқ, тек біздің Жуалыда ғана өсетін қызғалдақ теңізін кешер едіңіз. Тұқымы бөлек. Жаратылысы басқа. Арасында алтын түстес сарғалдағы да бар. Күлгін көгі де кездеседі. Әрине, бәрінен де көбі қырмызы қызылы ғой.

Қырмызы қызыл қызғалдақ! Балалық шақтың жалауы. Бірінші Мамыр мерекесіне қызыл жалау орнына біз десте-десте қызғалдақ алып шығатынбыз.

Өзек толы ақ көбелек, көк көбелек, сары көбелек, қызыл көбелек, шұбар көбелек – бәрі гүлден-гүлге секеңдеп, жетісіп-ақ жүр. Гүл шырынын солардан қызғанғандай бал аралары үрей тудыра ызыңдайды. Біздің көк есек құйрығын көтеріп, тезек тастап еді, қара қоңыз лезде қаптап кетті.

Қызғалдақтар әсіресе өзекке көп шығады. Өзек толы шалғын. Жуасы қалың. Мен сол өзекке жүгіріп түсіп, жуа теріп келемін. Бір уысын өзіме қалдырып, бір уысын Айшаға беремін. О, біздің жуа да өзгеше, ауқат десе де болады. Әттең, айран жоқ, айранға турап жесең – зәйтүн майына қуырған бөдене етін жегендей боласың.

Бөдене демекші, айнала толған – бытпылдық! Жоңышқа едәуір көтеріліп, бірінші ораққа әне-міне ілінейін деп тұр. Іші толған бөдене. Қоразы мен мекиені кезек-кезек сайрайды. Сірә, махаббат маусымы болар. Бірақ менің уайымым: бұл бөденелер махаббатқа мас болып, ақырын ойламай ма деп қаламын. Ақырын ойласа, мына жоңышқаның ішіне жұмыртқа салып,

балапан баспауы керек қой. Әйтпесе, ертең Есен мылқау мен Қазы шұбар ат жеккен косилкамен жоңышқаны жапыра орғанда, бөдене сорлының не балапаны, не жұмыртқасы пышаққа түсіп қалмай ма?!

Мен осыны уайымдаймын. Ал бөденелердің ойында ондай уайым жоқ. Мәз-мәйрам. Шетінен мас.

Ауылдан көп алыстап кетсек те, мұнда да қайқаңдап ұшып қарлығаш жүр. Балапан үшін, қу тамақ үшін бармайтын жері, баспайтын тауы жоқ.

Көк есек көзін жұмып, мыртындай басып, кібіртктеп келеді. Өр ғой. Өрге қарай жүру қиын.

Айша ыңылдап ән салған сияқты. Мен анда-мында жүгіріп, біресе жуа теріп, біресе жауқазын қазып, қызығып кетіп қызғалдақ жұлып жүрмін.

Айша:

– Жауқазынды жұла берме. Келесі жылы қызғалдақ шықпай қалады, – дейді.

– Иә, жауқазын тәтті ғой, – деймін мен.

– Е, Барсхан, тәтті болсаң, жеп қояды; ащы болсаң, түкіріп тастайды, – дейді Айша күрсініп.

Сонда қандай болу керек? Дәмсіз, сөлсіз болу керек пе? Ара-тұра шағыр тікен кездеседі. Ойлаймын: шағыр тікен сияқты болу керек деп. Мал жоламайды. Жеуге жарамайды. Ал бірақ дәрі. Неше алуан ауруды жұлып түседі. Әдісін Әбіш атам біледі.

Не көп, шырыш көп. Алқымы уға толы әбжылан сияқты ысқырып тұр. Шырышты да мал жемейді.

Сидиып-сидиып, сары үлбірек жамылып, сиырқұйрық қаптап кетіпті. Бұл енді, сайрауық сары торғай қонатын тұрақ болудан басқаға жарамайды. Көп дегенде, қурағанда отын болар.

Аяғымды шеттік тікен жырып қанатады. Біздің аяқ-жалаң аяқ. Өзі қанайды – өзі тыйылады. Әлпештеп жатқан ешкім жоқ. Бірақ шеттік тікен ащы, атаңа нәлет! Шеттік тікеннен де

өлмейсің. Мұндағы дүлей – шошқа тікен ғой. Құдай содан сақтасын. Кіргенде кірші ете қалады ғой. Табанын жалаған күшік құсап қаңсылап қаласың.

Мақтаған Төсінің бәрін тікен басып кеткен бе немене деп қалмаңыз. Жаныма батқан соң айтамын. Әйтпесе, Төстің мамықтай жұмсақ жерлері де көп. Жап-жасыл мүк басқан өзекпен жүріп отырсаң – жаннаттың төрінде жүргендей боласың.

Айша ыңылдайды, көк есек пысқырынады. Келе жатқан бетіміз – Ақсайдың аузы. Кенет Айша:

– Әй, Барсхан, – деді.

– Не?

– Сен осы келе жатқан Төсіміз бір кездегі Бердімбет бабаңның жайлауы екенін білмейсің, ә?

– Е, қайдан білейін. Колхоздікі дейді ғой.

– Колхоз кейін болды ғой... Бұрын анау Керегетас, сонау Үңгіртас, мына Төс – бәрі бабаңдікі болатын. Мұндағыға дейін, кәмпеске келгенге дейін, біз де жайлауға шығып, ақ үй тігетінбіз.

Өз жайлауына қонып, өзінің ақ отауын тіккен сенде де арман жоқ, Айша. Мына біз, мына мен не көрдім, атасына нәлет!

Бір ой келді де: «Тәуба де», – деді.

«Тәуба!» – дедім. Қарын ашқанда жейтін көк жуа бергеніне тәуба. Көк зеңгір аспан жерге құлап кетпесін деп тіреуіш қылып қойған Тәңіртауды көрсеткеніңе тәуба! Найзаның ұшындай өткір Манас шыңын көрсеткеніңе тәуба!

Айша айтады: осы Манас шыңының төбесінде Манастың күлік атының қазығы бар дейді. Бұл шың қазір үшкір болып тұрғанмен, басына шықсаң жайлау дейді. Жаутершілікте Манас халқын бастап, сол шыңға шығып кеткен дейді.

Оның бәрін Айша қайдан біледі десем, оған қырғыздағы Сусар апамыз айтады екен. Сусар апамыз бізге жиен екен. Баяғыда басына мың қабаттап күндік салған Сусарды мен көргенмін. Қырғыз келіншектерінің, бәйбішелерінің кимешегі

қызық. Жұқа ақ бәтесті қат-қат қабаттап, бастарына орай береді. Аршыған ақ пияздың қабатындай.

Манас түстік – шығыс жағымызда. Оның бер жағы Көксай. Біздің Бердімбет пен Күнікей ханымнан туған Гүлдана апамызды алған бай қырғыз Нұралы хан осы Көксайды жайлайды екен. Ақсайды Бердімбет бай жайлайды. Қырғыз бен қазақ байлары солай құдаласқан. Бай мен бай құда болып, араларында жорға жүрген. Енді сол байлардың азып-тозған ұрпақтарының арасында анда-санда дорба жүреді.

Айша осыны айтып «аһ, дүние!» – деп күрсінгенде, Тәңіртау теңселгендей болады.

Заманында жаз жайлауға шығып, ақ отау тіккен Айшада арман жоқ дегенім бекер екен. Айшаның көкірегі толған арман. Кеудесіне сыймай кетеді. Анда-санда «аһ!» – дегенде көкірегі қарс айырылып, Жанартау атқылап шығады.

Жүгіріп кетіп, жуа теріп келген мені Айша ұстап алып, қалтасындағы орамалымен менің аузымды сүртеді. Жуаны жей берсең, екі езуің көк нідденіп қалады.

Ақсайдың аузына жақындаған сайын тобылғы қалыңдап, ылдидағыдай шипая емес, жуандап бара жатыр. Бір түбінің өзі отау орнындай тарбиып, жайылып кеткен.

«Шіркін, бәкі болса, қамшы сап кесіп алар ма еді» деп келе жатқам. Мұртазадан қалған күміс сап бәкі бар еді, оны Айша тығып тастаған. Ұстатпайды. Қамшы сапқа жарайтын түзу, жуан бұтағын сындырып алуға өте қатты, күш жетпейді. Енді қайтсем екен деп келе жатқанда, тарбиған тобылғының түбінен бірдеңе атып тұрып, аспанға бір-ақ ырғып, зыта жөнелді. Жалқын сары алтын ағып өткендей болды. Елік екен! Артынан құлдыраңдап лағы безіп берді. Елік анадай жерге барып, танауы желп-желп етіп тоқтап, артына бұрылып, лағын күтіп алды.

Елік тобылғының түбінен шапшып кеп қалғанда, мен шалқамнан түсе жаздадым. Заты жуас көк есек жалт бұрылып кеткенде, үстіндегі қап түсіп қала жаздады. Тағы да болса, Айша

арқанмен таңып тастағаны жақсы болған екен, құлаған жоқ, сәл ауыңқырап кетті. Сол қапты түзетісіп, Айшаға септесудің орнына, мен әлгі лақ ерткен еліктің соңынан тұра жүгіріпшім.

Елік жеткізуші ме еді! Жаңа туған лағының өзі шегірткедей ыршиды. Бір қияқ тасқа оң аяғымның бас бармағы тіреліп, етпетімнен түстім.

Айша келіп тұрғызып алды. Оңбай құладым.

– Әй, сенің де балалығың қалмады-ау, Барсхан. Қасқыр боп кеткенсің бе, тегі. Елік саған ұстатушы ма еді.

– Ұстатпай кетті, – дедім, – сәл болмағанда ұстап алатын едім, құлап қалдым.

Бас бармағымның тырнағы көгеріп кетіпті. Қанап қалыпты. Айша оны орамалмен таңып жатып:

– Лағы өссін, кейін ұстайсың, – деді.

– Қайтіп? – деймін. – Не мылтығым жоқ, не атым жоқ. Жаяу қайтіп ұстаймы - ы - ын!

– Мойныңа садақ ілесің.

Ақбоз атқа мінесің.

Құмай тазы жайыңда,

Сондай да дәурен сүресің, –

деп әңдетті Айша.

«Әлди, әлди» айтқан сияқты. Сомадай болған мені «Әлди, бөпем» деп жұбатқан түрі.

Айша кейде осындай. Мейірімі түседі. Кейде суға салып сабайды. Құдайым Айшаның көңілін көл қылсын.

Қазір көңілі шалқар сияқты. Мүмкін, Төскейдің арша сасыған жұпар ауасы, әуедегі бозторғайдың шырылы, бөдененің бытпылдығы, сары торғайдың сарнауық әні – бәрі-бәрі Айшаға Алланың рахым-шапағатын мол себелеген шығар, бұ жолы ұрыспады. Мұндай кәусар ауаны үзіп-жұлқып жұтпай, сіміре беру керек саумал қымыз сияқты.

Тау талының түбіне үңілсең – қозықұйрық. Біразын теріп алдым. Қозықұйрық – адалы, саңырауқұлақ – арамы. Оны білем. Аштық үйреткен.

Ақсайдың, төріне жақындаған сайын жер төсенген аласа арша, тікенегіне дейін гүлдеген шырғанақ, күреңқызыл тобылғы жиілей түсті. Бәрінен де жаннаттың хош иісі бұрқырайды.

Баяғыда Бердімбет бабамыз осы жаз жайлауыңда қала бермей, Мыңбұлаққа неге қыстау салған?

Әй, бірақ Мыңбұлақтың да жөні бөлек қой. Аяқ аттаған сайын мөлдір бұлақ атқылап жатқан жерді қайдан табасың?!

Көк тіреген таулардың ақ қар, көк мұз жамылған шыңдары көрінбей кетті. Біз Ақсайдың алқымына тірелдік. Таудың ішіне кіргенде биіктігі білінбейді. Тау алыстаған сайын биіктейді.

Қалың бұйра талдың ішінен үй көрінеді. Диірмен осы, үлкендігі біздің көк есегіміздей алпауыт ала төбет, оның нөкерлері – дүрегей ит пен бір мәшке қосыла «аттандап» алдымыздан шықты. Артынша дөңгелек бөркі басында, көлкілдеген көкала сақалды, ұзын бойлы кісі көрініп, иттерге:

– Кет! – деп тастады.

Диірменші Сағымбек («Мағымбек») Айшаны танып, амандасып, жай сұрасып жатыр.

– Жақсыдан қалған жәдігер, – деп, менің маңдайымнан иіскеп, басымнан сипап-сипап қойды. Ішім жылып қалды. Бірақ «диірмені қайда?»

Диірментас дүрсілдемейді. Диірментасқа құлаған су сарқырамайды. Шоңқараның диірмені болса, гүрсілдеп-дүрсілдеп, алыстан айқайлап тұрар еді. Мынау... үндемейді.

Айша жағдайды айтып жатыр.

– Бердімбет пен Мұртазадан қалған ақбоз үйді бастық тартып алып, ақысына мына бір десте бидай берді, – деп, есектің үстіндегі ала қапты сұқ саусағымен нұқып қойды. – Шоңқараның, диірменшісі өзі аз бидайдың біразын қалдаға алып қоя ма деп қорыққаннан, жер шалғайлау болса да, бір күн

жұмыстан сұранып, өзіне келдім, қайнаға. Жақсы атасына сәлем берсін деп, мына Барсханды да ерте келдім.

– Ой, бәрекелді, сәлемші болсаң, дәу жігіт бол, Алла - Құдай, аруақтар жар болып, бағың ашылсын, шырағым. Аман бол! Тірі жүрсең, әлі алтын аяқтан ас ішерсің, – деп, Сағымбек атам тағы мені айналып-толғанды. Қуанып қалдым. Сипалағанды ит те жақсы көреді. Мен адаммын ғой.

Бірақ Сағымбек атам артынша жайсыздау хабар айтты.

– Айналайын Айша келін-ау, алыстан әдейілеп келгенде, бұл диірмені құрғыр тоқтап тұр ғой...

– Немене, бұзылып қалды ма?

– Жоға, бұзылып бәле көрініп пе... Тартатын астық жоқ. Мына көкөзек көктемде ұн тартатын кімде астық бар дейсің. Ылдидағылар сірә да келмейді. Ал мына біздің «Сталин жол» бар бидайын баяғыда ұн қылып алған. Енді ешкімде дән жоқ. Сонымен диірменді жығып тастадым.

– Қап, – деді Айша кіртііп. – Сонша жерден әуре боп...

– Біліп тұрмын, шырағым, тарт десең, тартып берейін. Менің түгім кетпейді. Қазір суды қайырамын да, диірменді жүргізіп беремін. Бірақ өзі аз бидайыңның жартысы диірменнің көмейінде қалып қояды. Оны айдап шығу үшін, артынан тағы бірер қап бидай салу керек. Ол жоқ.

Көңілсіз әңгіме үзіліп қалғанда, дарбазаның алдында жем іздеп құрқылдап жүрген екі-үш тауықтың үні естілді.

Сонда менің көз алдыма Шоңқара диірмені келді. Оның айдын суында неміс диірменшінің үйрек-қаздары қаптап жүреді. Ауласында тұмсығы салбыраған түйетауықтар... шыңғырған торайлар, қорсылдаған мегежіндер...

Ал мұнда болса, екі-үш тауық жем таба алмай шұрқырайды. Қазақтың тауығына дейін ебедейсіз бе... Былайырақ көгалға шықса, құрт-құмырсқа, шұбалшын, көбелек деген қаптап жүрген жоқ па, соны теріп жесе қайтеді. Е, ол үшін жүтіру керек, көбелек оңайлықпен ұстатпайды...

Кенет Сағымбек атам қалбалақтап:

– Ойбу, бұл не боп бара жатырмыз, – деді жалпақ алақанымен санын бір салып қалып. – Үйге жүр дегенді ұмытып кетіпмін ғой. Ал келін, а - а - а, Барсхан балам, кәне, үйге кіріңдер, – деп, дөң қабақта тұрған тоқал тамға қарай жол бастады.

Белі босасын деп, есектің үстіндегі қапты жерге түсіріп қойды. Диірменшінің үйіне кіріп шәй іштік. Бәйбіше үндемейтін, біртоға кісі екен. Әлде тауда жалғыз үй тұрғаннан кейін, сөйлесетін ешкім болмай, адам кісікіік боп қала ма екен... Осыдан шамада екі-үш шақырым батысқа қарай шағын ауыл да бар. Оларды «Ақсай-Құли» немесе «Адыр Құли» деп атайды. Жаңаша: «Сталин жол» колхозы. «Адыр» болатыны-шетінен боза салады. Тары боза – арақ емес, бірақ шараптан жырақ емес. Онша-мұнша шарап құрлы шамасы бар.

Әрі тамақ, әрі сусын, әрі шарап орнына жүреді. Оған тойып алған «Ақсай-Құлилар» адыр болмағанда қайтеді.

Үндемес бәйбіше шайдан кейін бізге бір-бір зерен тостаған боза ұсынды. Жалғыз үй отырып, бұлар да боза салады екен.

Аузыма бір жұтым қымыз, яки бір қасық боза тисе болды – бет-аузым алаулап шыға келеді.

– Келін, айналайын Айша, – деді Сағымбек айыпты адамдай үні бәсеңдеп. – Бидайыңды тартып бермегеніме өкпелеме. Айттым ғой себебін. Ал егер біле білсең, – деді бір құпия сыр ашатын адамша, – бидайыңды дәу диірменге тартқызба. Үйінде қол диірмен бар ма?

– Екі-үш үйге бір қол диірмен бар ғой, – деді Айша.

– Е, сол қол диірмен жақсы. Үлкен диірмен қанша айтқанмен бидайды күйдіріп жібереді. Маңызын кетіреді. Ал қол диірменге тартқан үн мен су диірменге тартқан ұнның нанын салыстырып көрші. Біз өзіміз, су диірменші бола тұра, нанды қол диірменнің ұнынан пісіреміз. Сұрашы мына жеңгеңнен, – деп, бәйбішесіне қарап қойды.

Бәйбішесі қиғаштап отырып:

– Рас қой, – дей салды.

– Ендігі айтарым: баяғыда сол Борандының базарында балаларға бір киім-кешек сатып алайын деп тұрғанымда, ақшам жетпей қалып, Құдай тілеуіңді бергір, Мұртаза кездесе кетіп, содан елу сом қарыз алып едім. Сол кездегі елу сом қайда - а - а! Көп ақша ғой. Сол қарыз мойнымда әлі сүйретіліп жүр. Жаның жаннатта болғыр, Мұртазаның өзі жоқ енді, Құдай айдап мына баласы Барсхан келді, әлгі қарызымды қайтарғаным болсын: бір дәсері қап тары берейін, соны ала кетіңдер, – деді. – Бір жағы Барсханға кигізген кәстөм – шалбарым болсын. Баяғы кез болса, астына тай мінгізетін – ақ жөнім бар. Қайтейін, қол қысқалау...

...Көк есектің жүгі, сөйтіп екі есе ауырлады. Белі майысыңқырап, мықшиып қалды. Айша Сағымбек атам екеуі екі қапты айқастыра салып, ала арқанмен айқыш-ұйқыш мықтап таңып тастады.

– Ылдиға қарай жол жеңіл болады, әлі-ақ барып қаласыңдар, – деді Сағымбек шал бізді шығарып салып тұрып.

Алып тасауыздың іші лезде күңгірт тартты. Кеш болып қалған екен-ау десем, тасауыздан шыққан соң қарасам, күн әлі ерте сияқты. Тек аспанды үлгілдек ұшша бұлттар қаптап кетіпті. Күн еңкейген сәтте, алыстағы Қошқарата, Боралдай, Құлан тауларының үстіне қонақтаған бұлттар ғажайып қызғылтым, қызыл күлгін бояуға малынды. Артыма бұрылып, Тәңіртауға қарап едім: дүние-әлем жанартаудан жаңа жаратылғандай алып айдаһар жалындап жатыр екен. Жанартаудың жалыны бізді де шарпып, өртеп жіберердей біртүрлі үрейлі екен.

Жағырапиядан сабақ беретін мұғалім: дүниеде Гималайдан биік тау жоқ дейді. Мен сенбеймін: дүниеде Тәңіртаудан заңғары жоқ. Мықты болса, ГималайғаТәңірінің атын неге бермеген... Батыста Жабағылы тұсында қан қызыл Күн ұясына батып бара жатқанда, шығыстан құп-қу болып, өңі қашып

қуарған Ай көрінді. Күннің батып бара жатқанына күйзелгендей, үн-түнсіз іштен күңіренгендей қалпы бар.

Аспандағы қан қызыл ірең бірте-бірте жұмсарып, қызғылтым шәйі орамалдар желбіреді. Боралдайдың Ұзын Тұра, Қысқа Тұра тұсына көзім түсіп еді, таңғалғаннан даусым шығып кетті.

– Не? – деді Айша маған бұрылып. Саусағымды шошайтып:

– Ста - а - алин, – деппін.

– Астапыр - алла! – деп Айша жағасын ұстады.

Сәлден соң, Сталин бейнесі бұзылып, бұлт ыдырап кетті.

Оның есесіне бірте-бірте жез елік пайда бола бастады. Жез лағы тағы бар. Шапшып шауып барады. Соңына күміс қасқыр түсті.

Түк түсінсем бұйырмасын, әлгі қасқыр өзім екенмін деймін. Түсім ғой десем, есектің үстіндегі қаптың түбінен ұстап жүріп келе жатырмын. Оллаһи-биллаһи – мен! Бірақ мына есектің үстіндегі қаптан ұстап, Айшамен қатар жүріп келе жатқанымдағы ақиқат.

Қасқыр да мен, мен де – мен! Екі бөлекпін. Жерде де келе жатырмын, аспанда да елік қуып барамын. Миым шатысып кетті. Үйге қалай келіп қалғанымызды да білмеймін. Үйге кіре бергенде, артыма бұрылып қарап едім, күміс қасқыр Шоңғардың бұзылған ескі үйінің орнында шоқиып отыр екен.

– Неғып тұрсың? – деді Айша. – Қапты көтерісіп жібер!

Одан арғысы есімде жоқ. Мен ес-түссіз үш күн ауырып жатыппын.

ЖОЛАН - ЖАНЫСТЫҢ ҚЫЗЫ

Бұл әңгімеде мен жеті жылға шегініс жасамақшымын. Қазір ғой қырық төртінші жылдың көктемі. Ал әңгіме ойранды отыз жетінің күзіндегі бір оқиға туралы.

Сары ала күздің таңы есінеп-есінеп алып атқанда, Айша колхоздың қызылшасына кетеді. Қызылша дегенді бұл аймақ естіп-білмеген. Бірақ Мыңбұлақтың қара бұйра топырағына осы дақылдың тұқымы түсуі мұң екен, дүркіреп ала жөнелді. Қызылша ат басындай болып өсті. Агрономы – ауылдың оқымаған ақсақалы Әбдікәрім деген кісі. Көкала болған сақалы желбіреген, кеудесі керіскедей, қызылшырайлы, ірі кісі еді, мына ат басындай қызылшаны өзі толғатып тапқандай, айдарынан жел есіп, Құдайы беріп тұрған кез. Ауданнан, облыстан бастықтар келіп, оқымаған агрономды арқасынан қаққанда, жарықтық дем ала алмай, жарылып кете жаздайды.

Бес жасқа толар-толмас кезім шығар, Айшаға түс әлетінде айран алып барамын. Қызылша басы қызық-думан сияқты көрінеді. Қызыл-жасыл қыз-келіншек тәтті тамырды тазалап, тау-тау қылып үйіп жатыр. Жаманшылықтан белгі жоқ, тамағы тоқ. Әр жерден әуендетіп ән салғандар, сыңғырлаған күміс күлкі. Әрі еңбек, әрі театр.

Сол қызықтың үстіне тағы бір «әртіс» келіп қосылды. Ол Боранды бекет жақтан келді. Жетегінде құйрығы тегенедей дәу көк қошқары бар. Келе қыз-келіншекке қырғидай тиді дейсің. Сөйтсе, балдыздары көрінеді. Қыздар шыңғырады, кейде бәрі жабылып, әлгі жезденің қойны-қонышын тінткілеп, ақшасын да, шақшасын да тонап алады. Қыран-топан қызықтың көкесі осы. Театр дегенді білмейтін елге бұдан артық театр не керек?!

Сөйтсе, бұл атақты Қадыр «тентек» екен. Осы елге күйеу. Дәлірек айтқанда, Мұртазаның туған қарындасы Әдия дейтін әпкемізді алған. Боранды бекеттің базарынан қайтқан беті екен. Ауылы осыдан бес шақырым күншығыста, анау қырғыздың шекарасында жатқан Шоңқара. Оны орыс-қазақ қазір Андреевка дейді. Шымыр, шанышқылы, орыс дейтін елдер аралас отырады.

Балдыздарымен ойнап-күліп, құмардан шыққан соң жездеміз мені көріп қалып, шақырып алып, қыздардың

талауынан қалған бірер мәмпәси кәмпитті маған береді. Бұрын көрген – көрмегенім есімде жоқ, бірақ бұл адам осы маған қатты ұнады.

– Біздің ауылға барасың ба? – деді.

– Барамын, – депшін ойланбай.

– Жүр, еңдеше, кеттік, – деп, қолыма шыбық берді, – мына қошқарды айда. Кешке осының, асығын саған алып беремін, – деді. Айшамен сөйлесіп біраз тұрды. Сірә, мені алып кететінін айтқан болуы керек.

Сонымен, жалғыз аяқ жолға түстік. Алдыда Қадыр жездем, ортада көк қошқар, соңында – мен. Талай сайлардан, сылдырлап аққан сулардан өттік. Бұзылып, дуалдары қалған ескі жұрттың тұсынан өтіп бара жатқанда жездем:

– Мынау біздің ескі қонысымыз. Менің әкем Ошпанқұл байдың ордасы, – деді.

Ескі дуалдардың үстіне тізіліп қарғалар отыр.

– Осының бір жерінде әкем жасырған алтын жатыр, – деді жездем, қураған шоңайна, тікен басып кеткен үйінділер тұсында тоқтап тұрып. – Қайда екені белгісіз?

Алтын дегеннің не екенін біле бермеймін, бірақ өте қызық бірдеңе сияқты елестеп:

– Онда іздейік те, – деймін.

Қадыр айдалада қарқылдап күлгенде, дуалда отырған қарғалар қалбаң-қалбаң ұша жөнелді.

– Бір білсе, осылар біледі. Бірақ бұл арамдар айтпайды, – деді Қадыр ұшқан қарғалардың соңынан сазара қарап тұрып.

Сөйтсе, осыдан он шақты жыл бұрын байларды кәмпәскеу, тәркілеу деген болыпты. Байлар дүние-мүлкін жасырыпты, жасырмағанын өкімет тартып алыпты. Байларды қамап, алысқа-алысқа жер аударыпты. Ошпанқұл бай оз ажалынан қайтты ма, жоқ айдалып кетті ме, оны маған Қадыр айтқан жоқ, сұрауға менің өрем де жеткен жоқ. Ал Қадырдың өзі Мұртаза сияқты түрмеге отырып шығыпты. Бір ұл, бір

қызын детдомға өткізіп жіберіпті. Кейін оларды таба алмай қалыпты. Ең көңілді, ең бақытты сияқты көрінген Қадырдың өзінде қанша қайғы жатыр...

* * *

Сонымен, Шоңқараға да жеттік. Суы сарқырап, ақ көбігі атқылаған диірменнің тұсынан да өттік. О, бұл диірменді алда мен әлі талай көремін. Болашақта «Мылтықсыз майдан» атты романымның бір героы осы Шоңқара диірмені болады.

Ал әзір мен роман дегенді де, кітап жазу дегенді де білмеймін. Білетінім: Шоңқара сайының батыс жағындағы жатаған балшық үйлер, айналасы тап-тақыр, тастақ. Сайдың шығыс жақ беті қалың орман, шошақ, маяжон төбелі ақ үйлер. Ғажайып шаһар сияқты. Ол жақта көбінесе орыстар, немістер тұрады екен. Тастақта отырған шанышқылылар, яғни найзалылар. Бір кезде найзагер болса болған шығар, ал мен бес жаста көрген шанышқылылар ауылы – Америкадағы қызыл терілі үндістердің резервациясы сияқты еді.

Мені құшақтап, бетімнен сүйіп, айналып-толғанған ақсары ажарлы әйел – Мұртазаның туған қарындасы, менің әпкем Әдия екен.

«Ал, құда бала», – деп, алдыма бір тостаған алқоры қойған бүкіш қара кемпір, Қадырдың шешесі, Әдияның енесі Оразкүл екен. Маған суреті бар кітаптарын көрсетіп, қасымнан шықпай, айналшақтап қалған он жасар шамасындағы бала, Қадыр мен Әдияның детдомнан аман қалған жалғыз ұлы Машан екен.

Уылжыған тәтті алқорыны жеп, кітаптың суреттерін көріп отырғанымда, қабырғасы жұқа, күрке сияқты үйдің сыртынан жездем мен әпкемнің ұрысқан даусы шықты. Екеуі кәдімгідей сөзге келіп жатыр. Не екенін түсінбеймін. Бүкіш қара кемпір мен алдансын деді ме, әлде шын мейірі ме – сандықтан жаңғақ алып берді.

Ұрыстың себебі мен екенмін. Әдия Қадырға: «баланы неге ертіп келдің» деп шатақ шығарады. Әпкем мені жек көреді екен ғой деп шамалаймын.

Сөйтсем, менің бұл үйге бірінші рет келуім екен. «Құда бала» дәрежесінде мен бұл үйге тұңғыш рет келгеннен соң, кәстөм-шалбар, көйлек киіп, ат мініп қайтуым керек екен. Бір кездегі шалқыған бай үйдің қазір кәстөм-шалбар кигізіп, ат мінгізуге қауқары қалмапты, Соған қорланған бір кездегі байдың қызы, байдың келіні Әдия әпкем намыстанбай ма? Ойында еш дақ жоқ, ақкөңіл, аңқылдақ күйеуі Қадырға: бұл қай жындылығың, артын неге ойламайсың деп, қиғылықты салмай ма?

Тұла бойы тұнған намыстан жаралған қайран қазақ. Намысы мол, айласы аз, бағы да сол, соры да сол.

Шәй ішіп, тамақтанып болған соң, Машан мені сайдың арғы бетіндегі алмалы ауылға алып барды. Бұрын алма жеп жүрсем де, алманың ағаш басында өсетінін көргенім сол шығар. Бәрі қызық, ғажайып бөтен дүние. Қызыққаным сонша, қып-қызыл, сиқырлы сұлу жеміске балалықпен қол созсам керек. Шарбақтың ар жағынан қасқыр сияқты тік құлақ, көк төбет арсылдап қоя берсін. Іле-шала шашы қып-қызыл, сепкіл бет, бөтен пішінді бала мен білмейтін тілде бірдеңе-бірдеңе деп айқайласын. Артынан қызыл ала белдемше таңған, жирен шашты әйел шығып, қызыл шаш балаға ұрыссын. Сөйтіп, Машанның дорбасына толтырып алма салып берсін.

Бұл менің орыс дейтін елдің ауылын бірінші рет көруім еді. Үйлері шошақ болады екен, төбесін қамыспен жабады екен. Қоралары тап-таза. Біздің ауылдағыдай есік алдында үйіліп жатқан құл, тезек, қоқыс көрінбейді. Балпаңдап қалған үйрек дейтін құс асырайды екен. Қаңқылдаған қаздары болады екен. Ата қаз ашушаң, бөтен балаға мойнын созып тура кеп ұмтылады екен. Белдемшелі, жирен шаш әйел өзінің сепкіл бет баласын ұрсып, қуып жібергендей, ата қазды да қуып жіберді.

Ішім жылып, жақсы көріп қалдым. Бірақ ауладан бір түрлі жағымсыз иіс шығады. Сөйтсе, шошқа деген болады екен. Жалғандағы жаман иіс соныкі көрінеді.

Жездем мен әпкемнің үйінде қанша күн жүргенім есімде жоқ, бірақ ауылды қатты сағынып кеткенімді білемін. Оразкүл кемпір мен Машан мен жалықпасын деп бар ықыластарын салады-ақ: жаңғақ береді, алма, алқоры деген көп. Машан бар асықтарын алып, алдыма жайып салды. Бірақ ауылымды, үйімді сағынғаным сонша, Машанның асықтарын көйлегімнің ішіне сыйғанынша салып алып, ауыл қайдасың деп зытып беріппін.

Қадыр жездемнің қошқарын айдасып келген жолға түсіп, күнбатыс жақты бетке алып, жүгіре берсем керек. Екі ауылдың арасында ел жоқ. Тек терең-терең сайлар, жетім қалған дуалдар. Жездем: «алтын көмген» деген сайдың табанына түскенде өкпем өшіп, шаршағанымды сезіп, етпеттеп жата қалып, мөлдір бұлақтан сіміре бергенімді, қарныма Машанның асықтары батқанын білемін.

Содан бұлақ басындағы жалбыздың иісіне мас болып, тұруға да, жүруге де ерініп, қисая кетсем керек. Одан арғысы белгісіз, қатып ұйықтап қалыппын.

Біреулер дабыр-дабыр сөйлеген сияқты, мен жерден көтеріліп, ұшып бара жатқан сияқтымын. Бір кезде көзімді ашып қарасам, Әдия әпкем мені көтеріп алыпты. Қасында – Машан...

Менің қашқанымды, жалғызаяқ жолға түсіп алып зытқанымды Оразкүл кемпір көріп қойса керек. Бірақ сексендегі кемпір мені қуып жете алмайды ғой. Содан: «Ойбай, құда бала кетіп қалды» деп байбалам салмай ма?! Әдия әпкем мен Машан өкпелерін қолына алып қумай ма?!

Сөйтіп, шанышқылылардың ауылына қайтып келдім. Айдалада ұйықтап қалғанымды естіп, Оразкүл кемпір жеті нан құдайы атап, күн батар шақта мені сумен ұшықтады.

Ертесіне Әдия әпкем мені диірменге ертіп барып, біздің ауылдан келген Нәметқұл дейтін кісіге табыстады.

Нәметқұл диірменге атты арбамен келген екен. Бидайынан ұн тартып, қаптарын арбаға артып, мені жанына отырғызып алып, ауылға аттанды.

Басқа жолмен, сайлары жоқ қара жолмен кеттік. Бір сайдың басындағы төмпешікте зират бар екен. Зираттың тұсынан өтіп бара жатқанда, Нәметқұл арбаны тоқтатып, жерге түсіп, шөкелеп отырып дұға оқыды. Одан соң бір төмпешіктің түбінде ағарып жатқан жілікті алып, ары-бері үңіле қарап, сынып қалатын шыны құсатып абайлап ұстап, әлгі төмпешіктің бүйіріндегі тесікке тастап, күректей алақандарымен топырақ үйді.

Ол жілік моладан қалай шығып кеткен – ақылым жетпейді. Бірақ енді зират көрсем, Нәметқұл есіме түсетін болды.

Соның алдында ғана, мен туған отыз екінші жылы адамдар көп қырылған деседі. Көбісі көмусіз қалған деседі. Сондай сорлының бірі ме, кім білсін?

Нәметқұлдың сол ісі, құраған жілікті аялап күбірлегені, қастерлеп көмгені көз алдымнан кетпейді. Адам адамның есінде мәңгі қалу үшін, үлкен ерліктің керегі жоқ шығар. Мәңгілікке татитын бір әрекет жетіп жатыр.

Әйтпесе, осы жолмен басқа адамдар өтпеді дейсің бе? Олар әлгі сүйекті көрмеді дейсің бе...

Жаның жаннатта болсын, Нәметқұл көке. Әкей «халық жауы» болып кеткеннен кейін, үрпек балапандай үш баланы үрейлендіріп, Айша өз бетін өзі жұлып, қанатып, аңырағаннан кейін, әскерге кеткенше, осы Нәметқұл мені басымнан талай сипады. Заманы соғыс болған соң, баланың ойыны да соғыс болса керек. Қаңылтырдан үш жасап, қамыс жебе басына кигізіп, садақ тартушы еді. Сонда бір баланың жебесі менің сол қабағымға қадалды да қалды. Нәметқұл темір ұста дүкенінен атып шығып, шырқыраған мені көтеріп алып, садақтың оғын

қабағымнан суырып тұрып: «Құдай сақтапты, көзіңнен айырыла жаздапсың ғой», – деп, емдеп-домдағаны есімде.

Сол жақ қас пен көздің, арасындағы тыртық сол «соғыстың» таңбасы.

Сонымен, қырық төртінші жылдың көктемі. Қадыр жездемнің көк қошқарын айдасып, мен Шанышқылы ауылына алғаш барғаннан бері, арада жеті жыл өте шықты. Енді мен бес жасар, шала есті ерке бала емес, жеті жыл ішінде талай бәле көрген, он екі жасар жүгермекпін.

Осыдан жеті жыл бұрын маған көне сандықтан жаңғақ алып беретін бүкір кемпір Оразкүл қазір біздің үйде. Үш баланың бастығы – сол. Мұртазадан қалған үш жетім сол бүкір кемпірдің айтқанын істеп, айдауында жүреміз.

Ол былай болды: Қаратаудың ар жағында, Бурылтаудың арғы бетінде Айшаның төркіні болады екен. Айшаның туған шешесі Құлыхан деген кісі (жаны жаннатта болсын) дүниеден өтіпті. Сондай сұмдық хабар алған соң, Айша (не көрмеген Айша) әуелі жылап-сықтаса да, кенет тас-түйін боп түйіліпті де, Шанышқылы ауылына барып, осы Оразкүл кемпірді алып келді. Қасына Дошанай молданы ертіп алып, төркініне жүріп кетті.

Қанша қиын болса да, заман қанша ауыр десе де, туған анасы қайтқанда, төркініне барып бата оқытуға жарамаса Айша – Айша бола ма?!

Сөйтіп, Айша орнына бүкір кемпір Оразкүл қалды. Енді ойласам, сол кезде айналамызда екі-үш күн бізге қарайласа тұратын, ағайын-туған қалмаған екен ғой. Тұрымтай тұсымен, балапан басымен кеткен заман.

Оразкүл анамыздың айтқанын істейміз. Он жасар Құрмаш қурай теріп, отын дайындайды. Мен терең сайдан су тасимын. Жетіге жеткен Батырхан әлжуаз, беске дейін жүре алмай мешел болған аурушаң неме, жұмысқа жарамайды.

Немен күн көріп, немен тамақтанғанымыз есімде жоқ. Есімде қалғаны, күн бата салысымен тауықтар сияқты біз де

жертөсекке қаз-қатар жатып алып, Оразкүл кемпірдің әңгімесін тыңдаймыз. Бәлкім, қара қазанға қара су құйып, тас қайнатқаннан басқа ештеңесі жоқ біздерге азық болған сол бүкір кемпірдің ұзақ-ұзақ әңгімесі шығар.

– Мына Ақсайдың аузынан ары Ақсу-Жабағылы деген ел басталады. Сол Ақсу-Жабағылының арғы беті – менің төркінім болады, – деп сарнай бастайды Оразкүл кемпір. – Оның қасында мына тау тау ма, – деп, түн қараңғысында біздің үйдің желкесіндегі Алатауды меңзеп жатқандай болады. – Біздің ауыл жердің жаннаты ғой, шіркін. Шыңдары аспанды тіреп тұрады. Ақ көбік өзендері атты адамды жаңқа құрлы көрмей ағызып әкетеді.

Біздің үйдің желкесіндегі Талас Алатауын «тау ма» деп кемсіткені көңіліме келсе де, бүкір кемпірдің төркіндерінің отанына қызығамын.

– О, біздің Ақсу-Жабағылыда не жоқ, – деп, бізді қызықтыра түседі Оразкүл, – ну орман, арша, ақ қайың, қызыл қайың, шашын жайған сәмбі тал, жүз жылдық зипа шынар – бәрі бар. Арасында аюлар өріп жүреді. Арқарлар мен таутеке, киіктер Қарынбайдың малы көрінеді. Ұлар мен кекілік сайрағанда, тау жаңғырады. Солардың бәрінен де биікте, қарлы шыңдарда теңбіл барыс болады.

– Барысты сіз көрдіңіз бе? – деймін мен шыдай алмай.

– Көрдім. Әкем жарықтық аңшы еді. Бір барысты торға салып, тірідей алып келгені есімде. Дүниеде мұндай сұлу, мұндай паң, тәкаппар аң болмас.

– Оны қайттіңіздер, асырадыңыздар ма?

– Асырауға көнбейді ғой. Есімде қалмапты, біреуге беріп жіберді-ау деймін, – дейді кемпір білмегеніне кешірім сұрағандай.

– Әкем Жолан-Жаныс еді. Біздің елді Жолан-Жаныс дейді. Жолан деген кісі Төле би деген әулие кісінің баласы екен. Жоланнан тараған ел көп қазір. Ойбу, айтпақшы, сенің үлкен

әжең Күнікей, ой аруағыңнан айналайын, Жолан – Жаныстың қызы ғой, менің әпкем. Сен оны көрген жоқсың ғой, қайдан көресің, мында тудың ғой. Күнікей – Мұртазаның анасы. Күнікейден Әбдімомын, атын ұмыттым, қырғызға кеткен бір қыз, Әмірекұл, біздің келін Әдия туған. Әдия, Сәния егіз екен. Сәниясы кішкентайында шетінеп кеткен. Өне, Әдия әпкең кімнен туған. Сөйтіп, әжең Мұртаза Жолан-Жанысқа жиен болғанда, сен жиеншар боласың, – дейді көрпемді қымтап қойып, Оразкүл апам.

Құрмаш қарындасым мен Батырхан ұйықтап қалған. Менің ұйқым келмейді. Оразкүл апамның әңгімесін тыңдай берсем деймін. Оразкүл айтқан Төле би, Жолан-Жаныс елі – ғажайыптар елі сияқты елестейді. Әсіресе теңбіл барыс кейін-кейін, талай-талай түсіме кіреді. Теңбіл барысқа мініп алған бабаларымды көремін. Мен де мінер ме едім деп армандаймын.

Оразкүл әңгімесі үзілсе, қарнымның шұрылдап ашып жатқанын, өзетім талып, үзілгендей болғанын лезде сеземін. Ал Оразкүл сөйлегенде, онымды ұмытқандай боламын.

Оразкүл кемпір соны білгендей, әңгімесін соза береді. Мен Ақсу-Жабағылыға жетіп, Шатқалдағы жаңғақ орманын аралап жүремін. Кілең қара мақпал, жабайы жылқыларды көремін. Төле би заманынан қалған, содан жабайы боп өсіп-өнген тарпаң тағылар. Қаз мойын, қамыс құлақ, қара айғыр маған оқыранып келіп, жұп-жұмсақ ернімен алақанымды жыбырлатады. Мойнын иіп, тақтайдай жап-жазық арқасын меңзейді. Мен атлас жүнді, жұп-жұмсақ аттың арқасына қарғып мініп аламын.

Қара айғыр шатқалды жаңғырықтыра кісінеп алып, бір-ақ қарғып аспанға шығып, ұшып ала жөнелді. Төменнен:

– Түс, түс! – деп Айша айқайлайды.

– Қайда, қайда? – деп Құрмаш пен Батырхан қол созады.

– Қайт, қайт, енді ұрыспаймын, «халық жауының баласы» демеймін, – деп Жуанқұл бастық жалынады.

– Ұш, балам, ұш! Астыңдағы ат емес, аруақ. Ата-бабаңның аруағы. Сені аруақ қолдады, балам, арманыңа жет! – деп, Қамқа кемпір қол жаяды.

– Әй, тентек, түс көріп жатырсың ба? – деп, Оразкүл апам сыбырлайды. Не түс екенін, не оң екенін білмей, ғажайып ертегілер елі мен аш-жалаңаш азынаған азаптар елінің арасында мен жатамын.

Осындай түнді сыйға тартқан Оразкүл апам о дүниеде пейіштің төрінде болғай...

Сендей адам жаннаттан жай тапса жарасар, Жолан-Жаныстың қызы, отыз жетінің қысында атылып кеткен Қадыр жездемнің асыл анасы...

АҚҚЫЗ

Күн батып, қас қарайғанда, жылқыны Қуанышбайға өткізіп, үйге қайттым. Қуанышбай менен гөрі ересектеу. Түнгі кезекке сол шығады. Әкесі Сұлтан әскерде. Ақтамақ дейтін өгей пешесінің қолында тұрады. Өз анасы ұлы ашаршылықта кеткен көрінеді. Ал Ақтамақтың бұрынғы күйеуі Бегалы да аштан өлген. Сөйтіп, Сұлтан әйелден, Ақтамақ күйеуден айырылған ғой. Сұлтан Бегалының жақын інісі екен. Тағдыр шығар, «екі жарты-бір бүтін» демекші, ағайын болып Ақтамақты Сұлтанға қосқан екен.

Қайран қазекем, сұрапыл сойқаннан сансырап шықса да, жесірін ерден кетсе, елден кетірмеуге тырысқан. Сұлтан сіңірі шыққан кедей еді. Әлі есімде: қыстың күні жаман, жалғыз көрпесін жамылып жүретін. Ақтамақ Сұлтаннан Науат дейтін бір қыз тапты. Бейшара бүкір еді. Омыртқасы жарақаттанып, тұмай жатып мүгедек болып қалды. Жанары ботаның көзіндей

жәудіреп, адам көрсе бір жәрдем тілегендей жаутаң-жаутаң еткенде, жаның шырылдап, жүрегің жылағандай боласың...

Қуанышбай жылқыны санап болып:

– Қайта бер, – деді. Жаз болса да жаурап тұрғандай, жағы ұрпиген, жүдеу. «Әкесіз жетім – арсыз жетім, шешесіз жетім-шерлі жетім» деген рас болар. Шешенің, яғни Айшаның барына тәуба!

Бірақ Құдай сол Айшаның өзін көп көре жаздады.

Үйге келсем, есіктің алдында Айша қос қолымен маңдайын тіреп, жүресінен отыр. Қасында қара құман ұстап Құрмаш тұр.

– Апам ауырып қалды, – деді.

Есіктің көзінде ербиіп тұрған Батырхан жыламсырайды. Соның алдында ғана Айша қызылшадан қайтыпты. Есіктің алдына жете бере құлап түсіпті.

Құрмашқа:

– Су, су, – десе керек.

Содан су іше-іше, артынша қатты қиналып құсыпты.

Енді «үһ» деп маңдайын тіреп отырған кезі екен.

– Барсхан, келдің бе? – деді ыңырсып.

– Келдім ғой...

– Басым жарылып барады. Мыналардан гөрі қолыңның әлі бар ғой, қысып жіберші.

Күш деген, Құдайға шүкір бар, мектепте күрескенде, өзімнен екі жас үлкен Кеңес деген баланы алып ұрғанда, ол оң қолымен жер таянып жығылғанда шынтағы шығып кетіп, жұрт сынықшы іздеп машақат болған.

Не көрмеген Айшаның басы?! Қолаң шашынан күнсіген иіс шығады. Күні бойы далада, қызылша дейтін келімсек дақылды бір-бірлеп талдап, жекелеп мәпелесе, шақырайған аспанның астында күнсімегенде қайтеді!

– Болмады, – деді Айша, – тәуіп атаға жүгір.

Тәуіп ата – кәдімгі Әбіш ата. Сайға түсіп, сайдан өтіп, Салбидің қабаған ала итін шәуілдетіп, Әбіш атаға жеттім.

– Апырай-а, қараңғы түсіп кетті, көзім нашар еді, – деп, Әбіш ата қиналыңқырады.

–Ештеңе етпейді, ата, мен жетектеп жүремін.

– Е - е, қызталақ, болмас, болмас, барсам, барайын.

Мұрны қоңқиған бүкір шалды қолынан жетектеп келе жатып, көзім түсіп кетті: жанында шақырайған жалғыз жұлдызы бар жаңа Ай туған екен. Ішімнен: «Е, айналайын, Жаңа туған Ай, Айшаны аман қыла гөр!» – деп тіледім.

Ол кезде қулық, сұмдық дегенді білмеген шығармын. Шын тілегім еді.

Тәуіп ата Айшаның білек тамырын ұстап, көзін шарт жұмып алып көп отырды. Басын шайқап, таңдай қаққандай болды.

– Қаның тасып тұр, келін, – деді. – Тебісі қатты. Оқыс қимылдама. Қозғалмай жат, – деді тағы да.

– Ем-домы бола ма - а - а, – деді Айша әрең сөйлеп. – Мен кетіп қалсам, мына үш үрпек балапан не бола - а - ад?

– Құдай сақтасын, келін. Бәрі де Құдайдың ісі. Ем-дом... ым - м - м, қан алу керек шығар, қайдан білейін, менің қолымнан келмейді. Қырғыздағы Шекер айылда бір емші бар, Қадыркүл деген. Сол қан алады.

– Дошанай ше? – деді Айша.

– Дошекеңді білмедім, ол үшкіріп, дем салмаса, қан алғанын білмеймін.

– Тәуіп қайнаға! Мен олай-бұлай боп кетсем, мына үшеуін Әулиеата жақтағы, Бектөбе деген жердегі менің нағашыларыма тапсырыңдар. Сәли, Қали... Бөпетай, Сатай. Білетін шығарсыз?

– Ойбай, білемін, баяғы заман түзуде, Мұртаза барда, келіп жүруші еді ғой.

– Иә - ә, Мұртаза барда... бәрі келетін...

Әбіш ата күбірлеп дұға оқыды. Біз түсінбейміз. Әлдекімге жалынатын сияқты, жалбарылатын сияқты. Анда-санда «сүф, сүф!» – дейді.

- А, келін, Аллаға сиын, сәтін салса, саябыр болар. Тек тыныш, қозғалмай жат. Айтпақшы... сүлік салса қайтер екен?

- Сүлік дейсіз бе? Түн ішінде оны қайдан табамыз? Ілгеріде Старшын қайнағаның балтырына сүлік салғанын көріп едім.

Айшаның «Старшын қайнағасы» - Шоңғар дейтін атамыз. Сейсенбай, Дүйсенбайдың әкесі. Патша заманында ма, әлде кеңестің алғашқы жылдарында ма, старшина болған кісі. Кейін кәмпескеге түсіп, әкімдердің соққысына жығылып, о да құсадан кетті.

Сонымен, сүлік деген уайым шықты. Өзіміздің Жалбыз бұлақтан күнде көріп жүрген сүлік қой.

Әбіш атаны үйіне апарып тастап қайтып келе жатып, Жалбыз бұлаққа бұрылайын.

Жаңа Ай батып кеткен. Оның есесіне жұлдыздар жамырай шығыпты. Терең сайдың іші түпсіз сияқты үңірейіп көрінеді.

Түн ішінде неғып жүрсің дегендей бақалар шуылдады. Бұлақты жағалап, қайнар көзді діттеп келе жатқанымда, жағадағы бір-екі бақа қарғып-қарғып суға түсті. Сәл қорқып та қалдым. Қарсы алдымнан пыр - р етіп, екі шіл шырылдап ұшып кетті. Енді қайдан сая табамыз дегендей. Қараңғыда қайда барады? Бекер үркіттім. Мен тимес едім ғой. Бекер қорқады.

Қайнардың көзіне тақай бергенімде, сайдың қабағындағы баяғы аштан өлген Бегалы тамының бұзылған дуалынан жарқырап қос от көрінді. Тұра кеп қашайын деп тұр едім, әлгі екі от кенет сөніп қалды. Дәл сол жерден қалбаңдап бірдеңе ұшқандай болды. Байғыз екен. Күндіз ұйықтап, түнде тірілетін неме.

Жалбыз бұлақтың қайнар көзіне жетіп, иісі аңқыған жалбызды қолыммен қайырып, суға үңілсем, сәл-сәл ғана жылтырайды. Сәл-сәл ғана сыбырлайды. Сүлік әдетте жасыл масаты мүк басқан жағасына жақын жерде, майда құмда ирелеңдеп жататын. Қолымды салып көрдім. Бірдеңе ілінгендей болды. Алып қарасам, жамбасқұрт екен. Оны есекқұрт деп те

атайды. Түр-түрпаты бүкшиген сұр есекке ұқсайды. Бір жамбастап жүзеді.

Түн ішінде тап-таза қайнарды лайлағаным болмаса, сүлік қолыма түспеді.

Біреп түп жалбыз жұлып алып, мұп-мұздай суға батырып-батырып алып, қабақтан өрмелеп үйге қайттым. Жалбызды Айшаның маңдайына бастым. Сүйсінгендей болды.

– Барсхан, сенен басқа кім қалды таяныш болатын? – деп, Айша кемсеңдеді. – Таянайын десем, әлі буыны қатпаған солқылдақ шыбықсың...

– Қойшы, – деймін. – Мен өсіп қалдым ғой. Военком айтты ғой.

– Военкомның тіл – аузы тасқа, – деді Айша.

Құдайдың қандай құдірет екенін білмесем де, ояна салып одан медет тілеп, Айша жазылып қалды ма деп қасына барсам, әдемі ақсұрша жүзі адам танымастай қарауытып, барбиып ісініп кетіпті. Айқайлап жібере жаздап, ұйықтап жатқан екі бауырымды шошытпайын деп, өзімді әрең тыйдым. Айшаның маңдайына алақанымды басып көріп едім, шеке тамыры бадырайып, қатты тепсініп, лыпылдап тұр екен. Тәуіп болмасам да біле қойдым. Жүрегім білді. Суылдап ала жөнелді.

Үйден жалаң аяқ, жалаң бас атып шығып, Бердімбет сайынан ағып өтіп, Салбидің итін шабалаңдырып, Тұйық сайдан алқынып өтіп, Таласбай сайдың арғы қабағында, әуіт көлдің жағасында тұрған Дошанай молданың үйіне сүріне-жығыла жеттім-ау.

– Айша, Айша - а - а, – деп жылап жібердім.

– Не болды?

– Не, не?

– Тез, тез, ата!

Ақ дамбал, ақ жейделі күйінде, жалаң аяғын көбісіне сұға салып, ақ сақалы желбіреп, Дошанай шал, жарықтық, құстай ұшып, маған жеткізбей, таудан басқа таянары жоқ, оқшау

тұрған біздің үйге лезде жетті. Сексенге келген кісінің мұндай орасан күшін мен бұрын да, кейін де көре алмадым. Сірә, бізге беймәлім күш қолтығынан алып ұшырған шығар. Біз бейшара, ол не күш екенін біле бермейміз ғой. Жайшылықта екі аттап, бір тұратын, қолынан таяғын тастамайтын қарт адамға мұншама әлауқатты кім береді?

Айша көзін әрең ашып, Дошанайды таныды.

– На - ға - шы, – деді сыбырлап. Бір нәрсе айтқысы келді, бірақ молда:

– Сөйлеме, Айша, сөйлеме, – деп безілдеді. Жарықтық өзі жардай ірі кісі болса да, даусы жіңішке еді. Сөйтіп, тамырын ұстады. Ұзақ ұстады. Босатқан кезде, Айшаның қолы сылқ ете қалды. Құрмаш жылап жіберді, оны көріп Батырхан да аңырап жіберді. Дошанай ашуланып:

– Тәйт! Дыбыс шығарма, дұға оқимын, – деді. Содан соң біз білмейтін, біз түсінбейтін тілде, әдемі, әуезді үнмен бір сарнады дейсің. Сай-сүйегіңді сырқыратып, әрі елжіретіп әкеткендей әуезге басты.

Не дегені бізге түсініксіз. Бірақ жүрекке шым-шым еніп, шымырлатып барады. Үміт отын үрлеген бір жылы леп ескендей болады. Бірақ маған түсініксіз. Дошанай атам Айшаны ажалдан құтқармақ болып жанталасып бір Құдайға жалбарынып отыр ма, әлде... иман үйіріп отыр ма? Өйткені Айша қыбыр етпейді. Шыдай алмай, Айшаның қолына қолымды создым, білегі жылы сияқты.

Өзім молдадан қорықсам да сипап отырмын. Атама қарасам, көзінен жас шығып кеткен екен. Дүниені ұмытып, мүлде бөтен әлемде отырғандай. Тек үні зарлана, боздаған аруана тектес тартады.

Сол кезде, есіктің табалдырығына сүріне-қабына Әбіш атам кіріп келді. Ұзын таяғын босағаға сүйеп, Дошанайдың қасына тізерледі. Бізге елжірей қарап, күлімсіреді. Қатулануды,

ашулануды білмейтін кісі еді, жарықтық. Күлімсірегеніне қарап, менің ішім жылып қалды.

Жаманшылықта кісі күлімсіремейді ғой. Ендеше, арты жақсы болатын шығар. Қиын-қыстау сәтте, осындай үміттің өзі де дәтке қуат.

Артынша сырттан біреу айқайлады. Далаға жүгіріп шықсам, астындағы торы атын ойнақтатып Тасбет бригадир тұр екен. Мұрнынан сөйлейтін еді.

– Әй, шешенді... иттің баласы! Жұмыс кәйдә? Түске дейін жұмысқа бармай ұйықтайтын сен бәяғы бәйдің бәләсімін деп ойләйсің ба?! – Қамшымен салып жіберді. Жон арқамды қылышпен тіліп түскендей болды. Безірейіп:

– Бармаймын жұмысқа! Шешем қатты ауырып жатыр, – дедім.

– Ә - ә, шешен де жұміскә шікпәді мә? Контрә! Әдейі бұнт жәсәпсіндәр ғой. Көрсетейін мен сендерге бұнтты, – деп, Тасбет аттың шылбырын үйдің боғатына іле салып, қорбаңдап үйге кірді.

Екі ағасын, ұзынынан түсіп жатқан Айшаны көріп, арыны бірден басылды. Амал жоқ, ағаларына қолдың ұшын созып, амандасқан болды.

Дошекең:

– Айша қатты сырқат. Көріп тұрсың ғой, – деді.

– Иә, иә, шырағым, келіннің кеселі қиын, – деді Әбіш атам да.

Тасбет:

– Кәлқоздың жұмісі... Кізілшәні шәп басып кетті. Адам жетпейді... – деп мыңқылдады.

– Құдайдың ісіне не шара? Әйтпесе, осы колхоздың жұмысынан Айша аянып жүрген жоқ қой. Жұмыс, жұмыс деп зорығып кетіпті. Қаны тасып құлапты. Біздің қолымыздан не келеді, – деп, Дошанай қолын жайып, шарасыз пішін білдірді. – Мұндай қатерлі сырқатты бір жазса, Аққыз жазар еді, ол алыста.

– Әккіз кеше Поштақұлдың үйіне келді ғой, – деп қалды Тасбет.

– А, – деп, құлағы тосаңдау Әбіш орнынан атып тұрды. – А, Құдай, бере гөр. Бейшара келіннің көрер жарық сәулесі бар шығар. – Маған қарап:

– Әй, Барсхан, тез үш! Аққыз апанды алып кел! – деді.

Аққыздың кім екенін мен білмеймін. Кейін білсем, ол осы елдің қызы екен. Соғыста жүрген Поштақұлдың апасы екен. Қошқарата жаққа күйеуге шыққан екен. Енді төркінінің үйіне келіпті.

Поштақұлдың үйі Дошанай атамның үйінің жанында. Тек, Таласбай сайдың бергі қабағында.

Далаға атып шығып, Тасбеттің торы атына қарап ойланып қалдым. Мініп кетсем не қылады? Қарттардың айтуына қарағанда, Аққыз – қартаң кісі. Мен жеткенше, Айшаның жағдайы не болады? Тәуекел!

Атқа қарғып міндім. Тәуекелімнің тағы бір түрі: әлгінде Тасбеттің мені қамшымен ұрғаны. Әрі десе, бұл торы ат – біздің үйдікі. Жұрт оны «Бердімбет торы» дейді. Бердімбет – менің бабам ғой. Бай болған. Колхоз басталғанда, торыны коллективке алып қойған. Мұртаза: «Әкемнен қалған жалғыз белгі болсын, басқасын бердім ғой, торыны қалдырыңдар», – деген екен, өзіне бәле болып жабысыпты.

«Бердімбет торыға» мініп, Бердімбет сайынан өте бергенімде, біздің үйдің есігінің алдынан айқай шықты. Бұрылып қарасам Тасбет екен.

Тарта бердім. Азар болса, тағы да ұрар...

Поштақұлдың жаман тамында, қараңғылау үйде, күндігі шаңырақтай, өзі керіскедей, келбетті, сұсты кемпір отыр екен.

Поштақұлдың қатыны Тойсын үйде жоқ. Сірә, қызылшаға кеткен. Тойсын бала таппаған. Үйде Аққыздан басқа жан жоқ.

Кемпір аты-жөнімді сұрады.

– Е, айналайын, Мұртазаның баласы екенсің ғой. «Орнында бар – оңалар» деген. Азамат боп қапсың ғой.

Әңгімені ұзартпай, асығып жағдайды айттым.

– Дошанай атам мен Әбіш атам да біздің үйде, – дедім.

Аққыз бір сөзге келмей, жадау үйдің, жаман есігінің ілгегін сала салып, атқа мінді. Құлыптамады. Құлып салатындай бұл құжырада қымбат мүлік те жоқ.

Аққыздың көзінше Тасбет маған ештеңе дей алмады. Тек ала көзімен атып жібере жаздап, жұдырығын түйді:

– Жілкі егінге түссе, күрисің бала, жүмісіңә бәр, – деді. Өшін «Бердімбет торыдан» алғандай, жануарды қамшылап-қамшылап, қызылша жаққа шаба жөнелді.

* * *

Кешке қарай ел орнына отырар шақта, көрші-қолаң, жанашыр жан біздің үйге жиналды. Көрші дегенде, ол кезде біздің ауыл қазіргідей бір-біріне сүйкеніп, бір көшенің бойына тығылып отырмайды. Үйлер бір-бірінен алшақ, аралары оқ бойы жерде тұрады. Біздің үйге ең таяу дегені – Баянның үйі. Күйеуі Байділда әскерге алынып, артынша қайтып келді. Пойызда сүзекпен ауырған екен. Тастап кетіпті. Үйіне келе салып қайтыс болды.

Сөйтіп, Баян бес баламен жесір қалды. Тұңғышы Боранбай менен екі-үш жас үлкен, Гүлайна деген қызы менімен жасты шығар, одан кейін Қаржаубай менің інім Батырханмен жасты, Күләнда, Күлия деген үйелмелі-сүйелмелі жортпаш екі қызы тағы бар.

Бұлар түгел келді. Оңғарбай, Мамыт, Шоңғар тұқымдары, сайдың арғы бетінен Пияш, Жібек, тағы көп адам жиналып, осы ауылдағы ең тәуір дейтін біздің үйдің өзіне сыймай кетті.

Төрде – Дошанай, Әбіш, Оңғарбай, Мамыт аталарым. Ата болғанда, Мұртазамен бірге туған емес, аталастар. Ортада Айша жатыр. Жанында Аққыз отыр. Әуелі Дошанай құраннан ұзақ-

сонар аяттар оқыды. Содан соң Аққыз үлкен-кіші демеі, бәріне бас киім кигізіп, жаулық салдырды.

Оның алдында Аққыз, шалдар дәрет алып, ақшам шағында намаз оқыды. Жайшылықта жайдары, ақкөңіл, аңқылдақ Аққыз кенет өзгеріп, қаһарланып шыға келді. Қолына сылдырмақ таяғын алды. Басынан дағарадай ақ күндігін алып тастады, кимешегін де шешіп тастады. Бурыл шашы жалбырады. Жұрттың бәріне бас киім кигізіп, жалаңбас жан қалдырмай, ал өзі шашын жайып жібергені мүлде түсініксіз. Құдай кешірсін, боранды ұзақ түндерде Айша айтатын ертектеті Жезтырнақ бейнелес боп шыға келді. Айшаны шыр айналып, сылдырмақ таяғымен жер тоқпақтап: «Сұбыхан Алла, сұбыхан Алла!» – дегенде, аузынан жалын атқылады. «Сұбыхан Алла!» деген жеріне Дошанай мен Әбіш қосылып қайталайды.

Аққыз ақырып аспанға шапшығанда, біздің үйдің төбесіне дейін қарғиды. Үйіміз биік, еңселі-ақ еді. Соның өзін місе тұтпай, тамның төбесін тесіп шығып, Иса пайғамбардың соңынан аспанға ұшатындай қарғиды. Әлде сол Иса пайғамбардан медет тілей ме екен? Әлдекімдерді атап, жәрдем күтетінін айтады. Мен естімеген есімдердің талайы аталды. Есімде қалғаны: Домалақ Ана деді, Бәйдібек баба деді, Баба Түкті Шашты Әзіз деді, Арыстан баб, Түркістан баб, Сайрам баб деді. Әулие Ата-бабамыз, Айша бибі – анамыз деді.

Дүние мүлде өзгеріп, мына отырған адамдар мүлде бөтен, өзге әлемнен келген қонақтар сияқты көрінді маған. Аққыз – Аққыз емес, аспанда, ғарышта ұшып жүрген бейтаныс құдірет күш сияқты. Сірә, Аққыздың өзі де қазір өзін ұмытқан тәрізді. Аққызбын мен, адаммын мен, кәдімгі пендемін мен деп ойламайтын сияқты. А, бәлкім, сол сәтте ол, шынында да Аққыз емес шығар.

Біз не білеміз? Шынында да, Жаратқан Құдіреттің, Жасаған Иемнің елшісі шығар.

Ал Айша ше? Айшаның талақтай ісінген бетіне шырай кіргендей болды. Кірпігі қимылдап, көзін ашты. Дошанай бір білегінен, Әбіш бір білегінен ұстап, құнжыңдасып, бір-біріне бас изесіп қалды. Аққыздың зікірі түн ортасына дейін созылды-ау деймін. Содан соң «үһ» деп, жаны жай тапқандай, тұла бойы сірескен, «аруақ қысқан» құрыс-тырысы жазылғандай, жайдары қалпына түсті.

Терлеп-тепшіп шай ішті. Кимешегін, күндігін қайта киді. Кәдімгі Аққыз сипатына қайта түсті.

Ақ орамалымен аузы-басын сүртініп болып, қолына қалақтай қара қобызын алды.

– Иә, Қорқыт Ата, қолдай гөр! – деп, қыл қияқты қыл ішекке салып кеп жіберді.

Дүние тағы да төңкеріліп түсті. Ауылымызда Дәуіт деген кісі ғана қобыз тартады екен деп естігенбіз, бірақ ешкім жоқта жалғыз өзі тартады екен, өз құлағыммен естіген емеспін.

Содан болар, мынау үн, мына сарын тағы да аспанның, Көк Тәңірдің үніндей болып көрінді. Арада жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, мен өмірі ұмыта алмаспын. Сол құдірет құлағымда әлі түр.

* * *

Кейін-кейін ат жалын тартып мініп, азды-көпті кісі санатына қосылғанда, сірә, әулие бабамыз Ибн-Сина кітабынан оқыдым ғой деймін: «Емшінің, үш қаруы бар: біріншісі – дәрі, екіншісі – пышақ, үшіншісі – сөз», – депті. Сонау алыста бұлдырап қалған сойқан сәтте, Аққыз Айшаны дәрімен емес, қандауыр пышақпен де емес, сөзбен, жүрекпен емдеген екен. Жаның жаннатта болсын, қайран Аққыз апам.

ӨСКЕНБАЙ

Дүниенің жаратылысында жазық жоқ, мүкісі жоқ. Дүниені бүлдіретін – өзіміз. Ең ақылды жаратылған жан – ол адам. Ақылды азапқа айналдырған да – адам. Жаратылыста жазық жоқ.

Ол рас, күн бұзылады, күн түнереді.

Артынан ашылады ғой.

Біздің Мыңбұлақта сондай.

Мыңбұлақтың үстін сіресіп бұлт басып тұрады да, анданда арасынан жылт етіп күн көрінеді.

Күннің құдіретін сонда түсінесің.

Түсі суық сұр бұлт қаптаған күз еді. Мен жылқыны еңіске айдап, арпаның аңызына жайып, өзім бұрыл тайдың үстіне шоқиып, ылдидан, станса жақтан келетін сүрлеу жолдың бойына, мына сұрқай дүниеге сүлесоқ қарап отырмын. Төменде, Теріс өзенінің бер жағында, темір жолмен пойыздар арлы-берлі етіп жатыр. Паровоздың боздаған үні талып естіледі. Батысқа қарай кеткені көбірек боздайтын сияқты. Кейін-кейін шамаласам, батысқа қарай сол пойыздармен кілең боздақтар соғысқа аттанып бара жатады екен ғой.

Батысқа қарай жүйткігендердің түтіні будақ-будақ атқылайды. Сірә, жүгі ауыр болар. Әй, ауыр-ау. «Бәрі де – майданға!» деген ұран шыққан шақ. Тіпті жазда Борандының элеваторына есекпен бидай тасығанымызда, Тасбет бригадир кілең жас балалардың алдындағы Мамыт атамның қолына жалпақ тақтайда:

«Бәрі де – майданға!» деген жазуы бар таяқ ұстатып қойған.

Сонда Мамыт атам менен:

– Мынауың не деген жазу? – деп сұраған.

– «Бәрі де – майданға!» деген жазу, ата.

– Осы мені неге алмайды сол майданға?! – деп, Мамыт атам астындағы көк есекті қамшымен тартып-тартып жібергені есімде.

Сол соғысқа адал қызмет еткеннен басқа есектің жазығы не?

Иә, сонымен, әлгі пойыздарға қарап, құлазып отырғанымда, ылдидан қос ат жеккен арба көрінді. Борандыдан келе жатыр. Байқаймын, жүрісі тым жылдам. Арбакештер өрге қарай бұлай жылдам жүрмеуші еді. Мынаның қарқыны қатты. «Бұл кім екен?» деп ынтыға түсемін.

Алыстан-ақ танып қойдым. Шұбар Тілеміс! Кәдімгі май тасығыш Тілеміс атам ғой, жарықтық.

Апыр-ай, заман-ай. Енді қазір ойласам, қызық. Сол соғыстың қақап тұрған шағында жермай (керосин), қарамай бар еді. Әйтеуір, бар болатын. Оны Борандыдан қос ат жеккен арбамен бөшкелетіп Тілеміс атам таситын.

Енді мына 1994 жылы, мен осы әңгімені жазып отырған кезде, сол Мыңбұлақта, сол Борандыда қолдарына шелек, кәністір ұстап, бензин сұрап, қайыршы болып кеткен халық

Ау, бірді айтып, бірге кетіпшім.

Әлгі арба жақындай түсті. Байқаймын, Тілеміс атам жалғыз емес. Жанында боз киімді біреу бар сияқты. Май арбаның алдына екі-ақ адам сияды, Жермайлы бөшкенің үстіне отыра алмайсың ғой.

Енесінен айырылып, мүлгіп, мұңайып тұрған бурыл тайды тебініп қалып, арбаға қарай жүрдім. «Енесінен айырылып» дегенімнің себебі бар. Осы жақында ғана ауданнан военком келді. Қасында екі әскері бар.

Жылқы Бердімбет сайдың аяғында жатқан. Бурыл тайды шылбырынан ұстап, сайдың қабағында мен де жатқам. Кенет бір топ атты сау ете қалды. Қорқып қалдым. Атып тұрып, тайыма қарғып міндім. Ай-шай жоқ, әлгі әскерлер жылқыға жаудай тиді.

– Әй - әй Күдә? Күдә? – деп айқайлаймын.

Мені адам ғұрлы көрмейді.

Военкомды танымын. Қыста менің ағаларым: Махан, Сейсенбай, Рәсілхан, Бейсенбек, Тұрар, Күзембай, Кәметтерді шанаға салып алып кеткен осы болатын.

Военком өзбек шатыс көркем жігіт. Менің айқайлап, ойбайлағаныма қарқ-қарқ күледі, мәз болады. Мен қайғырсам, ол шаттанады. Мұнысы несі – түк түсінбеймін.

Жылқыны айдап әкетеді екен деп зәрем ұшты. Қолымда солқылдақ сәмбі шыбықтан басқа қаруым да жоқ. Қалай соғысамын? Бар қаруым – айқайым. Ойбайды салып шырылдап жүрмін.

Бір кезде военком күлгенін қойып, астындағы асау торыны омыраулатып мені қуып жетті.

– Жылама, ақымақ бала!

– Тиме! Тиме жылқыға! Нілзә! Нілзә! – Бар орышам сол.

– Ей, біз сенің жылқыңа тимейміз, – деді военком түсін жылытып.

Тимесеніз, аналар неге қуып жүр? Бұл – колхоздікі! Түсінесіз бе, колхоздікі. Бастық мені өлтіреді!

– Өлтірмейді. Бастықтың рұқсаты бар. Бір-ақ жылқы аламыз. Анау – қашаған қара бие.

Қолын шошайтып көрсетті. Рас екен, әскер қара биенің соңында жүр. Қара бие ұстатар ма еді? Беткейге шығып, зымырап ала жөнелді. Жүйткігенде жануар құлағын жымитып, құйрығын шаншып алады. Өзі де есік пен төрдей келісті еді. Екі әскер қуып барады. Бірақ қара бие шаңына да ілестірмеді.

Басқа жылқы үрпшісіп-үрпшісіп, құлақтарын қайшылап қойып, бәледен құтылғанына шүкір дегендей осқырынып, пысқырынып алып, қайтадан тынышталып, ажырыққа бас қойды.

– Сен бала, саспа, – деді военком. – Ол қара бие – әскердікі. Қашып кеткен, «дезертир». Ол колхоздікі емес. Бірақ сен

молодец! Сақ екенсің. Әскерге сендей жігіттер керек. Жасың қаншада?

– Он...

– Өтірік айтпа!

– Рас.

– Үлкен сияқтысың.

Содан соң военком ойланып қалды. Бір түрлі мұңайғандай болды. Тіпті көзі жасаурағандай да көрінді. Бәлкім, өзінің көзі сондай шығар.

– Ай, заман-ай, – деді. – Жыламай тамақ ішпейтін балаға дейін тез есейіп кетті, – деді өзіне-өзі.

– Оқу қайда? Оқисың, ба өзің?

– Оқимын.

– Қай класта?

– Биыл төртінші.

– Онда неғып мектепке бармадың?

– Бастық мұғалімнен сұрап алды.

– Тфу! – деді военком. Орысшалап тағы да бірдеңе айтты.

Одан соң бас-аяғымды тағы шолып тұрып:

– Неге жалаңаяқсың? Күн суық қой, – деді.

Жалаңаяқ екенім енді есіме түсіп, бәшпайларымды бурыл тайдың қолтығына жасырмақ боп, қыса түстім. Бурыл тайдың жүні жып-жылы.

– Бәтеңкем бар. Үйде.

– Неге кимейсің?

– Әлден кисем тозып қалады. Қар түскенде киемін.

– Әкең бар ма?

– Жоқ.

– Шешең қайда?

– Жұмыста.

Енді военком галифе шалбарының қалтасынан апшақ орамалын суырып алды. Жөтеліп, пысқырынып, көзін, бет-аузын қайта-қайта сүртті.

Осы кезде қасымызға көк айғыр мінген Жуанқұл бастықтың өзі келді. Военкомға жалпаңдап:

– Ана арам ұстатпай жүр ме? – деді.

– Ұстатпайды, – деді военком алыста ары-бері ойқастап шапқандарға қарап.

– Енді қайттік?

– Ауылдың әлді жігіттері болса... – военком кілт тоқтады. Ауылдың әлді жігіттерін өзі сыпырып алып кеткені есіне түскендей.

Бастық маған шүйілді:

– Әй, шешенді... нағып шәниіп тұрсың? Бар, ұстаспайсың ба?

– Әй, екі әскер жүйрік аттарымен жете алмағанда, жаман таймен мен қалай жетем?!

– Тілін қарашы, тілің кесілгір!

Военком біздің бастыққа зілдене көз тастады.

– Жуеке, бұл бала молодец! Дұрыс айтады, ілмиген таймен қайтіп жетеді. Одан да астыңыздағы айғырды беріңіз. Көмектесің.

Бастық абыржып қалды. Военкомға рабайсыз ыржиып, сарғайған сирек тістері ырсиып күлген болды.

– Бұл айғырдың басы қатты. Бала немені тастап кетіп жүрсе, жазым болады той.

– Әй, аттан жығылып не бопты?! Былтыр қырғызға барып, бәйгеде жүлде алғаным қайда? – деппін қарап тұрмай қағынып.

– Өзі жылқышы болса, ұдайы ат үстінде жүрсе, неге жығылады, – деп военком нығарлай түсті. – Болмаса, өзіңіз көмектесіңіз ана екеуіне.

Бастық қара биені қуалап, далаңдап шапқысы келмеді ме, әлде мені құласа құласын деді ме, әйтеуір, төңкеріліп аттан түсті.

– Мә, шешенді.

– Әй, боқтама! – деймін, көк айғырдың үзеңгісіне аяғым жетпей тарбаңдап жатып.

– Өзің оттама! – деп, бастық мені атқа қолтығымнан көтеріп мінгізді.

– Үзеңінің таралғысын қысқартып беріңізші.

– Қап, мына контраның кесірін-ай!

– «Контра» дегені несі? – деді военком.

– Е, «халық жауының» баласы дегенім ғой.

Военком сазарып қалды.

Бауын қысқартып, жалаңаяқ қара табанды үзеңгіге шірене тіреп алған соң, қайыс тізгінді келте ұстап, бастықтың қамшысына қол создым.

Бергісі келмей, ықылассыз ұсынды.

Қайран, Көк айғыр, Тарлан ғой. Қазанат қой. Үстіне бір мінсем деп армандаушы едім. Көк айғырға Жуанқұлдан басқа ешкімнің тақымы тиіп көрген емес. Өтірік айтыппын-ау, тек былтыр қыста Бауыржан көкем елге келгенде сол мінген. Ай, сонда Көк айғырдың ордан қарғығаны-ай!

Екі әскер, орыс па, немеңе, аттың үстінде қопаң-қопаң етіп, ерден құйрықтарын көтеріп-көтеріп қойып шабады екен. Аттары да, өздері де болдырып, салпаңдап қалыпты. Қара бие оларды қылжақ қылғандай, бұлаң қағып, назданып, мойнын бұлғаңдатып, басын шұлғып қойып, бұлталаққа салып жүр.

Мені көріп, оқыс тоқтап, одырайып сәл тұрды да, тіке тауға қарай тартты. Қырғызды кесіп, Алатаудан асып, қарамды батырайын деген шығар. Әбден әккі. «Бәле көрген». Бірақ оның сырын мен біраз біліп қалғанмын. Қорлығы да көп өткен. Соған бола қолға түсіп, колхоздың қамбасына бір түн қамалып та шыққанмын.

Әскерде бұйрыққа үйренген бе, кім білсін, әйтеуір, бұйрық дауыстан сескенеді. Әскерде, тек бұйрық қой.

Көк айғыр да оған ерегісіп, көсіле түсті. Мен:

– Қайт! Қайт! – деп бар даусыммен саңқылдап келемін.

Айттым ғой, қара биеге ақырмасаң, болмайды. Ал ана әскерлер оны білмейді.

Көзімнен жас парлады. Көк айғырдың құлағының түбі тершіді. Шабысы үдеді, ауа тымық болса да, құлағымнан жел үлдеді. Қуып жете бере, қара биені дойыр қамшымен тартып-тартып жібергенде, кіржіңдеп, артқы аяғымен теппекші де болды. Бірақ омыраулы Көк Айғырдың мысы басты ма, әлде менің айқайым әсер етті ме, қара бие бұралаңдап барып, кері бұрылды. Аруақтар жар болған шығар, әлгі жануар кәдімгідей жуасып, алдыма түсіп алып, жылқыға қарай жылыстады.

Жылқы жануар ақылды ғой: құтылмасын білген шығар. Адамның құрығы ұзын, әсіресе заманның құрығы ұзын, заманды ол түсінбес, ал адамнан құтылмасын білгендей бұлтақсыз жүріп отырды.

Екі әскер алыста салпаңдап келе жатқанда, мен қара биені жылқыға қайта әкеліп қостым. Қосып қана қоймау керек, енді ұстау керек. Ұстауға менің шамам келмейді.

Жуанқұл бастық:

– Бәрін қораға айда! Қораға, – деп айқайлады.

Сөйтіп, далада жүрген жылқыны ауылдағы атқораға апарып қамадық.

Қара биенің мойнына арқан оралды. Әлгі екі әскер қара биені тұрғызып қойып, бойын, тұрқын, шоқтығын метрлеп өлшеді. Қызық: бұрынғы әскердің малы ғой. Қаратауда қашып кеткен. Содан бері өзгеріп қалды дей ме екен. Несіне өлшейді?

Сонымен, қара биені бір әскер жетектеп, бір әскер артынан айдап, военком бастап, Бораңды жаққа кете барды.

Военком кетерінде мені мақтады. Тағы да:

– Молодец! – деді. – Әттең, әлі баласың, әйтпесе жақсы солдат болар едің, – деді. Бастық:

– Е, бұл соғысқа бүгін жіберсең де бара береді, – деді.

– Мұнда сізге де жұмыс істейтін адам керек, – деді военком. – Бот, өзіңді жіберсе болады.

Бастық қорқып, селк етті.

– Мен соғысқа жарамаймын ғой, – деп мүләйім бола қалды. – Кемтармын ғой. Бір көзім...

Жуанқұлдың сол көзінің ақшелі бар еді. Ақшиып тұратын.

– Как раз, – деді военком. – Мылтық атқанда бір көзін қысып атады. Білесің ғой.

– Қой, шырағым, қалжыңның шығар, – деді Жуанқұл, шыннан қорқа бастады.

Военком қарқылдап күлді.

Қара бие жолдан былай бір, былай бір шығып, ойқастап, мойнындағы жуан арқанды жұлқылап көрді. Алдындағы әскер арқанды тартып барады. Артындағы әскер қамшымен сауырдан сабалап барады. Менің шыбығымды шыбын шаққан ғұрлы көрмейтін. Қара бие солдаттың дырау қамшысы тиген сайын қайқаңдайды.

Менің астымдағы бурыл тай құлағын тікшитіп, енесі кеткен жаққа тесіле қарап біраз тұрды да, қарнын қампита бір күрсініп, мойнын төмен салып, ажырыққа бас қойды.

Шешесінен айырылғанын біле ме екен? Білсе, неге жұлқынып, артынан шаппайды? Неге кісінеп жыламайды? Бір күрсінді де тынды.

А, бәлкім, осынікі дұрыс та шығар. Жақын адамдар бір-бірінен айырылса – күйік. Қайғыдан, қасіреттен құса болып, өзегіне өрт түседі. Одан не пайда? «Жазмыштан озмыш жоқ» екенін біле тұра, адамдар қайғыдан бүгіліп қалады. Одан не түседі?

Қара биенің шыңғырған даусы талып естілді. Сол кезде барып, «әттеген-ай» дедім. Әлгі қопаңдаған екі солдатқа ұстатпай кеткенде, мен қуып жүріп, қайырып келіп нем бар еді. Жайшылықта «жауым» болса да, дәл қазір қара биені аяп кеттім. Военкомның айтқанына қарағанда, қара биені соғысқа әкетеді. Атты әскер үшін емес. Атты әскер бұл соғысқа жарамай қалыпты. Оққа, снарядқа тез ұшатын көрінеді. Енді жылқы баласын зеңбірекке жегетін көрінеді.

– Соғыс бітсе, қара бие ауылға қайта ма? – деп сұрадым военкомнан.

– Әуелі адамдар қайтып алсын да, – деді ол шырт түкіріп. – Қара бие солардың садақасы боп, құрбандыққа жараса да жетіп жатыр.

Онда біздің «Мыңбұлақ» құрбандықты мол берді. Азаматтар аман-сау түгел қайтып келсе екен.

..*

...Иә, сонымен, енесінен айырылған бурыл тайды тебініп қалып, арбаға қарай жүрдім.

Таныдым! Тілеміс атаның жанында отырған Өскенбай көкем екен. Бурыл тайдан аунап түсіп, тұра ұмтылғанда, мен күткендей, Өскенбай арбадан қарғып түсе қоймады. Ақсия күліп: «Айналайын, айналайын, Барсхансың ба?» – деп, арбаның үстінен еңкейіп, қолын созып, бетімнен сүйді.

Сөйтсем, арбадан қарғып түсе алмайды екен. Жанында екі балдақ жатыр. Қамқа кемпірдің балдағы сияқты. Тек, мыналардың ұшында резеңке «калошы» бар екен.

Тілеміс ата:

– Әй, қызталақ, шап ауылға! Сүйінші сұра! – деді.

Бурыл тайға қарғып мініп, ауылға, Дошанай атамның үйіне қарай ағыза жөнелдім.

Пәшира апам ауыз үйде әуілдекше кекіріп қойып, бір самауыр шайды бір өзі ішіп отыр екен. Жарықтық, «жүрегімнің басы топтанып тұр» деп ығи шай ішіп отырушы еді. Қайта-қайта «әуп, әуп» деп кекіре беретін. Сөйтсе, оның жүрекке түк қатысы жоқ, асқазаны ауырады екен ғой. Дошанай атам молда болса да, оның емін таппаған.

– Пәшира апа! Сүйінші! Сүйінші!

Биік табалдырықтан аттай беремін деп, мен құлап қалдым.

Жанында жатқан кебісіне шалынып, Пәшира апам құлап қалды. Абырой болғанда, самауыр құлаған жоқ.

Сөйткенше болған жоқ, Тілеміс атамның май арбасы да жетті. Жан-жақтан, лезде кәрі-жасы бар, едәуір қауым жиналып қалды.

– Жалғызым-ау! Өскенбай-оу! Аман-есен жеттің бе! – деп, Пәшира аңырап барып, арбадан әлі түспей отырған баласын бас салды.

– О неші? Балашы аман-есен келгенде, өштіп аңый-ай ма екен? Тек – деп, Сақау шешем Пәшираны итеріп тастап, Өскенбайға қарай өзі үмтылды.

Сақау шешемнің Айымқыз деген әдемі аты бар екенін бұл кезде өзінен басқа ешкім де білмейді. Жарықтық келбеті келісті-ақ, аққұбашаның сұлуы еді. Қартайса да сыны кетпеген қасиетті кісі. Бірақ Құдай қылса – не амал, тілі сақау. Содан жұрттың бәрі оны Сақау кемпір дейді. Оған ол намыстанбайды.

Ал оның баласы Есен...

Бұл басқа әңгіме.

Бәрі амандасып болған соң, енді жұрт аңтарылып, Өскенбайдың түсуін күтті. Неге түспей отыр? – деп, таң қалысты.

Сонда Тілеміс:

– Жаралы ғой, жаралы, – деді. – Сүйеп жіберейік, – деді, өзі арбаны артынан айналып келіп, әуелі екі балдақты тік тұрғызып, оны Өскенбайдың қос қолтығына қыстырды. Сөйтіп, өзі икемдеп, сүйемелдеп жіберді. Сұр шинельдің арқасына бөшкенің қара майы жұғып қалыпты. Жаралы әскер қанша білдірмейін десе де, жанына қатты батты білем, көзін шарт жұмып, «м - м - м» дегендей болды.

Мұны көріп, Пәшира апам қайтадан дауысқа бассын:

– Бозбала біткеннің бозымы едің ғой, құлын - е - е - ем! Не болған? Не күйге түсірген сені қараң қалғырлар!

– Тек! – деді Сақау кемпір шаңқ етіп. – Тийі келгеніне қуанбайшың ба, шорлы ғай!

Қос балдаққа сүйеніп, жерге түскенде түсінікті болды: белі бүкшиіп қалған екен. Аяғында солдат бәтеңке. Бізге қызық көрінгені: сирағын қарасұр қатпа матамен қаттап тұрып орап тастапты. Сөйтсе, оны «обмотка» дейді екен. Етіктің қонышы орнына жүреді екен. Өкімет миллион-миллион әскердің бас-басына қайдан етік тауып бере берсін.

Басындағы жәпірейген сарғылт телпекті «пилотка» дейді екен. Маңдайында қызыл жұлдызы бар.

Маған бәрінен де жалпақ қайыс белдігі ұнады. Кейін сол белдікті Өскенбай маған сыйлағанда, төбем көкке жетіп, ұшпаққа бір жеткенім-ай! Әкем Мұртаза Сібірден тіріліп келгендей қуандым-ау! Адам бейшараны қуанту үшін көп нәрсе де керек емес екен ғой. Көңіл жетсе, бәрі жетеді екен ғой.

– Сүйіншіңе, – деді Өскенбай жарқылдап күліп.

Пәшира апамның маған сүйіншіге беретін несі бар? Өскенбай оны сезген болса керек.

Дошанай атам болса, екі калашын қоңылтаяқ киіп, көрші Өреке ауылында көкжөтел қысқан бір баланы емдеуге кеткен екен. Пәшира апам маған:

– Айналайын, Барсхан, Өрекеге барып, атаңды алып келе ғой, – деді. – Абайла, байғұс қуанғаннан кәрі жүрегі жарылып кетіп жүрмесін.

Кешке жұмыстан қайтқан қатын-қалаш, бала-шаға – бәрі Дошанай атамның үйіне жиналды. Ауыл аш отырса да, кәдімгідей той болды. Ай, шіркін, сондағы ауылдың бауырмалдығы-ай. Әркім үйінен барын алып келді: біреу құртын, біреу талқанын, біреу сүтін... Біледі ғой, Дошанай бозқасқа сойып тастамайтынын. Сояр еді – жоқ қой.

Тойханаға біздің Айша да келді. Бұл үй Айшаны Жиенқыз дейтін. Сөйтсем, Дошанайдың әпкесін Есей бай алған екен. Бірақ Айша одан тумаған, Есейдің екінші әйелі (жаның

жаннатта болғыр) Құлыханнан туған. Айша сонда да «Жиенқыз».

Айша Өскенбаймен өзгеше амандасты. Басқа қатындар сияқты: «Ой, айналайын, қол-аяғың аман-сау келдің бе?» – деп жалпаңдамай, аузынан сөзі, қойнынан бөзі түспей, аспай-саспай, әндетіп сәлем берді. Құданың құдіреті, қол-аяғы сау солдатты өкімет ауылына қайтарушы ма еді. Қып-қызыл майдан кезінде. Айша осыны ескертті. Менің есімде қалғаны бір-ақ шумағы:

– Өскенбай, қайным әрі нағашым-ай,
Жігіттің жаннат ішік жағасындай.

Қияметтің қырғынынан тірі келді,
Батыр болып Бауыржан ағасындай,

Тағы біраз айтты. Жарақатың жазылар, жаныңның қалғаны олжа, – деді.

Басқалары: «Қайран Айша, көптен бері ән салмай, үні естімей кетіп еді, жатыр екен ғой, бар екен ғой өнері», – десіп, қауқылдасып, күлісіп, мәз-мейрам болды.

Сөйтсем, біздің Айша әрі ақын, әрі әнші екен. Ес білгелі естігенім осы. Заманның түзуірек кезінде, Мұртаза барда, жиын-тойда, боза жорада айтысқа түскен екен.

Мен ес білгелі, Айша алты батпан ауыртпалық астында қалып, ән-думан әдіра кеткен екен.

Үйге кеш оралдық. Түңгі аспан ашық, жұлдыздар самсап, Ай толықсып тұрды.

Мыңбұлақтан бүгін бұлт арылды.

ЕСЕН

Көктемде Айша Дошанай атаммен бірге Әулиеата жақтағы төркініне барып, туған анасы Құлыханға бата оқуға кеткенін жазып едім ғой. Оразгүл апам бізбен бірге болған шақ.

Со жолы Айша бір қара құнажын жетектеп келді. Төркіндері емес, бергі Бектөбедегі алшын нағашылары беріпті. Сәли, Қали, Бөпетай. Сатай. Мұртазаның бабындағы кезінде жақсылығын көп көрген кісі екен.

Сол Мұртаза жаламен жазықсыз кетіп, жиен қызы Айша жесір қалып, біз, жиеншарлары жетім қалған заманда, сол баяғы жақсылықтың тамызығы болсын десе керек, нағашыларымыз Айшаға бір қара жетектетіп жіберіпті.

Бірақ: «Теңіздің ар жағында бір сиыр сексен тиын дейді, құрысын, әкелуі иттен қиын дейді» дегендей, Айша мен Дошанай араға бір қонып, сол құнажынды ауылға әрең жеткізіпті.

Есігіміздің алдына қара біткеніне алақайлап қуанып, әлгіні күндіз-түні құйрығынан ұстап жүріп бағып-қағамыз. Бұзауласа, ауымыз аққа жариды-ау деп армандаймыз.

Сөйтп жүргенде, бір күні адыраңдап Тасбет жетіп келді.

– Не?

– Сиіріңді кәлхоздің корәсінә әліп бәр!

– Неге?

– Мал дәктір тексереді. Мәл әуруі шігіпті.

Жарайды. Біз қорқатын не бар? Сиырымыз жұнттай. Тіфә! Тіфә! Ауруы жоқ.

Айша бұйдасынан жетектеп, мен артынан айдап алып бардық. Сөйтсек, ауылдың Зеңгібабасының бәрі осында екен.

Шетінен мөңірейді. Күнде өріске шығатын мал мына қылыққа түсінбей, «бұл қалай?» дегендей азан-қазан.

Сары сатала ақ халат кигенсіген, халаттың астыңда сарғыш кителі бар, галифе шалбарлы, хром етігі сықыр-сықыр еткен, қорасан бетті бір кісі, иелері жетектеген сиырларды кезек-кезегімен қарап, тізбектен өткізіп жатыр. Сиырдың өкпесін тыңдайды, тілін көреді, сілекейін тексереді.

Сөйтсе, сиыр малында «ящур» дейтін дерт болады екен. Оны қазақ «қарасан» дей ме, не дейді, әлгі «қарасан келгір» дегені сол екен.

Мына «дөктір» Дүйімбай дейтін шұбар сол аурудың маманы-мыс.

Айша айтатын: «Әкеңнің үстінен арыз жазып, жала жапқандардың ішінде Дүйімбай дейтін сұмырай да бар», – деп. Айша оны маған несіне айтады, ол кезде түсінбеймін. Кейін-кейін байқасам, құлағына сіңе берсін, тым болмаса, өшін алар, әкесінің құны сұраусыз кетпесін дейді екен ғой. Дүйімбайдан мен қайбір өш алып жетістіремін, қағазға атын жазғаннан басқа өш алу қолымнан келмейді. Ағайын арасында да сондай-сондай алапестер болғанын ұрпақ білсін.

Сонымен, кезек бізге де келді. Қара құнажынымыз дөнежін болайын деп тұрған шақ. Құдайға шүкір, үстінен шыбын тайып жығылғандай семіз.

Дүйімбай ары қарады, бері қарады: қабырғасын, сүбесін саусағымен шұқып көрді. Басқалардікі құсатып аузын ашып, тілін суырып көрген жоқ. Салған жерден Айшаға:

– Әй, қатын, сиырың ауру, – деді.

– Тәйт, сандалма! – деп Айша ашуланды.

– Сандалмасаң сандалма! – деп, Дүйімбай да дүрдиіп шыға келді. – Сиырыңды өлтіріп, түгін қалдырмай жерге көміп тастаймыз. Ауру таратады.

– Ойбай, Құдай, ендігі көрсетпеген қорлығың осы ма еді! – Айша Дүйімбайды омырауымен қағып тастап, сиырды жетектеп былай шыға берейін деп еді, еркек емес пе, «дөктір» сиырдың бұйдасына жармасты.

Айша ары тартты, Дүйімбай бері тартты. Қара сиырдың көзі аларып, басын бұлғаңдатты. Айша ала жіпті босата салып, «фельдшердің» жағасынан ала түсті. Енді Дүйімбай да жіптен айырылып, Айшаны өңменінен періп-періп қалды. Еркек емес пе, қолының әлі едәуір болар, Айша тәлтіректеп, әрең-әрең

құламай қалды. Әлгіні көріп мен қалай тұрамын?! Дүйімбайды ту сыртынан барып, көк желкесінен ала түстім. «Бұл не пәле?» – дегендей, Дүйімбай артына бұрылып қарап, артынан тістей қатып, сілеусіндей жабысып тұрған бала екенін білген соң, тұла бойымен кілт бұрылып, сілкініп кеп қалды да, мені лақтырып жіберді. Құлап жатқан жерімнен мені біреу көтеріп алды. Қарасам, Есен мылқау екен. Жағының түгі тікірейіп кетіпті. Алдында жазып ем ғой, Сақау кемпір деген апамыз бар деп. Шын аты – Айымқыз. Есен-соның баласы. Баяғы соғысқа кеткен Махан, Сейсенбай, Рәсілхан, Күзембай, Тұрарлардың тұстасы. Соғысқа бұ да кететін еді, тіл-аузы, құлағы жоқ болғандықтан, әскерге алмаған.

Есенде үн жоқ, тіл жоқ. Дүйімбайдың алдына барды, мені меңзеп көрсетті. Айшаны нұсқап көрсетті. Қос қолын жайды, иегін көтерді. Сірә, бұлар саған не жазды дегені болар. Сөйтті де қос қолын Дүйімбайдың алқымына салды да жіберді Дүйімбай шалқалап, екі қолы екі жағына кетіп, көзі шарасынан шыға аларып, бетінің шұбары көрінбей, қызара бөртіп, барлығып бара жатты.

Жұрт шу ете қалды. Сиырларын тастай салып, қатын-қалаш, шал-шауқан – бәрі жабылып, Есеннің қолын Дүйімбайдың алқымынан ажырата алсашы. «Мылқаудың астына түспе, соқырдың қолына түспе» деген рас екен.

Есен өзі сидаң тарамыстай арық. Соншама дүлей күш қай жерінен шығатыны таң қаларлық. Құдай абиыр бергенде, Сақау апамыз жүгіріп келіп, баласына ымдап, қолын түрлі-түрлі ербеңдетіп, саусақтарын ойнатып, біз білмейтін тілде сөйлесті де, Есен басын шайқап-шайқап қойып, «дөктірдің» алқымынан сексеуілдің жігеріндей саусақтарын әрең ажыратып алды.

Шалқасынан құлап жатқан Дүйімбайдың бетіне әлдекімдер су бүрікті. Дүйімбай көзін ашты. Орнынан әрең тұрып, галифесін қаққылады.

Сонда деймін-ау, кейін ойлаймын, Есен соғысқа қатыспаса да, елде жүрген фашистің біреуін о дүниеге аттандыра жаздады. Шын соғысты. Он екі мүшесі сау базбіреулер қауымға, қоғамға жебір. Мысалы, Дүйімбай. Жетім-жесірдің сау малын ауру деп тартып алмақшы болды. Құдірет, әлде табиғат кейде әділетсіз. Адал жанды мүгедек етіп, арамдарды еркелетіп қояды. А, бірақ кім біледі, шын мүгедек Есен емес, Дүйімбай шығар.

Кейін-кейін мен университет бітіріп, қызметке тұрып, демалысқа ауылға келгенімде, Бурный – Борандының базарында Дүйекеңді көріп қалдым. Сәлемдестім. Әуеліде танымады. Қартайыпты. Басына қазақы сеңсең бөрік киіпті. Баяғы «Сталин фуражка», сарғыш китель, хром етік, галифелі шалбар жоқ. Қазақы кебіс-мәсі, ұзын қара плащ киіпті. Таяқ ұстапты. Таяғының басына алашұбар тәспі ораулы тұр. Сөйтсе, молда болған екен. Жанындағы кісілер:

– О, Дүйеке, танымадың ба, Барсхан ғой, баяғы Мұртаза рахметінің баласы, – деді.

Дүйімбай таяғының ұшымен жер шұқылады. Бірақ кешір, шырағым деген жоқ.

– Аман-сау жүрсің бе, балам, – деп ернін жыбырлатты. Оған да шүкір.

ЖАЛАҚСАРЫ ФИНАГЕНТ

Осы көпірдің астынан өткен сайын Байжұман жәкем есіме түседі. «Көпірдің астынан өткені несі?» деп қаларсыз. Әдетте көпірдің астынан емес, үстінен өтеді ғой. Бұл енді темір жол. Боранды бекет темір жолының астында атты арба, машина өтетін тесік бар. Соны жұрт «көпір» деп кеткен. Кейде көпшілік те сондай бір қате түсінікке көндігіп кетеді де, сөздің түбіріне мән бере бермейді.

Баяғыда Байжұман жәкеміз сатылы арбаға үйіп тұрып шөп артып, Борандының базарына бара жатқан ғой. Аттардың божысын баласы Көшкенбайға ұстатып, өзі шоқиып, үйме шөптің үстіне шығып отырған.

Жәкеміздің қателескен жері осы. 1937 жылы Мыңбұлақ ауылының бас көтерерін қынадай қырқып әкеткенде, Байжекең қырғызға қашып кетіп, аман қалған. «Қызыл қырғыннан» аман қалуға ақылы жеткенде, көпірден таяқ жегені өкінішті-ақ.

Шөпті қайбір жетіскеннен сагады дейсің. Кемпірге шәй керек, қызға көйлек керек... Әйтеуір, Құдай қырсығына айдап шыққан ғой.

Содан темір жолға да жетеді. Темір жолдың астынан өтер жер еңісте. Еңіске қарай арба екпіндеп ала жөнелмей ме? Баласы әкесіне: «Ойбай, жата қал», – дегенше болмай, арба темір жолдың астына сүнгіп кетеді. Жәкеміз шөптің үстіне етпеттеп жата бергенше болмай, арба сықырлатып туннельден арғы бетке өте шығады. Баласы аттарды тоқтатып, арбаның үстіне қараса, әкесі ес-түссіз жатыр екен. Темір жолдың қаптама көк цементі Байжұманның мақталы шапанын дал-дал қылып, жон арқасының терісін шелдеп, сыпырып түсіпті.

Емханада екі ай жатып шыққан соң, үйіне оралған Байжекең айтты дейді: «Жоқ арқамның терісін сыпырғанша, қос басымның бір басын қағып түсіргені жақсы еді», – деп.

Желкесінен жоғары қос қолдай бір ісігі бар еді. Содан жұрт оны «Қосбас» атайтын. Жай тымақ, тақия оның басына сыймас еді, өзіне арнайы сопақ баскиім тіктіретін.

Осы оқиғадан кейін, Жуалының басшылары жоғарғы өкіметтен рұқсат сұрайды: темір жолдың астынан өтетін үңгір жолдың табанын жарты метр тереңдетейік деп. Рұқсат етпей қойды. Бұл мәселені тегі Мәскеудің өзі, ондағы Темір жол министрлігі шешеді екен, ондағылар: «Тәйт!» – деп еді, ешкім тиісе алмады.

Сонымен, сол «көпір» әлі сондай.

Жақында ғана, Әулиеатадан Мыңбұлаққа бара жатып, машинамен әлгі «көпірден» өтерде: «Байжұман жәке, Құдай иманыңды берсін», – деп бетімді сипадым.

Машина өрге қарай тырмыса бергенде, тапалтақ тамның тұсында, жолдың жағасында отырған кісіні шырамытып, шопырға:

– Тоқта! – дедім.

Машина тоқтай қалғанда, әлгі кісі келіні ұл тапқандай қуанып, құнжыңдап:

– Кел, кел, – деп айқайлады.

Дәл осы жерде, баяғыда, біздің бала күнімізде, Орынбай дейтін ақсақал кісі екі балдағын екі жағына қойып, темекі сатып отырар еді. Қырғыз атамның темекісін Айша осы Орынбайға әкеліп тастаушы еді. Сол сатып беретін. Жарықтық, сартылап сөйлейтін аңқылдақ, адал кісі еді.

Айша:

– Өзіңе аманат. Өзімдікі емес, кісінікі, – десе, Орынбай:

– Ой, Айша, өзгеден жесем де, сенен жемеймін ғой. Жесем, о дүниеде Мұртазаның бетін қайтып көремін, – дейді екен, жарықтық.

Сондай да таза адамдар болған. Болған.

Ал мына қазір отырған кісі мүлдем басқа. Ол Орынбай емес, бірақ, құданың құдіреті, бұ да темекі сатып отыр. Орынбайдың темекісінен өзгешелігі: түрлі-түрлі сигарет, көбісі шетелдікі. Дорбаға салып, стақандап сатып отырған махоркасы да бар.

– Кел, кел, сигарет ал: мальбора бар, сөберен де бар...

Сірә, менің кім екенімді таныған жоқ. Кім екенімді мен де айтқан жоқпын. Бірақ мен таныдым.

Қатты өзгеріп, қартайыпты. Әлі ішеді екен: арақ сасиды. Қалтырауық болыпты.

* * *

Мен ес біліп, он екіге аяқ басқан кез. Қырық төрттің көктемі еді. Ұмытуға болмайтын көктем. Әсіресе осы көктемде ашыққандар көбейді. Қылтиып жуа шықты. Жуа теріп жейік десек, Айша:

– Күн күркіремей, ауыздарыңа салушы болмаңдар! – деп, маған, Құрмашқа, Батырханға қатты ескертті.

– Неге, неге? – деп қыңқылдап едік, Айша:

– Уы бар, сеспей қатасыңдар! – деді.

Күннің күркіреуінің жуа уына қандай қатысы бар, оны біз түсінбейміз. Енді күн қашан бұлттанып, қашан күркірер екен деп аспанға қарап телміретінді шығардық. Қасақана аспан шайдай ашық, көгілдір. Жәудіреп, мөлдірейді де тұрады. Жер бетінен жаманшылық атаулы аласталғандай мамыражай.

Шыдай алмай, қартаң құлақ қазып жейміз. Қартаң құлақ дегеніміз жабайы редиска сияқты бірдеңе. Кейінірек содан шоңайна деген тікен өсіп шығады. Құдайдың рахымы шығар, қартаң құлақтың уы жоқ сияқты. Бар болса да, біз тірмізік шығармыз.

Өстіп, бір ыңыршағымыз айналып отырғанда, біздің оқшау үйге ойқастатып, ат ойнатып біреу келді. Басында «Сталин фуражке». Галифе шалбар, сары гимнастерка. Белінде бес елі белдік. Иығында қайыс баумен асынған қайыс сөмке.

– Шешең қайда? – деп шаңқ етті әлгі шикіл сары. Орыс па деп қалсам, қазақша сайрап тұр.

– Жұмыста.

– Неге налог төлемейсіңдер? – Даусы жіп-жіңішке, бірақ удай ащы екен. Қатын дауыс неме екен.

– О не? – дедім мен түсінбей.

– О шешеңді... – Шикіл сары аттың үстінен еңкейіп, сірә, мені ұрмақ болып, қолын соза беріп еді, ыршып түсіп ұстатпадым. Анау ауа қармап, аттан аударылып қала жаздап, тізгін тартып, бойын әрең тіктеді. Сірә, мас болуы керек.

– Қара, мұның білмей қалуын. Налогты білмейсің бе?! – Көзі көкшіл екен, ежірейіп кетті, – Салық! О, орысша оқымаған надан!

Е, салық екен ғой. Салықты білемін. Салықшы басқа болатын. Талай келген. Айшаны талай зарлатқан. Ол басқа еді. Мынау...

Салық не екенін қысқы ұзақ түндерде Айша бізге тәптіштеп түсіндіретін.

– Баяғыда, – дейді Айша, – Қоқан деген патша болыпты. Біздің ел сол патшаға бағынады екен. Бағынышты елге Қоқан салық салады екен. Оның салықшылары ел аралап жүріп:

– Ойма тазға – он теңге, қырма тазға – қырық теңге! – деп жар салады екен.

– Сонда шашы барлар салық төлемей ме? – деймін мен. Айша күледі. Иә, Алла осылай күлдіре көр. Ол күлсе, жадау жанымыз жадырап қалады. Күліп алады да, Айша:

– Неғылған, – дейді. – Жан салық, мал салық, жер салық, тағы да не еді, әлгі, ұмытып қалдым... Әйтеуір, тұлдыр қалдырмаған ғой. Жан басына салық салған. Ең соңында, – дейді Айша, – қыз салық деген шығыпты. Бір ауылдан жылына Қоқанға бір қыз беріп тұрған. Ал енді шатақ осыдан шыққан. Патшаның мейманасы тасып, Құдайды ұмытып, араны ашылған ғой. Араны ашылған жаман. Содан мына біздің Жаңабай Шымырдағы Байзақ датқа қол жинап, Қоқанмен соғысқан дейді ғой. Ақыры, Қоқан Байзақ датқаны қолға түсіріп, зеңбіректің аузына таңып қойып, аспанға атып жіберген дейді. Жанын жаннатта болғыр, Байзақ қолы-қол, аяғы-аяқ, жерге бөлек-бөлек түссе керек. Жұрт солай дейді ғой, мен қайдан білейін...

Бұл – Айшаның айтқаны.

Ал мен кейін өсе келе, оқығаным бар, тоқығаным бар, ойлап қарасам, салықтың тарихы адамзат тарихымен тетелес көрінеді. Аллатағала Адам Ата, Хауа Ананы жаратқаннан кейін, олардың балалары Абыл, Қабыл өсіп жетілмей ме. Абылы мал бағыпты,

Қабылы жер шұқылап, бау-бақша, көкөніс өсіріпті. Жаратқан Құдірет, Жасаған Ием немелерінің жемісін жеп көргісі келіп, өзіне шақырыпты дейді. Абыл қойын жетектеп барады, Қабыл қауын-қарбызын алып барады. Сонда Жаратқан Құдіретке қойдың еті көбірек ұнаса керек. Абылды қайта-қайта мақтай беріпті. Қабылға аса назар салмапты. Қызғаныштың қара найзағайы тұла бойын кернеген Қабыл қайтып келе жатып, Абылды таспен ұрып өлтіріпті. Содан бері адамзат аспанынан Қабылдың қызғаныш бұлты арылмайтын көрінеді.

Әне, алғашқы салықтың әлегі сондай. Сыпайы салықтың түп атасы қайда жатыр?!

Ал енді, кейін тарих пәнінен тақылдап «бес» алып жүргенде ұққаным: Петр бірінші деген патша сақал қойғандарға да салық салыпты. Қызық. Сақалдан қандай табыс бар? Салық табыс бар жерден алынуы керек қой. Боярлар дей ме, помещиктер дей ме, шаруа байғұсқа қаз салық, торай салық салады екен. Сірә, ақылай төлей алмаса керек. Содан қаздарын қаңқылдатып, торайларын қорсылдатып, қожайынның қорасын толтыра берген ғой.

Күні кешегі большевик заманында бойдақ салық, қубас салық дегенді өз көзімізбен көрдік. Бойдағы мейлі. Үйленбегені үшін өзі кінәлі. Ал енді қубас салық дегені – көтенсіздік. Ешқандай иманға келмейді ғой. Марқұм, Оралхан Бөкей, жаның жаннатта болғыр, бірінші әйелінен бала көрмей, өмірінің ақырғы үш-төрт жылына дейін перзентсіз болғаны үшін салық төлеп, жалақы айлық алған сайын: «О, Алла, менің жазығым не? Салықты маған бала бермеген сен төлемейсің бе?!» – деуші еді.

Ай, тәлкек тағдыр-ай, екінші әйелінен бала сүйіп, қубас салықтан енді құтылдым ба дегенде...

Сонымен, сонда мен 1944 жылдың ашөзек көктемінде, әлгі шикіл сарыдан: «Налог деген не?» – деп сұрапшын. «Налог» дегеннің не екенін онда мен қайдан білейін? Мектепте орыс

тілінен оқытатын мұғалім жоқ. Өзім жуа теріп жеуді аңсап, зарығып тұрмын.

Аттан түспей, әлгі сары Сталин фуражкасын бір шекесіне қоқырайтып, жалпақ ернін тілімен жалап тұрып:

– Үйіңде арақ бар ма-ей? – деді.

– Қайдағы арақ? Арақ тұрмақ айран да жоқ.

– Шешеңе айт, шешеңді... Кешке келем. Так, май, жұмыртқа, жүн салық, жан салық, подходящий салық. Бәрін дайындап қойсын.

Сөйтті де атын тебініп, қамшымен сауырына салып қалып, Әбіш атамның ауылына қарай шаба жөнелді. Қайыс дорбасы салпаң-салпаң етеді.

Қаны шығып жарылған ернін тілімен жалай бергені көз алдымнан кетпей, қарап тұрып жүретім айныды. Құсқым келді. Мүмкін, қарным үілдеп, ішегім шұрылдағаннан шығар. Көзім қарауытып, шауып бара жатқан жалақ сары бұлдырап қана көрінді.

Қызық. Біздің ауылда Қуанышбайдың ғана ерні жалақ. Ол түсінікті. Өзі жетім. Өгей шешесі өзінен туған Наушарбанды жетектеп, төркін жағына көшіп кетті. Қуанышбай жалғыз қалды. Жылық бағады, шөп тасиды, жер жыртады. Шаң қауып, тозаң жұтады. Ал әсіреңкі сарыға не жоқ? Бұл неден зарығып, ерні жарылады?

Айтқанындай, ымырт жабыла, жұмыстан қайтқан Айша бір құмған шәйді алдына ала бергенде, әлгі сары жан алғыштай жетіп келді.

– Жеңеше, – деді масаң сары көңілді үнмен, – салық төлемесің.

Сөйтіп, қайыс дорбасының қақпағын ашып, қара мұқабалы қалың дәптерді суырып алды.

– Так, так. А, міне: Бердімбетова Айша. Алты кило сары май. Отыз кило ет. Жүз жұмыртқа. Он кило жүн. – Содан соң, шегір көзі күлімдеп, – Еще бір шиша ар - а - ақ, – деп қыңсылады.

– Арақ та өкіметтің салығы ма? – деді Айша жақтырмай,
– Өзің біл, жеңеше, ішің білсін, әлуай. – Содан соң, ызғарлана қалып, – Білемін, түсінемін, – үйдің ішін тінткілей қарап: – Өлгінің бәрін бірден төлей алмайсың. Отсрочка. Біртіндеп төлейсің. Бір шиша арақ.

– Ай, шырағым, бұл үйде Мұртаза барда да арақ болған емес. Не деп тұрсың өзің?

– Сенің үйіңде болмаса, Жетпісбайдың үйінде бар, содан ал. Қазір төлей алмасаң, қарызға ал.

– Қарызын қайтіп төлеймін? Жетпісбай шал қарызға арағын көрінген адамға бере бермейді. Менің төлей алмайтынымды біледі.

Жалақ сарының шегір көзі ақшаң етті. Қамшысымен етігінің қонышын сарт еткізді.

– Онда салықты төле! Өкіметпен ойнама. Соғыс. Жеңіс жақын. Жеңіске тезірек жету үшін, өкіметке жәрдем керек. Салықты табанда төлеу керек.

– Берерімді бәрін беріп болғанмын. Қысты күні ана сенің алдыңда болған финагент Мұртазадан қалған жайнамазды да тартып әкеткен. Оны қайтесің десем, әскерге шұлғауға жарайды деді. Басқа не бар, іліп алар ештеңе қалмады. Жалғыз сиыр әлі бұзаулаған жоқ. Тусын. Сосын майыңды төлеймін. Екі ешкінің жүнін қырқып берейін. Тауық туса, жұмыртқанды да төлейін. Ал енді етке менің езімді соймасаң, етке өткізер малым жоқ.

– Табасың!

– Қайдан табамын, шырағым? Үй өртеніп болған соң от та сөнеді ғой. Өйткені жанатын ештеңе қалмайды. Бәрін тауысып болдыңдар ғой. Енді салықта тыйылмай ма?

– Міне, бұл фашистерге жақ адамның сөзі. Демек жауды жеңуге жәрдемдескің келмейді. Ладно. Онда өкпелеме, ертең милиция ертіп келемін.

Милициядан үрейіміз ұшып қалған. Мен, қарындасым, інім, – бәріміз қосылып ұлардай шуладық.

– Өшір үніңді! – деді Айша бізге. – Тексіз немеге бола көз жасыңды қор қылма. Әкесі жаман еді. Ондай әкеден қандай текті бала туады деп едің. – Одан соң финагентке қаһарлана бұрылды: – Әй, жалақ, әкелсең әкел милисаңды! Мені еттің өтеміне алсын. Мына баланы (мені көрсетіп) майдың орнына алсын. Мына қызды (Құрмашты көрсетіп) жүннің орнына алсын. Мына жәутікті (Батырханды көрсетіп) жұмыртқаның орнына алсын. Ертіп кел!

Финагент сасайын деді. Мастығы тарқап, қамшысын бүктеп мытып ұстап, шегіншектегендей болды.

– Олай сөйле - е - е - меңіз, – деп «сізге» көшті.

– Енді қалай сөйлеуім керек? Қара суды қайнатып май түсірмесем, май жоқ. Мыналардың (бізді көрсетіп) көз жасын тосып, тостағанға құйып, арақ орнына бермесем – арақ жоқ. Іш осылардың көз жасын. Ол – арақтан ащы. Әйда, сонда мас боласың, кәйіп қыласың.

– Тіліңе шоқ түскір, тілің қандай улы еді! – деп, финагент есікті тарс жауып, шығып кетті. Үрей қамаған үйде біз қалдық. Есі кіріп қалған Құрмаш:

– Апа, неге сонша ашуландың? Бәле болатын болды ғой, – деді.

Әлі арыны басылып болмаған Айша:

– Құдай берген жанды – Құдай алады. Бізге жанды Құдай қарызға берген. Қарыздың сүрегі («срок» дегені) қашан бітеді, сонда барып өлеміз. Қорқа-қорқа болдық қой, қараң қалғыр, – деді.

* * *

Мынау сол финагент. Орынбай шалдікі сияқты мұның да екі жағында екі балдақ жатыр. Сірә, сол қырық төрт-қырық бестің қысында, ауданға бара жатқан жолда, қатты боран соғып, адасып, екі аяғы үсіп кетіпті. Өзі де қатып қалатын екен, қойнындағы бір шиша арақ жанын сақтап қалыпты.

Мені танымады. Шетелдік машинамен жүрген өкімет деп, бір қызыл қорапты ұсынды.

– «Мальбородан» да мына «Сөберен» жақсы, – деп қалды.

Темекіні қойып кетсем де, әлгіні қалтама салып, ақшасын төледім.

Содан соң Мыңбұлаққа жеткенше, финагент көз алдымда тұрды да алды.

ТҰРЫМТАЙ

Мадақтасаң да, қарғасаң да Жарық Дүние деген – осы. Жарық Дүниеге ешкім өз еркімен келмейді. Тағдыр айдап келе қалса, оған ата-анасы, жанашыр, жақындары қуанады. Шамасы келсе, тойхана жасайды. Бесік тойы, тұсаукесер тойы, тағы-тағылар өмір бойы жалғасып барып, Жаназамен тәмәм-тауыс болады.

Бірақ Олжабек туғанда, ешкім қуанбапты...

Бесік тойы мен Жаназаның арасы. Тал бесік пен Жер бесіктің арасы. Ол аралықты өлшеп білген ешкім жоқ. Қар кетеркетпестен, мысалы, біздің Мыңбұлаққа, қабаққа, күнгей жаққа, қылтиып-қылтиып бәйшешек шығады. Бір аптадан кейін жоқ! Сәуірдің ортасын ала, төскейде құлпырма қырмызы қызғалдақ жаннаттың отындай жарқырап, жайнап тұрады. Сәуір бітісімен, ол да солады.

Әлем тұрғысынан алғанда, адам өмірі де сондай-ақ. Қыпқысқа. Миллиардты миллиардқа көбейткенде, триллионды триллионға көбейткенде таусылмайтын уақыт, адам байғұсқа неге сонша қытымырлық, пәстік жасағанын кім білсін?

Тым көп жасаған да жақсылық емес шығар. Әр нәрсенің басталуы бар, аяқталуы бар. Басталусыз, аяқталусыз, тек Тәңірі ғана, яғни, Алла, бір Құдай.

Ауылымызда Тұрымтай дейтін бір қыз бар еді. Менен төрт-бес жас үлкен. Бірақ, неге екенін білмеймін, сол тапалтақ, қара домалақ қыз, біздің класта, бізбен бірге оқыды. Есімде қалғаны, апайымыз оны жек көретін. Отырған партасына келіп, дәптеріне үңіледі-ұрсады, тақтаға шығарады-ұрсады. Сөйтсек, үшінші ме, төртінші ме, есімде жоқ, бір класта үш-төрт жыл бойы жылжымай қала беріпті ғой. Оны біздің қуып жетіп, бізбен бірге оқитыны сондықтан екен.

Апайымыз – сұқсырдай бетінде шұбар дағы бар, басынан ақ қыжым орамалын тастамайтын, тым таза, тақуа тақилеттес кісі еді. Өзі Әулиеата жақтан көшіп келген. Әштай дейтін күйеуі әскерге алынып, бізбен бірге оқитын кішкентай қызы екеуі ғана, Салбидің бе, Шахалақтың ба, әйтеуір, біреуінің үйінің бір бұрышында тұратын.

Апайымыздың аты – Седен еді, шайтан алғыр кішкентай, бүлдіршіндей қызының есімі – Әсем еді.

Әсем десе – Әсем еді - ау...

Мектептің жанында Мұса бауы дейтін бау бар. Баяғы менің әкеммен бірге сотталатын Мұса. Әулие Қамқаның баласы, Мүнираның байы.

Сабақтан шыққан соң ба, әлде үзіліс кезінде ме, балалар жүгіріп-жүгіріп, сол бауға кіріп кетеміз. Әсіресе сәмбі талдың арасы жып-жылы ұя сияқты. Ұя бәрімізге жетеді.

Содан әлгі сабақ білмейтін мылқау қара қызға лезде тіл бітеді, Тұрымтайды айтамын. Дереву өзгеріп шыға келеді. Класта топастанып түк білмей отыратын неме, мына жерге келген соң бәрімізге бастық бола қалады. «Үйшік-үйшік» дегенді шығарады. Ойынның бір түрі.

– Ал, тұра қалыңдар. «Үйшік-үйшік», – дейді де, бір қыз бір бала; бір қыз бір баладан қол ұстатады.

Біз түсіне бермейміз. Түсінген Жолдасбек сияқты қулар жымың-жымың етеді.

Сөйтсек, әлі Тұрымтай бәріміздің «шешеміз» болып, ер балаларын үйлендіріп, қыздарын ұзатады екен. Оның да өз күйеуі болуға тиіс, яғни, біздің «әкеміз». «Күйеуі» кім екені дәл қазір есімде қалмапты. Менен шамалы үлкенірек біреу шығар.

«Шешеміз» маған мұғалім апайдың қызы Әсемді «қосады». Оны өзім де жақсы көруші едім. Тек сырттай, әйтпесе мұғалімнің қызы деп жолай бермейсің. Менің түсінігімде мұғалім де бастық. Ал бастық атаулыдан зәрезап болып қалған жағдай бар. Сондықтан, қазір несібеме Әсем тигеніне әрі қуанып, әрі қорқып тұрмын. Қорқатын бір себебім: Әсем басқа қыздардай емес, киім киісі, жүріс-тұрысы бөлек. Өзі сабақты үздік оқиды. Бетінің ақтығы ерекше, сірә. мәрмәр тақылеттес, ұшында қызылы бар. Ал сәл түріктеу ерні шиедей қып-қызыл. Көзі еліктің лағының көзіндей жәудіреп тұрады.

Мінезі тым ашық. Сәл тәлпіштеу. Мұғалім қызына ол мінез жарасатын да шығар. Ауылдың қой мінезді, жуас «шүйкебасы» болса, жасқанбас едім. Оларды тұлымшағынан тартып талай шыңғыртқанмын. Ал мынау...

Мен состиып тұрып қалсам керек. Жайдарман, жарқын жүзді қыз қолымнан тартып, үйшігімізге алып барады. Жан-жағыма қарасам, бәрі де ез «үйлеріне» кіріп кетіпті.

Бұл ағашты бір жерде «Мәжнұнтал» десе, тағы бір елде «Өрімтал» дейді. Біздің сәмбі солардың туысқаны. Бұтасы түзу, шыбығы солқылдақ. Пісте жасыл жапырақтары жұпар шашып тұрғандай хош иісті.

Ал енді сол сәмбілердің түбіне түйежапырақ шығады. Әр жапырағы қойдың терісіндей. Бір-бірімен айқасып, тұтасып қалғанда, киіз үйдің туырлығындай. Астына кіріп кетсең-дайын шатыр. Жаңбыр да өтпейді. Кермек, ащы иісі болмаса, хан сарайындай. Тек талға қонған құстар саңғып тастаған. Содан жасыл жапырақтар ала шұбар.

Сөйтсем, «хан сарайын» жасаулау керек екен. Әсем айтты:

– Мына жерде сандық тұрады, мына жерде кебеже тұрады. Ортаға от жағамыз. Айтпақшы, сен қарап тұрмай қурай теріп кел, – деп, өзі үйдің ішін сыпыра бастады.

«Шыны ма», – деп, сенер-сенбесімді білмей аңқайып тұрғанымда, әлгі «келіншегім» аяғымен жерді тепсініп қалып:

– Неғып тұрсың? Сендей болбыраққа тигенімше, Жолдасбекке шыққаным жақсы еді.

Мен ойын екенін, шын екенін түсіне алмасам да, Жолдасбек дегені жүрегіме найзадай қадалады. Жолдасбек пысық дегені ғой. Көрсетейін мен пысықты.

Ата кеп жөнелдім. Ішім қайнап барады. Баудың қураған бұталарын сатыр-сұтыр сындырып, қолыма жаңқа кіріп кеткеніне қарамай, отынды құшағыма сыймастай қылып үйдім-ай келіп.

– Мә, – деп, әкеліп тастай салып едім, «үйіміздің» ішін түгел басып қалды. Сандық қоятын орын да, кебеже қоятын жер де, асадал қадайтын жер де қалмады.

Қыз таң қалғандай, бетіме ұзақ қарады. Тершіп кеткен бет-аузымды қалтасынан тап-таза орамал алып, сүртіп-сүртіп қойды. Ешкімнен мұндай ықылас көрмеген басым, іш-бауырым елжіреп, жылап жібере жаздадым.

Жаңқа жырып кеткен алақанымды ұстап, тікен қалып қойған жоқ па екен деп үңілді. Содан соң қалақайдың жапырағын жұлып алып, қанаған жеріне басып еді, алақаным ашып, дуылдап қоя берді.

– Намысың бар екен, – деп, қыз бетімнен шөп еткізіп бір сүйді. Сүюге сүюмен жауап беру керек пе деп бата алмай тұрғанымда, қоңырау зарлап қоя берді.

– Ұялшақ, – деді де, қыз еліктің лағындай бір-ақ секіріп, мектепке қарай ұша жөнелді.

Келесі көктемде ғой деймін, біз кластан класқа көштік. Бірақ арамызда Тұрымтай көрінбей қалды. Соңғы кезде бізді «үйшік-үйшікке» де шақырмай, өзінше тұйықталып, мұрнының үсті

қара дақпен ноқталанып, біртүрлі болып кетіп еді. Мұғалім апай оған бұрынғыдай ұрыспай, тақтаға да шақырмай, қыздың ноқталы бетіне ұзақ қарап, басын шайқап қоятын.

Оның не айтпақшы болғанын біз қайдан білейік? Сөйтсек... байғұс қыз сорлап қалған екен. Ерте көктемде туып, күзге қарай шыбыш жасына жетпей, қарны қампыып қалатын ұрғашы лақтар болушы еді...

Тұрымтайды құлақ естімейтін, көз көрмейтін алысқа ұзатып жіберіпті деп естідік. Мойынқұм дей ме, немене?

Айша:

– Жөргегінен қағынған сорлы қар, – деді. – Обалың заманға, – деді.

Басқа ештеңе білмейміз.

Тұрымтайдың кемпір-шал, әке-шешесінің қолында жас нәресте қалды. Ер бала екен. Атын – Олжабек қойыпты. Ә дегенде жан баласына көрсетпей асыраса да, тірі адамды қайтып жасырасың?! Олжабек ер жетті. Жігіт болды. Кемпір-шалды сол асырады. Тұрымтай дүниеде бар ма, жоқ па – ешкім білмейтін. Жұрт мүлде ұмытып кеткен.

Кейін шешесі қаза болғанда келіпті. Қанша дегенмен, анасы ғой. Айналайын, ағайын қызық қой. Баяғыда ғой, Тұрымтай осы елде жүре берсе, адымын аштырмай, табалай берер еді. Небір дерттің бәрін жазатын ұлы уақыт екен. Араға жылдар салып, Тұрымтай ауылға келгенде, шал-кемпір, жеңгелері – бәрі де онымен құшақтасып көрісіп, төбесіне көтергендей, жақын аталастар кезек-кезек үйлеріне шақырып, мейман қылды.

Тұрымтаймен сәлемдеспеген тек Олжабек дейді. Мұзды мұхиттағы ақ аюдың баласына ұқсап, туған анасына түксиіп бір қарап тұрып, бұрылып, мал жайлауға кетіп қалыпты. Танымаған шығар. Әрине, танымайды. Бірақ іші құрғыр сезеді ғой. Сезеді. Бірақ перзенттік сезім жоқ. Сезім өлген.

Ол үшін кімді кінәлайды? Жетім қозы тасбауыр. Соғыстан қалған сорлы тұяқ. Әке жоқ, шеше де жоқ. Бірақ екеуі де тірі.

Тұрымтай Мойынқұмға қайтарда қатты жылады дейді. Бәрібір қайтып кетіпті. Өйткені өлген шалынан тоғыз бала қалған екен. Олжабекті қосса, он болар еді. Бірақ қосарын да білмейді, қоспасын да білмейді.

САНДУҒАШ САНДЫҚ

Қазақтың басты байлығы – мал. Малдың басын құрап, көзін тауып, ерінбей-жалықпай еңбек еткендер бай болды. Еңбекпенен құт келеді. Құт келген үйден жұт кетеді.

Бірақ құт пен жұт – күн мен түн сияқты көне күндес. Бірін-бірі кейде жығып, кейде жығылып, аңдысып келе жатқан жуыспас, туыспас құбылыс.

Бабамыз Бердімбет бай мен арғы анамыз Күнікей бәйбіше құт қонған жандар екен. Жұтқа ұшырады ма, ұшырамады ма - о жағы маған беймәлім.

Бірақ селдіреген байлықтың шетін жас бозбала әкеміз Мұртаза мен оның інісі Әміреқұл көрсе керек. Міне, бұлар шын жұтқа ұшырады. Табиғаттың толағай, толайым жұты емес. Жо - жоқ. Дөрекі, зорақы жұт.

Бірінші рет – Кеңес өкіметі орнаған жылы бір сыпырған. Екінші рет – жиырма сегізінші жылы басталған кәмпеске. Бұл жолы тәркілеу тұлдыр қалдырмай кеткен де, әкеміз жүген ұстап, қара жаяу қалған. Бақ пен сордың арасы бір-ақ қадам деген сонда болған.

Дегенмен үрлеп ішіп, шайқап төккен байлықтың сарқыт-сарқыншағын мен өз көзіммен көріп, өз қолыммен ұстадым. Соңғысын өз қолыммен қираттым. Ол былай болды.

Мұртаза мен Әміреқұл соңғы кәмпеске жалмауыз шегірткедей жайпап келе жатқанда, бір киіз үйді, бір әбдірені

(сандықты), бір кебежені, бір тігін мәшинесін Бегалының бұзылған қорасының іргесіне көміп, жасырып үлгеріпті.

Мал болса, жерге көміп жасыра алмас едің. Көрдіңіз бе, дүние-жиһазды басқа елдердің байлары неге көп жиятынын? Мысалы, жанымызда отырған өзбек байлары малды мыңдап, мыңғыртып бақпайды. Тіллә! Тіллә, яғни алтын жинайды. Әуелі – жай салады. Бау-бақша өсіреді. «Сарт байыса, там салады, қазақ байыса, қатын алады» деген сөз содан қалған.

Сонымен, әлгі бізге, Айша мен үш жетімге мирасқа қалған алты қанат ақ киіз үй, былғарымен оюлап қаптаған кебеже, киім тігетін аяқ мәшине және зерлі әсем сандық не болды дейсіз ғой?..

Киіз үйді Жуанқұл тартып алып, тракторшыларға қос тігіп беріп, ақ киізді қара май тулаққа айналдырды. Кебежені Айша жан қысылғанда бір қап тезекке айырбастады.

Ендігі қалғаны – зер сандық пен аяқ мәшине. Мәшинені Айша шөптің арасына құрым киізге орап, тығып тастайды. Бізге көйлек-көншек тігерде ғана, түңделетіп шығарады. Ал сандық төрде тұр. Бірақ жарқыратып қоймайды. Оны да көнетоз алашамен жабулап, жасырған болады.

Киіз үйден басқасын, Ұзын Дембай деген бай саудагер атамыз баяғыша Ресейден ба, әлде Хиуа, Бұхардан ба – алыстан алып келген. Өйткені ол жаққа Бердімбет байдың малын айдап барып сатқан ғой.

Мені қызықтыратын – сандық еді. Алашаны түріп қойып, бетіндегі түрлі-түрлі оюларына, суреттеріне, зер жалатқан сызықтарына қарап, саусағыммен сипалап отырар едім. Әсіресе кішкентай кезімде. Сондықтан бетіндегі ою, суреттерден түсінгенім: өсімдіктің жасыл жапырақтары, сол жапырақтар арасындағы кішкентай әдемі құстар. Кейін ойласам; сірә, бұлбұл болар.

Ал кілт бұралғанда шығатын саз – сол бұлбұл үні.

Сандықтың сыртқы әдемілігінен өзге тағы бір сыры бар. Мен білмеген, мен еш жерден естімеген күй тартады. Айша кілт салып ашқанда ғана, құлаққа жағымды нәзік музыка ойнап сала береді. Бірақ кілт менің қолыма тимейді. Тие қалса, сол сиқырлы музыканы тыңдап отыра берер едім. Кілт де үлкен, басын оюлап тастаған, тістері қисық-қыңырлау. Оны Айша бұрымының ұшына байлап жүреді. Айшаның қазіргі шолпысы – сол кілт.

Бұрын бұл сандықтың ішінде қымбат заттар сақталған шығар. Оны мен көрмедім. Менің көргенім: қазір бұл сандықтың ішінде азын-аулақ құрт бар. Содан кейін тәтті бар. Қант дейтін қант емес, науат дейтін науат емес. Екеуінің арасындағы дүбәра. Бірақ шырын.

Күзде қызылша жиын-теріні біткенде, колхоз еңбекақыға бір қапшықтың дәресіндей құмшекер берген. Құрғақ құмшекерді шайға сала бергеннен гөрі, тиімді деп, бұл ауылдың қатындары, әлгі құмшекерді қазандағы сүтке салып қайнатып, қатырып алады. Яғни, қатырма шекер. Сірә, бұл үнемді, тиімді болса керек. Оны сандыққа салып қояды. Айшаның кілтті бізге ұстатпайтыны сондықтан.

Сандықтың тек суретіне ғана емес, сиқырлы күйіне ғана емес, әсіресе ішіндегі тәттісіне құмармын.

Шіркін, сол әбдіре сақталғанда, қазір ол ең беделді мұражайдың сәні болуға жарар еді. Амал не... Кім білген оның қадірін. Бабамнан қалған көз еді деп, ата тегінді ұмытпас едің ғой. Ата тегін ұмытқан имансыз мәңгірттер қайдан шығады? Атадан қалған мұраны қастерлемеуден шығады. Бірақ біздің заман, біздің мектеп, біздің университет бізге білім беруден гөрі, сол ата-бабаны мүлдем ұмыттырып жіберуге тырысып-ақ бақты ғой.

Шатақ сандықтан емес, сандықтың ішіндегі қанттан шықты. (Егер «қант» деуге жараса). Сол баяғы Мұса тоғайы. Тамыздың

аяғы. Тал – дарақ ұзатылатын қыздардай сыланып, жасыл желегін желбіреткен кез.

Каникулге шығардың алды. Каникулде басқа жердің балалары сияқты пионер лагеріне бармаймыз. Лагерь дегеннің не екенін де білмейміз. Біз колхоздың жұмысына барамыз. Тасбеттің қамшысының астында қаламыз.

Сірә, балалар ақылдың тасқындығынан емес, тірі жан түйсігінің түртпегімен, «біз әлі баламыз ғой, балаға тән заңдылықпен ойын ойнайық та» деген тығылма түйсік арқылы Мұса тоғайға жиналғанбыз.

Кейін ойласам, бұл бабалардың бабалары бізге қалдырған өсиеттің бір түрі екен. Ойын арқылы: «сен болашақ азаматсың, от басыңның иесісің немесе алтын дiңгегісің, болашақ анасың, болашақ әкесің» деген ұғым білдіреді екен. Әсіресе қыз бала жағы бетегеден бойы аспай жатып, неге шиден қуыршақ жасап, оны киіндіріп, оған сүт беріп, ұйықтатып, неге сонша әлек болады? Ол мұның ойын екенін ұмытып кетіп, ынтышынтысымен, жан-тәнімен беріліп істейді. Үш-төрт жастағы қыз балаға мұндай түйсікті кім береді?

Күркешеміз түйежапырақ. Бүлдіршіндей әдемі Әсем иман – жапыраққа топырақ илеп, «нан» пісіреді. Меңдуананың қауашағын тазалап, тостаған жасайды. «Шәй» дайын, «нан» дайын.

– Қап, қант болмай тұрғаны-ай, – дейді Әсем.

– Міне, құмшекер, – деймін мен арықтан бір уыс құм әкеліп. Әсем қолымды қағып жіберді. Құм бетіме шашырады.

– Осындай да шекер бола ма екен? – деді.

– Е, неге болмайды? Сенің «нан» деп пісіргенің балшық, «шәй» дегенің – жай су. Сонда құм неге шекер емес?

– Тәттінің жөні бөлек. Ол шын тәтті болуы керек.

Сонда ойыма сарт ете түсті: оу, біздің сандықта тәтті бар ғой. Аздап, әшейін ойын үшін аздап алсам, Айша сезе қоймас. Бірақ кілт жоқ қой. Кілт Айшаның бұрымының ұшында. Өзі қызылшада. Дәл қазір жұдырықтай бір қант сындырып әкелсем, мына қыздың алдында кәдімгідей кісі болып қалар едім-ау.

Жанымда тұрған бір түп меңдуананың қауашағын үзіп алып, қақпағын ашып, ішіндегі әлі піспеген дүмбілез дәнін алақаныма салып:

– Міне, шекер! – дедім Әсемге жерден жеті қоян тапқандай.

Қыз бетіме қарап тұрды да, өз саусағымен өз шекесін бұрғылап:

– Есің дұрыс па? Меңдуана – у ғой, – деді.

Аздаған абыройдан әбден айырылып қалғандаймын. Енді бұл қыз мені жек көріп кетсе, Жолдасбек арам қутыңдап қолына түсіріп алуы оп-оңай.

Жолдасбекті ойлағанда, ішіме шоқ түсіп кеткендей селк еттім. Бұл асау қызға қайтсем жағамын?

Тәуекел!

– Мен қазір... – деп, үйіме қарай тұра жүгірдім. Абырой болғанда, Құрмаш пен Батырхан Баянның үйі жағында жүр екен.

Келе салып, бір жуан шеге тауып алып, алашаны түріп тастап, сандықтың кілттігіне әлгі темірді сұғып жіберіп, ары-бері ырғап көрейін. Шеге музыкалы тілшілікке тиіп, сыңғыр-сыңғыр етеді, бірақ нағыз кілт салғандағыдай сайрамайды. Шеге бір кедергіге тірелгендей болады, бірақ одан ары жылжымайды.

Ай, қара терге түстім-ау. Мұса тоғайға құрқол қайтып бару мен үшін өліммен тең. Әсем: «Неге кеттің, неге келдің?» – деп сұраса, не деймін?

Сандықтың аузын балтамен ұрып, талқандағым келіп кетті. Онда шын өлгенім. Айша тірі болса, кешке үйге келеді.

Жүгіріп барып, қобдишадан кемпірауыз тістеуікті алып, шегені сонымен бұрай бастадым. Күйші тілшік «зың-зың» етті де, бір кезде бірдеңе шарт етіп, сынды да кетті. Шегені тағы салып, ары-бері ырғып едім, дыбыс жоқ. Бұрынғыдай сыңғырламайды.

Сөйтсем, сорлы басым, сандуғаш сандықтың тілін жұлып алыпшын. Болат тілшік сынып кетіпті. Сандуғаш мәңгі-бақи үнсіз қалды. Сайрамайды.

Ойында нем бар? Қызда нем бар өле алмай жүріп?!

Сандықтың тілі емес, өзімнің тілім жұлынғандай болып, сол қызға қайтып бір ауыз сөз айта алмадым. Өсе келе де сол мінезім қалмады-ау деймін. Әйел баласына сөз айтуға келгенде, ойымдағы небір әдемі сурет, әсем теңеу аузымнан шыққанда қожырап, әсерсіз, әрсіз, өңсіз, өлі балықтай былқ-сылқ етеді де қалады.

Сандуғаш сандықтың жазыры шығар...

ШОЛАҚ СИЯҚҰЛ

Көктемнің көкөзегі. Жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілер шағы. Қой Мүрделі сайдың басында, ақ шидің арасында жайылып жатыр.

Шолақ Сияқұл екеуміз ескі томарлардың үстінде шоқиып-шоқиып отырмыз. Арқамызда – Тәңіртау, алдымызда – Қаратау. Қаратаудың бер жағында, Теріс өзенін бойлап пойыз кетіп барады. Ылдидағы пойыз өрдегі бізге жұлдызқұрт сияқты болып көрінеді. Жүрісі мимырт сияқты. Кім біледі, пойыз да зорығатын шығар. Жүгі ауыр ғой.

Шолақ Сияқұлдың көзі жасаурап тұрады. Ылғи, үнемі жасаурап тұрғандықтан, дәйім де жас жуып тұрғаннан болар, көздері жәудір. Сәбидің жанары сияқты тап-таза. Жалғыз

қолымен төс қалтасынан мүйіз шақшасын алады. Қос саусағымен шашақты қайыс тығынын суырып, шақшаның сүйір басын астыңғы ерніне тақап тұрып, насыбай салады. Жалғыз қолмен шақшаны қайта тығындап, қайтадан көне гимнастерканың төс қалтасына салып, түймелеп, орнында ма дегендей алақанымен сипалап қояды.

Содан соң күлімсіреп, сақал-мұртын сипап:

– Осы пойыз болмаса, мен елге жете алмас едім, – дейді.

– Соғыс сонда сонша алыста ма? – деймін мен Шолақ Сияқұлдың әңгімені өзі бастағанына қуанып.

– О - о, – дейді Шолақ Сияқұл, – жердің түбі. Мысалы, мен Лейлінградтың түбінен қайттым. (Ленинград дегені). Лейлінградтан осы біздің Боранды-Бурныйға дейін тура бір ай жүрдік қой.

– Онда әлі соғыс болып жатыр ма?

– Қайда?

– Ленинградта?

– Лейлінградтан пәшістерді қудық қой тырқыратып. Сол қуып бара жатқанда Волху (Волхов дегені) деген жерде маған снаряд тиді ғой.

Осыны айтып, Сияқұл сол қолымен оң қолының орнын сипалайды. Қол орнына гимнастерканың қуыс жеңін уыстады.

– Осы қолым сонда қалды.

– Снаряд деген қандай болады?

Шолақ Сияқұлдың жәудір көзі шақшиыңқырап, сұстанып шыға келді.

– Снаряд? Не десем екен? Кәдімгі келісап бар ма? Дәл соның басындай.

– Апыр-ай, тағы да болса талқандап кетпеген екен, – деймін әрі таң қалып, әрі үрейленіп. Шолақ Сияқұл маған қарайды. Содан соң шарбы бұлт шалықтаған көкпеңбек аспанға қарайды.

– Әуелі Құдай. одан соң аруақ сақтады ғой, – деп ескі зират жаққа бұрылады.

Осы сайдың басында ескі зират бар. «Мүрделі сай» деп атайтыны сондықтан. Онда Сияқұлдың әкесі, бабасы жатыр. Менің бабам Бердімбет те, әжем Күнікей де сонда. Бұрын олардың басында арабша жазуы бар көк тас болады екен. Кейін топырақ басып қалды ма, әлде бір имансыз алып кетті ме – жоғалып кетіпті.

– Снаряд тиердің, алдында окопта жатып түс көрдім, – деді Шолақ Сияқұл. – Түсімде бір ақ шолақ қасқыр арс етіп шапшып, оң қолымды жұлқылап жатқанда, әкем келіп қорқауды таяқпен ұрып, мені ажыратып алды. Содан окопта сыз өтсе де қатты ұйықтап қалған екенмін, шошып ояндым. Әлгі түсімді түсіне алмай, мең-зең болып біраз отырдым. Сол-сол екен: «Атака!» – деген айқай шықты. Атып-атып тұрдық. Окоптан шыға салып, «уралап» ұшып барамыз. Адам айтып болмас аласапыран. Жан-жағымдағы солдаттар мүрттай ұшып құлап жатыр. Бұрылып қарауға да мүрша жоқ. «Е, Алла!», «Иә, Аруақ!» – деп, салып ұрып келе жатқанда, көзімнің оты жарқ ете қалғанын білемін. Ары қарай түк есімде жоқ. Сөйтсем, госпитальдан бір-ақ шығыпшын...

Шолақ Сияқұл шақшаға тағы қол салды. Насыбайын атып алып, қап-қара сақал-мұртын тағы сипап қойып:

– Әні, інішек, менің бүйтіп жәрбиіп сенің қасыңда отырғаным: әуелі Құдай, одан кейін аруақтың арқасы, – деп жалғыз қолымен менің шашымды ұйпалақтап қойды, – Жаңа өзің айтқандай, әлгі снаряд сәл кеудеме таман тисе, талқандап-ақ кетер еді ғой. Жоқ, содан сәл бұрын марқұм әкем аян берді: оң қол кетті, жан қалды.

Шолақ Сияқұлға көмекші (сақманшы) болғаныма ризамын. Тасбет Сияқұлға қой қоздар кезде сақманшы болады деп мені мектептен сұрап алған. Айша:

– Осы сенен басқа бала құрып қалып па?! – деп арқаланып келе жатты да, артынша:

– Мейлі, барсаң бара ғой. Шолақ Мияқұл сені ренжітпес. Қойдың сүтін ішіп, ішегің ағарар, – деді.

Бұл ауылдың әйелдері қайнаға, қайындарының атын өстіп бұрмалап айтатын әдеті. Сияқұл десе ұят, Мияқұл десе жарасады.

Айтса айтқандай, қойды өрісте католекке сауып, от жағып, тас қыздырып, қызған тасты сүті бар католекке баж еткізіп тастап жібереміз. Сәл суытып, Шолақ Сияқұл екеуміз кезек-кезек ішеміз. Нансыз болса да тамақ.

– Соғыстан оң қолдың орнына осы католекті байлап қайттым, – деп қояды Шолақ.

Жамырай, жаппай туып жатқан қой жоқ. Күніне үш-төртеуі қоздайды. Соған сақ болсаң болды, басқа алып бара жатқан жұмыс шамалы.

Бір күні:

– Аға, сізге орден бермеді-ау? – дедім қарап отырмай. Баламын ғой, әйтпесе ондай сұрақ дуайтпаптау ғой. Жарасының аузын тырнайын деген ниетім жоқ, бірақ абайламай аузымнан шығып кетті.

Шолақ Сияқұл жасаурап тұратын мөлдір қара көздерін Қаратауға қадады. Үндемей отырды да:

– Інішек, соғыста байтал түгіл бас қайғы. Орденге ұсынған көрінеді. Кәмәндір айтқан, сен геройсың деп. Бірақ мен соның соңына түспеппін, тегі.

– Сұрау салсақ қайтеді? Ұсынса, сізге орден жазылған да шығар. Адасып қалған шығар. Ондайлар аз ба?

Шолақ Сияқұл әуелі сақалы шошаңдап күліп жіберді. Лезде күлкісін тья қойып, бетіме үңіле қарады.

– Әй, осы сен бірдеңе білесің-ей, – деді. – Оқуың қалай өзі? Хат жаза аласың ба?

– Е, хат жаза алмай не бопты? Биыл бесін бігірейін деп қалдым ғой, – дедім мен шамданыңқырап.

– Е, бәсе, Мұртаза көкем молда кісі еді ғой. Әсіресе Әміреқұл ағамыз, ой, қыса оқығанда, шіркі - і - ін, майын тамызушы еді-ау. Сен соларға тартқансың ғой. Ай, айтпақшы, хат жазсақ қайтеді?

– Қайда?

– Өкіметке.

– Сталиннің өзіне ме?

– Стәлін жолдастың қолы тие бермес. Осы орденнің бастығы Кәлінін деуші еді ғой. Соған. Қалай? Жаза аласың ба?

– Жаза аламын. Тек сіз айтып отырыңыз.

– Онда жарайды. Болса болар, болмаса біздің неміз кетіпті. А? Жазып көрейік.

Сонымен, күн бесін ауа қойды айдап, жаңа туған қозыларды салпаң құлақ көк есекке артып алып, қораға қайттық. Әпуза жеңгеміз:

– Бүгін ерте қайттыңдар ғой. Мен күн әлі ерте шығар деп отқа шәйнек қоймап едім, – деп, қазан-аяқ қамына кірісті.

Шолақ Сияқұлдың екінші класта оқып жүрген Сейіткерім деген баласының дәптерінің қақ ортасынан екі парақты ажыратып алып, хат жазуға кірістік. Екеуіміз аласа, дөңгелек үстелдің басында отырмыз. Шыны сауытта іріңкіреп кеткен кек сия бар екен. Ручканың перосы «86» екен. Қағазды тырнап жазады. Соны жөнге келтіріп біраз отырдық. Терезесі көздей, ыс басқан аласа үйдің іші қараңғы тартқан соң, Әпуза шишасыз шырағанды бықсытып, сықситып жағып қойды. Түтіні қолқаны қабады. Әпуза:

– Немене, екеуің тегі ыздыбса қалыпсыңдар, – деп қағытты.

– Бар, бар. Барпылдамай өз ісіңді біл, – деп, Шолақ Сияқұл шаруа алдында сызданып алды.

Шолақ Сияқұл соғыстан қайтқан селдір-саяқ солдаттардың бірі ғой. Алдымен белі бүкшиіп Өскенбай келді, одан соң бармақтары сексеуілдің жігеріндей бырысып-тырысып Сәмбет келді. Контужин алып, Төреқұл келді. Тізесінің қақпағын оқ тескен оң аяғы бүгілмей, серейіп Жорабек келді. Әсіресе соның

жүрісі қызық: алдымен оң аяғын серейтіп, жаны жоқ бөтен заттай лақтырып алға тастайды, сол аяғы оны содан кейін барып қуып жетеді.

Қағаз-қаламды дайындап, Сияқұл не айтса соны жазайын деп мен отырмын. Ол қуыс жеңін сол қолымен уыстап алып:

– Жаз, – деді. – Аса қадірлі, алтыннан ардақты, күмістен салмақты Кәлінін жолдас!

– О кісі қазақша түсіне ме? – дедім мен күмәнданып.

– О, ол кісілер барлық тілді біледі ғой, әйтпесе патша бола ма?!

Ішімнен: «Шыннан біле ме екен?» десем де, Сияқұлдың айтқанын бұлжытпай қағазға түсірдім.

Сияқұл жазуыма үңіліп қарады да:

– Қолың жақсы сияқты. Оқышы, кәне, – деді.

Мен оқып бердім. Айтқанын сөзбе-сөз қағып алғаным риза болғандай, жалғыз қолымен арқамнан қағып қойды. Бұл менің бірінші алған «қаламақым».

– Ары қарай, – деді Сияқұл тамағын қырнап, жөткірініп алып. – Мен майданнан қайтқан солдатпын. Аты-жөнім: Асанов Сияқұл. Дәкументте солай. Бірақ қазір мені ауылдағылар «Шолақ Сияқұл» дейді. Неге дейсіз ғой? Неге десеңіз, мен мың да тоғыз жүз қырық бірінші жылы армияға алынып, майданға аттандым. Тілерсектен қан кешіп жүріп соғыстым. Айтпақшы, сіздің атыңыздағы қала түбінде, демек Кәлінін қаласының түбінде айқасқа түстім. Санын дәлдеп айта алмаймын, талай пәшісті жер жастандырып, жаһаннамға аттандырдым. Содан Лейлінград түбінде, Волху майданында қатты шайқас болып, сол жерде оңбай жараландым. Он қолымды снәрәт жұлып кетті. Сөйтіп, автомат ататын, грәнәт лақтыратын қолдан айырылып, шүкімәйт болып қалдым.

Осы жерде менің қаламұшым қағазға тіреліп қалды.

– Не болды? Жазбай қалды ма? – деді Сияқұл.

– Шүкімәйт деген не?

Сияқұл көзі жасаурап, жалғыз қолымен қап-қара шоқша сақалын саумалап, күлді.

– Ой, мен сені білгіш пе десем... шүкімәйтті білмейсің бе? Қасқырдың асығы ғой.

– Иә, біз қойдың, ешкісін асығымен, кейде сиырдың топайымен ойнаймыз ғой. Қасқырдың асығын көрген емеспін.

– Көрмесең, қасқырдың асығы жартыкеш болады, алшы жағы бар, тәуке жағы жоқ, – Міне, мына мен сияқты. Бір қолым бар, бір қолым жоқ. Содан мен де жартыкеш болып көрінемін. Байқамайсың ба?

– Бос жеңіңізді жан қалтаңызға тығып жүрмесеңіз, байқалмайды.

– Жеңі құрғыр желбірей берген соң тығамын дағы, әйтпесе сән үшін дейсің бе. Кәне, ары қарай тарт. Қай жерге тоқтап едік?

– «Шүкімәйт болып қалдым».

– Иә, содан мені енді соғысқа жарамайсың деп еліме қайтарды. Елім – Қазақстан, бұрынғы Әулиеата, қазіргі Жамбыл облысы, бұрынғы Түлкібас, қазіргі Жуалы ауданы, бұрынғы Мыңбұлақ, қазіргі Талапты колхозы. Мен кетерде үлкен кәмәнді айтқан: «Сен, Асанов, ерлік көрсеттің, батыр екенсің, орденге ұсынамын», – деп.

Аса құрметті, қадірменді ақсақалымыз Кәлінін жолдас! Менің сол орденім қайда болды екен? Ауылдағы балалар менің орденім бар десем, сенбейді. Көзіме айтпаса да, сыртымнан: Асанов Сияқұл бір қолын берсе де, бір орден ала алмапты ғой деп күледі. Сондықтан егер мүмкін болса, менің орденімді Жуалы военкоматына жіберсеңіз екен. Шынында да, менің бір қолым бір орденге татымағаны ма? Осы намыс өлтіріп барады. Мен түсімде екі қолым бүтін, ұдайы соғыста жүремін. Ал оянып кетсем – оң қолым жоқ! Сипалаймын – жоқ.

Қазір елге келген соң да қарап жатқан жоқпын.

Жалғыз қолмен қой баққан қиын, әрине. Осы өткен қыста қасқыр шапты. Жалғыз қолмен жуан таяқпен бастан ұрып, әлгі

қасқырды соғып алдым. Соны көріп ауылдағылар: «Сен шынымен батыр екенсің, пәшістерді қырғаның, орден алғаның рас екен», – деді. Рас дейін десем, омырауымда орден жоқ.

Аса құрметті Кәлінін жолдас! Менің осы өтінішімді аяқсыз қалдырмасаңыз екен. Деніңіз сау болып, Стәлін жолдастың басшылығымен жүз жасауыңызға тілектес – майдангер Асанов Сияқұл. 4-сәуір, 1944 жыл.

– Басынан бастап оқып шықшы, – деді Сияқұл.

Мен мектепте тақпақ айтқандай тақылдатып оқып бердім.

Сияқұл көзі күлімдеп, қуанып, риза болды.

– Әй, Әпуза, шәй әкел! – деп айқайлады.

* * *

Сол жылы күзде тағдыр мені туған ауылдан жел айдаған қаңбақтай ұшырып алып кетті. Арада көп жыл өтіп, мен студент болып жүргенімде, жазда демалыс алып, ауылға келдім. Шолақ Сияқұл қой баққанын қойып, пенсияға шығыпты. Мен келді дегенді естіп, әдейілеп іздеп келді. Жалғыз қолымен мені қапсыра құшақтап, тұла бойы дір-дір етіп, көкірегі сырылдап, көпке дейін ажырамай тұрып алды. Сол жақ жан қалтасынан кіршендеу орамал алып, жасаураған көзін сүртті.

Отырдық. Хал-жай сұрастық. Бір кездегі қап-қара сақал-шашына ақ кіріп, бурыл тартыпты. Қайта-қайта: «Айналайын, інішек» дей береді. Шәй ішіп болған соң шаруасын айтты.

– Інішек, баяғы екеуіміз Кәлінінге жазған хат есінде ме? – деді.

– Иә, есімде.

– Есінде болса, сол хатқа жауап болмады. Борандыдағы поштаға өз қолыммен зәкәзнәй қылып-ақ салып едім, қызынды... жауап болмады. Көп ұзамай Кәлінін өліп қалды деп естідім. Сірә, сонда сенің айтқаның рас болды-ау деймін, қазақша хатты түсінбеген шығар. Қош. Мейлі, ол өтті-кетті. Енді жағдай мынадай болып тұр, інішек. Пенсияға шықтым ғой. О

басында бірінші группа деп берген. Енді осы біраз күн бұрын қайтадан кәмесия қарап, екінші группаға түсіріп тастады. Осы жайды айтып, қазіргі бастық Вәрәшіловке арыз айтсам ба деп едім. Сен оқуың жүйрік қой, өзің Мәскеуде оқисың. Бұл жолы қазақша емес, орысша жазсаң, Құдай бұйыртса, бірдеңе шығады-ау деймін. Енді орысшаға әбден жетік болдың ғой. Хат жазып бер.

– Жарайды, – деп, қолыма баяғыдай емес, автоқалам, әдемі ақ қағаз алып:

– Ал айта беріңіз, – дедім.

– Оу, інішек, мен орысша айта алмаймын ғой.

– Қазақша айта беріңіз, мен орысшаға аударып жазамын.

– Онда «бісміллә» деп баста. «Аса құрметті, алтыннан ардақты, күмістен салмақты Вәрәшілов жолдас! Жаздың ба? Мен Асанов Сияқұл, Волху майданында ерлік көрсетіп, соғысып жүріп, оң қолымнан айырылдым. Оң қолымның топшысынан тұқылы ғана қалған. Кәмесия бірінші группа берген. Енді жақында жаңа кәмесия шығып, қолымды қайта қарап, сәнтиметрлеп өлшеп, екінші группаға түсіріп тастады. Сонда қалай? Менің снәрәд жұлған қолым, енді мен қартайғанда, қайтадан өсіп шығып жатыр дей ме екен, қызыңды...»

– Оу, Сәке, Ворошилов жолдасқа мұндай боғауыз сөз жазуға болмайды, – деймін мен автоқаламды қоя салып.

– А - а, солай ма? Қайдан білейін қызыңды... ауыз қалып алып кеткен ғой. Әйтпесе, боқтағаным емес бұл.

– Жарайды. Ары қарай айта беріңіз.

– «Солай, Вәрәшілов жолдас. Топшысына таяп жұлынған оң қолымның тұқылы, әсіресе күн бұлттанса, әлі күнге дейін сырқырап, қақсап ауырады. Ал біздің Жуалының ауа райын өзіңіз білесіз ғой, жиі-жиі қабағы қарс жабылып қалады...»

– Оу, Сәке, Ворошилов жолдас Жуалының ауа райын қайдан біледі? «Білесіз ғой» дейсіз. Қайдан біледі?

– А - а, солай ма? Патша болғаннан кейін бәрін көріп-біліп отыратын шығар дегенім ғой. Онда ол жерін жазбай-ақ қой. Жаз ары қарай: «Аса құрметті Вәрәшілов жолдас! Біздің военкоматты Мәскеуге шақырып алып ұрсыңыз. Батыр майдангер Асанов Сияқұлды неге ренжітесің деп мәшкесін беріңіз. Миың бар ма өзіңнің деңіз, Волху майданында қалған, алдақашан шіріп кеткен көл, Асанов Сияқұлға тіріліп келіп, қайта біткен жоқ қой деңіз. Тіпті, анау шанышқылы Әзімханның қолы сияқты шынтағынан қырқылса, протез салып алар еді. Ал Асанов Сияқұлдың қолы протез жалғауға келмейді ғой деңіз. Ай, бір ұялсын, қызыңды... военкомат.

– Оу, Сәке, тағы...

– А - а... онысын жазбай-ақ қой. «Сонымен, менің арыз жазып айтарым: маған бірінші группамды қайтарып берсін. Айтпақшы, баяғыда, сол Волху майданында кәмәндір маған орден беріледі деген. Сол орденнен әлі хабар жоқ. Осы арызым Кәлінінге жазған бұрынғы хатымдай жауапсыз қалмасын. Жауап бермеп еді, Кәлінін өлді де қалды. Сіз де...»

– Оу, Сәке, өйтіп айтуға болмайды.

– А - а... солай ма? Қайдан білейін, қыз... Қойдым, қойдым. Осымен хат тәмәм.

* * *

Ақыры, орденді де ала алмай, «бірінші группасын» да ала алмай, нағыз жауынгер, батыр майдангер Асанов Сияқұл дүниеден өтті. Анда-санда Мыңбұлаққа барғанда көңілім Шолақ Сияқұлды іздейді. Енді ешкім маған хатта жаздырмайды. Бәрі сауатты. Әңгімелесіп, сыр айтатын да адам сиреді...

АЙ ТОЛҒАНДА АБАЙ БОЛ

Ақыл деген асылды Құдай адамдарға тең үлестірмеген. Өмірді де теңдей етіп бермеген. Марқұм болғандар бәрі бірдей бір тиянақты, айталық, бәрі бірдей жетпіске жетіп өлмейді ғой. Біреу ерте, біреу кеш дегендей. Тіпті дүниеге келер-келмес кетіп қалатындар бар, жүзге жетіп жығылатын бар.

Ақыл да сондай: біреуде аз, біреуде көп. Ал басым көбінікі – орташа. Ақылы тым көптер де, тым аздар да, орташалар үшін қалыптан тысқары. Ақылы көптер де жыңды, ақылы тым аздар да жыңды. Орташалардың ұғымы сондай. Орташалар басым көпшілік болғандықтан, олардың пікірі үстем. Көп қорқытады, терең батырады. Ғылыми тілмен айтқанда: «аномалия». Яғни, халыққа дағдылы қалыптан шығып кеткен. Алла-Тағала адамдардың бәрінің басына нөктаны бір қалыптан шығарған да, ал сол бастың ішіндегі миды әрқилы жаратқан.

Біздің ауылда да сондай бір «аномальный» адам болды. Жексенбай әулетінен еді. Бұл әулет тұқымы мол, әулетті ата. Тек соғысқа дейін. Соғыстан кейін...

Солардың бірі – Иса атты бозым жігіт еді. Иса бізге есептен сабақ берді. Сонда ол көп болса техникум, яки училище бітірген шығар. Институтта оқымаған. Ал есепке келгенде, Эйнштейн дер едім. Ол Эйнштейннің кім екенін де білмеуі мүмкін. Бірақ сол ұлы адамның туысы сияқты.

Бізге шамалы-ақ уақыт сабақ берді. Әйтеуір, өз басым одан жарты-ақ жылдай оқыдым. Бесінші класта. Егер оныншыны түгел соның алдынан оқып шыққанымда, мен де математик болар ма едім, кім біледі...

Ол программа, бағдарлама дегенді мойындамайтын. Оқыту тәсілі, әдістемесі мүлде басқа. Мысалы, мені тақтаға шақырады:

– Мұртаза баласы Барсхан! Тақтаға! – дейді.

Шығамын. Қаршыға көз, бүркіт тұмсық, сұсты кісі. Ұзын бойлы. Бір қырым артық еті жоқ, сымдай тартылған, сұлу адам. Бірақ сұсты.

– Қай жылы, қай күні туылдың? – дейді бірінші сұрағы.

– Мың тоғыз жүз отыз екінші жылы, жиырма сегізінші қыркүйек, – деймін мен.

– Қай сағатта?

– Оны білмеймін.

– Білмейсің. Әкең сауатты кісі болатын. Жылың, айың, күнің дұрыс. Бірақ сағатын, минутын жазбаған. Қазақ секунд, минут, сағат тұрмақ, күнге де, айға да, жылға да мән бере бермейді. Кеңістік пен еркіндіктің арқасы. Мейлі, сағатты шартты түрде алайық. Айталық, Айша жеңгеміз мың тоғыз жүз отыз екінші жылы, қыркүйектің жиырма сегізі күні, кешкі сағат жетіден жеті минут өткенде босанды делік. Ал, – деп маған шұқшияды, көздері кірпік қақпайды. – Дәл осы қазір қай жыл, қай ай, қай күн, қай сағат, қай минут?

– Дәл қазір, – деп терезеге қараймын, балаларға қараймын. Олар жым-жырт. Тырс етпейді. Басқа мұғалімнің сабағында шошаңдап отыратын немелер қазір құлаққа ұрған танадай. – Дәл қазір мың тоғыз жүз қырық төртінші жыл, жиырма сегізінші сәуір... Сағатын, минутын білмеймін. Сағатым жоқ – деп білегімді көрсетемін.

– Жарайды. Сағатың жоқ. Ал жалпы қолға сағат тақпаған жақсы, – дейді Иса мұғалім.

– Сағат таққан қолдың неге ұқсайтынын білесіңдер ме? – деп балаларға қарайды. Ешкім жауап бермейді. – Білмесеңдер, сағат таққан қол, қарғыбау таққан итке ұқсайды. Жарайды, – деп маған бұрылады. – Ал Мұртаза баласы Барсхан, сен туған мың тоғыз жүз отыз екінші жыл, жиырма сегізінші қыркүйек күнгі, кешкі сағат жетіден жеті минут өткеннен бері, қанша жыл, қанша ай, қанша күн, қанша сағат, қанша минут өтті? Міне, дәл қазір!

Ал шығарып көр! Табан астында минуты, сағаты, күні тұрмақ, жылын бірден айту қиын. Ішімнен мың тоғыз жүз қырық төрттен мың тоғыз жүз отыз екіні алғанда...»

– Он екі жыл... – деймін.

Мұғалім басын шайқап, терезеден Тәңіртауға, одан да асыра аспанға қарайды. Менің осы мұғалімге таң қалатыным: ұдайы аспанға қарап, өзінше аузы жыбырлап, өзінен-өзі күбірлеп, көзге көрінбес әлдекімдермен сөйлесіп жүреді. Міне, қазір де аспанға қарады. Бір шөкім бұлт жоқ, бір ноқаты жоқ көкпеңбек аспанның не көреді?

Партада отырған балалар да қағаздарына бірдеңе жазып:

– Он екі.

– Он екі!

– Барсхан дұрыс айтты, – деп жамырайды. Мұғалім терезеден кері бұрылады.

– Неліктен бәрің бір қалыптан шыққансыңдар? – деп күйзелгендей болады. – Қайдағы он екі?! Бұл, – деп мені сұқ саусағымен иығымнан түртіп қалады, – жиырма сегізінші қыркүйекте туған. Ал қазір жиырма сегізінші сәуір! Бұл он екі жасқа толуы үшін әлі бақандай бес ай бар! Бес айда бақандай жүз елу күн бар. Әрине, жалпы отыз күннен алғанда. Ал жүз елу күнде – үш мың алты жүз сағат бар. Үш мың алты жүз сағатта – екі жүз он алты мың минут бар: екі жүз он алты мың минутта – он екі миллион тоғыз жүз алпыс мың секунд бар. Дұрыс па?

Иса мұғалім балаларға қарайды. Олар көздері жыпылықтап, саусақтарымен партаның жиегін ысқылай береді. Біреуі де жауап берген жоқ. Ал Иса мұғалім болса, жаңағы ми қатырар есептің бәрін ойланбастан, он секундтің ішінде айтып шықты.

Әлі аң-таңмын. Осы күні компьютер дейтін шықты. Ол кезде оның өзі тұрмақ, аты да жоқ. Сонда құдіреті күшті Құдай Иса мұғалімнің басын компьютер етіп жаратқан ба? Бұл қандай

алғырлық? Алғырлық деген сөз аз. Оның аты бөлек. Оны дәл жеткізетін сөз де жоқ болуы мүмкін.

Сөйтп, есеп мұғалімі біздің әуселемізді, өремізді байқады да:

– Ертеңге тапсырма, – деді. – Әрқайсың өз туған күнін, сағатыңнан бастап, ертеңгі сабақ басталар минутіне дейін есеп шығарып келіңдер. Секундін тапсырмай-ақ қояйын, – деп аяды.

Сөйтті де, қоңырау соғылғанға қарамастан, кластан шығып кетті. Онда журнал деген болмайды. Балалардың аты-жөнін, қайсысы сабаққа қатысты, қайсысы қатыспады, арада ай өтсе де жатқа біледі. Кімге, қандай баға қойды – оның бәрін журналсыз-ақ біледі.

Состиып-состиып біз қалдық.

– Мынау бір пәле болды ғой, – деп, Жолдасбек тәмпіш мұрнын тартып, әлден қиналды. Тапсырма қиын, мұғалім қатал. Орындамасқа, ойланбасқа шама жоқ.

– Осыны неге әскерге алмайды екен, – деп, Жолдасбек тағы бір мысық тілеу айтты. Қиналған шығар.

Қиналғанымыз рас. Есепті мен шығара алмадым. Мұғалімнің айтуынша, менің он екі жасқа толуыма әлі бес ай бар екен. Сол бес айдың қанша күн, қанша сағат, қанша минут, қанша секунд бар екенін өзі айтып берді. Ал енді он бір жыл жеті айда қанша күн, қанша сағат, қанша минут, қанша секунд бар – оған миым жетпеді. Қағазды ары шимайладым, бері шимайладым, ақыры, басыма біреу сансыз ине сұққандай, бір темірді бір темірге үйкеп, шиқылдатып жатқандай, қағаздан да, қаламнан да жерініп, жек көріп, орнымнан тұрып кеттім.

Ертесіне мұғалім:

– Кәне, тапсырманы қайсың орындадың? – дегенде, қол көтерген біреу де болған жоқ. Бәріміз төмен қарап шұқшидық та қалдық.

Мұғалім өз басын өзі қос қолымен қысып, қалшылдап бара жатқандай көрінді.

– Мұртаза баласы Барсхан! Сен де ме? – деп маған қасіретке толы көзімен қадала қарады. Мен орнымнан тұрдым:

– Ағай, шығара алмадым. Басым ауырып кетті, – деп шынымды айттым.

– Сенің де басың ауыра ма? – деп, енді мені аяп кеткендей болды.

– Есебіне жете алмадым. Әсіресе минуттары мен секундтарына келгенде, көзімнің алдында от ойнақтап, миымды біреу инемен шабақтағандай болды.

– Ағай, мұндай есеп программада жоқ қой, кітапта да жоқ. Адамның миы жетпейтін түпсіз терең, – деп Жолдасбек пысық шықты.

Иса мұғалімнің имектеу құс мұрнының танауы біресе балықтың желбезегіндей тырсылдап, біресе желі шыққан бүйендей қусырылды.

– Адамның миына жала жаппа! – деді мұғалім ышқынып, Жолдасбекке заһар паша қарап. – Әркімнің құдайы адамның басында. Ми миллиардтаған клеткадан тұрады. Солардың тым құрыса, мыңнан бірі жұмыс істесе, әрқайсың бас-басыңа пайғамбар болар едіңдер. Құдай бас болғанда, сол бас сорлатып, ми клеткаларын түгел оятпайды. Ми клеткаларымыз ұйқыдан түгел оянса, біз қазіргідей хайуанат қатарынан бір-ақ адым алда жүрмей, ғарышта, басқа планеталарда жүрер едік. Онда анау батыстағыдай жабайылар соғысы болмас еді. Соғыс салу, адамдардың бірін-бірі өлтіруі, қан төгуі – сол жабайылықтан. Неге жабайы? Өйткені адам миының клеткалары түгел жұмыс істемейді. Сендер де оятпайсыңдар миларыңның клеткаларын! – деп, Иса мұғалім шыңғырып жіберді. – Оңбаған, жалқаулар! Мысалы, Мұртаза баласы Барсхан... Өз туған секундынан бастап, дәл қазіргі секундқа дейін, қанша секунд екенін есептеп шығара алмайды. Не деген сұмдық! Әлі тас дәуірінде жүр. – Енді маған жақындап келіп: – Сен туған секундтан бері, тоқсан тоғыз триллион... Оп-оңай.

Мен қазір Иса мұғалім сонда айтқан цифрлардың құйрығын ұмытып қалдым. Менің миым ұстап қалатын сан емес! Сонда Жолдасбек:

– Ағай, басқа планетада адамдар бар ма? – деп әңгіменің арнасын басқа сайға бұрып жіберді. Қу ғой.

Неге екенін біз қайдан білейік, мұғалім селк ете қалып, Жолдасбекке оқты көздерімен қарап алып:

– Бар, – деді. – Бір ғана планетада емес. Көбінде бар. Олар бізге бір кезде келеді. А, бәлкім, келіп те жүрген шығар. Мен солардың келуін аңсаймын. Мен олармен түсімде сөйлесіп, өңімде іздеймін. Мен солардың арасында өмір сүргім келеді. Мына сендер сияқты есектің миын жегендердің арасында жүру азап! Жалпы, жер бетіндегі адам дегендердің ортасында өмір сүру – азаптың азабы. Бірін-бірі өлтіру, бірін-бірі тонау, бірін-бірі алдау, бірін-бірі көре алмау, бірін-бірі ғайбаттау, біріннің үстінен бірі жамандап, жала жауып, арыз жазу... тілдеу, қандай жиіркенішті?! Сондықтан мен басқа планеталардың адамдарын үздіге-үздіге күтемін. Әсіресе Ай толғанда ұйықтамай, далаға шығып, аспанға қараймын да жүремін. Олар Жерге Ай толғанда ұшып келеді. Түсімде айтқан: Ай толғанда барамыз деп. Сондықтан ұйықтап, қара басып қалмайын деп сақ жүремін, олар келгенде мен ұйықтап қалып, жолыға алмасам – онда өлгенім. Қалайда кездестіруім керек! Айтуым керек оларға: Жер бетінде тәртіп жоқ. Әділдік жоқ деп. Билікке, байлыққа таласқан озбырлар көп деп. Иман жоқ. Қан төккіш қарақшылар көп деп. Жер бетіндегі тағы, тағы толып жатқан жиіркенішті лас қылықтарды оларға түсіндіруім керек. Бәлкім, олар Жер бетіндегі адамдарды жөнге салар, иманды қылар. Айуандық мінез өзгеріп, Жер бетіндегі адамдар ақылды болар. Мен оларды сағынып, аңсап күтемін.

Сөйтіп, біздің Иса мұғалім Жолдасбекке ашуланамын деп, біздің ойымыз тұрмақ, түсімізге кірмеген сырын айтып қойды.

Бірақ ол сырын біз аса түсінген жоқпыз. Басқа планетада адамдар бар дегені де сенімсіз. Бар болғанда да олар жерге қалай жетеді? Жеткенде де Иса олармен қай тілде сөйлеседі? Басқа планеталықтар Жер бетіндегі адамдарды қалай тәртіпке салмақшы? Мысалы, бізде де, фашистерде де бомба бар, снаряд бар, автомат бар. Олар бізді қалай жеңеді?

Осының бәрін мен Иса ағайдан келесі жолы сұраймын ғой деп жүргенімде, мұғалім аудандағы емханаға түсіп қалыпты. Сол екі ортада күз келді. Біздің үй Әулиеата жаққа көшіп кетті де, мен интернатта, институтта көп жыл жүріп, Иса мұғалімді қайтып көре алмадым.

Ауылға бір келгенімде:

– Иса Қызылордада, – деді.

– Онда неғып жүр? – десем.

– Жындыханада, – деді.

Жүрегіме біреу жуалдыз сұғып алғандай шаншып, сыздап барып басылды.

Енді бір келгенімде:

– Иса қайтыс болған, – деді.

Ішімнен қатты қайғырдым. Әлі жап-жас еді ғой. Ол жындыханада жататындай, сонда жатып қайтыс болатындай емес еді ғой. Біз сияқты пенделерден артық білгені үшін, бізден жүз есе, мың есе асыра ойлай алатыны үшін де адамды жыңды дейтіні несі?

Шынында да, біз әлі топас шығармыз. Иса мұғалім сол топастықтың құрбаны шығар. Өйткені қабақтай басымыз толған ми бола тұра, соның төрт-ақ пайызы іске қосылып, басқа жағы ұйықтап жатады екен ғой.

Иса соның бәрін оятпақшы болды. Оны жұрт жыңды деді. Мен ойлаймын: оны ақылы ауысқандар ауруханасына әдейі тығып тастады. Ол басқа планетадан келгендерге Жер бетіндегі адамдардың неше алуан сұмдықтарын айтып қоймасын деп. Жер бетіндегі әділетсіз тәртіп өзгермесін деп. Ай толғанда, Иса

жындыхана төсегінде қол-аяғы таңулы жатыпты. Далаға шыға алмай қалыпты. Өзі баяғыда айтқан: оларға жолыға алмасам – өлемін деп.

Исаны біздің адамдар әдейі өлтірді. Былғаныш дүниені басқа әлем алдында әшкерелемесін деп. Әшкерелесе – әлекке қаласың.

Бірақ басқа планеталықтар біздің жерге бәрібір келеді. Сонда Иса тіріледі. Келгендер тірілтіп алады. Олардың қолынан бәрі келеді.

Бәрібір әшкере боламыз.

ШАҚПАҚТАС

«Соңғы ши», – деді Айша.

Сөйтіп, соңғы ши екенін растағысы келгендей, әлгі қоңыр бас, бір тал шөпті жоғары шошайтып көрсетті.

Біз үшеуміз: мен, Құрмаш, Батырхан. – Айшаның бас бармағы мен сұқ саусағына қыстырылып тұрған «әулиеге» табынғандай болып, талмай қарадық. Бәлкім, сол сәтте ол бізге әулиеден де артық көрінген шығар.

Бір тал ши. Ол – құдірет. Тұзымыз таусылып қалып еді, тұзсыз тамақ тамақ емес. Бірақ одан өлмейсің. Үн таусылғалы қашан. Бірақ одан да өлмейді екенсің. Өйткені ұрада қызылша бар. Көп емес, бірақ әзір бар.

Ал от сөніп қалса ше? Шишақпақ, кәдімгі кішкентай қораптағы шишақпақ таусылып қалса ше? Сірә, бұл қасірет болуы керек. Өйткені Айша бізге еш уақытта ұн таусылып қалды, тұз таусылып қалды деп ескерткен емес. Ал жалғыз шиді жоғары көтеріп тұрып көрсетті. Шишақпақ деген Мәшүрдіңнің магазинінде толып тұрар еді. Мәшүрдің соғысқа кетті. Магазин жабық тұр. Әйтеуір бір кезде дүкен ашылар. Бірақ

Мәшүрдіңенді қайта келмейді. Оны Құдай орыстың жерін жаудан қорғап, сол жердің топырағын тыңайту үшін жаратқан.

Оны орыстар есінде сақтай ма, сақтамай ма, ол – иманның ісі. Өйткені қазір анда-санда елге, Мыңбұлаққа барғанда байқаймын: «осы ауылда Мәшүрдің деген азамат болып еді, дүкен ұстап еді» деп ешкім айтпайды. «Өлдің, Мамай, қор болдың».

Айша әлгі шиді пештің аузына апарып, қораптың қырына тақап, тұтанбай қалмаса екен деп Құдайдан іштей тілегендей, тізерлеп біраз отырды.

Кеш батып, үйдің іші қара көлеңке тартқан кез еді. Біз де бәле көргенбіз ғой, Айшаның уайымын айтпай-ақ түсініп, құдіреттің, Құдайдың не екенін білмесек те, тұтанса екен деп, а құдайлап тұрдық.

Ақыры, от жарқ етті. Пештегі тамызыққа тиіп, жыбыр-жыбыр, шытыр-шытыр етіп барып, лаулап ала жөнелді.

«Ал енді осы отты өшіріп алмайық», – деді Айша.

Сонда қалай, үздіксіз отын жаға береміз бе? Оған отын шақ келе ме?

Айшаның жазда колхоздың қой қорасынан сыпырып алған бір қап қиы бар болатын. Шешеміз сол қидың қос уыстайын жанған шоқтың астына көміп, күлін таптап, үстін табамен бастырып тастады.

Таңертең табаны алып, күлді аршып қараса, астында асыл тастай, лағыл тастай қызарып шоқ жатыр. От пеште емес, өзіміздің жүрегімізде маздағандай қуанып кеттік. Құдайдың мұнысына да шүкір. Қидың күші. Кәдімгі моп-момақан қойдың құдіреті. Етін, сүтін, жүнін, терісін былай қойғанда, қиына дейін, құмалағына дейін асыл екен ғой, жарықтық Шопан Ата!

Ал енді кейбіреулер жақтырмаған топас адамын «баран» дейді. Қандай әділетсіздік, қандай қасиетсіздік?! Десе, дей берсін, оны мадақ ретінде қабылдап, Шопан Ата баласын кие тұтып, әлгі қойды қорлаушының өзін пұшәйман ету керек.

Сондықтан біреу саған «баран» десе, сен оған «спәсібә» де. Ақымақ болмаса, түсінеді. «Қойдың сүті – қорғасын, қойды сөккен – оңбасын!»

Отымыз осылайша көпке дейін үзілген жоқ. Ши сұрап, шок сұрап, ешкімге алақан жаймадық. Бірақ қаптағы қи азайып бара жатыр.

Апыр-ай, мына созолаң соғыста, адамнан бастап бәрі құрдымға кеткендей құрыған заманда, тым болмаса, кәдімгі күкірт, (біреулер «кеуірт» дейді, енді бір жерде «оттық» дейді, тіпті «шпішке» дейтіндер де бар, ал Мыңбұлақ, «шишақпақ» дейді) кім не десе, о десін, сол күкірттің зар қылғанын айтсаңшы. о, тоба!

Сөйтсе, білгіштер айтады, сонау соғыста дүниенің тас-талқанын шығарып жатқан сол күкірт көрінеді. Күкірттен оқ-дәрі жасайды. Минаның жарылатыны да содан. Мұндай күшті болар ма! Кәдімгі сасық күкірт. Дүн-дүниені сасытып болды.

О басында оқ-дәріні ойлап тапқан адам, о дүниеде тозақ отына түсті ме екен, не болды екен? Бәленің бәрі содан тарады ғой. Оқ-дәрі болмаса, Еуропаның қанғыбас қарақшылары Американың байырғы тұрғындары – үндістерді, жүз миллион үндісті қырып тастай алар ма еді? Оқ-дәрі болмаса, садақпен, найзамен қаруланған Кенесарыны патшаның әскерлері жеңе алар ма еді? Зіркілдеген зеңбірекке садақтан жебе тартқан қайран қазақ.

Ойлап отырсаң, бәрі күкірттің кесірінен.

Жоқ. Ойлай түссең, күкіртте жазық жоқ. Күкіртті ажал құралына айналдырған адам ақымақ, әрі жауыз.

Оттығымыз сөніп қалмаса екен деп, а құдайлап жүргенімізде, бір түні үйіміздің боғат қамысы ызындап, терезе сыртында жазда гүлдеп, қыста құрап қалған қарасора мен алабота суылдап, пештің кернейі уілдеп қоя берді. Бәрі қосылып, әлем оркестрі жиһан күйін талмай күңіrentті. Кейде

маған Тәңіртау бораннан төңкеріліп, дөңбекшіп, жаралы динозаврдай аунақшып, өкіріп, бақырып жатқандай көрінеді.

Әттең, ол кезде әнді, күйді, жиналыстардағы көпірме көп сөзді жазып алатын техникалық құрал бізде жоқ еді. Енді ғой, үйде диктофон, магнитофон деген неменің екі-үшеуі жатыр. Бірақ бұрынғыдай боран да жоқ. Тіпті пештің уілдейтін қуыры да жоқ-ау деймін. О, тоба! Егер сол қырық үшінші жылғы боран жырын жазып алғанда, талантты композитор табылса, сәл-пәл әрлеп, ғаламдық ғарыш симфониясын тудырар еді. Бетховен жайына қалар еді. Періштелер мен диюлар қосылып, әлде арпалысып ән салған түн де өтіп, таң атты. Таңның атқанын терезенің ағараңдағанынан да аңғардық. Ақ түтектен басқа ештеңе көрінген жоқ. Боран ұрып тұр.

Боран басылмапты деп төсекке бұғып жата бермейсің. Тірі адамның тіршілігі бар. Жалғыз сиырға шөп салып, су беріп, астын тазалау керек. Өзіміз де оразамызды ашсақ деген үмітіміз бар.

Дүниеде үміттің үзілгені жаман. Бұрынғы көрген құқайымыздың бәрі айналайын екен. Айша пештің темір қақпағын ашып, ішіндегі төңкерілген табаны шығарып, күлді көсеумен ары-бері аршып еді, күндегідей қып-қызыл шоқ, лағыл тас көрінбейді. Бәрі сұп-суық, сұп-сұр күл! Тамызық от жоқ! Лағыл тасты түндегі сақылдаған, бақырған, шыңғырған диюлар ұрлап алып кетіпті!

Тұңғыш рет үйімізден от үзілді.

– Түнде мына қурап қалғыр қуырдың уілдесі жаман еді, отты тартып әкетіпті ғой, – деді Айша пештің қуыры сыртқа шығатын төбеге қарап.

Айша астыңғы ернін тістелеп, басын шайқады. Айша басын тектен-текке шайқамайды. Оны мен, біле - е - емін. Әсіресе астыңғы ернін тістесе - қи - ы - ын.

Нәметқұл ұста соғып берген көсеуді күлге тағы салды. Күлді тағы ары-бері аударып көрді. Түк жоқ. Сыртта боран ішін

тартып, ышқына соқты білем, өйткені қуырдан соққан жел күлді пештің аузынан бұрқ еткізді. Айшаның аузы-басын күл қауып қалды.

Айша пештің қақпағын тарс еткізіп жапты да, көсеуді лақтырып жіберді. Көсеудің басындағы шығыршығы сылдырлады. Қайран Нәметқұл көкем! Көсеуден жай шымшуыр жасай салмай, сабының ұшына сәндеп шығыршық салып қоятынын қайтерсің. Қазір қайда, қай майданда жүр екен? Тірі ме екен?!

Көз алдыма Нәметқұл келе қалып, темір ұста дүкенінің көрігін басып тұрғандаймын. Мен көрікті басқан сайын шоқ шашырап, қып-қызыл от ойнайды. Қайда сол ойнақтаған от?

О, отты сағыну қи - ы - ын.

– Әй, – деді маған Айша. – Айдалада ай қараған адамдай неғып тұрсың? Киін. Баянның үйіне бар. От әкел!

Терезеге қараймын. Ақ түтектен ештеңе көрінбейді. Далаға шығамын-ау деп ойлауым мұң екен, тұла бойым түршігіп, мұздап қоя берді.

– Боран басылатын шығар, содан кейін... – деп міңгірлей бастап едім, Айша:

– Бай баласы – байға ұқсайды, байланбаған тайға ұқсайды деп тұрмысың? Сендей кезінде шолжаңдаса – әкең Мұртаза шолжаңдаған шығар. Өйткені ол – бай баласы. Ал саған не жоқ?! Сен қай байдың баласы? Мына жалмауыз заманда ту деген мен емес саған. Бол, жылдам!

Айша осы жерде қателесті. Мені осы заманда туған өзі емес пе? Мен өз еркіммен, өз ықтиярыммен келішпін бе бұл заманға?

Бірақ Айшамен салғыласуға болмайды, тілімді тістеп, тысқа шықтым. Қолыма шоқ салатын қақандоз алып едім, Айша:

– Әй, қақандоздағы от тұрмақ, мына боран өзіңді ұшырып кетеді. Шелек ал, үстін таптап, табамен бастыр, – деді.

Сыртқы есіктің көзін үрінді қар басып қалыпты. Сыртқы есіктің ішке қарай ашылатыны қандай жақсы болған. Сыртқа

қарай ашылар болса, қамалып қалатын едік. Әйткенмен, біздің осы үйді ақылды адамдар соққан.

Әуелі есіктің көзіндегі қарды күрекпен әрең ашып алып, күресін үйме қардан тепкішек жасап, ақтаудың үстіне шыққандай болдым. Кәдімгідей еңсегей үйіміз аласарып, жан-жағын тау-тау қар басып қалыпты.

Баянның үйі біздің үйдің батыс жағында. Шамада, жүз елу-екі жүз метрдей жер. Боран сол жақтан ұрып тұр. Ыққа қарай жүрсең бірсәрі. Ал енді жұлқына соққан жынды боранға қарсы жүру азап. Басыңды тұқшитып, иығыңа тығасың. Екі көзіңді жұмып аласың. Оқша атқылаған қар көз аштырмайды. Құдай абырой бергенде, Айшаның қолы өнерлі. Аққоян құлақшынымның бауын алқымдап байлап, мойнымды Айша тоқыған бөкебаймен шаңдып алғанмын. Үстімде Айша өзі тіккен сары құрақ мақталы күпәйке. Құданың құдіреті, осы кезде сары құрақ мата көбейген. Сөйтсе, соғыста жүрген солдаттардың киімінен қалған сарқыт екен ғой. Матаның қалған қиықтарын құрап, соны кәдімгідей метрлеп сатады екен. Біздің Борандының базарына да жеткен екен. Күзде Айша жұмыртқа сатып, май сатып, әйтеуір, әрекеттеп, сол құрақ матадан бір күпәйке тігіп берген. (Үйде өзіміздің «Zinger» деген машинамыз бар ғой). Шалбар да мақталы. Киіздің сыртын матамен қаптап, сырмалап байпақ тігіп берген. Байпақтың сыртында пұшық калош. Қолымда – тері қолғап.

Суықтан үсіп өлер жайым жоқ. Бірақ боран адым аштырмайды. Бетіме пытырлап оқ тиіп жатқандай тыз-тыз етеді. Майдандағыдан несі кем?

Ақ бораннан адасып кетер ем, адассаң, сонда өлесің. Бағыма қарай, Баянның үйі от жағып жатыр-ау деймін: мұрныма түтін иісі келеді. Ақ түтекте мұрынға қармен бірге араласып кірген түтін иісінен артықты жалғанда сезген емеспін. Кейін-кейін «Красная Москвадан» бастап, француз духиына дейін иіскеп

көрдім, бірақ боранды күнгі қой қиының түтінінің иісіне дүниеде еш жұпар тең келмейді.

Сол түгін мені адастырмай, Баянның үйіне алып барды.

Өлгенде әрең жеттім-ау. Біздің үйге ең жақын көрші – осы Баян. Одан ары Қаратайдың үйі, оның қарсысында – Дүйсенбайдың үйі. Тағы бір сайдың ар жағында Мамыт атамның үйі, одан әрірек Оңғарбай атамның үйі. Ал шығыс жағымызда, Бердімбет сайдың арғы жағында ел көп. Бірақ мына боранда терең сайдан өту қиямет.

Баянның үйі есігін әрең ашты. Есікті тақылдатып ұрып тұрған адам екенін, боран екенін айыру қиын шығар. Мұндай ақ дауылда дені дұрыс адамдар далаға шықпай өз үйлерінде отырады. Сондықтан біреу-міреу келеді деп күтпеген де болар, әйтеуір, сықырлауық есікті тоқылдатып, аузы-мұрныма сұғанақтана тығылған қарға тұншығып ұзақ тұрдым.

Өлден уақыттан кейін ауыз үйден:

– Бұл кім? – деп сұрады. Боранбайдың даусы. Баянның тұңғышы. Менен үш-төрт жас үлкен.

Бұрын бұл елде есік қаққан адамнан «бұл кім?» деп сұрамаушы еді. Сірә, менің мына келісім шектен тысқары болуы керек.

– Мен – Барсхан.

Есік ашылды. Ауыз үйге бұрқ етіп, боран менімен ілесе кірді. Түрімнен шошып кеткен болуы керек, Боранбай:

– Адасып жүрсің бе, қайдан жүрсің? – деп қойны-қонышыма сіресе тығылып қалған қарды сілкілеп түсіре бастады. Қарды қағып, аяғымды тазалап ішке кірдім.

Даладан кейін, мынау шағын бөлме пейіш сияқты көрінді. Жып-жылы екен. Пеште от жанып тұр, сірә, көң жақса керек.

– Ойбу, байғұс бала, үсіп кете жаздапсың ғой, неғып жүрсің? – деп Баян бәйек болды.

Құс мұрыны болмаса, түсі жылы, сөзі майда кісі еді, жарықтық.

–Отқа жіберді, – дедім мен аузым икемге келіңкіремей.

– Апыр-ай, Айша да жүрек жұтқан екен, осындай жұдырықтай баланы жұмсап, – деді Баян.

– Отымыз өшіп қалыпты, оттық жоқ, – дедім мен «жұдырықтай бала» дегенге намыстанып, өзімді өзім болбыратпай ұстауға тырысып. Он бірдегі бала да жұдырықтай бола ма екен. Менен жасы үлкен болса да, бойы тапал Боранбай шығар «жұдырықтай».

Барлығы: Баян, балалары Күләйна, Қаржаубай, Күләндә, Күлия – бәрі жабылып, бір ағаш табақтан, ағаш қасықпен быламық ішіп отыр екен. Әдейі аңдып келгендей ыңғайсызданып қалдым. Өйткені бәрі – шешесі шегіртке тістеп әкелген қарлығаштың балаларына ұқсап, бәрі мойындарын созып, маған тесіле қарап қалыпты.

Баян:

– Кел, Барсхан, быламық іш, – деді. – Былайырақ отыр, – деп Қаржаубайды ығыстырып, маған орын ұсынды.

– Жаңа үйден көже іштім, рақмет, – деп, орнымнан қозғала қоймадым.

– Оттарың өшіп қалса, көжеге қайдан тоя қалдың? Отыр! – деді Баян бұйыра сөйлеп. Сөйлегенде, қураған ағашқа жасыл жапырақ бітірердей сөзі мамық, жұмсақ, жып-жылы болушы еді, бұл жолы үні қатаң шықты. Өтірігімді ұнатпаған болса керек.

Быламық май қатқан, дәмді екен, бірер қасық ұрттап, тағы іше түскім келсе де, аузымды алақаныммен сүртіп, орнымнан тұрдым. Айшаның: «Сұғанақ болма!» – дегені миыма сарт ете қалды.

Шелекке қи шоқтан тамызық салып, Айша айтқандай үстін табамен бастырып, далаға шықтым.

Баянның үйін айнала беріп, ықтан шыққаным сол екен, гу - у - у еткен жел шелекті қолымнан жұлып әкетті. Қаңбақтай домаланып ала жөнелді. Қарға малтығып, артынан қуып

келемін. Жон арқамнан жел итеріп, дедектегіп, өзімді ұшырып барады. Құдай ұрып, құрыған жерім осы болды. Шелекті әрең ұстадым: таба да жоқ, шоқ та жоқ, қар тығылып қалыпты.

Баянның үйіне тағы қайтып баруға бет жоқ. Шоғын аямас-ау, бірақ өлім ғой. Боранбай мысқылшыл, елге жаяды. Қыздары да күледі. Баян: «Бұл кімге тартып осынша болбырақ болған?» – дейді ғой. Ішінен «Әкең жақсы еді, шеше де ширақ, саған не болған?» – деуі мүмкін ғой.

Қу шелекті өз үйімнің дәл алдына қарға бойлата шаншыдым да, жон арқамнан итерген желдің ырқына көніп, дедектеп,

Бердімбет сайдың, ар жағына бір-ақ шықтым. Не өлемін, не от алып қайтамын, атасына нәлет!

Сайдың арғы бетінде, бір тоғай шидің тасасында, Сәрсенбай атамыздың кішкентай үйі жәрбиіп тұрады.

Сәрсенбай – біздің ағайынымыз. Баяғыда Бердімбет байдың жылқысын баққан, Әйнек деген апамыз Күнікей бәйбішенің қызметінде жүрген. Мұртаза кеткен соң, бұрынғыдай жақындығы жоқ. Мен түсіне бермейтін бір себебі бар. Сәрсенбай әмеңгер болғысы келген дей ме, Айшаны алмақшы болған дей ме... Айша оған: «О, оңбаған Ұлтанқұл!» – десе керек.

Содан қайтып Сәрсенбай біздің үйге жоламайды екен.

Бірақ Әйнек апамыз, жарықтық, бір жапырақ, қағілез кісі еді. Анда-санда үйге келіп: «Айналайын мырзаға-ау, кебін киген жоқ едің, кебенек киіп кетіп ең, қайда ғана кеттің-ау, ah!» – деп аңырап алатын. Мен ес білмейтін екі-үш жасар кезімде, Айша Құрмашқа аяғы ауырлап жүргенде, осы Әйнек мені арқасынан түсірмей көтеріп жүреді екен. Енді мүлде жат адамдар сияқтымыз.

Мына аласапыран – ақырзаман боранда бұл үйге келмес едім, бірақ амалым қалмады.

Сәрсенбай атам терезенің алдында етік жамап отыр екен. Бойжеткен екі қызы: Бибігүл мен Тұйғын біреуі ұршық иіріп,

біреуі шұлық тоқып отыр. Соғыстағы әскерге деп. Әйнектен басқасы маған ләм деген жоқ. Әйнек:

– Ойбу, үсіп кетіпсің ғой, отқа жақын отыр, – деп, пештің жанынан орын ұсынды. Мен отырмай, шаруамды айттым. Осылай да осылай, үйде от жоқ. Менің шаруам Сәрсенбай атама арналса да, ол естімеген болып, аузына намдалған жібі бар жуалдызды тістеп алып, етіктің табанына біз тығып, тұқшыңдап отыра берді.

Әйнек жұдырықтай бір уыс кемпір болса да, шалына әлі әмірі жүретін болуы керек:

– Тек! Онысы несі? Мына Барсхан азаптың аузынан келіп тұр ғой. Айдауға кеткен әкесінің жақсылығын көп көріп ең ғой, не көрінді сонша, бер оттықты! – деді.

Сәрсенбай етікті лақтырып тастап, тістеуік, балға, шеге салған қобдишаны алып, сақұр-сұқыр араластырып, арасынан асықтай бір шақпақ тас, содан соң орақ тістің басын, қара андыздың сабағын алып, кемпіріне берді, кемпір маған берді.

Одан от шығаратын қандай амал бар, оны қырсық шал айтқан жоқ. Мейлі, мынаусына да рақмет. Миы болса, өзі тапсын амалын деген шығар.

Таңертең кеткеннен түс әлетінде үйге әрең жеттім. Түс екенің, әлде кеш екенің ажыратып болмас, арсылдаған ақ мылтық.

Үйге кірсем, Айша қалың киініп, мені іздеуге шыққалы жатыр екен. Сірә, өлді деген болуы керек. Құрмаш пен Батырхан мені өліп қалды ма деген соң, жылап отыр екен.

Айша ұрса ма деп едім, ұрыспады. Қайта үсті-басымды шешіндіріп, үсіп кеткен бетімді сипалап, кеудесіне басты.

Тіпті «от қайда?» – деп сұраған да жоқ.

Сонда мен Сәрсенбай шал берген аппақ шақпақ тасты, болат соққышты, қара андызды алып, шақпақ тасты болаттың қырымен шақ-шақ еткізіп ұрғылап едім, жарқ-жүрқ етіп, шоқ пашырады. Бірақ қара андыз тұтанбады. Қара андыздың

тұқылын тасқа тақай түсіп, қысып ұстап, тағы шағып едім, тамызықтан түгін бұрқ етті. Абайлап үрлеп көріп едім, көздей болып, қып-қызыл от ойнап шыға келді.

Айша, Құрмаш, Батырхан үшеуі бас салып мені құшақтап, айда кеп аймаласын.

Сыртта түнек тұрса да біздің оқшау, жалғыз үйге Алланың ақ нұры жауғандай, үйдің іші, тіпті түкпірдегі ұраға дейін жарқырап кеткендей болды.

Тасты аяғымызбен таптап жүрміз. Таста жан жоқ деседі. Таста тамыр жоқ деп ғайбаттайды. Сандырақ! Таста от бар. От болса жаны бар. Жаным бар деп жүрген адамдардан артық. Өйткені адам кеудесіндегі от мың күн жанып, бір күн өшеді. Ал тастың тамырындағы от мәңгілік. Бірақ ол менмұңдалап айқайламайды. Адамдар сияқты мақтанбайды. Таулардың өзі, тіпті қазір бораннан көрінбей тұрған Манас шыңның өзі, бүкіл Тәңіртаудың өзі От перзенті. Жердің ішек-қарны ақтарылып, от болып бұрқылдағанда таулар туған.

Ал мына Сәрсенбай берген асықтай тас – біздің Шақпақ тауымыздың бір қиыршығы. Оны Тәңір біз өлмесін деп жаратқан. Бірақ біз ұмытып кете береміз. Рақметіміз жоқ, тәуба – тауфиғымыз жоқ...

АРҒЫМАҚ МІНГЕН АТАЛАР

Олар маған ертегілер елінен келген алып батырлар, яки Баба Түкті Шашты Әзіздің туысқандары сияқты болып көрінді. Әйтеуір, күнбе-күнгі көріп жүрген көз үйреншік адамдарына ұқсамайды.

Жаз маусымы аяқталып, колхоз астығын жиып-теріп, Борандының тойымсыз элеваторының өңешіне құйып болған кез. Элеваторға бидай тасудан босаған соң, мені Тасбет қайтадан

жылқыға шығарды. Баяғы бурыл тай бұл күнде құнан болып, сұлу мүсінді сәйгүлік тартып келе жатқан. Тасбет қызығып өзі мініп жүрді. Баяғы Бердімбетторы қартайды.

Тасбет бригадирге мен:

– Ақыры, жылқыға жіберсеңіз, өзімнің бурыл тайымды беріңіз, – дедім.

Сөйтіп ем, Тасбет тулап шыға келді:

– Әй, жуәрмек, бурыл сенің әкеңнің кәлгән мәл мә? Мін әнә бәбәңнән кәлгән Бердімбетторыға! – деді.

Бердімбетторы бабамнан қалғаны рас. Колхозға өтіп кеткені болмаса, баяғы бай бабамның көзі. Мейлі дедім.

Жарықтық жылқы баласы да жақсы адамдар сияқты. Адамның адал досы, серігі, қанаты болған соң, оған да Құдай адамның орта жасындай жас берсе ғой. Бірақ пенделердің орта жасымен салыстырғанда Қамбар ата баласы аз жасайды. Дер шағы – бесті шыққаннан бастап, он, ары кетсе он беске дейін. Одан ары қартайып, небір тұлпарлар тұғырынан түсе бастайды. Адамзат – келер, келер жүзге келер десе, жылқы жарықтық, ары кетсе жиырма бес, отыз жасар. Олар некен-саяқ. Онда да қорлық көрмей, қамыт кимей, арда өскендері ғана.

Ал Бердімбетторы не көрмеді? Бір кезде кәдімгідей қадірі бар ат белсенділер міне-міне жауыр да болды, қамыт киіп, қосқа да түсті, Тасбеттің тас тақымы батып талай жыл жүрді. Енді әбден қалжырап біткенде маған бұйырды.

Атта тіл жоқ. Әйтпесе торыдан:

– Неге Бердімбетторы аталдың? Бердімбетті көрдің бе? – деп сұрар едім. Ұлы анамыз Күнікей бәйбішені ше? – деп сұрар едім.

Жылқыны арпаның аңызына жіберіп, өзім торыдан түсіп, ауыздығын алып, оты қалыңдау, ажырық аралас, арпа масағы молдау шөмеелеге жетектеп келіп, өзім арпа сабанға жата кетемін. Аспанға қарап жатырмын.

Бердімбетторы маған риза болғандай, қайта-қайта пысқырынып қойып, ажырықпен араластырып, арпаның масағын күртілдетті-ай келіп. Тасбет мініп жүргенде мұндай еркіндік қай - да - а - а. Түсте үйіне шәй ішуге келгенде де қақшиып қаңтарулы тұратын.

Бұл адам баласы қызық. Колхоз дедік, барлық мал-мүлік бәрімізге ортақ дедік. Сонда да тышқаншылап, әркім өз ініне тартқылайды. Бір қалта бидай, бір бау шөп болса да өз үйіне жеткізгенше жан дәрмен. Жеке меншік психология Адам Ата, Хауа Ана мен Абыл, Қабылдан бері қалыптасқан. Сол қалыпта түскен тірлікті большевиктер бір жылда быт-шыт қылып, қызыл қырғын орнатып, колхоз құрды. Мысалы, маған мына колхоздың жылқысының бәрі бірдей. Әйтеуір, тапсырып, міндет артып қойған соң бағасың. Бақпасаң құрисиң.

Бірақ бар жылқының ішінде маған Бердімбетторы ыстық көрінеді. Менің жеке меншігім емес, бұл да колхоздікі. Әйтсе де мұны ерекше ықыласпен мәпелегім келіп тұрады. Беталды міне бермей, ауыздығын алып, арқасын суытып, тартпасын босатып, жемді жерге қоя беремін. Сөйтсем, жеке меншік дегеннен «жеріп» өсіп келе жатқан менің өзімде де, сол қан деген қасиеттен жұққан сарқыт бар.

Арпаны комбайн Нәметқұл көкем әскерге кетпей тұрғанда балалардың шашын тап-тақыр қылып алғандай, сыпырып кеткен. Сонда да там-тұм масағы, әсіресе шөмееледе қалып қойған. Кейде тіпті сабанмен бірге бункерден дән де төгіліп қалады. Оны мен топырағымен, топанымен араластырып, дорбама салып аламын. Кім біледі биылғы қыстың қандай боларын? Өткен қыстан өлмей әрең шықтық. Көктемде жуа теріп, борсық сияқты жауқазынның тамырын қазып жеп, Қаратаудан қойшылар алып келген жаужұмырды талғажау етіп, жанымызды сақтадық. Әйтеуір, жаз келіп, пісікке ілініп, жүрегімізді жалғадық. Өткен қыс пен көктемнің сұмдығынан үрей болып қалған басым, жерде дән жатса да теріп алып,

дорбама сала беремін. Арпа жарықтықтың масағы күйрек; бидайдай емес, дәні тез төгіліп қалады. Сондықтан, одан масақ теріп жарымайсың.

Сөйте тұра, дорбадағы арпадан уыстап алып, Бердімбетторыға асатамын. Қатқылдау ернімен алақанымды қытықтап, жалап-жұқтап қояды. Бір кезде менің қолымнан жеген жемге тойып қалғандай, оттағанын қойып, ішін тартып, көзін жұмып, тым-тырыс болады. О да мен құсап, баяғы балалық – құлын шағын сағынып, есіне алып тұратын шығар.

Кәрі торы мүлгиді. Жұмулы көзі іріңдегендей, оған шыбындар үймелейді. Бірақ оны торы ат кірпігін жыпылықтатып ұшырған болады.

Арпаның шөмелесіне шалқалай жатып аспанға қараймын. Ала шарбы бұлттар Шығысқа қарай тізбектеліп көшіп барады. Бұлтқа шекара, тосқауыл жоқ. Мүмкін, бұл бұлт сонау Атлант мұхитынан шығып, қансыраған Еуропаның үстінен өтіп, ұлы майданның түтінімен араласып, біздің жерге де жеткен шығар. Майданда бұл бұлтты Нәметқұл көкем, Орха мен Ноха көкелерім, Махан мен Сейсенбай ағаларым көріп: «Бұлттар, елге сәлем айта барыңдар. Барсхан деген бауырымыз бар еді, тірі жүрсе, соған ерекше сәлем айтыңдар. Далада жүрсе, төбесіне тоқтаңдар!» – деді ме екен.

Үміт пен қиял ғой. Әйтпесе, бұлттар менің тұсыма тоқтаған да жоқ, сәлем де айтқан жоқ. Баяу қалқып, керуендей көшіп барады. Ала бұлттың ар жағынан ойдым-ойдым болып, көкшіл аспан көрінді. Айнымайтын сол ғана. Мені көрсе, сол аспан ғана көреді. Шексіз аспан – Шексіз Құдіреттің көзі. Осыншама орасан көз болмаса, Жаратқан Алла жердің бетіндегі қыбыр-жыбыр тіршілікті қалт жібермей қалай қамтиды? Сірә, Жасаған Иемнің оң көзінің бір қиығы маған да түсті-ау деймін.

Өйткені...

Тастақтау жолдың үстінен дүбірлеген ат тұяғы естілді. Басымды көтеріп алып қарасам: серейген-серейген еңселі екі

атқа мінген қос жолаушы келе жатыр екен. Орнымнан тұрдым. Балағыма жабысқан арпаның топанын қағып, торы аттын ауыздығын салдым. Жолда келе жатқан еңгезердей екі атқа торы да оқшия қарап, салбыраңқы кәрі құлақтарын тікшитпекші болып еді, құлақтары түскір оған көңіңкіремей, сәл-пәл қозғалақтады да, қайтадан солып қалды.

Салтанатты салт аттыларға таяп:

– Ассалаумағалейкум! – деп даусымды шығарыңқырап сәлем бердім.

– Әлейкуме-ассалам, – деді түйеден биік ала айғыр мінген, толықтау кісі, бір көзін қысыңқырап тұрып.

– Аман бол, балам, – деді көзі күлімсіреген қара шал.

Екеуі бір-бірінен аумайды. Тек, біреуі толықтау, біреуі ашаңдау. Сақалдары аппақ. Екеуі де күлімсірейді, күлімсірегенде жүздерінен нұр шашырағандай сүйкімді. Өздерінен де гөрі, мені астарындағы аттары қызықтырып барады. Әскерге кеткен Қара бие сияқты тұрқы ұзын, шоқтығы биік. Сірә, үзеңгісіне менің аяғым жетпес.

Екі жолаушы да көздері күлімсіреп, маған тамашалай қарап қалыпты. «Менің тұр-тұрпатыма күліп тұр ма?» деп сезіктеніп, өзімнің үсті-басыма көз салсам: жалаңаяқ екенмін. Онда тұрған не бар? Әлі күн жылы, әне, қарлығаштар ұшып жүр, одан да биікте құрқылтайлар әуені әрі-бері сызғылап, зымырайды. Демек әлі ызғарлы күз бен қыстың ауылы алыста. Тек, көк бوماзи шалбарымның балағы жырым-жырым. Онда тұрған не бар? Жылқы баққан бала немене, сал-серілерше киінуі керек пе?»

Өзіме өзім осылай дедім де, үлкендерден үйренгенімді білдіріп:

– Жолдарыңыз болсын, – деп қойдым.

– Әлей болсын, жарығым, – деді қартаңдау, арық, қараторысы.

– Әй, осы сен Айшаның баласы емессің бе? – деді бір көзін қысыңқырап, аузы ашылыңқырап, күлімсіреп тұрған толықтауы.

Бүкіл тұла бойымнан әлдебір белгісіз дүлей ұрып өткендей ду-у ете қалды. Әкемді атамай, шешемді айтқаны таңдандырды. Мен сәл күмілжіп:

– Иә, Мұртазаның баласымын, Айша – менің шешем, – дедім.

– Ой, айналайын, – деп толықтауы жардай биік ала аттан аунап түсті. Қорбиып келіп, мені бас салып құшақтап, бетімнен, маңдайымнан ары да сүйді, бері де сүйді. – Қайран, Мұртазаның титімдей тұяғы, – деп, көзінің жасын сүртті.

– А, а, – деп екінші жолаушы да аттан түсіп, менің күс-күстеу қолымды алып, емірене сүйіп, арқамнан қағып, басымнан сипады. – Кішкентай жиеншар.

Кім екендерін жыға танымасам да, енді ішім сезді, бұлар Айша айта беретін Сәли мен Қали нағашыларымыз болды-ау, сірә.

– Сіздер Сәли ата мен Қали ата... – дей беріп едім, толықтауы:

– Ой, айналайын, қайдан танып қойдың? – деп елжіреді.

– Баланың жүрегі сезіп тұр ғой, – деді үлкені де емірене қалып.

– Мынау – Сәли атаң, – деді толықтауы, – мен – Қали атаң боламын.

Мен ес білгелі мені бұлайша аймалап, бұлайша еміреніп сүйген ешкім есімде жоқ. Тек, шанышқылыдағы Әдия әпкем ғана, анда-санда біздің үйге келгенде, қалтасынан жалғыз кәмпит шығарып беріп:

– Кел-ей, Айшаға тартып кеткен жаман неме, – деп, мені бауырына қысып-қысып қоятын. – Мұртаза көкеме тартсаң ғой, аппақ, сұлу болар едің. Е, мұрныңнан айналайын, жалпайып тұрған...

Сонда мен Әдия әпкемнің бетіне қарап қаламын. Әкемнің туған қарындасы ғой. Мүмкін, Мұртазаға ұқсайтын шығар. Мұртазаның түр-түсі есімде сақталмапты. Өзімше Әдияға сақал-мұрт бітіремін. Басынан аппақ күндігін алып тастап, Мұртазаның дөңгелек тері телпегін кигіземін. Шамада әкем осындай: ақсары, қыр мұрынды, жирен сақалды...

Сөйтсем, мен шешеме тартып кеткен екенмін. Мына Қали нағашым мені сол Айшаға ұқсастығымнан шырамытып тұр екен. Өйткені Мұртазаның баласымысың демей, Айшаның баласы емессің бе? – деп сұрады ғой. Қан деген қасиет сездіріп тұрған шығар.

Мынадай қадірменді қонақтар келгенде, қалай шыдап тұрасың? Тез Айшаға хабарлау керек!

– Айша қызылшада, анау талдың ар жағында, – деп Өреке жақты көрсеттім. – Мен шақырып келейін. Бригадир босатса, қазір келеді. Сіздер... Анау өрде тұрған ақ үй – біздің үй. Бара беріңіздер. Мен қазір... – деп, Бердімбетторыға қарғып міндім.

– Үйде біреу бар ма? – деді Қали атам.

– Бар. Құрмаш бар. Батырхан бар, – дедім оларды бір үлкен кісілерге балап. Көңілім тасып, асыра сілтеңкіреп тұрмын. Өйтпесе, жаңа біздің қотыраштау тамымызды «анау... ақ үй» дегенім артықтау. Рас, алыстан ағарып көрінеді. Жанына барсаң, әр жерінің әгі түсіп қалған, қарақотырлау. Баяғыда әлі арнайы мектеп салынбай тұрған кезде, біздің отбасымызды Шоңғардың ескі тамына көшіріп, біздің үйді мектеп етіпті. Сыртын сонда ақтаса керек. Кейін мектепке арнап жай салынғаннан соң, өз үйімізге қайта көшіппіз. Оны мен біле бермеймін. Қалай болғанда да бүкіл Талаптыда қазіргі мектептен кейінгі ақ үй – біздің үй.

Кәрі лақса атты қамшылап келемін. Менің қуанышымды сезгендей, қайран торы да әлінше аянбай-ақ, қосаяқ қақты.

Жанына жақындай бергенде, Айша:

– Не болды-ей? Балалар аман ба? – деп, қызылша тазалап отырған жерінен пышағын қолынан тастамай ұшып тұрды. Жанындағы басқа әйелдер де үрпиісіп қалды.

– Аман, аман... – Ентігіп тұрмын.

– Енді не болды? Өлген әкең тіріліп келді ме?

– Сә... Сәли, Қали ата... аталарым келді.

Айшаның жүзі найзағай шағылысқандай жарқ ете қалды.

Қызылшашы қатындар Айшадан:

– О кім?

– Кімнің еді, байғұс-ау? – деп жан-жақтан жамырады.

– Иттің иесі болса, бөрінің тәңірі бар. Бізді де іздейтін жан табылғаны ғой. Сәли, Қали – менің нағашыларым, – деді Айша. Мұны айтқанда біртүрлі масаттанып қалды.

Айша селебедей ұзын пышағын қызылшаның жапырағына сүртіп, топырағын тазалап, дорбаға салды, қатындарға:

– Мен кеттім-ей. Тасбет келсе, айтыңдар, алыстан адыр-адыр таулардан, бұдыр-бұдыр белдерден асып, нағашылары іздеп келген деп. Енді Тасбет көп болса, мені көшіріп жіберер. Көшірсе – мейлі, – деді.

Құдай аузына салды ма, кім біледі...

Мен Айшаға:

– Атқа мінесің бе? – деп едім:

–Сенің атыңнан өзім бұрын жетемін, – деп, қызылшаның жиегіне шығып, ирелең жалғызаяқ жолға да түспей, қызыл тікенді, шоңайналы, тастақтау қырқамен тіке тартты.

Бір кезде Айшаның білектей-білектей қос бұрымы тілерсегіне дейін түседі екен. Әлі де ұзын. Екі бұрымды қосақтап, ортасында «сандуғаш сандықтың» кілті байлаулы тұр. Сол кілттің салмағымен Айша адымдаған сайын, бұрымдары теңселіп келеді. Арт жағынан мен оны көріп келемін. Бір мезгіл Айша артына бұрылып:

– Әй, Барсхан, мені тұтқындаған айдауыл құсамай алдыма тұс, – деді. – Не қатарласып жүр.

Айша осылай деп айтқалы бері арада қанша жыл өтті – мен біреудің артынан жүре алмаймын. Озып та кеткім келмейді, тек қатарлассам болғаны.

– Жеттім деген жығылады, толдым деген төгіледі, –деуші еді Айша.

Заң – закон, кодекстердің талайын оқып, талайын бастан өткеріп, ұзын жолдың алдамшы гүлі аралас тікенегін кешіп жүріп келемін, жүріп келемін... Бірақ ешбір кодекс менің көкірегіме әлгі Айша айтқан мақалдай қонған емес. «Жеттім-жетілдім» деп жетіскен де жерім жоқ, «болдым-толдым» деп далиған да емеспін. Айшадан да көп бұрын әулие анамыз өзінің күндесінен туған балаға:

– Ағарып алдыма түспе, қарайып артымда қалма, – деген екен.

Кодекстің көкесі – осы.

Айшаның өз нағашыларымен қалай көріскенін несіне айтайын. Бәрібір тап басып, дәл бере алмаймын, тек айтарым: қос нағашы, бір жиен қыз – үшеуі құшақтасып, тіпті бастары түйісіп, көпке дейін ажыраса алмай тұрды. Әлде сағыныш, әлде зар, көкіректегі көп сырлар осылай айтылатын шығар.

Бұлар көріспеген төрт-бес жылдың ішінде не өтіп, не кетпеген. Дүниеден Мұртаза өтті. Айшаның туған анасы, мына Сәли мен Қалидың туған апасы (әпкесі) Құлыхан; Айшаның туған бауыры, Сәли мен Қалидың жиені Рахман қаза болды.

Үшеуі де аһыласып-уһілесіп біраз отырды. Айша маған:

– Әй, Барсхан, құмғанмен су әкел, – деді.

Қолдарына су құйдым. Жас аққан көздерін шайды.

Содан соң Сәли мен Қали кезек-кезек құран оқыды. Бірінен бірі өткен, жүрегіңде қатып қалған шеменді жібітіп, елжіретіп жібергендей сиқырлы дұға. «Мен өлгенде, басыма дұға осылай оқылса» деп армандатар сияқты. Осындай әуезді дұғадан кейін, өлгендер тіріліп келер сияқты.

Үйімізге бір емес, екі Қыдыр ата келгендей, берекеміз кірді де қалды. Нағашыларымыздың қоржынында сары мейіз, қара мейіз, кәмпит бар екен. Бұл Айша көңілденгені сонша: маған, Құрмашқа, Батырханға сол базарлықтан уыстап-уыстап берді. Құдайымыз жарылқады. От басына құт қонды.

Бүйіріне патшалардың суреті салынған самаурынға от қойылды. Айша бұл самаурынды киізге орап, тығып тастап еді. Өзіміз шәйді шәугімге қайнатып ішетінбіз. Бұл жолы Айша сол өзіміз көре бермейтін самаурынды шығарды. Бірақ жүдеу дастарқанның басында, есекке күміс ер салып, зермен жабулағандай жараспай тұрды. Самаурын соншалықты сәнді. Ал дастарқанда пәтір наннан басқа ештеңе жоқ. Тағы да болса, Әулиеатадан келген қоржындағы мейіз бен кәмпит әбүйірімізді жапты.

Қали атам орысша да сауатты білем: самаурынның бүйіріндегі суреттерге сығырая қарап отырып:

– Атаңа нәлет, Николай, ішкізіп едің қант пен шәй, – деп мырс етті.

Патшаны мақтау үшін, алдымен нәлеттеп алмаса болмайды екен, заман осындай болған ғой.

Кейін білдім, сары самаурынның айналы бүйірінде едірейісіп тұрған сақал-мұрттылар: Александр патшалар мен Николай патшалар екен. Соңғы патшаны құлатқан – біздің большевиктер екен. Соңғы патшаны қатын, бала-шағасымен қосып қырып тастағандардың бірі Голощекин деген жеңдет, осыдан он жыл бұрын ғана Қазақстаннан кеткен екен. Соған дейін, сегіз жыл бойы, Қазақстанға патша болып, қазақтарды қойдай қырып, сергелдеңге салған екен.

Сары самаурынның сыры сондай. Оны біз қайдан білейік? Қали атам болмаса, жәй сурет екен деп мән бермейтінбіз. Патшалар әлдеқашан құрыған. Ал біздің үйде бейнелері әлі тұр. Мұны ақи көз белсенділер көрсе, сорымызды сорпа қайнатқандай қылар екен...

Шәйдан кейін меймандар жүрмекші болды. Айша жыламсырап:

– Бұларың қалай? Бас иесі жоқ үй дегендерің бе? Тым құрыса, тышқан мұрнын да қаната алмадым. Қона кетсеңдер болмай ма? – деп ренжіп қалды.

Қали:

– Е, Айшажан, заманыңда сенін әкең Есей байдың малын үйірімен айдап жедік, Мұртазаның да сый-сияпатын көрдік. Мал соймады екен деп саған кінә қойсақ, бізді аруақтар атар. Мына Жуалы ауданының бастығына келіп едік, біздің ауылда, өзің білесің, мал өрісі тар. Соған мына Тәңіртаудың бір қуысынан жайлау сұрай келдік, шаруа тығыз, – деді. – Аман – есен екеніңді көрдік. «Орныңда бар – оңалар». Мына жаман немелерің де өсер. Заман құрығы тым қылқыңдырып бара жатса, хабарлас, бір амалын табармыз.

Басқа да көп сөздер айтылды, бәрі есімде жоқ.

Бұл қырық үшінші жылдың қыркүйегі еді.

Олар бізді құшақтап сүйіп, қош айтысып, арғымақ аттарына қонып, аудан орталығына қарай бет алғанда, қаралары үзіліп кеткенше арттарынан қарап тұрдық.

Айша:

– Бізге де Құдайдың оң көзі түскен екен, бізді де іздейтін жанашыр бар екен. Тәуба, тәуба! Құдая шүкір! – деді.

Бізді онша аялап, еркелете бермейтін Айша бұл жолы үш баласын бірдей құшағына сыйдырып жіберді.

Балапандарын құзғын құстан қорғаған мекиендей қорбиып қалды.

КӨКАЛА ҮЙРЕК

Үйқым келмеді.

Үйықтайын десем, өзегім талып барады. Өзек деген не? Ішек-қарын түсінікті. Қазір уілдеп, удай ашып жатқан да сол ішек – қарын. Ал адам ағзасында «өзек» деген мүше жоқ. Татар мұғалім әндерін тыңдасаң екі сөзінің бірінде:

Сине уйлап сағынғанда

Узелелер узегем...

деп қиылады да тұрады.

«Ас – адамның арқауы», – дейді қазақ. Адам ағзасында «арқау» деген мүше жоқ. Рас, өрмекте арқау бар. Ауылдың кемпірлері өрмек тоқығанда талай көргенмін. Арқау болмаса, алаша тоқылмайды.

Ендеше, өзек те сол арқау сияқты ұғым болды ғой. Адамды адам етіп, екі аяғынан тұрғызып, бойын тік көтеріп тұрған сол арқау немесе өзек, яғни - ас.

Қызылшаның құр өзін жей берсең, аузың көбіктеніп кетеді, кенеуі аз. Қызылшаға жылқы семіреді, оның өзінде де сұлымен, жоңышқамен қосып берсең. Құр қызылша жегізе берсең, тышқақ болады.

Кешкі тамаққа Айша бізге қасық басындай бір-бір тілім қызылша беріп еді... енді, міне, түн ортасында – «үзелеләр узегем».

Біреу тойып секіреді, біреу тоңып секіреді. Менің өзегімнің, үзілгені аштықтан. Ал біздің ауылға әлдеқайдан мұғалім болып келген көкшіл көз, дөңгелек жүз, қараторы қыз «үзіледі өзегім» десе, оның мәні басқа. О, ол басқа мән.

Әскерден Әнуарбек келген. Маңдайының ырысы бес елі екен, қан теңізін кешіп қайтып келді. Менің ағам Нохамен бірге кетіп еді. Ноха жоқ, Әнуарбек бар. «Қырық жыл қырғын болса, ажалды өледі». Ажалы жоқ – елге оралады. Оралды да әлгі татар қызына: «үзелеләр узегем» дегізді де қойды.

О, өйтіп үзілген өзектен айналып кетесің ғой. Құрбандығы боласың ғой.

Ал мен бейбақ өзегімнің талып бара жатқаны бір шайнам нанның жоқтығынан. Жүрегім айнып, құсқым келеді. Құсатын түк жоқ, асқазан тақыр. Қаспағы да қалмаған сияқты. Ішімнен жылап ары жаттым, бері жаттым. Айша – ортада, Құрмаш пен Батырхан – екі бүйірінде. Үшеуінде – бір көрпе. Басымды көтеріп қарасам, олар менен гөрі бақыттырақ: ұйықтап қалыпты.

Батырхан арагідік, анда-санда көзін аша алмай, енесінің емшегін іздеген күшіктей қыңсылайды. Бірдеңе деп былдырлайды. Түс көріп жатқан шығар. Аш баланың түсіне не кіруі мүмкін? Жарқ-жұрқ етіп, әлем-жәлем болып, қызыл-жасыл жамылып өте шыққан жаз кіруі мүмкін. Қартаң құлақ пен жауқазынның тамырын қазып жеп, бұлдірген теріп, қымыздық пен рауат сорсақ та жақсы еді сол жаз. Шытыр аралас балық көздің дәні қандай тәтті еді..

Көрген түстей болып, алыстан арғымақ мінген аталар келіп, лезде олар да қайтып кетіп еді.

Сол көрініс – алданыш. Көзіме елестеп біраз жаттым. «Қысылсаңдар – хабарласыңдар» деген. Әулие тақілеттес ақсақалды аталар алдамайтын шығар. Түр-түрпатына қарасаң Жерұйықтан шыққандай, келбеттері келісті. Ол елде ашаршылық жоқ сияқты, неге сонда мені мінгестіре кетпеді деп жатырмын.

Терезеден Ай көрінді, ортасынан ауған ғой. Алыстағы Ай арғымақ мінген алыстағы аталар сияқты: жүзі жылы, аяйды, бірақ жылуы жоқ. Құр аяныш – ауқат емес. Соны білген қазақ: «Мың сіз – бізден – бір шыж-быж артық» деген. Шыж-быж еткізіп қуырдақ жер күн қайда!

Әй! Тоқта!

Тәпе-тән ойдан басымды көтеріп алдым. Ұйықтап жатқандарға қарадым. Оларды Ай әлдилей ме, ұйқылары

тыныш. Дыбыс шығармай киініп, есіктің ілегін сылдыратпай ашып далаға шықтым. Ауыз тамда жатқан қара сиыр «пыс - с» деді.

Далаға шықсам – аяз. Ақ қоян құлақшынымның тамақ бауын байлап, жүріп бердім. Аяғымның астындағы қар мауыққан мысықтай баж-баж етеді. Осы бажылды естіп, арғы беттегі Салбидің саққұлақ қабаған барағы әу-әу етті. Өткен жылы менің алақанымды ырситып, ай таңба салып берген ит қой. Оныкі ит өмір. Ал мына қыстың аязды түнінде жападан-жалғыз далбасалап келе жатқан менің өмірім қай өмір?

Аспан ашық. Қуарған Ай. Айнала жымыңдасқан жұлдыздар. Неменесіне жетісіп жымыңдасады? Менің мына оспадарсыз жүрісіме күле ме? Егер аспандағы жұлдыздар жер бетінен кешіп кеткен жандардың рухтары екен: рас болса, онда олар мені қайта мүсіркемес пе? Өлген адамдардың жаны жұлдыздарға айналса, олардың ортасында Мұртаза да бар шығар. Сонда оныкі қай күліс? Аруақ, Құдай бар деген қайда? Әлде Мұртазаның аруағы әлсіз бе? А, бәлкім, Мұртаза аруаққа айналмаған шығар? Тірі жүрген шығар? «Өлді» деп өкімет әдейі бізді жүдетіп, жүндей түтіп қойған шығар. «Халық жауын» жазалардың бір амалы осы болар? «Халық жауын» сұраққа алғанда өтірікті шын деп мойындату үшін, әуелі сол тұтқынның ең етбауыр жақындарының жанын қинайтын көрінеді ғой.

Сөйткен шығар. Әйтпесе, Мұртаза аруаққа айналып, мына жұлдыздардың арасында тұрған болса, менің мына түрімді көріп, күлудің орнына жылап жібермей ме?

Жылайды ғой, жыламасқа не шара? Мені Тәңірден тілеп алған өзі емес пе еді?

Жұлдыздарға тағы қараймын: сақ-сақ күліп, кейбіреуі шақшиып, от кірпіктерінен шоқ шашырап, жан-жаққа шаншылып тұр.

Жоқ. Мұртаза бұлардың арасында жоқ. Ол да мен сияқты өзегі талып, Сібір тайгасының арасында аң аулап, ашығып жүрген шығар, мына мен сияқты.

Бұл менің аң аулауға шыққан түрім. Түн ішінде, сары аязда. Жұлдыздар жымыңдап, Ай қуарғанда.

Мұңды Мыңбұлақта баяғы Түрік халқының заманындағыдай аң аулайтын ну орман жоқ. Қоңыраулы еліктер де жоқ. Сонда немді ауламақпын?

Жазда суға толып тұратын әуіттің түбінде, енді жылтыраған көлшік қалған. Қазір оған мұз қатқан, бірақ ортасында көздей жері қатпайды. Бәлкім, сол көздей жердің астында қайнар бар болар, өйткені буы шығып жатады. Сол көздей көлшікте үш үйрек жүреді. Жабайы емес. Жабайы үйрек бұл қыста Жуалыда не жесін? Өзің иә адам, иә аяз жеп қоймаса.

Асыранды үш үйрек. Жұбантайдың байлығы. Молдарайым деген қарт жездеміз бар. Осы елге күйеу. Төменгі Қыршындыдан көшіп келген, баяғы ашаршылықта. Яғни, мен туған жылы. Содан осында тұрақтап қалған, бір көзі жұмылып жүретін, еңсегей бойлы, ірі кісі еді, жарықтық.

Жазда колхоздың маясын да салатын сол, қырмандағы қызылды суыратын да сол. Әсіресе мая салғаны – өнер. Мысырдағы перғауын пирамидаларындай түп-түзу. Сонда ол өзі сорлайды, бізді де зорлайды. Өгіз жеккен сатылы арбамен шөп тасып, маяға жеткіземіз ғой. Арбадағы шөпті айырмамен паншып көтеріп, мая үстінде тұрған Молдарайымға ұсынамыз. Ол өз айырымен әлгіні лезде іліп алады. Ал мая биіктей түскен сайын азап. Биікке қолымыз жетпейді, біз тырбанып, өкшемізді көтеріп, шөп ілген айырды көкке көтереміз, жетпейді. Біздің қолымыз жетпеген жерге Молдарайымның өзі еңкейеді. Бір рет (еңкейе беріп) биік маяның жиегінен құлап түсіп, сатылы арбаның доңғалағына соғылып, шекесін жарып алғаны да бар. Сонда да қоймай, қайтадан маяның төбесіне өрмелеп шықты-ау. Ай, айналайын-ай, жаның жаннатта ғана жай тапқан шығар.

Бұл опасыз дүниеде бәтуасыз басшылардан азаптан басқа алғыс алып көрмедің ғой.

Міне, осы Молдарайымның Жұбантай дейтін жалғыз ұлы, Қымбат, Сымбат, Бектай, Шамшай дейтін қыздары, Рысқұл дейтін кемпірі бар. Рысқұл – осы елдің қызы. Сонда Жұбантай жиен ғой. Әлдебір кеселден әскерге бармай қалған. Жүріс-тұрысы шырғай. Киім киісі мұнтаздай. Аяғындағы етігі, жата қалып қарасаң, өз жүзіңді көретіндей, айнадай. Соғыс кезінде де осындай сылқым болады екен да. Әйтпесе, басқа жұрт алба-жұлба, көрден шыққандай алқам-салқам.

Осы Жұбантай бұл ауылдың рәсіміне жоқ қылық танытып, үйрек асырады. Әлде Евгенийекадағы орыстардан көргені ме? Әуіт үйінің жанында. Жаздай су бар, Құдайға шүкір. Ал қыста... қыста үйректі далада бекер қалдырған. Жұбантайдың үйректері далада қалмаса, мен мына қарғыс атқан аязды түнде сыртқа шықпас едім, ниетім де бұзылмас еді. Жаманшылыққа жуымас па едім, кім біледі? Бірақ бір білгіш: «Дүниедегі ең қорқынышты төңкеріс – қарын төңкеріс» деген екен. Қарның құрылдап, ішегің шұрылдап тұрса, көрер едім әуселенді...

Сайға түсіп, көлшікке жақындасам, тоқымдай ғана ойықта үш үйрек бір-біріне тығылып, мойындарын қайырып, қанаттарының астына тығып, ұйықтап отыр екен. Аспандағы аз болғандай, жұлдыздар сүп-суық судан да жымыңдасты. Күлсең күле бер, азар болса кейін, мен өлгеннен кейін жаныңнан орын бермей қоярсың!

Қардың сықырынан үйректер оянып кетіп, қозғалақтап, қыр - р, қыр - р етті. Құстың тілін білмеймін, дегенмен жақсы сөз емес. Оны сеземін. Тағы да болса үркіп, барқ-барқ еткен жоқ. Барқылдап байбалам салса, кім біледі, Жұбантай естіп қояр ма еді?

Енді оларға таяп бару қиын болды. Алыстан тұрып қол созып едім, қолым жетпеді. Ұстап алу қиын, өйткені үйректер

ойықтан секіріп шыға алмайды, мына түнде шыққысы да келмейді.

Қайтер екен деп, тағы да сырғанап, мысықтабандап жақындай бергенімде, жұқалтаң мұз шыны сынғандай шыр етті де, судың ішіне құмп ете түстім. Үйректер енді шыннан үркіп, қанаттарын қағып, көлшікті сабалап, бетіме су шашыратты.

Болары – болды, бояуы сіңді. Ішіндегі ірілеуін бас салып ұстап, тырмысып жатып жағаға шықтым. Абырой болғанда, құс баласы бажылдамады.

Су-су болып, үйге қарай қарды қаршылдатып, зытып келем. Есіктің алдына жете бергенімде, алдымнан аруақтай ербиіп біреу шықты. Айша екен. Жүрегім зу - у - у ете қалды.

– А, жақсыдан жаман туған құлбарақ! Тура қазір жаныңның барында апарып таста! Кешегі ер Мұртазаның баласы жаман Жұбантайдың үйрегін ұрлапты, ұры деген атқа қаласың, сорлы!

– Иә, былтыр дәл осындай қыста өзің бастап, маядан маған шөп ұрлатқан өзің емес пе едің?

– Ол – колхоздың шөбі, ақымақ! Мынау – кісінікі. Обал болады.

Айшамен айтысып оңбайсың, – Қайтадан апарып тастадым, үйіріне қосылған көкала үйрек қыр-қыр етіп, қуанып қалды.

Айша қайтып ұрысқан жоқ. Су-су киімімді шешіндіріп, тісім тісіме сақылдап соғылып, тұла бойым жидек қаққандай дір-дір етіп, қалшылдаған мені төсегіме жатқызып, көрпемді қымтап, үстіме тағы да өз шинелін жауып қойды. Мені әлдилегендей:

Қоңыр қаз, үйрек

Қанатын сүйреп.

Ұшады Билікөлден

Түйдек - түйдек а - а - ай, –

деп ыңылдап, басымнан сипады.

Бойым жылып, балбырап ұйықтап кетіпмін. Түсімде Билікөлді көрдім. Айшаның төркін жағы ғой. Жадыраған жаз екен-ау деймін. Көл бетінде, нар қамыстың ар жағында үйрек

пен қаз жыртылып-айырылады. Қолымда қаршығам бар. Ақбоз атым астымда... қарын ашты деген ойыма кіріп шықпайды. Жайдармен дүние. Мұндай дүниені қайтып қиясың...

Шын жұмақ Билікөлде.

АЙЛЫ ТҮН, АРЫҚТА СУ САП ТЫЙЫЛДЫ

Май тоңғысыз жылы түн. Таудан салқын самал алып келетін Ақсайдың аңқылдақ желі де тыныстаған. Дүн-дүние мүлги қалғаны соншалық – құрғақ топырақтың суды қалай сіміріп жатқанына дейін естіледі. Сіміріп емес, сүйісіп жатқан секілді. Шөп-шөп ете қалады, шолп-шолп ете қалады.

Су мен жердің сүйіскенінен ләззат тауып, мас болған зауза қоңыз оқтай атылып, маңдайыңа тарс етіп тиеді де, өзі сеспей құлайды. Есеңгіреп біраз жатып, қайтадан ұшып кетеді.

Аспаннан біреу жерге қалбаң еткізіп, бір жаман тұмақты лақтырып жібергендей болады. Мен қорқып қаламын.

Айша:

– Қорықпа. Тышқан аулап жүрген үкі ғой, – дейді.

Түн ішінде, інінде ұйықтап жатпай, тышқанға не жоқ. Қараңғыда титімдей тышқанды аспанда жүріп, үкі қалай көреді?

Түн дегенмен, жұрт ұйқыда дегенмен, түннің де тіршілігі тынымсыз сияқты.

Міне, біз де тынбай тары суарып жүрміз. Айша екеуіміз.

Биыл колхоз бастық, сельсовет жиналыс ашып, әр сайдың басында отырған ауыл үйлерін бір жерге жиып, көшеге қоныстандырмақ болған. Әрбір үйге жер тіліп берген. Бізге жер көшенің ең аяғынан тиді. Жері тастақ екен. Соқамен өрен жырттық. Тары салдық.

Тарының тұқымын әрең таптық. Бір тостаған тарыны Жолболды деген ағамыз берді. Жаны жаннатта болсын. Түбіміз сонау арғы атадан қосылады.

Тұқымды тауып келген – мен. Кәрі кісілер мені көрсе, Мұртаза есіне түсетін болар. Ал олар кезінде Мұртазадан көп жақсылық көрген адамдар. Сондықтан мен тұқым сұрай барғанда, алақаныма тас салған жоқ, ас салды. Тас салғандарды да талай көрдім.

Тұқымды жерге сепкен – Айша. Қос тостаған тарыны талай жерге жеткізді. Шымшық жеп кетпесін деп, жерді қолмен тырмалап тастадық. Жерде дымқыл барда қосқұлақтанып, жап-жасыл зүміреттей болып жайнап шықты. Жас сәби шағында бәрі сүйкімді.

– Құдай қаласа, екі тостаған тұқымнан екі батпан тары аламыз, – деді Айша.

Артынша күн ысып кетті, әлгі балапан тары тез шөлдеді. Суарайын десек, су кезегі тимеді. «Тентек» деп аталған көшенің ең аяғындамыз. Бастағылар су ішіп болғанша, тарымыз қурап, ұшып кететін түрі бар. Жайнап тұрған жасыл тары құлағы бүрісіп, өлімсіреп солды да қалды. Енді сәл кешіксе – бітті: еңбегіміз еш, тұзымыз сор.

Айша, әйтеуір, мұрапқа әке-көке деп жалынып жүріп, түнгі судың кезегін сұрап алды. Оның өзі түн ортасынан ауа келді.

Бұл баяғы Таласбай бұлақтың суы. Әуіт салып, тоған салып, бұлақтың суын жиып, «көлшіктеп», содан қасықтап қана болып алатын қасқалдақтың қаны бұл.

Көшенің басынан түскен су аяғына жеткенше, яғни біздің тақтаға жеткенше қай заман?! Өйткені арықтың өзі шөлдеп қалған. Әуелі арық қанып болмай, егінге су жоқ. Содан сол көз жасындай мөлдіреп, Ай сәулесімен арқасына алтын-күміс жалатқан жылаңдай жылжып су да келді.

Құлақты байлап, тарыға бұруымыз мұң екен, бірін-бірі үздіге-үздіге сағынысқан Жер мен Су аймаласып, топырақ толқып, жер балқып кеткендей болды.

О, Жаратқан Құдірет! Біз, білімсіз бейбақтар, «жансыз» деп жүрген Жер мен Суды қалай ғана бір-біріне ынтық қылғансың?! Жер жарықтық балбырап, ыңыранып жатты. Су жарықтық, әлдебір ғажайып ән салды. Алдымызда өткен асыл данышпан:

Су – атасы,

Жер – анасы,

Нан – баласы, – деп тегін айтпаған.

Атасы мен Анасы табысты. Енді Нан болады, енді аштан өлмейміз. Енді тентіремейміз. Байытпасаң-байытпа, тілентпеші, Жаратқан!

Айша осылай деп күбірледі. Мен ішімнен қайталадым. Рас болса, Құдай сыбырлағанды да естиді дейді.

Кенет арықтағы су сап тыйылды.

Жер мен Су сыбырласып, сықылықтасқанын қоя қойды.

Мұны көрген түнгі әнші шекшек мұңлы шырылына басты. Шекшек бұл емес, әрине. Бірақ дәл қазір Жер мен Судың айырылысқан қасіретін көріп жырлаған жыры жүректі сыздатқандай еді.

– Біреу суды жолдан байлап алды, – деді Айша кешенің бас жағына қаһарлана қарап. – Қараң қалғыр, қайсың болсаңда мына кетпенмен қабақтай басыңды қақ жарамын!

Осыны айтып, Айша балағын түріп, кетпенді иығына салып, арықты бойлап кете барды. Артына бұрылып:

– Барсхан, ұйықтап қалма, су келсе, құлақты бұзып кетпесін, – деді.

Жалғыз қалдым. Жаңа көше. Жақын жерде үй де жоқ. Үй салып алғандар, тек көшенің бас жағында. Шама-шарқы келген үш-төртеу ғана, қалғандары киіз үй тігіп, күрке құрып, жертөле қазып алғандар. Жаңа көшені соғыс бітіп, азаматтар аман-есен оралғанда салмай ма екен?! Шал мен кемпір, бала-шаға қайдан

үй сала алады? «Тентек көше» атанғаны содан ғой. Демек бұны зорлап бастаған бастықтар тентек қой.

Осыны ойлап, арықтың құрғақ жеріне түсіп, жантайып жатырмын. Шекшек шырылы тынбайды. Алыста, жоғары жақта иттер абалады.

Сірә, Айшаға абалаған сияқты. Айша суды жығып әкеледі, Сонда Жер мен Су қайта қауышып, мәңгі-мәңгі махаббат жырын жырлайды. Оған шекшек қосылады.

Осыны ойлап жатып, ұйықтап кетіпмін.

Жағасы жайқалған ну орман, шалқар өзенге түсіп, жүзіп бара жатырмын. Неге екенін білмеймін, киімімді шешпепмін. Орманда құйрықтары салақұлаш, қанаттары қызыл-жасыл неше түрлі құстар ұшып, мені қоршап алып, мен бұрын естімеген әсем әнді құйқылыжытады.

Өзен бірте-бірте кеңейіп, теңізге айналып бара жатады. Теңіз кешіп қайда барамын? Беймәлім, бұлдыр дүние. Жағадан әлдекім қол бұлғап, айқайлайды. «Кетпе, кетпе, қайт» – дейді.

Айша мені сілкілеп-сілкілеп, әрең оятса керек. Есім кіріп, енді байқадым: үсті-басым су-су. Айша жыққан су екпіндеп келіп, құлақты бұзып кетіп, менің үстімнен лықсып асып кеткен екен. Енді болмаса, тұншығып қалғандай екенмін.

Айша сонда Айға қарап:

– О, Тәңірі, бұл Барсханды ақыры жетім қыларың бар, неге пысық қып жаратпадың?! Мына түрімен бір күні не суға батып, не отқа түсіп өледі ғой, Құдай-ау. Неге сонша болбыр жараттың бұл жетімді?! – деп аңырады.

– Неге? – дедім мен де Айға телміріп, дүниеге неге бұлай жаратылғанымға өзім де таңғалып, қолымды жайып.

ШАЛДАР ЫСҚЫРАДЫ

Адамдар «әділет», «әділ» деген сөзді көп айтады. Көп баланың атын Әділ, Әділет деп қояды. Дұры - ы - ы - с.

Талай пайғамбар әділеттік үшін күресті. Тіпті Иса пайғамбар сол турашылдық жолында құрбан болды.

Бірақ тарихқа бағамдап қара - а - ап тұрсаң, патшалар, тирандар жеңеді, пайғамбарлар жеңіледі.

Сонда... сонда кімдікі дұрыс, кімдікі бұрыс, кімдікі қиянат, кімдікі шындық дегенді түйткілсіз таразыға тартып, ақиқат адал кесім айтатын ең ұлы сот қайда?

Қалың халықты бастап келе жатқан Пайғамбар әлдеқалай сүрініп кетсе, артындағы қалың қауым қоғадай жапырылып құлайды екен. Егер Пайғамбардың өзі сүрінер болса, қара халыққа не дауа? «Түйені жел шайқаса, ешкіні көктен ізде» демеуші ме еді.

..*

Шаң-шұң шатақ шығатындай күн емес еді. Күннің түк кінәсі жоқ. Шаңқай түске жақын қалған. Рас, күн ыси бастаған. Дегенмен ми қайнататындай емес. Біздің Мыңбұлақта ми қайнататын күн сирек. Күн қанша құдіретті, қанша әлуетті болса да біздің Тәңіртаудың ақ басын сыйлайды. Шындаса тауды да балқытып жіберер еді, бірақ Тәңіртаудың ақ басын сыйлайды.

Сөйтсе де, менің басым Тәңіртаудың ақ басы емес. Шақпадай ғана, шамалы бас. Айналайын деді. Өзің, өзің мінген арық атың айнала берсе, айнала берсе, бас айнымай қайтеді. Бір емес, екі емес, жүз рет, мың рет, бас айналайын дегенде ұмытып қаласың а, бәлкім, миллион рет, миллиард, триллион, биллион рет... дециллион...

Қашан Молдарайым немесе Әліқұл шал айырымен бидайды ары-бері аударып көріп:

– Болды, – дегенге шейін.

Мұндайда, айналма жұмысты, айталық Мысырда, дәл өзі емес, Мысырдың жанындағы феллахтарда, яғни дизандардың ауылында құдықтан су тартатын шығырды айналдыру үшін жалғыз өркеш түйенің, яғни нардың көзін таңып тастайды екен. Басы айналып, миы шайқалып кетпес үшін.

Ал менің көзімді ешкім байламайды, арық аттың да көзін ешкім таңып тастамайды.

Бір қызығы – феллахтың түйесінде жәрбиіп мен сияқты бала отырмайды. Ешкім де отырмайды. Түйе өзінен-өзі айнала береді. Көзін қара шүберекпен таңып қояды. Дүн-дүниені жақтырмай паңданып, басын аспанға кегжитіп, айнала береді.

Сонда ол біздің аттардан ақылды ма? Өзінен-өзі айнала береді.

Не бұл амалды біз білмейміз. Не біздің басымыз Мысыр түбіндегі феллахтың жалғыз өркеш түйесінің басынан да мықты.

Рас, Мысырда күн Мыңбұлақтағыдан екі өте ыстық. Сонда да қырмандағы адамдар: қатындар, шалдар, балалар, қыздар сабан маяның көлеңкесінде отырады. Қарап отырмай кей қатындар:

Жуалы – малдың, жайлауы,

Өмірдің барма-ау байлауы - а - ай, –

деп әндетеді.

Сабан маяның көлеңкесі менің басыма түспейді. Нақ төбемдегі орайымды алақаныммен басып көремін. Әлі жұмыртқа пісіруге жарамайды, бірақ алақанымды ысытады. Демек «өмірдің байлауы» жоқ, – деймін арық аттың үстінде бір жамбастап отырып, түзу отыра берсең құйрығың, ойылып қалады. Өзі де ойылып қалған. Әуелі күлдіреп, жалқықтанып, артынан қабыршықтанады. Сонда бір қышиды-ау дейсің. Аттың үстінде кәдімгі кіседей боп отырып, көтінді көтеріп, артыңды қасылай берген де ыңғайсыз. Қанша дегенмен, қырман басында ел бар, қыздар бар... Шұбар мұғалім апайдың тәмпіш мұрын, алма бет, тәлпіш қызы да осында жүр. Амалын тауып, мая

салған болып, маяның үстіне шығып алап, бір келіншекке қутың-қутың етіп, шик-шиқ күліп қойып Жолдасбек те жүр.

Сондықтан аттың ерсіз қырқа арқасында ұдайы түзу отыру мүмкін емес. Бір жамбасыңнан бір жамбасыңа кезек-кезек ауысып отырасың. Бәрібір құйрығың қотыр-қотыр, қышиды, құрығыр. Қасиын десең – ұят...

Мұндайда ұялмайтын бір-ақ адам бар. Ол – Тасбет. Әлгі маяның түбіне барып о да жантаяды. Үлкен бар, кіші бар, келін-кепшік, бала-шаға бар демейді. Мұқтаждық қысқанда тарқ еткізіп жел жібере салады. Жантайып жатып, бір аяғын көтеріп, тарқ еткізеді. Шалдар жағы тыжырынады. Үндемейді. Қыз-келіншектер кенет бомба жарылғандай: «Ойбай!» – деп, тым-тырақай тұра қашады. Жеңгелері, қатар құрбылары күледі.

Ал Айша тілін тістеп қарап отырмай:

Ақыры мылтық атқыш мергенсің, осы өкімет сені әскерге неге алмайды? Жауды жайратып салар едің, – дейді.

Қатындар қарқылдап күледі. Тасбет міз бақпайды. Басы сол иығына жабысып жата береді. Бірақ осыдан соң ол Айшаны қайдан жақтырсын?!

Былтыр дәл осы қырманның басында Тасбет мас болып келіп, әдденені сылтау етіп, үйге артын үйкеген қотыр түйедей тиісіп, тыныш жүрген Айшаны ал да кеп боқтаған. Қамшы сілтеген. «Халық жауының қатыны», «Кулактың қатыны» – тағы-тағы, сондай-сондай, жын-құсығын аямай төксе керек.

Айша ары шыдайды, бері шыдайды. Анау қоймайды.

– Қойсаңшы-ей, бар болғыр, – деп, ақсақалдар айтса да көнбейді. Құмырадай басы сол иығына жабысып алып, (әскерге алмайтын себебі сол), екілене түседі. Мас қой. Оның үстіне бұрыннан қыжылы бар. Түсінік солай: «халық жауы». Асқазан қыжылдай берсе, запыранға айналмай ма? Демек соны төгу керек.

Ақыры қоймаған соң, Айша Тасбетті аттың үстінен бір-ақ жұлып түсірген екен. Жағасынан алып.

Жұрт шу егіп, әрең ажыратып, Тасбеттің талқаны шығайын деп жатқан жерінен арашалап алыпты.

«Сотқа беремін» деп одыраңдаған екен. Мاستығы тараған соң ақылы кіріп, өз кінәсін сезіп, әрі қырман басындағы куәлардан сескеніп, арыз жазбапты.

Бірақ запыран аши түспесе, кемімеген. Аңысын андып жүрген. Соның оңтайы енді келген. Айшаның әлгі сөзінен кейін, әйелдердің мазақ күлкісінен кейін:

– Мен сәгән көрсетейін әскерге кәләй алғанді! – деп орнынан тұрған. Әлі талтүстің аптабы қайтпаса да:

– Қәне, тұр, түге! Кәрә бұләрді, жәтісін! – деп, қоқиланып шыға келген.

Сол қырық төртінші жылы Мыңбұлақтың егіні жайқалып жақсы шықты. Бидай оратын лабогрейка үлгермей жатыр. Орылғанын сатылы арбалар қырманға тасып сабылады. Орылған бидайды біз таспен бастырамыз. Біз дегенім: мен және Сүлеймен. Мені әлі буыны бекімеген деп, Сүлейменді де жас деп, әрі дімкәс деп «жеңіл» жұмысқа жеккен. «Жеңіл» жұмыстың түрі жаңағы: бас айналу.

Мұның мәнісі: қырман болатын теп-тегіс жердің әуелі шөбін кетпенмен қырқып алады. Баланың басындағы шашты ұстарамен қырып алғандай. Содан соң ол жерге су жібереді. Суарып болған соң, сәл дегдітіп, таспен таптайды. Қырман теп-тегіс, тақтайдай қатты болады. Соған орылған бидайды жайып тастаған соң, қырлы тасты дүңкілдетіп, ат жегіп айнала береміз, айнала береміз.

Бидай қалың жатқанда, қырлы тастың дыбысы онша білінбейді. Бара-бара бидай дүрдиіп жатқанын қойып, тапталады. Сонда барып, қырлы тас жырын жырлайды. Дүңкілдей бастайды. Дүңк, дүңк, дүңк...

«Дүңк-дүңкті» мың рет, миллион, ал бәлкім, миллиард, триллион, биллион, бәлкім дециллион рет естисің. Молдарайым немесе Әліқұл: «Болды» дегенге дейін. Басың бас

емес, киіз доп сияқты болып қалады. Аттан аунап түсесің. Топанның үстіне топ ете түсесің. Сабан иісі аңқиды. Қолыңменен аршып көрсең – ар жағынан қызып маржан көрінеді. Көзің қызығады. Уыстап алып, алақаныңа салып, топанын үрлеп-үрлеп, аузыңа салып шайнасаң, шикі қамырдың дәмі білінеді. Шикі қамыр тісіңе жабысып қалады.

Қызыл маржанды енді Молдарайым мен Әліқұл ағаш тырмамен тырмалап, сабанынан ажыратып, қалақтай ағаш күрекпен суыра бастайды. Әрине, жел болса. Жел болмаса, кәдімгідей ысқырады. Сақалдары сапсиган қарт адамдардың ысқырғаны қызық, әрі ерсі. Бала болса бірсәрі. Шалдар ысқырады.

Әсіресе Молдарайым ысқырғыш. Әліқұл ысқырайын десе, ерні қақ-қақ жарылып кеткен. Қан шығып тұрады. Оған иманжапырақ жапсырып қояды. О да ысқырады, бірақ көже үрлегендей бір нәрсе. Өзі сары кісі, жарықтық. Күнге күйгенде қызарып кетеді. Молдарайым оның жездесі. Рысқұл апамыз Әліқұлдың әпкесі. Інісі Нұралы майданда. Молдарайым ысқырады. Кейде, үйде абайламай ысқырып қалсам, Айша:

– Ысқырма, жел тұрады, – деуші еді. Сол рас болды.

Құданың құдіреті, жел тұрады. Ысқырса жетіп келетін үйреншікті ереуіл аттары сияқты. Әлгі ысқырық желдің өзін жетектеп жеткендей. О, тоба!

Содан, шалдарың топанды аспанға, күннің көзіне қарай күрекпен лақтырады. Қылпығы, топаны желмен ұшып кетіп, Қызыл маржан жерге суылдап қайта түседі. Аспаннан жауған қызыл маржанға алақанымды тосып тұрамын. Шалдар қой демейді. «Қой, былай тұр» демейді. Ұрыспайды. Азабым үшін алған сыйлығым сол. Аспаннан жауған қызыл маржан алақанымды қытықтайды. Бір уысын жыртық шалбарымның қалтасына салып алып, бір-бір дәннен аузыма салып шайнап жүремін. Шикі, бірақ бәрібір тәтті.

Бұл кезде Жолдасбек маяға сабан жиған болып, әлгі бір әдемі келіншекпен сықылықтасып, бірін-бірі итерісіп, маядан домалап құлап түскен болып, абайсызда құшақтасып қалады. Әшейін, абайсызда.

Мен басым айналғалы әлі айықпай, олардың ойынына бейжай қарап, аңқиып аузымды ашып тұрамын. Аузым қамыр сасиды. Шикі бидай шайнадым ғой.

Әлгі келіншек маған:

– Кел-ей бері, состиып тұра бермей. Мына бәледен құтқаршы мені, – деп, Жолдасбекті итерген болып, мені шақырады.

Бармаймын. Аузым қамыр сасиды. Ыңғайсыз.

Жолдасбек менен екі-үш жас үлкен. Сонда да менімен бір класта оқиды. Оқуы орташа. Мен – ударник. Бірақ мектептегі оқу мен өмірдегі оқу – екеуі екі басқа. Пысығын көрмейсің бе кәпірдің, тызылдап тұр.

Мен теріс айналып кетіп қалдым. Артымнан шик-шиқ күлкі естіді. Қайырылмадым. Мүмкін, маған күлген шығар.

Қарамадым.

Сүлеймен маяның көлеңкесіне көсіле түсіп жатып қалыпты. Тық-тық жетеледі. Жолдасбек сияқты күліп-ойнауға оның да зауқы жоқ. Ол енді менімен түйдей жасты. Тық-тық жөтеледі. Бөтен жөтел. Тық-тық, тық-тық. Санаса ғой. Миллион, а, бәлкім, миллиард, триллион, биллион, а, бәлкім, дециллион... Оған «болды» деп айтатын ешкім жоқ. Оны айтатын Құдай ғана.

Маяның түбіне тығып қойған дорбамды алып қасына барамын. Ағаш тостағанмен шалап ұсынамын. Сүлеймен басын тез көтеріп, маяға арқасын сүйеп отырып, шалаптан ұрттайды. Сімірмейді. Сімірсе, шашалып қалады. «Тық-тық» келіп қалуы мүмкін. Жөтелсе, шашалып қалады. Сақ. Өте сақ. Тез ұрттайды. Тез жұтады.

Отыз екінші жылы туғандар – тозақ отынан шыққандар емес пе?! Ендеше, Құдай оларға жеңілдік жасаса қайтеді. Сүлейменге

кесел жапсырмай-ақ қойса қайтеді. Жабысып қалған кесел. Арылмайды. Арылар ма еді, күтім жоқ. Әкесі керең Әбіш шал. Шешесі де сырқатшыл кемпір. Шал әкесі тәуіп. Басқа балалар тұмауратып қалса, жазады. Шөп қайнатып береді, үшкіреді, әйтеуір, жазады. Ал өз баласын, өз туған баласын жаза алмайды, ем қонбайды.

Шіркін, қымыз болса. Қымыздан жазылар еді. Айша айтады. Айша ғана емес, татар мұғалима да айтты ғой. Әдебиеттен сабақ беретін Ғалия ше. Сол айтады: «Орыстың ұлы жазушысы Лев Толстойдың өзі туберкулезден қымыз ішіп емделген», – дейді. Қымыз үшін сонау Туладан Башқұртстанға, біздің ауылға келген дейді. Ғалия апай айтады. Ауылы Башқұртстанда болды ғой. Әрине, туған ауылы. Мыңбұлаққа қалай келген? Құдай да шебер ғой. Әнуарбекке қоспақшы ғой. Әскерден Әнуарбек келді, Ноха келмеді. Екеуі бірге кетіп еді...

Мына менің қасымда көк шалап жұтып отырған Сүлейменнің ағасы Қайып та әскерге кеткен. Келген жоқ, тым болмаса Қайып келсе, Сүлейменді қалаға апарып емдетер еді. Ауылда емші жоқ. Оның үстіне Тасбет жұмысқа салады. Сүлеймен:

– Кеселмін, бармаймын, – десе болар еді, бірақ айтпайды.

– Үйде жата бергенше, адамдардың арасында жүргенім жақсы, – дейді. Оған не дерсің? Досқа тиген оқ – қойныңа түскен шоқ. Сүлеймен тық-тық жөтелсе, менің де жаным шиқылдағандай болады. «Ойда сиыр мөңіресе, тауда арқардың мүйізі сырқырайды» деген рас қой, шіркін.

Қанша абайлап ішем десе де көк шалапқа Сүлеймен пашалып қалды. Жөтел қысты. Екі қолымен екі өкпесін басып тұрып, еңкейіп-еңкейіп, екі көзін жұмып алып, қиналып-қиналып жөтелді. Қан жақсы. Көрінбей тұрғанда жақсы. Қан көрінсе жа - а - а -ман.

Түйіршік түскен соң «уһ» деп дем алды. Еңсесін көтерді. Маяға шалқалай жатты. Маңдайынан шып-шып тер шықты. Мөлдір моншақ сияқты.

Боз көйлегімнің жеңімен маңдайын сүрттім. Орамалмен сүртер едім, орамал жоқ қой. Мұғалима апайдың қызы, тәмпіш мұрын тәлпіш қызы өзінің кішкентай, бір жапырақ, қызғылым, кестелі орамалымен, сон - о - оу бір күні менің бетімді сүрткені сияқты сүртер едім, орамалым жоқ. Жеңіммен сүрттім.

Ойымнан қымыз кетпей қойды. Бірер жұтым қымыз болса, Сүлейменнің жөтелі тыйылар еді. Дзоттың алқымына гранат тығылар еді. Татар мұғалима Ғалия айтады ғой: фашистердің дзотына Сұлтан Баймағамбетов деген батыр гранат лақтырып, кеудесін тосып, үнін өшірген деп. Жөтелдің үні – фашистердің пулеметі. Оның үнін өшіретін – бір жұтым қымыз – гранат.

Ойыма сап ете түсті: Жуанқұлдың үйінде қымыз бар! Колхоздың екі-үш биесін Тазагүл апамыз сауады. Қымыз ашытады. Бірақ бір тамшысын қалдырмай, Жуанқұлдың қатыны қопарып алып кетеді. Оны жұрттың бәрі біледі, білсе де үндемейді. Колхоздың қымызы – колхозшыларға ортақ қой. Солай емес пе? Бірақ басқалар татып алмайды. Жуанқұлдың үйі ішеді.

Мейлі, ішсе іше берсін. Басқамыз дәметпейміз. Мына Сүлейменге ғана, басқамыз емес, маған да емес, мына Сүлейменге ғана, бірер жұтым берсе, Жуанқұлды жер жұтып кетпейді ғой.

Басы айналса да, тұяғы тарамысына ілініп титықтаса да, аттар қу құлқынды ұмытпайды. Өзімдікін, шәлтиген шабдардың ауыздығын салып, қолыма дүңгіршегімді алып, үстіне қарғып міндім. Шабдар: «Мұнысы несі, тыныс қайда?» дегендей кіржің етті. «Нешауа, қарның әлі қампияр, ренжіме, Шабдар», – дедім де, ешкімге, еш нәрсе демей, анадайдағы ауылға жөнеп бердім. Мені аңдып отырғандай, артымнан қисық Тасбет:

– Әй, әй, кәйда? Кәйт, кәйт! – деді.

Қарамадым. Салып ұрып, Жуанқұлдың үйіне келдім. Есектей дәу, ала маңтөбет маңқ-маңқ етіп үріп еді, үйден Жуанқұлдың қатыны шықты. Сықпытына қарасаң, иті де тоқ, қатыны да қарынды.

– Не боп қалды? – деді сарықарын бәйбіше. Менің бұл келісім тосын. Өйткені бұл үйге жылында бір аса мәжбүрлік болмаса жоламаймын. Былтыр Батырхан ауырғанда тәуіп айтты: жылқының іш майымен ішін сылау керек деп. Жылқының іш майы қайда?! О жарықтықта жоқты айтады. Бар болса, Жуанқұлдың үйіндегі жеңешемде болар деген далбаса үміт қой, баяғы. Жуанқұл сонда «әйда, кет, атаңа нәлет!» – деп қуып шыққан.

Қазір Жуанқұл жұмыста шығар, ауданға кеткен шығар, жеңешем «жоқ» деп айтпас деген дәмемен келдім ғой. Жеңешеме: осылай да осылай, Әбіш шалдың Сүлеймені қан құсты, бір тостаған қымыз керек деп едім, обалы не, Тәңір жарылқағыр жеңешем:

– Қазір, – деп дүңгіршегімді алып, найқала басып үйіне кіріп кетті.

Қуанып қалдым. Бұрын бұларды жек көргенім бекер екен-ау дедім. Бұларда да мейірім бар екен-ау дедім. «Қырық жыл қырғын болса да қиыспайды туысқан» деген рас екен-ау дедім. Со кезде әуілдек ала маңтөбетке де: «күшкә, күшкә» деп қойып едім, о да жуан құйрығын бұлғаң-бұлғаң еткізді. Итіне дейін жақсы көріп тұрмын. Енді Сүлейменге Мекеден зәмзәм суын алып баратын болдым-ау деп ішімнен мақтанып, масаттанып тұрмын. Мұнымды көріп, Тасбет те жібитін шығар, боқтамайтын шығар деп қоямын.

Қымыз шайқалып төгіліп қалмасын деп, дүңгіршегімді оң қолыммен жоғары көтеріп, бастықтың үйінен былай шыға бергенімде, аудан жақтан көк айғырды алқындырып Жуанқұл шыға келді. Ауылға қарай атпен шаппайды деуші еді, жаман

болады, жаман хабар әкелгенде немесе біреу қаза болса, соның үйіне ғана қарай «ой, бауырымдап» шабады деуші еді... Мынау шауып келді. Аттың үстінде арлы-берлі аунақшиды, бірақ құламайды. «Мас» дедім ішімнен. Көрінбей кетіп қалайын деп, көрмеген, байқамаған болып, атымды тебініп жүре беріп едім, қырсық шалмай тұра ма:

– Әй, әкеңнің аузы... тоқта! – деді. Дәл бір мен оның қатынының қойнынан шыққандай.

– Тоқта, контра! – деді ышқынып.

Тас төбемнен біреу қос қолдап соққандай, есеңгіреп тоқтадым. Адуындап, жаман атымды жапыра жаздап жақындағанда, жамандық көрмегір, Көк айғырдың езуін жырып жібере жаздап, тізгін тартты.

– Қолыңдағы немене?

– Қы - қы...қы - мы - ыз. – Қорыққаннан тұтықпа болып қалдым.

– Кім берді?

– Жеңешем берді.

– Oh, жеңешеңді!.. – Дойыр қамшымен дүңгіршекті періп жіберіп еді, дүңгіршек қолымнан шығып кетіп, қаңқ етіп ұшып түсті. Дүниедегі ең асыл нәр, ең асыл ақ ақтарылды да қалды. Обалы кімге? Ақты төкпейді деуші еді. Ақырын:

– Обал болды-ау, – дедім.

– Жоғал көзіме көрінбей! Жұмыс қайда?! – деп арс етті.

Екі беті талақтай. Екі көзі, айтпақшы, жалғыз көзі қып-қызыл.

Соқыр көзінің ақ шеліне дейін қызарған сияқты. Пері ғой. Дәу пері. Періге не деп болады, жалғанда мұндай қорлық көрмеспін. Алыса түссем бе екен деп жаман ой да келді. Бірақ қайда – а --ан. Дүлей ғой, дүлей.

Ай, ит тағдыр-ай, дүңгіршекті ұрғанша, сол күрзімен өзімді жон арқамнан ұрғаны жақсы еді ғой. Дүңгіршекті ұрарын білсем, тастай қатып, қатты ұстар едім ғой. Білмей қалдым,

әттеген-ай... Басқа-басқа, қасиетті қымызды ұрғаны несі? Осыдан кейін де сол қасиет Жуанқұлды қалай соқпас екен. Онда бәрі бекер болды ғой.

Астымдағы атымның мойны салбырап кетті. Теп-тегіс жерден сүріншек. Мұндай емес еді, қайта-қайта сүрінеді. Әлгі зорлықтан бұ да қорынған болса керек.

Жадырап тұрған жаз да жайында қалды. Асқақтап тұрған Тәңіртауда сиықсыз қиқы-жиқы. Ажарсыз. «Тіпу», – дедім. Апай-төстеніп, аспанды тіреп тұрғанын қайтейін, түк панасы жоқ. Қыста бораннан қорғай алмайды, қысылғанда қол ұшын бере алмайды. Бастық дәу болса, тау одан да дәу. «Тәйт!» – десе қайтеді? Жаңағыдай дуайпат әділетсіздікті көргенде неге төңкеріліп кетпейді? Неге күңіренбейді? Осы мына жер бетіндегі сұрқия сұмдықтың, сойқан соғыстың, күштілердің әлсіздерге әкіреңдеуінің бәрі осы таулардың үнсіздігінен. Мелшиеді де тұрады. Әлде Ұлыларда тіл жоқ па? Ұлыларға тіл бітсе – алапестер аласталып, заман түзелер еді.

Ай, Тәңіртау, Тәңіртау, саған да ұят болды-ау...

Атым сөлбірейіп, өзім сүмірейіп, қырманға қайтып келсем, молотилканың жанында Айша аңырап отыр. Қасындағы қатындар қой-қойлайды. Батырханға бір нәрсе боп қалған екен деп, жүрегім тас төбемнен бір-ақ шықты.

Аттан түсе-мүсе, жанына жүгіріп барып:

– Не болды? – дедім құшақтай алып. Қатындар:

– Әшейін.

– Әшейін, – десті көңілсіздеу ғана.

Бұлар молотилка басында, қырманның келесі шегінде еді. Колхозда жалғыз молотилка бар. Соның алқымына осы екі-үш қатын кезек-кезек бау-бау масақ тастап тұрады. Бұл енді біздің тас бастырғанымыздан да жаман. Молотилканың алқымынан топан борап тұрады. Аузы-мұрнын шаңдып алады мына байғұстар: Айша, Дүйсенбайдың кіші шешесі Мәрзия және Жәлі. Айырмен молотилканың алқымына кезек-кезек бау

лақтырады. Паровоздың оттығына көмір лақтырғандай. Молотилканың алқымынан қарамай иісі аралас топан бұрқылдайды. Бұдан шыққан бидайдың дәмі басқа. Бәрі бір жердің бидайы ғой. Ал біз, Сүлеймен екеуміз таспен басқан бидай тап-таза, дәмі де өзге.

Айшаның қарамай аралас тозаң топаны тұтқан беті айғызданып кетіпті. Көзінен шыққан жас жылғалап ағады. Сүртейін десем, орамалым жоқ, жеңіммен сүртіп тұрып:

– Не болды, айтсаңшы, – деймін.

– Ай, Барсхан, Барсхан! Не жаздық бұл қу Құдайға! Ана Тасбет түп-түқиянымыздан түк қалдырмай қорлады ғой, ойбай, қорлады ғой, – деп жұдырығымен жерді қойып-қойып қалды. Тасбет үшін жер кінәлідей. Кінәлі болса, кінәлі шығар. Тасбеттерді астына тартып кетпей ме, әйтпесе.

– Сен жаңа атқа мініп қайда кетіп қалып едің? Балаң – бұзық, рұқсатсыз кетіп қалды, жұмысты тоқтатты, зиянкес, – деп осында мені жерден алып, жерге салды ғой, Тасбет. Мыналар көріп тұр ғой, – деп қасындағыларды меңзеді. – Әке-шешеден, ата-бабадан түк қалдырған жоқ. Әлдеқашан, айдалада сүйегі қурап қалған Мұртазаны да қорлады. Қолақпандай қылып анаусын саптады. Онысын жұлып алып, қолқасына тығайын десем, мыналар жібермеді, – деп, тағы да қасындағыларды нұсқады. – Оның үстіне былтыр да боқтағанда, аттың үстінен жұлып алып, тепкілеп едім, соны да ұмытпапты. «Соттатамын, өзіңді де, балаңды да, байыңның артынан жіберем», – дейді. Қайтеміз, Барсхан?

Көкірегімді бір дүлей кернеп кетті. Не екенін білмеймін? Көзімнің алды бұлдырап, түк көрінбей кетті. Жалғыз анам зар жылайды. Күлгенін, қуанғанын көргенім аз. Ол күлсе – күн күлгендей жарасады. Бірақ күлгенінен зарлағаны көп. Неге? Қашанғы қорлана береді? Менен медет күткендей болды ғой, маған шағынды ғой. Бұрын да талай қорлық көргенде маған бүйтіп шағынбайтын. Онда менікі не тұрыс?

Жүгіріп барып, Молдарайымның бес ақалы айырын ала салып, маяның түбінде шалжиып, басы қисайып, ұйқылы-ояу мүлгіп отырған Тасбетке тұра жүгіріппін. Байқаусызда қапы қалмасын деген оймен:

– Тасбет! – деп ақырып жіберіппін. Сөйтсем, даусым ақыруға жарап қапты, қанша дегенмен он екіге толайын дедім ғой.

Селк етті. Бағжаң етіп, көзі ашылды. Бес ақалы айырды қос қолдап ұсынған күйі, кеуде тұсын ала періп кеп қалып ем, жантайып, жалтарып үлгерді. Бес ақалы айыр маяға бойлай кіріп кетті.

Сол арада адамдар: Молдарайым, Әліқұл, Сүлеймен, Жолдасбек тағы басқалары лезде жиналып қапты. Айырды маядан қайта суыра беріп едім, бәрі бас салды. Бесақаны тастай салып, Тасбеттің алқымына қол салдым білем. Бәрі маған тағы жабылды. Ажыратып алды. Сонда да бұлқынып-бұлқынып, араларынан шыға бергенімде, қайдан келгенін білмеймін, мұғалима апайдың алмабет қызы:

– Болмайды, болмайды, – деп шырылдады. Шыр-шыр етіп, қолын ербеңдетті.

Сол екі арада молотилка басындағы әйелдер де жетті. Айша:

– Барсхан, балам, қоя ғой. Бар екенсің. Тәуба, тәуба Құдайға! Менен туған ұл бар екен. Менің қорғаным бар екен, жұртым! Енді өлмейді екенмін, – деді.

Бұл арада есін жиып алған Тасбет: «Әй, Әйша! Бұрын аяп жүр едім. Енді соттәләсің! Әнә кәшәмәр бәлән дә соттәләді. Міне, мына кәлік куә, – деді.

Боқтамайды, бірақ бопсалайды. Жуасып қалған сияқты, бірақ қорқытты. Зілдей ғып айтты. Бұл жай қорқыту емес. Атына мініп, кетіп қалды.

Кешке үйде отырғанда, Айша:

– Ана Тасбет аямайтын сияқты. Мені соттата қоймас. Қол жұмсаған жоқпын ғой. Сенің сойқаныңды бәрі көрді. Көзден таса бола тұрсаң қайтеді, – деді.

– Қайда?

– Сәли, Қали аталарыңның ауылына.

Сәли, Қали – былтыр арғымақ мініп келген аталар. Өзім де ылғи ойлап, сағынып жүруші едім. «Қысылсаңдар – хабарласыңдар», – деп кетіп еді.

– Қалай жетемін, олардың қайда екенін де, қалай баруды да білмеймін ғой, – деймін Айшаға.

– Қорғанбайдың нағашы апасы келіпті. Ертең қайтады. Соған ілес. Тура Бектөбеге барады, – деді Айша. Бектөбе – Сәли, Қалидың ауылы. Әулиеатаның түбінде дейді.

Амал жоқ, қашқын болдым.

ҚАРАТАУДЫҢ «КҮЙІК» ДЕГЕН АСУЫ БАР

Жеңіл машина жақсы жүріп берсе, біздің Мыңбұлақтан Әулиеатаға дейін бір сағат жол. Бір-ақ сағат.

Ал 1944 жылдың жазында мен сол «Мыңбұлақтан» Әулиеатаға дейін екі күн бойы жүрдім.

Он екі жасқа толар-толмас өмірімде бұл менің ең ұзақ сапарға тұңғыш шығуым еді. «Мыңбұлақтан» көп ұзағанда аудан орталығы Боранды – Бурныйға есекпен бидай тасыдым. Құлқыны құдықтай элеваторға. Одан кейін Шоңқараның диірменіне, Андреевкадағы әпкем Әдияның үйіне бардым.

Рас, былтыр Арзыгүл апама ілесіп, Қырғыздың Шекер, Аршагүл айылдарына бардым. Болды.

Айша былтырғыдай тағы да Оңғарбай атаның көк әңгісін сұрап алды. Торғай тоқ еткен бозала таңда, Шоқай апа екеуіміз Мыңбұлақтан Теріске тіке тарттық. Бұл-жолсыз жол. Арба жүре алмайды. Есектің бір артықшылығы жол таңдамайды. Сондықтан тіке тарттық.

Теріс өзенінің көктемгі қарқыны басылып, таяз тартқан кезі екен, қиналмай өттік. Одан ары Ащының алқабымен алқынып көп жүрдік. Ащының биігіне көтерілгенде, артыма бұрылып қарап едім, әуелі жалтырап, күміс жыландай ирелеңдеп жатқан Терісті көрдім. Одан ары найзаның ұшындай шаншылып Манас шыңы көрінді. Оның батыс жағын ала жатқан доғалдай шың Көксай екенін шамаладым. Одан да батыстағы, әрине, біздің Ақсай деп қойдым, Ақсайдың аңғарынан төменірек өз ауылымды – Мыңбұлақты іздедім. Жарықтық, жатыр екен. Үркердей боп үрпиіп. Шақпақтау желінін өтінде қалған торғайдай, жүні қобырап, қорғансыз қалған мына дәл өзім сияқты көрінді. «Мені тастап қайда барасың, Барсхан? – дегендей. – Қайт, Барсхан, менде туып, менде өстің. Кәусар бұлақ суларын іштің. Кетпе, Барсхан, кетпе. Қанатың әлі жас қой, қанатың әлі қатая қойған жоқ қой. Қанатың талады ғой. Қайт, Барсхан, қайт», – деді маған Мыңбұлақ.

Оң жағыма бұрылып қарай бергенімді байқап, Шоқай апа:

– Немене, ауылыңды әлден сағынып қалдың ба? – деді.

Тұнжырап:

– Қайтқым келеді, – дедім.

– Ойбу, ұяттағы-ай, – деп, Шоқай апа бетін шымшыды. – Атпалдай бригадирді ұрып қорқытқаныңа қарағанда, мен сені есі кіріп қалған ересек десем, әлі бала екенсің ғой. Қой, түс есектен, сусындап алайық.

Түстік. Жапырағы сарғайып, құрай бастаған сасырдың түбіне есектердің үстіндегі көпшікті алып, шоқиып отырып, айран-шалап іштік. Шоқай апам бір үзім нан ұсынды. Арпаның ұны аралас, қылпығы көп екен. Сонда да балдай тәтті, жарықтық.

– Немене, Айша апаңды сағындың ба? – деді Шоқай апа тағы да тілі шығып. Жол бойы үндеген жоқ болатын. Сонысына қарап, мені жақтырмай келе жатыр ма деп ойлады.

Мен жауап қатпай, алыста қалған ауылға қарап отырмын. Біз Қаратаудың қырқасына көтерілсек те, Тәңіртау әлі биік.

Бауырында жүргенде байқамайды екенмін, әйтпесе ұзыннан-ұзақ керіліп жатқан кербез, тым тәкаппар, тым асқақ екен. Айшаның әні есіме түсті.

Тәңіртау, мен қайтейін биігіңді,
Мерген болып атпадым киігіңді.

Он алтымда қосылған есіл ерім,
Қайда барып тартамын күйігіңді-ай.

Қайда барып тартамын күйігіңді- ай, –

деп қыстың қысқа күнінде әскердегілерге деп жүн иіріп, шұлық тоқып отырып, осыны айтушы еді Айша. Онысын онша түсіне бермеуші едім. Сөйтсем, ол са - ғы - на - ды - ы -ы екен ғой.

О, қасиетті сары алтындай сағыныш... Сен болмасаң, адамдар, тіпті туған ана, туған бала, бір-бірінің қадірін білер ме еді, білмес пе еді?

Өлең шығарғым келді Өскенбайға ұқсап. Соғыстан қайтқан бүкір Өскенбай өлең жазады. Қызға арнап. Сірә, мұғалима қызға ғой деймін. Ол өлеңін тасушы – мен. Өйткені ол маған ғана сенеді. Екеуміз доспыз ғой. Маған әскери белдігін де берген. Ажалдың аузынан қайтқан, сұрапыл сұмдықты көрген ер азамат пен кішкентай оқушы баланың достығын сендер білмейсіңдер. Мектепте Өскенбай бізге әскер сабағын үйретті. Сонда деймін-ау, әлгі мұғалім қызға арналған өлеңін өзі-ақ бере салмай ма? Жоқ, маған тапсырады. Онысы несі екен?

Қыз бәрібір басқа біреуге тиді. Өлең тілін түсінбейтін бәле шығар. Жүрегі дірілдемейтін, елжіремейтін топас болар. Әлде... Өскенбайды кемсінді ме? Керіскедей келісті жігіт, жарқылдап күлгені қандай. Өттең... Бүкіштікті ол Құдайдан тілеп алған жоқ. Бомба түскен блиндаждың белағашы белімді басып қалсын деп, кімге жалыныпты ол?!

Сонымен, өлең шығарғым келді. Тәңіртауға, Мыңбұлаққа Қаратаудың қырқасынан қарап отырып. Қасымда қарқарадай күндігі бар қара кемпір. Сасырдың сояу сабағын күрт-күрт

кемірген екі есек, біреуі – әңгі, біреуі – мәш. Анда-санда қасыласып қояды. Екі араға өлең-хат тасымай-ақ бірін-бірі жақсы көретін шығар. Қасыласады.

Өлең ұйқасын таппай, не айтарымды да білмей, қиналып ары отырдым, бері отырдым. Айран-шалапты ішіп, нанды жеп болдық. Қасымдағы Шоқай апа сәл мүлгіп отыр ма деймін.

Әй, өлең шығарудың қиыны-ай! Біздің елден шыққан бір ақын қыз өзінің тырнақалды тұңғыш өлеңін:

О, шопандар, шопандар!

Атқа мініп қопаңдар, –
деп бастаған екен.

Тым болмаса, сол сияқты бірдеңе де ойыма оралмайды. Айша болса, табанда суырып салар еді-ау деймін.

Кенет Шоқай апа көзін ашып алып: «Жүр, балам, Құдай қаласа, Күйіктің асуына да жақын қалдық. Күйіктен ассақ, түнделетіп бірдеңе етіп жетерміз», – деді.

Жүріп келеміз. Ойымнан өлең шығару кетпейді. Мектепте тақпақ айтқаным болмаса, өзім өлең шығарамын деп үш ұйықтасам түсіме кірген емес. Енді өлең ұйқастырғым келеді. «Қаратаудың басынан көш келеді» дейін десем, көш жоқ. Ербиісіп екі есекке мінген бір кемпір, бір бала. Екі есектің біреуі – әңгі, біреуі – мәш. Әңгі – еркегі, мәш – ұрғашысы. «Қаратаудың басынан көш келеді» деп қоямын ішімнен. Бірақ өзімдікі емес. Басқа біреудің өлеңін ұрлауға болмайтынын маған ол кезде ешкім айтпаса да, әйтеуір, жақсы қылық емес екенін сеземін. Былтыр Қорғанбай екеуміз бір уыс қара арпа ұрлаймыз деп, Жуанқұлдың абақтысына отырып шыққанбыз. Ұрлық жақсы емес, оны білемін, білдірді. Ал біреудің өлеңін ұрлағанды абақтыға қамай ма екен? Оны білмеймін. Қызық, ә? Шыннан қамай ма екен?

Күйіктің асуына қарай еңкейе берген кезде, кенет артыма бұрылып қарасам: Тәңіртау да жоқ, Мыңбұлақ та жоқ, тек ала шарбы бұлты бар аспан ғана. Жан-жағыма қарасам: жақпар-

жақпар, құж-құж құржиып жатқан тастар. Жүрегім дір-дір етіп, үзілі - і - іп бара жатқандай, көңілім жама - а - ан қобалжып қоя берді.

Сірә, кемсеңдесем керек, оны өзім де сезбей қалдым. Соны байқаған Шоқай апа:

– Не болды? Басың айналды ма? – деді.

– Ауыл... ауыл көрінбей қалды ғой...

– Қой, қарағым, ауыл қайда қашады дейсің. Ауылың орнында, ауыл қашпайды, адам қашады. Аһ, дүние! – деп күрсінді Шоқай апа.

* * *

Енді, міне, мына заманда кейде «Волгамен», кейде «Вольвомен» жүйткіп, Күйік асуынан тасыраңдап ары да өтемін, бері де өтемін. Кешіре гөр, қасиетті Қаратау! Бірақ дәл сол арада, дәл Күйіктен еңіске түсе берісте, Тәңіртау көрінбей тасада қалған кезде, артыма ылғи да бұрыламын. Бұрыламын да: есекке мініп ербиіп, жан-жағына жатырқай қарап, жалғызсырап, бұтағынан жел жұлған жапырақтай жаутаң қаққан жетімек баланы көріп, мына зымыран машинаны тоқтата алмай, тоқтата алсам, сол сормаңдайды мінгізе кетсем деп, өзімнен өзім айнымын. Есі – басым сау, бірақ әлгі елес елеңдейді де, көлбеңдейді де тұрады.

* * *

Сөйтіп, Тәңіртауды да көзден тасалай алатын құдірет бар екен. Күйіктің бұралаң-бұлтың, бұдыр-бұдыр жолымен мықшындап табанға да түстік. Сылдыр қағып су ағып жатыр екен. Жағасында топ-топ бұйра талдар еседі екен. Есектен түсіп, су іштік. Шоқай апа дәрет алып, намаз оқыды. Сірә, намаздыгер шығар. Әлде намазшам. Асу іші күңгірт. Төңірек түксияді.

Кішкентай көлшікте шіл жүр. Қиқ-қиқ етіп, мен көрмеген, түсі бөтен тағы бір құс шыр айналып ұшады.

– Шоқай апа, мынау қандай құс? – деймін.

– Қызғыш қой, балам, – дейді, жайнамаз орнына жайған орамалын бүктеп тұрып.

Қызғыш! Ол Махамбет қой! Ақын ғой! Батыр ғой! Мектепте Ғалия апай жаттатқан.

Ау, қызғыш құс, қызғыш құс,

Көл қорыған сен едің,

Ел қорыған мен едім.

Сен де айырылдың көліңнен,

Мен де айырылдым елімнен.

Сені көлден айырған

Лашын құстың тепкіні,

Мені елден айырған

Хан Жәңгірдің екпіні.

Білемін. Әлі ұмытқан жоқпын. Ғалия апай маған «бес» қойған. «Батырдың өзіндей етіп, екпіндеп айтады екенсің», – деп мақтаған, батырдың айтқанын ол қайдан естіген?..

О, шіркін, өлең шығарсаң, осылай шығар. Осылайша шығарсаң ғой. «Мені елден айырған – хан Жәңгірдің екпіні». Өй, мынау мен сияқты ғой. Бірақ мен... Махамбет емеспін. Тасбет – Жәңгір емес. Әттең, менен бұрын шығарып қойыпты ғой. Дегенмен хан Жәңгірдің орнына Тасбетті қойып көрсем, Махамбет – өзім.

«Мені елден айырған – бригадир Тасбеттің екпіні...»

Келмейді. Өлеңге ұқсамайды. Буыны артық па, немене?

Күйіктің аузынан шыға бере, тақтайдай тегіс дала, оқтай түзу жол басталды. Сол қол жақтан тағы бір тау көрінді. Қаратауға қарағанда көгілдір сияқты ма...

– Шоқай апа, мынау қандай тау? – деймін.

– Бурыл ғой, Бурылтау. Сен мені «Шоқай, Шоқай» дей бересің. Ауылыңдағы қатындардан естігенің ғой. Менің атым –

Бибісара. Шоқай – менің елімнің, руымның аты. «Шоқай» деме, Бибісара де. Бибі апа десең де болады.

– А - а, – дедім.

Бибісара деген әп-әдемі аты бар екен. Бәсе, осындай жақсы кісіге «Шоқай» деп ат қоя ма екен? Бірақ қазекем ажал тырнағынан аман болсын деп, тіл-көзден аман болсын деп, баласының атын «Мыржық», «Мырқымбай» деп те қоя берген ғой. Балалары шетіней берген соң, зәрезап болған да. Әйтпесе, осы бетте Шоқай датқа деген кісі өтіпті. Халқына қадірлі болғаны сонша, Саудақент деген шаһарда оған үлкен күмбез тұрғызыпты. Асылы, мәселе атында емес, затында шығар. Шәуілдек жаман итінің атын «Бөрібасар» деп қойғаннан не пайда? Мысалы, менің атым – Барсхан. Сонда барс болып, ер жүрек болып, елді таң қалдырғаным қайсы? Өзі қисық, өзі маңқа Тасбет бригадирден қашып келе жатқан жоқпын ба?!

Тоқта! «Мені елден айырған – бригадир Тасбеттің екпіні». Келмейді. Біріншіден, Махамбетке жиендік жасау. Екіншіден, бір буыны артық. Сонда қалай десем екен? Ақындардың аузына сөзді Құдай өзі салатын шығар. Мен сияқты ышқынып, күшеніп-тышанып ақын бола алмассың. Дегенмен «ұра берсе, Құдай да өледі» дегендей, ойлана берсең, тырыса берсең, бір далбаса туатын да сияқты. Сондағы тапқаным:

Тәңіртаудың бауыры –

Менің туған ауылым.

Сонда туып, сонда өстім,

Сонда менің бауырым.

Оңып тұрған жоқ. «Бауыр» деген сөз екі рет қайталанады. Біріншісін «сауыры» деп өзгертсе қайтеді? Жарайды. Ары қарай:

Мен елімнен жас кеттім,

Асуын асып Күйіктің.

Кесірінен Тасбеттің,

Қуғынынан сол иттің...

«Міне, бұл өлеңге ұқсайды», – деп қойдым. Махамбеттің де лебі бар. Бірақ ұрлық емес. Өз өлеңім! Ұмытып қалмайын деп, күбірлеп қайталап келемін. Шоқай апа, а, айтпақшы, Бибісара, Бибі апа бетіме қарап:

– Балам, бірдеңе дедің бе? – деді. Ұялып қалып:

– Жоға, әшейін тақпақ қой, – дей салдым.

Ойым бөлініп кетті. Жауайын деп келе жатқан бұлтты жел айдап кетті. Әйтпесе, бұл өлеңге Жуанқұлды да қоспақшы едім. «Атаңа нәлет Жуанқұл, бастық емес, бәлесің» деген сияқты.

Бірақ бұл тағы да Махамбет. Дегенмен осының айналасынан бірдеңе табуға болады деймін.

«Мыңбұлақтың» адамдары кілең жауыз екен демесін деп, жақсыларын: Өскенбайды, Есенді, Әбішті, Дошанайды, Қамқаны, өзімнің анам Айшаны да қоспақшы едім, оған ебім келмеді. Әрі десе, батып бара жатқан күннің қызылы Бурылтауды құлпыртып, Жанартауға айналдырып жібергендей көрінді.

Сонда, сонау боранды түндерде Айша айтқан жыр – әңгіме көз алдыма келді. Мына Бурылтаудың арғы бетінде Айша туған ауыл бар. Үйрек-қазы түйдек-түйдек ұшқан Билікөл бар. Айша Мыңбұлаққа келін болып түсерде осы жолмен, жаңағы Күйік асуымен өтті ғой. Қасында Мұртаза, жанында жора-жолдастары, зермен жабулаған, күміс жүгендері сыңғырлаған ақбоз жүйрік аттар бүлкілі. Қызыл-жасыл киінген жігіт-желең, қыз-қырқын, әзілкеш жеңгелер. Әнге басып Күйіктен, Қаратаудан асып барады... Алдарынан Тәңіртау қарсы алады. Ой, заман-ай...

Енді, міне, сөйткен Айша мен Мұртазаның Құдайдан жалбарынып сұрап алған баласы Барсхан астына әңгі есек мініп, шала таныс бір кемпірге ілесіп, беймәлім, бейтаныс елге кетіп барады. Танитыным: бір сәтке, бір-ақ көрген Сәли мен Қали деген қарттар ғана. Айшаның нағашылары.

Ымырт жабыла, алдымыздан жасырынбақ ойнағандай жылт-жылт етіп оттар көрінді. Көлігіміз қалжырады. Әсіресе Бибі апамның астындағы қаба жүнді қара мәш қайта-қайта сүріне бастады. Пыс-пыс етеді. Пысқырына береді. Мимырттап жүріп, қарауытқан ауыл шетіне де іліндік-ау.

– Айша-Бибі, – деді Бибісара-уа, аруағыңнан айналайың, Айша-Бибі анамыз! Аруағыңыз қолдасын. Біздей мүсәпірге пана бол! Содан соң, маған:

– Әулие анаң Айша-Бибінің қасына түнейміз. Мына ауылда түн ішінде кімнің есігін қағып жүреміз, – деді.

Жолдан бұрылып, ауыл шетіндегі төбешікке, қарайған мазарға қарай бет алдық.

Есектеріміздің аяғын тұсап, үстіндегі көпшіктерін алып, ойпандағы ажырықта қалдырып, өзіміз өрмелеп мазардың жанына келдік. Екеу ғана. Біреуінің – биігінің бір жақ қабырғасы опырылып құлап қалыпты. Үңірейіп үрей тудырғандай.

– Имансыздар! – деп ызғарлана күбірледі Бибісара көпшіктерді мазардың күншығыс жақ бетіндегі қабырғаның түбіне төсей беріп.

– Не, Бибі апа? – дедім.

– Е, шырағым, – деді де үндемеді. Қоржынынан қауашақ алып, маған ағаш тостағанға айран-шалап құйып берді. – Нан таусылды, шыда, – деді. – Құдай қаласа, ертең сәскеде ауылға да жетеміз.

– Әлі алыс па?

– Сәл көз шырымын алып, аттансақ, алдымызда Асадан өтеміз. Содан соң, алыс емес.

– Бибі апа, – дедім әлгі күдік түрткілеп.

– Не балам?

– Кім «имансыздар?»

– Е, балам, мынау әулие мазарды бұзғандарды айтам.

– Неғып?

– Қышын алып пеш соға ма, сарай сала ма... Құдайдан, ұлы аруақтан безген ғой. Біліп қой, балам, мына қабырғаның ар жағында Ұлы Анаң жатыр – Айша-Бибі.

– Неғып?

– Неғып, неғыбы несі? Талқаны таусылған да. Баяғы-баяғы заманда өткен кісі ғой. Әулие болған. Жат, балам, бұл ұзақ әңгіме. Әулие анаңа сиынып жат. Мен намаз оқып алайын, – деп күйбеңдеп жайнамаз-орамалын алып, құбыла жаққа, Айша-Бибі Ана жаққа қарап, дұға оқып көп отырды.

Мен қарап жатқан күншығыстан кенет қылтиып қызылкүрең от шықты. Жартастың ар жағынан асылып бір керемет бойлай берді. Ай екен. Кейін білсем, ол Тектұрмас тауынан көтерілген екен. Ай да қызыл болады екен-ау деймін. Бұл жақтың Айы басқа ма деймін. Сөйтіп жатып, қалжырасам керек, тұяқ серіппей ұйықтап қалыпшын. Түсімде Тәңіртаудың бір бүйірін Жуанқұл мен Тасбет үңгілеп жатыр екен деймін.

– Тауды неге бұзасыңдар? – десем,

– Қой қора саламыз, – дейді.

– Тау құлайтын болды ғой, тимеңдер!

– Ә, әтәңә нәләт, жәудің бәләсі! Кәлкөздің ісіне кәрсі, – дейді

Тасбет.

– Соттау керек! – деп гүрілдейді Жуанқұл.

Кенет бір ақша бұлт тау шыңынан шыға келіп, Жуанқұл мен Тасбетті ұшырып ала жөнелді. Сәлден соң Бибісара мені оятып алды.

– Түс көрдің бе, балам?

Мен айтып бердім.

– Ұлы Анаң қолдайды екен. Басыңды ій, балам, – деді.

СӘЛИ, ҚАЛИ, БӨПЕТАЙ, САТАЙ ЖӘНЕ БАСҚАЛАР

Есектеріміз кәдімгідей тынығып қалған екен, томпаңдап жүріп берді. Айша-Бибі анамыздың мазарына басымызды иіп аттандық. Бибісара апа:

– Балам, бұл ауылдан әлі талай өтерсің. Ары өткенде де, бері өткенде де Айша-Бибі анаңа тағзым ет. Жамандық көрмейсің, – деді. – Аруағы күшті ғой жарықтықтың.

– Аруағы күшті болса, мұның қышын бұзып алғандарды неге ұрмайды?

Бибісара бетіме таңырқай қарады:

– Ұрса – ұрған шығар, балам, әлі ұратын да шығар. Әйтеуір, оңдырмайды. Ұрпағына дейін ұрады, – деп қату айтты.

Менің анамның аты да Айша. Бірақ «Бибісі» жоқ. Бәлкім, анамның атын осы әулиені еске алып қойған шығар. Бұл әулие анамыз неге өзінің аттасына көз қырын салмайды, неге азабынан арылдырмайды, оны қорлаушыларды неге жазаламайды? Бала да болсам, осындай сұрақтар тілімнің ұшында тұрды. Бибісараға айтайын деп ойладым да тоқталдым. Әуелгі сұрағымды жақтырмай қалған сыңайлы.

Әулие анамыз топастардан, имансыздардан өзін-өзі қорғай алмаса, алыстағы (мен үшін алыс), Тәңіртаудың бауырындағы қызылшаны тау суымен суғарамын деп қызыл сирақ болған Айшаны қалайша қорғамақ?

Бұл сұрақтың күпірлік екенін ол кезде мен біле бермеймін. Тек өз Айшам қорғансыз екені есіме түскенде ет-жүрегім езіліп, артыма бұрылып, ішімнен:

– Иә, әулие ана Айша-Бибі! Менің Айша апама пана бола гөр! – деп тіледім.

Сөйтсем, есектеріміз Аса өзенін жалдап кешіп келе жатыр екен. Кейін білсем, Аса дегеніңіз біздің Теріс екен. Біздің Теріс өзені жарықтық ылғи күншығысқа қасқая тартып отырып, Маймақ тауының тұсына таярда Қырғыздың Күркіреу өзенімен

құшақтасады екен де, екеуі бірігіп, ылдиға, солтүстікке қарай құлайды екен. Оны Аса деп қойыпты. Сірә, Асау болуы керек. Бірі Шақпақтан, бірі Манастан шыққан екі тау суы қосылған соң о баста жойқын болған ғой. Содан Асау атанған шығар. Еріншек қазақ толық айтуға да ерініп, ыңыранып Аса дей салған ғой.

Сонымен, киелі Терісті екі рет кешіп өттік.

Жап-жазық жасыл саздың терістігінен ауыл көрінді.

– Құдай қаласа, келдік, – деді Бибісара. – Әлі өсерсің, жетілерсің, балам. Сонда, сонау Тәңіртаудан бері қарай сапарда екі күн жолдас болған Бибісара деген апанды ұмытып кетпей, анда-санда есіңе алғайсың. Бибісараны ұмытсаң да, Шоқайды ұмытпассың.

Кәрі кісілер қызық. Оны менің ұмытқанымда, ұмытпағанымда не тұр? Келер-кетер не бар? Дүниеге келдің, кеттің. А, бірақ мүлде із-түзсіз, сен дүниеге мүлде келмегендей, жер басып жүрмегендей, ешкім есіне де алмай, анда-санда атыңды да атамай, мүлде ұмытылып кету де қиын шығар. Адам шіркін о дүниеде де тірілерден бірдеңе, тым құрыса, жақсы лебіз дәметегін болуы керек. А, бәлкім, о дүниеде де есеп-қисап бар болар. Жарық дүниедегілер өлген адам туралы жақсы айтты ма, жаман айтты ма – есепке алатын шығар. Ұпай жинайтын шығар. Сол ұпайға қарап марқұмның о дүниедегі жағдайы жасалатын шығар...

Көшенің басынан кіре бергенде, астымдағы көк есек әңкілдеп тұрып ақырсын-ай келіп! Бүкіл көшенің ұзына бойында бір-біріне іргелесе, бір-біріне жаналай, тығылыса отырған Ошақты, Қоралас, Сіргелі, Алшын ауылына:

– Ей, жараңдар! Кім келе жатқанына қараңдар! Барсхан келе жатыр! – деп жар салғандай әңкілдеді-ай, ар - рам.

Ыңғайсызданып, басына шыбықпен тартып-тартып жібердім. Бұл елден сүйінші сұрайтындай мен қайбір ханзада. Аяғымда қыстың күні киетін бақабас жаман бәтеңке. Құйрығы мен тізесіне жамау түскен түсі белгісіз бомази шалбар, көйлегім

де келісіп тұрмаса керек. Түнде шешпей жатқандықтан мыжылып, бырысып-тырысып қалған без көйлек. Қорғанбайдың апасынан Айша сұрап алып берген қисық кепке.

Тал-дарақтан көрініңкіремей тұрған аласалау үйдің тұсына келіп тоқтадық. Бибісара апа есектен түсуді қиынсынды ма, көлікте тұрып:

– Кім бар-оу? – деп айқайлады. Кішкентай мәшке ит шәуілдеді. Үйдің ар жағынан, жүгерінің арасынан кетпенін сүйретіп, бір қолымен көзін көлеңкелетіп қарт кісі шықты. Әрең таныдым: былтыр көрген Сәли атам! Былтыр төредей еді. Қазір... Жақындап келіп:

– Ә-ә, Бибісарасың ба? – деді. Содан соң маған үнілді. Әңгіден аунап түсіп:

– Ассалаумаәләйкум, ата! – деп қолымды ала жүгірдім.

– Жиеншарыңды алып келдім, – деді Бибісара.

– Е, е. Жиеншар. Ә, ә. Таныдым. О, айналайын! – деп, мені құшақтай алды.

Көк есекті талға байлап, үйге кірдік.

– О кім? – деген дауыс іш жақтан барылдаңқырап өктем шықты.

– Жиен, жиен, жиеншар... – деді атам мүдіріп. Сірә, атымды ұмытыңқырап қалса керек.

Далада күн шыжып жарқырап тұрса да, үйдің іші күңгірт, терезелерін түмшалап тастапты. Оң жақ іргеде денесі қомақтылау бір кексе әйел төсектегі балаға тостағанмен бірдеңе ішкізіп отыр. Үсті-басыма тінткілей қарап алды да, төсектегі балаға қарай қайта бұрылды. «Қай жиеншар?» – деп сұраған да жоқ.

Атам маған бір қарап, төсек жаққа бір қарап, кібіртіктеп қалды. Сәлден соң:

– Әй, қатын! – деп керең адамға айқайлағандай, балғамен темір төсті соққандай шаңқ етті. – Айшаның баласы алыстан келді. Шөлдеп келді. Тұр, сусын бер.

Табалдырықтан аттамай жатып, шал мен кемпірді кикілжіңге салып қойдым ба деп мен қыбыжықтадым.

Кексе әйел маған енді ықыластана қарап:

– Е, айналайың, апаң аман ба? – деп орнынан ауырлау тұрды-ау.

– Аман. Бәріңізге сәлем айтты, – дедім. Өзімнен гөрі, сөзім әсер етті білем:

– Е, қайран Айша, сәлемет болсын, – деп бақырауықтау апам (әлі атын білмеймін) бұрышта тұрған күбіні піспекпен пісіп-пісіп жіберіп, ағаш зереге ашыған көже құйып берді.

Ашытқан жүгері көже екен, көзімді жұмып сіміріп салғанда көзім шырақтай ашылып, қаракөлеңке үйдің іші жап-жарық болып сала берді.

Біздің Мыңбұлақта күн салқын шығар, жүгері піспейді, дүмбіл күйінде қалады. Сөйтсем, жүгері деген балдай тәтті болады екен. Әйтеуір, қазір маған солай көрінді.

– Қазір шәй қоямын, – деді жуан апам. Бұл сөзді құптағандай Сәли атам көзі күлімдеп, қутыңдап қалған сияқты. Мені таныстыра түспек оймен:

– Бұл – Айшаның баласы, а - а - а, Барсхан! – деді менің атым есіне түскеніне қуанып кетіп, даусы шығыңқырап. – Айша менің туған апам Құлыханның қызы ғой. Айтып ем ғой, ұмытып қалдың ба? – деді кемпіріне. – Құлыхандай апамнан қалған тұяқ.

– Е - е, айтқансың, – деді жуан апам аузы балпылдаңқырап. – Бұрын көрмеген соң біліңкіремей қалдым. Баласы адам боп қалыпты ғой байғұстың. – «Байғұс» дегенін жақтырмасам да, үндемей тілімді тістей алдым. Айшаға «байғұс» деген жараспайды. Байғұс – ол күнін көре алмай жүрген, қолынан түк келмейтін мүсәпір жан. Айша қайда, біреу қайда! Мен осылай ойлаймын. Мен үшін Айшадан асқан асқақ, ақылды адам жоқ. Айша болмаса, мен осылай тірі жүріп, тау асып, тас басамын ба?

Төсекте жатқан балаға көзім түсіп еді, тесірейіп маған қарап жатыр екен. Екі көзі шоқтай. Кірпік қақпайды. Мен тетелес, менен кішілеу шығар.

– Бұл – Қуаныш, – деді Сәли атам менің балаға қарап қалғанымды байқап. – Нағашың. Сенімен қатар шығар. Сен қаншадасың?

– Мен енді бір айдан кейін он екіге толамын, – дедім Иса мұғалімнің дәлдігіне үйренген басым.

– Е, мүшелге шығады екенсің ғой. Мүшеліңнен аман өт. Ал Қуаныш онға шықты ма? Ондасың ба, ей, Қуантай?

Көзі жарқ ете қалып:

– Бұйырса, – деді Қуаныш. Үні ересек адамның үніндей ірі. «Бұйырса» дегенінде де бір бәле бар. Тегін емес.

Бес жасында ма, одан да жасырақ кезінде ме, ойнап жүріп үйдің төбесінен құлап кетіп, белі бүкшиіп, құныс болып қалыпты. Содан бері төсек тартып жатады екен. Ем-дом қонбайды. Ол кездегі емшілер дәрменсіз бе, гипске салып түзеткенді білмеген бе, әйтеуір, төсек тартып қалған.

Құдай сондайынан сақтасын. Әйтпесе, таудан да, тастан да құладым. Аттан да, есектен де құладым. Көк қарғаның жұмыртқасын аламын деп, жарқабақтан құзға құлап түскен күнім де болды. Тәуба, тәуба, әзірге аманмын. Әзірге.

Ал енді жаңа Сәли атам: «Мүшеліңнен аман өт» деп қалды. Оны мен ойланбаппын. Сөйтсем, мүшел деген әрбір он екі жылда қайталанып тұрады екен. Алғашқы мүшел – он үш көрінеді. Мүшел сайын бір қатерден өтеді екенсің. Сөйтсем, сол бірінші «қылкөпірге» мен таяп қалыппын. Неңдей қатер? Ойлансам да, уайым жоқ. Айша айтқан: «Құдай өзі берген жанын өзі алады. Оны алдын ала ешкім де білмейді», – деп.

Бірақ мына Қуаныштың: «Бұйырса» дегені – уайым. Қартамыс болған қарт адамның сөзіндей. Дені сау адам ажалды ойлай бермейді, өмірі өлместей көрінеді. Ал ауру адамға, ұзақ кесел қысқан адамға, ажалдың апаны елестеп тұратын болар.

Ұзақ кеселдің адамын тек үміт қана сақтайды. «Бұйырса» деген сөзде үміт те бар, күдік те бар. Қайсысы жеңеді, сонысы алады.

Еркек дауысты жуан кемпірдің аты – Зүбәйда екен. Зүбәйда апа дастарқан жайды. Шәутіммен шәй әкелді. Дастарқанға бір таба нан әкеліп қойды. Нанның түсі бөлектеу көрінді. Сап-сары екен. Сөйтсем, жүгері нан екен. Сәли атам қысқа ғана дұға оқып, бетін сипап «бісміллә» деп, әлгі нанды қолына алып, үзіп-үзіп қойды. Байқағаным: нан үзілмеді, сынды. Үгітіліп, оп-оңай сынды. Мен сілекейім ағып, үздігіп бара жатсам да атамнан бұрын қол созбай, жағымды қарыстырып, тістеніп отырмын. Айша: «Сұғанақ болма!» – деген.

Сәли атам күлімсіреп бетіме қарап: «Ал, балам», – дегенде, мен молдау бір үзігін алып, қанша сыпайы болайын десем де аузыма апарып, қарпыңқырап жібердім. Жарықтық шайнауға да келмей, өзінен-өзі еріп қоя берді. Тәтті екен, шырын екен. Байқаймын, Сәли атам әлі жемей, маған сол күлімсіреген қалпы қара - а - ап отыр екен. Қомағайланып кеткенімді сезіп, қысылып қалдым. Сөйтсем, төсектегі баланың да, шәй құйып отырған Зүбәйданың да көздері менде екен. Түйіліңкіреп қалып, шашала жаздап, шәй ұрттап құтылдым. Абыройым айрандай төгіле жаздады. Енді бұдан былай аузыма асты бұралақтап салмауға ант бердім. "Түйілген көзім жасаурап кетсе керек, байқамай жеңіммен сүрте салдым. Оны да кеш аңғардым. Беторамалым жоқ қой. Мұндайда өзінің кішкентай кестелі орамалымен менің бетімді сүртетін алмабет, тәмпіш мұрын, тәлпіш қыз қайда?! Қалды ғой алыста, Тәңіртаудың бауырында. Лезде қайтқым келді. Ауылымды сағыны - ы - ып кеттім.

Енді қайтып дастарқанға қол созбадым. Зүбәйда апа барпылдаған дауыспен: «Ой, жалған -ай, ah! – деп, Нәметқұл ұстаның көрігіндей күрсінді. – Ал, жиен шырақ. Ұялма. Жол азабын көріп келдің ғой», – деп, кенет өзінен-өзі өксігін баса алмай, жаулығының ұшымен көзін басып, бырқ дегізіп мұрнын сүртті.

Сілейіп не істерімді білмей қалдым.

Сәли атам үндемейді, басы салбырап, аппақ қудай сақалы кеудесіне құлады.

Менің келгенімді ауырсынып қалды ма?

Әлде мұның алдында біреулер қазаға ұшыраған ба?

Айшаның нағашыларының ауылында жұмақ бар, арғымақ мінген әулиедей аталар бар десем... Мұнда да мұнар-мұнар мұң, бұлардың да көздерінде қасірет...

Күн ыстықта мақталы қара шибарқыт камзол киген қара кемпір бір тізерлеп отырған қалпы жер шұқылап, тұқшиды да қалды.

Төсектегі бала кірпік қақпайды. Менен көз алмайды. Сәлден кейін бала даусы сақпандай сақ етіп:

– Ата, – деді.

Мүлгіген болып отырған Сәли атам басын көтеріп алып:

– Ау, Қуантай, – деп көзі қайтадан күлімдеді.

– Мына бала Шертай көкеме ұқсайды ә?

– Қайсы? – деп қарт маған оқыс бұрылды. Мені жаңа көргендей бетіме қарап-қарап:

– Ұқсайды ғой. Аумайды. Шертай мұның нағашысы ғой. Тартқан ғой нағашысына! – Шал қуанып кетті.

Сөйтсем, Сәли атамның бұрын марқұм болған бәйбішесінен екі ұл, бір қыз туған екен. Үлкені – Сейітжан. Қазір бір жерде, ауданда ма, милиция бастығы көрінеді. Қызы Майдаш қалада тұрады екен. Одан кейінгі Шертай... осыдан біраз жыл бұрын ат жалын тартып мініп, енді ер жетіп келе жатқанда, өкпе ауруынан қыршын кетіпті. Зүбәйда екінші әйелі екен. Одан туған – Қуаныш. Жатысы анау.

Әке мен бала арасындағы жаңағы бірер сөзден кейін Зүбәйда аттың басын қоя берді: аңырап ала жөнелді. Шертайды жас күнінде бауырына салып баққан екен. Бәйбіше ертерек қайтыс болған.

– Маңдайыма сыймай кеткен, менің қу маңдайыма сыймай кеткен жолбарысым - о - о -оу... Шертайжан - оу, Мына жиен бала кіріп келгенде, сен екен деп қалып ем, Қуантай да сөйтіп ойлапты ғо - о - ой...

– Қой! – деді атам. – Барқырама! Бәле шақырма! О, өз басыңа көрінгір! – деп еді, кемпір мұрны бырқ-бырқ етіп барып, жым болды.

– Шертайға ұқсаса несі бар, – деп сабасына түсті Сәли атам. – Қан ғой, қан. Құлыхан – менің туған әпкем. Одан Айша туды. Айшадан Барсхан туды. Менен – Шертай. Әрі-беріден кейін аттарына дейін ұқсас. Барыс деген – Шер деген сөз. Шер дегенің – барыс. Құдай ұйқастырған, ұқсастырған. Әйтпесе, біз аттарын әдейілеп олай қойған жоқпыз ғой, Шердің орнына Барс келді. – Кемпіріне қарап: – Қуанбайсың ба қайта. Өлгенің тірілді деген осы, – деп нығарлады.

Зүбәйда бір қолымен жер таянып, ауыр денесін әрең көтеріп, орнынан зорға тұрды.

– Әлгі Маржан жұмыста. Қой, қазанға бірдеңе салайын, – деп үйден шығып кетті.

Мен әлі сілейіп отырмын. Сонда қалай? Сонда мен өліп тірілген болдым ба? Мен көрмеген, мен білмеген Шертай деген бозым болыпты. Ерте қиылыпты. Енді соны мыналар қайтып келді деп отыр. Мыңбұлақтағы үйіміздің алдына, үйінді тезектің жанына, көктемде ұйысып, жылда шырмауық шығады. Күзде құрап қалады. Көктемде қайта шығады. Адамдар да сондай шығар.

* * *

Сәли атам кешке мені Қали үйіне алып барды. Қали атам жұмыстан жаңа келген екен. Бытыр біздің Мыңбұлаққа мініп барған қарақасқа акалтеке есігінің алдында байлаулы тұр екен. Бойы үймен бірдей-ау, шіркін. Жанынан өтіп бара жатқанда:

«Сені қайдан көрдім?» дегендей, тостағандай көздерін төңкеріп, маған бір қарап қойды.

Қали атамның мұндай арғымаққа мініп жүрген себебі – колхоз бастықтың орынбасары көрінеді. Бастық бір әйел екен. Соған жәрдемші есепті. «Неге Қали атам бастық емес, неге әйел бастық?» – деп қойдым ішімнен.

Қали атам мені бірден таныды.

– О, айналайын Барсхан, жігіт болып қалыпсың ғой, – деп, бас салып құшақтады. Бір көзін қысыңқырап, басымды қос қолдап ұстап, бетімнен, маңдайымнан сүйіп жатыр. – Азамат болды деген осы. Сонау Жуалыдан іздеп келдің, ә, бізді!

– Біздің жиеніміз Барсхан, – деді аң-таң қалып тұрған әйеліне. Сөйтсе, ол Қали атамның бәйбішесі Қалатай апа екен. Бетінде шешек дағы бар, қызылшырайлы, жылы жүзді кісі екен.

– Е, айналайын, елің аман ба, шешең аман ба? – деп, о да асты-үстіме түсіп жатыр. Аузына саусағын салып, аңырайып, тұлымшағы селтиіп, бір кішкентай қыз түр. Бұл осылардың жалғыз перзенті – Әзиза екен. Қартайғанда көрген жәдігер. Мұндайда алыстан келген мейман кішкентай балаға базарлық деп кәмпит ұстатар еді. Ол менде жоқ. Ұят болды. Өйткені әкешесі мені айналып-толғанып жатқан соң, тұлымшағы селтиген, топ-томпақ кішкентай қыз маған тесіле қарап қалып еді. Сонда, қолына қуыршақ па, бірдеңе ұстата салсам ғой. Дүниеде баланы қуантқаннан артық қандай жақсылық бар? Базарлық байлық емес, дәнекер. Енді қолымда сол дәнекердің жоқтығынан мына қыз мені жатырқап, томсырайып түр.

Қалатай апам төрге көрпеше салды. Сәли атам, Қали атам, мен енді жайғаса бергенде:

– Ассалаумаәлейкум! – деп, екі кісі кіріп келді. Бірінен бірі өткен шырайлы, көздері нұрлы, сақал-шашы бурыл, сахаба тақылеттес, үсті-басы тап-таза, тақуа.

«Бөпетай мен Сатай!» – дедім ішімнен. Айшаның айтуы бойынша, олар осындай ажарлы болуға тиіс.

– Алыстан алты жасар бала келсе, алпыстағы ақсақал алдынан шығар болар, – деген ашаң жүзділеуі сөз бастап. – Алыстан жиеншар келді деген соң, сәлем берейік дедік.

Мұндай құрметті өмірі көрмеген басым қатты састым. Қолдарын алып, амандасқаным болмаса, мыңқылдап, жөнді сөйлей де алмай қалдым.

Төрде төртеуі қатар отырғанда – төрт шадияр отырғандай келісті еді. Сол сурет есімнен кетпейді. Әттең, ол кезде қолымда қазіргідей фотоаппарат, телеаппарат жоқ. Сондағы айтқан сөздері қандай. Жазып алатын магнитофон, диктофон дегенді ол кезде атымен білмеймін ғой. Өрттей өкініш. Енді, тек елес. Көкірегіме басылып қалған сурет көмескілене бастады. Сөздері де есімде шала-шарпы ғана қалған.

Төртеуі отырып алып, Қалатай апамның шәйін ішіп отырып, әңгімені менен тартып тарихқа кетті-ау деймін.

Оның ішінде менің әкем Мұртаза жиі айтылады. Бөпетай атамның айтуынша, Мұртаза екеуі Әулиеатаның Балық сарайына түсіп, атақты Керімбай болыстың қасында отырып, қымыз ішкен көрінеді. Әулиеатаны ояз билесе, Керімбай одан артық болмаса, кем емес көрінеді. Содан Керімбайдың ерлігі, пәрмені, айбынынын асқақтығы айтылады. Арқаға атпен бара жатқанда, Шу бойындағы ну, нар қамыстың арасынан жолбарыс шыға келгенде, аттардың қалш-қалш етіп, сиіп-сиіп жібергені; Керімбай, екі көзі жарқыраған шарадай, ақырып кеп қалғанда, жолбарыс көзін тайдырып әкетіп, мысықтай жер бауырлап, шегіншектеп кеткені... Қаратаудағы әйгілі Мақұлбектің теңдесі жоқ атақты қара атын Керімбай қалай тартып алғаны... Арада сойқан соғыс бола жаздап, ақыры қара ат Керімбайға опа бермей, бағы тайып, шабыстап қалғаны...

– Әне, сенің әкең Мұртаза сондай болған, – деп, Бөпетай атам енді маған бурылды. – Керімбайдың өзімен қатар отырған. Керімбаймен қатар отырмақ тұрмақ, ол отырған үйдің есігінен сығалап қарауға батпайтын жұрт онда. Әкең онда бозбала шағы.

Ақбоз киініп, ақбоз ат мініп жүретін. Екеуіміз талай бірге болып, талай жерді араладық қой. Ай, жалған дүние... – деп аяқтады Бөпетай атам.

Сатай атам әңгімеге араласпаса да ықыластана тыңдап, аялы, әдемі, сүйкімді көздері жарқ-жұрқ етіп, керек жерінде аңқылдап күліп қойып отырды. Күлкісінде титтей жасандылық жоқ. Адамды көзінен тануға болады дейді. Ол рас. Бірақ күлкісінен де тануға болады. Кейбіреулер өтірік күледі. Өтірік күлкі – жаны кіршең, пейілі пәс адамдарға Құдай өзі басып қойған қара таңба.

– А - а, – деді Қали атам бір көзін қысыңқырап қойып, дөңгелек сақалын қисық бас бармақты саусақтарымен иегінің астын ала қасылап. – Сондай адамзаттың баласы енді біздің қасымызда отыр.

Төртеуі де енді: «шыннан сол Мұртазаның баласы ма?» дегендей маған бұрылды. Әкем әлгіндей болғанда, мен мырың болмайын деп бойымды тіктедім. Басымды көтердім. Бұл менің төрт нағашыға берген үнсіз жауабым.

– Бұл жиен бүлдіріпті, – деді Сәли атам көзі мейірлене, күлімсіреген күйі.

– Е, не болды? – десті бәрі.

Ең қиын жері осы болар. Әжептәуір абиырмен отырғанымда, Сәли атам мені әшкерелейін деді. Елде болған жағдайды күндіз айтып ем ғой оған. Қайдан білейін ол сырымды шаршы топтың ортасында жайып салатынын. Болары-болды, сабыр сақтайын деп күбіжіктемедім.

– Ауылындағы бригадирді ұрыпты. Әлгі ақымақ бригадир Айшаға күн көрсетпейтін көрінеді «халық жауы» деп. Соған шыдай алмай, мына батыр біреуді жазым қыла жаздапты. О да сорлы екен, шынашақтай баланы соттатамын деп ауданға шапқылапты. Сөйтіп, бізді паналап келген түрі мынау...

– Оттапты, – деді Қали атам айылын жимай. – Мен Сейітжанға айтамын. Ол Жуалының милициясын біледі. –

Қорықпа! – Мені бауырына тартып, шашымды ұйпалап, еркелетіп қойды.

– Міне, нағыз батыр, – деп, тұңғыш рет әңгімеге араласты Сатай атам.

– Аруағыңнан айналайын, Тұрған анамыздың қаны бар ғой Барсханда, – деп, Қали атам Тұрған анасын көріп тұрғандай алысқа қарады. Мен білсін, түсінсін деп:

– Сенің шешең Айша болғанда, Айшаның шешесі – Құлыхан. Ал Құлыхан осы отырған бәріміздің бауырымыз. Бәріміз Тұрған анадан туғанбыз. Тұрған ана – аса көріпкел, үлкен дәрігер, әулие кісі болатын. Сондай анаңның аруағы қолдасын сені, Барсхан! – деді.

Төрт шадияр қолдарын жайып: «Әумин!» – деді.

* * *

Сөйтіп, мен нағашыларымның үйлеріне кезек-кезек қонып жүрдім. Қабақ шытқан біреуі жоқ. Бөпетай атамның үйіндегі Адас апам да құрақ ұшып, құрдай жорғалайды. Соншалықты мен ненің шікірәсі? Айшаның, Мұртазаның құрметі шығар. Жақсы әке жаман балаға қырық жыл азық деген осы болар. Сәли, Қали, Бөпетай, Сатайлардың ең үлкен ағасы Жүніс дейтін кісі болған екен. Ол марқұмның бәйбішесі Шолпан апа қырғыздың қызы екен. О да үйіне шақырды. Үйінде бойжеткен Оңал деген қызы бар екен. Бұрымдары тілерсегіне түседі. Өзі әсем. Бірақ қолында, бетінде ақтаңдақ бар. Содан қорланады.

Кейін-кейін ондай ақтаңдағы барлардың талайын көрдім. Өзін көр тұтқан ешқайсысы жоқ. Ал Шолпанның мына бойжетіп, отырыңқырап қалған қызы жұрт көзіне көрінбейді, үйінен шықпайды. Намысқой. Отырып алып кітап оқи береді. Менен: ананы оқыдың ба, мынаны оқыдың ба деп сұрайды. Мен кітабы тұрмақ, атын естімеген жазушыларым. Тұңғыш рет «Жұмбақ жалауды» сол үйден көрдім. Бастап оқып едім, бас ала

алмай байландым да қалдым. Ғабиден Мұстафин деген жазушы бар екен. «Өмір мен өлім» деген шағын, сұр мұқабалы кітабын да қопарып тастадым. Бір орыстың «Порт-Артур» деген кітабын да аудармадан тауыстым. Әсіресе Ғабдол Сланов деген жазушының «Арман ағысы», «Дөң асқан» деген кітабын екі рет қайталадым-ау деймін. Сахи, Таңат дейтіндері бар екен. Солар сияқты болсам-ау деп қойдым. Жаман адамдармен жауласып, құм ішін кезіп, көк бөрідей жортуылда жүргендер өзім сияқты көрінді.

Кітаптарды бірінен соң бірін қылғытқанымды көрген соң Оңал мені жақсы көріп қалды. Махан, Әшірбек деген ағалары әскерге кетіпті. Махан соғыс басталарда Брест дейтін қалада екен. Хабар жоқ. Әшірбектен хат келіп тұрған екен, соңғы жыл одан да хабар үзіліпті.

Қайда барсам да алдымнан бір үміт пен күдіктің жағаласып жатқанын көремін. Мынау үй де сондай. Кәрі кемпір, бойжеткен қыз. Күліп, жарқылдап отырған болады. Сәлден соң, көздерін қасірет торы қамалайды.

Бір күні Оңал:

– Әй, Барсхан, қой көрмеген, қой көрсе, қуалап жүріп өлтірер дегендей, кітап көрмегенсің бе, немене, бала болып, далаға шығып, сен де ойнасаңшы, – деді.

– Ешкімді танымаймын, кіммен ойнаймын? – деймін.

Оның үстіне мен енді ойын баласы емеспін. Ауылда болсам, Тасбет маған элеваторға бидай тасытып қояр еді. Енді ойласам, мына жүрісім ерсі. Елдің бәрі жұмыста. Мен бөтен елде жүріп, күндіз-түні кітап оқимын. Әрі десе, Оңғарбай атамның көк есегін мініп кеттім. Элеваторға бидай таситын басты көлік сол еді. Өзім қашқаныммен қоймай, есекті міне кеткенім... екі есе зиянкестік пе, қалай? Тасбет сотқа мұны да айтады ғой. Қайтайын десем-ұят, қиын.

Сөйтіп жүргенде, әлгі әңгі бәрін бүлдірді. Сәли атамның жүгерісінің аяқ жағына, арықтың ар жағына арқандап

қоятынмын. Бір күні құтырды, арам қатқыр. Басқа біреудің жүгерісінің жанына бір мәш пайда болған екен. О да арқандаулы. Аласа ғана есек екен. Оңғарбай атамның көк айғыры соны көріп азынасын-ай келіп. Мені тулақ құрлы көрмей, арқанымен қоса сүйреп алып кетті. Етпетімнен құлап, ажырап қалдым.

Мен орнымнан тұрып, соңынан қуып жете бергенше болмай, әлгі арам сұр есекке асылды-ай келіп. Анау да сорлы екен, олай-бұлай бұталақтап қашқанды білмей, қыбыжықтап, құйрығын шыжбыңдатып, аузын қайшылап тұра қалды. Көк әңгі барып асылғанда, белі үзіліп кете жаздап, сүріне жаздап, жүгерінің ішіне кіріп кетіп, ойранды салды дейсің.

Сол-сол екен, арғы беткейдегі құжыра үйден бір бала жүгіріп шықты. Келе менің жағамнан ала түсті. Не орыс екенін білмеймін, не қазақ екенін білмеймін, әйтеуір, түсі бөтен. Көзі шақшиып от шашады. Мен құралпы, менен, бәлкім, үлкендеу. Сөзі түсініксіз. Бірақ аузынан түкірігі шашырап, кіжінгеніне қарағанда, мені оңдырмай сыбап тұрғанын сеземін.

Менің жағамнан әлдеқайдағы біреу тұрмақ, Тасбет те алып көрген емес. Ақылға салуға болмай қалды. Әлгі қырт бір-екі рет мені түйгіштеп те жіберді.

«Кеуденді ешкімге бастырма!» – деген Айша. Мынаны көрсе, Айша: «Менен тумай кеткір», – дейді ғой. Қой, болмас.

Сол білегіммен мойнынан қысып, ырғап кеп қалып едім, жерге бұрқ ете түсті. Үстіне мініп алып, кеудесін тіземмен басып, қос қолыммен басын жерге бір-екі рет түйіп-түйіп алып, енді беттен пере берейін дегенімде, арт жағымнан айқай шықты. Жалт қарасам – Сәли атам екен.

– Ойбай, тиме бәлеге!

Амал жоқ, астымдағы періні босатып, орнымнан тұра беріп едім, анау тағы жармасты. Аяғымнан шалып жіберіп, етпетімнен түсірді. Енді тебейін деп келе жатқанда, аунап түсіп,

орнымнан ыршып тұрдым. Шапши бергенімде, Сәли атам қолымнан ұстай алды:

– Қой, қой! Тиме бәлеге!

Менің қолымның бос емес екенін пайдаланып, әлгі жыңды бетіме тырнағын салып кеп жібергені. Бетім қанап қалды.

Сол екі ортада жұрт жиналды.

– Не болды? Не болды?

Даусы қырылдаған мен құралпы бала:

– Алдымен анау тиісті, мен көріп тұрдым, – деп, ақикөз албастыны көрсетті. – Петька тиісті!

Жан-жақтан:

– Қой, қой. Бәлелі көтке бармағыңды сұқпа! – десіп жатыр.

– Мынау бөтен бала ғой, – деп маған шұқшиысты. Сәли атам:

– Бұл – менің балам, мына Петьканың сырын білмейді ғой, – деді.

Мені білмейтіндер:

– А - а, – десті.

– Дегенмен қайсар екен. Петьканы жығып салып сабау деген...

– Ай, қайдам, Петька да қарап қалмас. Шешең екені рас болса, кекшіл ғой.

Петька бажылдап тұр. Шала-пұла орысша, арасында пешенше бірдеңе дейді. Жұлқынып тұр. «Моя кукуруза! Оныкі есек... менікі есек...»

Енді жиналғандар мәз болып күлсін-ай кеп. Сөйтсем, Оңғарбай атамның көк әңгісі Петьканың сұр мәшін жүгерінің арғы шетіне шығарып алып, тағы да асылып жатыр екен. «Атаңа нәлет! Сазаңды берермін!» – дедім ішімнен. – Соған бола, ойда жоқта менің шатаққа қалғаным мынау, сенің қызыққа батқаның анау».

– Ой, Петька, нешауа, есегің енді екеу болады. Кішкентай ослик болады, – деп күлді мұрны таңырайғандау, шомбал келген, менен үлкендеу бала мәз болып.

Петька ызаланып:

– Менікі пчак, нож! – деп, қолымен кеңірдегін бауыздаған белгі жасап, үйіне қарай жүгіре жөнелді.

– Ойбай, кетейік. Ағаларына айтса – талқанымызды шығарады, – деді жаңағы шомбал, таңқы мұрын.

Сөйтсем, ол Тұрсынхан деген бала екен. Алғашқы қырылдақ Біләл деген қарашай бала екен. Сәли атам айтты:

– Ана арамыңды ұстап әкеліп, қораға қамап қоймасаң, шешендер жарып тастайды, – деді.

Есіріп алған неме, әңгіленіп маған бой бере ме, Тұрсынхан, Біләл үшеуміз үш жақтап, әрең әкелдік. Шешендердің сұр мәшіне әуселесі құлай түсіп, құдай ұрып қалыпты.

Сөйтсем, бұл жаққа қарашай, балқар, шешен дегендерді Кавказдан көшіріп әкелген екен. Біздің Мыңбұлаққа немістерді көшіріп әкелгені сияқты. Шешен дегенді сыртынан естігенім болмаса, бірінші рет көруім. Шешен десе, мынау ауыл үрей. Маған бәрі таңғалысты. Қалай қорықпадың деп. Мен Петькамен батыр болып төбелескен жоқпын ғой. Оның шешен екенін де білген жоқпын. Оқыстан өзі тиісті. Амал жоқ, алыстым. Менің жазығым не? Сөйтсем, алыспастан, қарсыласпастан қаша жөнелуім керек екен. Мыналар солай дейді. Пышақ салады дейді. Мен қайдан білейін?

Петьканың екі ағасы бар екен. Екеуі де тракторшы екен. Үлкен ағасы Нұрдин деген өгіздей дейді. Тракторы тығылып қалса, опшадан өзі сүйреп шығара береді дейді. Осы үшеуінің шешесі бар дейді. Бір мая шөпті бір өзі көтеріп кете береді дейді. Тұратын үйлері үй емес, үңгір дейді. Бұлардан бүкіл ауыл қорқады екен. Мен қайдан білейін?

Оңал әпкем:

– Ойбу, – деп бетімнің қанын жуып, орамалмен сүртіп, мақтамен йод жағып еді, ой, тызылдады-ай дейсің.

– Әп-әдемі, айдай жүзіңе дақ түсірдің-ау, балам, – деп Шолпан апам ренжігендей болды.

– Айда да дақ бар ғой, апа, – дедім.

Бұл шәлекейге араласқанымды біреу мақтады, біреу жақтырмады.

Таңертең Шолпан апам:

– Қалаға. Қалада Зибә бар ғой, Айшаның сіңдісі. Соған барып сәлемдессін де, – деді.

– Зибә... – деп Оңал үндемей қалды. Бірдеңе айтайын деді, айтпады. Бірақ оның не айтқысы келгенін кейін түсіндім.

ПАЙҒАМБАР ДА ЕСЕК МІНГЕН

Сөйтiп, нағашыларымның аулында аптадай қонақтап, енді қалаға кетiп барамын. Жүндес, жуас есектiң үстiнде –Шолпан апам, көк әңгiнiң үстiнде – мен.

Нағашыларым, сiрә, шешендерден сескенген болар, кешегi жанжалдан кейiн менi көзден таса бола тұрсын дедi-ау деймiн, ойда жоқта Зибаның үйiне баратын болдым.

Әрине, Зибәға бармай кету әбестiк қой. Бірақ бәрi кенеттен шешiлдi.

Титтей күнiмнен құлағымә сiңiп қалған атақты Әулиеата шаһарына келе жатырмын. Есекке мiнiп. Бөпетай атамның айтуынша, әкем Мұртаза бұл қалаға ақбоз ат мiнiп кiредi екен. Мен есек мiнiп келе жатырмын. Несi бар... Кейiн бiлсем, Иса пайғамбарымыздың өзi де қасиеттi қала Әрусәлiмге, яғни Иерусалимге тұңғыш рет есекпен келген екен. Оған дейiн әлемдi аралап, Гималайда, әулиелердiң арасында көп жыл жүрiп, өзi де әулиелердiң әулиесi – Пайғамбарға айналып, дүйiм дүниенi аузына қаратқан Исаның өзi есек мiнгенде, менiкiнiң несi ерсi?! Ақбоз ат бұйырмаса, не шара?

Қалаға кiреберiсте, еңiске түсiп, жайдақ су кешiп өттiк. Он жақта – жарлауыт бар екен. Шолпан апам сыбырлап:

– Отыз жетінші жылы осы жардың жиегіне адамдарды тізіп қойып, шетінен атып, орға құлата берген, – деді.

– Неғып?

– Өкіметке қарсы «халық жаулары» дей ме, қырды ғой, әйтеуір.

Жүрегім мұзда - а - ап сала берді. Жар жаққа жалтақ-жалтақ қарадым: Мұртаза көрінбес пе екен деп. Ойым айтты: Мұртаза Сібірде қалған деп. Сонда ғана тұла бойымның түршігіп, дірілдегені әрең басылды. Жардың күншығыс жақ беті қалың кіреш екен.

– Шолпан апа, мынау не?

– Ол орыстардың зираты.

– Ұшы-қиыры жоқ кірештер. Қырылып қалған ба, немене?! Не десе де, жарықтық, түсі суық. Бір жағы зират, бір жағы көше. Қала осылай басталды. Жүріп келеміз, жүріп келеміз. Өмірі мұндай үлкен қала көрмеген көк әңгі де елеңдеп, не болса соған құлағын тікшитіп, үркектеп қалады. Тағы бір су кешіп өттік. Оның жағасындағы ұзыннан-ұзақ биік дуалдың үстіне тікен сым керіп қойыпты. Дуалдың бұрышындағы биік ағаш үйшіктің жанында мылтық ұстаған біреу тұр.

– Шолпан апа, мынау не?

– Түрме ғой, шырағым.

Осыдан жеті жыл бұрын Боранды – Бурныйдың түрмесін көріп едім. Әкем Мұртазамен көздей тесіктен сөйлескенбіз. Анау сияқты милиционер мені желкемнен бұрып алып, лақтырып жіберген...

Бірақ Боранды-Бурныйдың түрмесі мына сияқты биік дуалмен қоршалмаған сияқты еді, тікенек сымы да жоқ болатын.

Жүріп келеміз, жүріп келеміз. Бір кезде қалың топтың ішіне кіріп кеттік. Не көп, адам көп. Арба-арба шөп.

Қора-қора қой. Мама ағашта тізіп байлап тастаған аттар, есектер.

Шолпан апамның айтуынша, бұл Атшабардың мал базары екен. Осында Тастанбек деген кісі болуы керек екен. Шолпан апам содан Зибаның үйі қай көшеде екенін сұрап білуі керек екен. Есетін маған ұстатып, өзі қой базарға кіріп кетті.

Ығы-жығы. Балпаң-балпаң басқан қара бөрікті адамдар, айыр қалпақ киіп адыраңдаған адамдар, ала тақия киіп жылмаңдап жүрген адамдар. «Вода-вода! Кому вода?» – деп айқайлайды шелек көтерген мен сияқты бір бала. Су сатып жүр екен. О, тоба, суды да сатады екен, ә! Стакандап сатып жүр.

Бір-екі бала қолдарына шелек ұстап, сиырлар тұрған жақты төңіректеп жүр. Бір сиыр жапа тастай беріп еді, әлгілердің біреуі шелегін тоса қалды. О, тоба! Сиырдың боғына дейін жерге түсірмей, қақшып алады екен.

Біреулер бір-бір уыстай етіп баулаған жусан сатып отыр. Кәдімгі далаға өсетін боз жусан. Алушылар әлгі баулаған жусанды аударып, төңкеріп, салмақтап қояды. Жуандауын таңдайды. Жарымағырлар, Құдайдың далада өсетін жусанын жуанырақ байласа қайтеді.

Осылай қаланың, қыбыр-жыбыр құмырсқа тірлігіне қара - а - ап отырғанымда, қасыма ала тақиялы екі бала келді.

– Ей, қозақ, ешпәңді сатасың му? – дейді, менің астымдағы көк әңгіні саусақтарымен шоқтығынан түртіп тұрып.

– Есек сатылмайды, – деп, шорт кестім.

– Сатмасаң, сатма, дәйіс! – деп, екеуі ыржалақтап күліп, кетіп қалды. Көп ұзамай қайтып келді. Шыннан айналдырайын деді. Қамсыз қалмайын деп бойымды тіктеп, қолымдағы қамшыны (Сәли атам берген) қысыңқырап ұстап, сақ отырмын.

– А, ләкин сатасың а? – деді біреуі.

– Жоқ! – деп түксидім.

– А, онда қапа болман, – деп, әлгі көк әңгінің шабына қолын тықты.

– Ей, тиіспе! – деп, қамшымды көтере бердім... Әлгі сұм шегініп кетті. Қорықты деп ойладым. Сол-сол екен, көк әңгіні

шайтан түртті ме, білмеймін, тыпырлады да қалды. Артқы аяқтарын кезек-кезек тепсініп, пысқырынып, шыркөбелек айналып, туласын-ай кеп. Үстінен түсіп қала жаздаймын. Тағы да болса қаршадайымнан колхоздың жылқысын бағып, атқа мініп, тас тақым болып қалғаным бар, Құдай абырой бергенде, мына арам қанша тоңқып, мөңкісе де құламадым. Бірақ Шолпан апамның есегінің бұйдасы қолымнан шығып кетті. Ана мұттайым кәшімірлер соны алып кете ме зәрем қалмады. Дап-дардай болып, апамның есегінен айырылып қалсам – өлім ғой.

Әлгі екі ала тақия анадай жерде іштерін басып күліп, мәз болып тұр. Оларға – тегін концерт. Көк әңгі мөңкиді, мен құлап қала жаздаймын. Менің жаным шырылдайды, аналарға рахат.

Сөйтсем, бұл дүние өне бойы тұнып тұрған осындай оспадарсыз ойын екен ғой. Адамды адам қинап, содан рахат кешу, әу бастан-ақ бар екен, әлі де бар, әлі де бола береді.

«Әй, бұларың қалай?» деген ешкім жоқ. Қайта ана екеуіне қосылып, тобыр неме, ыржаңдасып күледі. Орысы да, қазағы да, сарты да. Еркегі де, қатыны да.

Нешауа. Иерасулимнің ғибатханасының алдында осындай тобыр Иса пайғамбарды да зәбірлесе керек. Пайғамбардың өзін сөйтіп қорлағанда, мен кімнің шікірәсі...

Тәңірі жарылқағыр, Шолпан апам келіп қалыпты.

– Не болды-ей?

– Білмеймін. Аналар, – деп, ала тақиялы жүгермектерді нұсқадым.

– А, өлігіңді көрейін өле! – деп, ала тақиялы жүгермектерді қырғызша қарғысқа басты. – Тантыған тентек! Нелерің бар тыныш тұрған балада?! – Шолпан апам тыпыршыған көк әңгінің бауырына үңіліп, қолын жүгіртіп еді, есек тыншыды да қалды. Сөйтсе, қаланың қулары оның шабына бөгелек салып жіберген екен.

– Жүр, – деді апам. – Білдім Зибаның үйін. Құдай қаласа, енді табамыз. Ойық көшесінде екен.

Атақты Атшабарды бірінші көруім осылай басталды. Әлі талай көрерімді дәл сол сәтте білген жоқпын.

Шолпан апам жайма базардың тұсынан өтіп бара жатқанда, «Олын, олын» деп қақсап тұрған өзбектің қатынынан маған тәтті сатып алып берді. Зығыр дәнін қант шырынымен дәнекерлеп, қатырып қойған тәтті екен. Мұндай дәмді болар ма?

Енді бір жерде иісін бұрқыратып кәуап пісіріп жатыр, бір жерде тұшпара пісіріп жатыр... Мен үшін бейтаныс ғажайып иістер. Мұндай да береке, мұндай да тоқшылық болады екен-ау деймін. Ал сөйте тұра, қалтаңда тиының болмаса, бұл иіс тоқшылық емес, азап екенін әлі біле бермеймін.

«Қымыз, қымыз! Қымыз ішіндер!» – деп жалынады бір әйел: «Шыннан тегін бере ме?» – деймін жалтақ-жалтақ қарап. Қайдан тегін. Әлдекімдерден ақша санап алып жатыр. Сүлеймен есіме түсті. Жақсы қымыз ішсе, жазылар ма еді... осы қымыздың шатағынан ойда жоқта, міне енді мен Әулиеата қаласын есекпен аралап жүрмін. Тағдыр осылай шығар. Атшабардан ылди түсіп, көшеге шықтық.

«Мынау – Балпық сарайы деген. Бұрын керуен – сарай болған», – деді Шолпан апам дәу көк дарбазаны көрсетіп.

Е, Бөпетай атам Мұртаза екеуі келетін Балпық сарай осы екен ғой. Ар жағында не бар екенін кім білсін, әйтеуір, көк дарбазасы күшті. Төрінде Керімбай болыс отыратын жер оңай дейсің бе? Сол Керімбайлармен қатар отырған Мұртаза да тегін емес екен-ау деймін. Ал оның баласы, анау-мынау емес, зарығып көрген баласы мен – Барсхан – анадан да, мынадан да түрткі көріп, хан базардың ішінде есегім тулап, жұртқа күлкі болып, пұшайман жеп келе жатқан түрім мынау... Бетімді кеше шешен баласы тырнап алып, жаралап тастағаны тағы бар. Ыңғайсыз.

Біраз жүргеннен кейін, көшенің екі қапталынан да жәшірейген, жатаған үйлер жиілей берді. Және кілең қазақтар тұратын сияқты. Бір жақтан ауып келіп, уақытша тұрып, тағы бір жаққа үдере жөнелетіндей, мынау үйлер мығымдықты,

тұрақтылықты сездірмейді. Балшықтан домбаздай салған сиықсыз үйлер. Қаланың ортасындағыдай емес, тал-дарағы да шамалы. Тура ауылдағыдай. Ағаштарын есек пен ешкі кеміріп тастаған.

Дегенмен ара-тұра дарбазасы биік үйлер де кездеседі. Соның бірінің алдында тұрған әйелден Шолпан апам:

– Зибаның үйі қайсы? – деп сұрады.

– Міне, – деді мыңболғыр.

Жапсарлас үй екен. Қорасы да, қақпасы да жоқ, жадағай, жалғыз үй. Есігінің алдына барып, есектен түстік. Үйге кірсек – ешкім жоқ, бірақ есік ашық. Сыртқа шығып, тамды айнала беріп едік, ар жақта огород бар екен. Бір әйел ары қарап, картоп қазып отыр. Жанында жасыл бешпет киген қуыршақтай қыз картопты шелекке салып жатыр. Үйдің күншуағында басы бақырдай, көздерін қолымен көлеңкелеп қысып алып, кішкентай бала ағаш атпен ойнап отыр.

– Ау, Зибә! – деп дауыстады Шолпан апам. – Жиен қыз-ау, біз келдік.

Әйел түрегеліп, біз жаққа қарады. «Құдай-ау, Айша қайдан жүр?!»

Жоқ, Айша емес екен. Көздерінің аясы кеңдеу, өңі құбаша, бойшаң екен.

Күн ысып тұрса да, орама қоңыр жағасы бар, мақталы пальто киіп алыпты. Басында алқымынан ораған шәлі бар.

Бізге жақындап келді. Шолпанмен көрісіп, амандасты. Маған қарап тұр. Қайтер екен деп Шолпан апам үндеген жоқ. Мен қайбір келісіп тұрған. Кісі сүйсінер түрім жоқ. Басымда Қорғанбайдың қисық кепкесі. Аяғымда ауыр бәтеңке. Бетімді шешеннің баласы тырнақ салып жаралап тастаған. Кебірісіп, қабыршақтанып, қан қатып қалған.

Зибә әпкем танымады, бірақ таңғалды. Жүзі жылы, күлімсіреп, тіпті елжіреп қарайды. Әйтеуір, жақыны екенімді

сезеді, бірақ доп басып айта алмай, екі иінінен дем алысы жиіледі. Мен шыдамай:

– Зибә әпке, мен Барсханмын ғой, Айшаның... – дей бергенімде, бас салып, бауырына қысты. Бірақ сүймеді. Күнге қызған пальто бетімді жылытты. Пальто емес, жүрегі жылытып тұрғандай, тұла бойым шымырлап, бір аналық, туысқандық сезім менің жанымға шым-шым еніп, адам екенімді, мені де біреу жақсы көріп, аймалайтынын танытып, көзіме жас іркілді.

Егер адамдар бірін-бірі осылай құшырлана аймалап, бауырына басса, байлықсыз-ақ, атақ – даңқсыз-ақ бақытты болар еді... қайтерсің, біреу сенің қарайып, жер басып жүргеніңе қуанады. Біреу сенің осы дүниеге келгеніңді де көре алмайды. Мен жоқ болсам, менің орныма зығыр егетіндей-ақ, зығырданы қайнап жүреді. Адамдар әділдікті Күннен үйренбей-ақ қойды. Күн сен патшасың ба, пақырсың ба, байсың ба, кедейсін бе – ешкімді алаламай, бәріне сәулесін тең таратады ғой.

Адамдар әділдікті Қара Жерден де үйренбеді. Сен патшасың ба, пақырсың ба, байсың ба, кедейсің бе – Қара Жердің қойнына кірген соң бірдейсің. Патшаның етін жеген құрт, арық екен деп пақырдың етін жемей қоймайды.

Тән шаруашылығы осылай. Ал жан мәселесі... Өлгеннен соң, тәннен жан бөлінеді дейді. Құдай құптаса – жаннатқа барады, құптамаса – тамұққа, тозаққа түседі дейді. О жақтан қайтып келіп, әңгімесін айтып, хабар берген ешкім жоқ. Бірақ Адал мен Арамның ара жігі, әйтеуір, бір ажыратылуы, содан соң әркім тиесілі үлесін алуы керек қой. Егер ондай таразысы болмаса дүниеде не мән, не мағына...

– Айша әпкем аман ба? Інің, қарындасың аман ба? – деп сұрақтың астына алды Зибә әпкем, енді мені екі қолымен иығымнан ұстап тұрып, бетіме тесіле қарап тұрды. Мен «иә, иә» деп жатырмын. Бір уақытта Зибә:

– Құдай-ау, Рахманнан аумайды екенсің ғой, – деді.

Рахманды білемін. Еміс-еміс есімде. Айшаның інісі, Зибаның ағасы. Сорымызға қарай, маңдайымызға сыймай кеткен.

Зиба әпкем бізді үйге кіргізіп, алты-жеті жасар, үкідей ұшып тұрған, сап-сары, көк көз қызды:

– Ақшагүл - ау, су алып кел, – деп жұмсады.

Примус деген болады екен. Жермаймен жанады екен, піскілесе, пысылдап, бажылдап жалын атады екен. Зиба әпкем оған шәугім қойып, шәй қайнатты. Түтін иіс қолқанды атады.

– Ақшагүл -ай, мынау сенің бөлең – Барсхан, – деді үкі көз сары қызға. Көзін жұмып алып кішкентай бала кірді. – Бұл сенің кіші бөлең – Әбен, – деді Зиба әпкем маған.

Әкесі Мырзагелді соғысқа кеткенде, бұл Әбен жаңа туған екен. Қазір төртке шықса керек.

– Мырзагелдіден хат келіп тұр ма? – деп сұрады Шолпан апам шәй үстінде.

– Құдайға шүкір, әзір келіп тұр, – деді Зиба әпкем. – Осы жазда бір посылка жіберіпті. Ол не дейсіз ғой. Сабын. Әтір сабын екен. Соны базарға апарып сатып, кәдімгідей қаужаңдап қалдық. Әйтпесе карточкамен алған нан мына екеуіне кейде жетіп, кейде жетпейді, – деп, қызы мен ұлын екі жағына отырғызып, бастарынан сипап қойды.

– Біздің Махан мен Әшірбектен тырс еткен хабар жо - о - оқ, – деп, Шолпан апам күрсініп қалды.

– Сабыр түбі – сары алтын, Шолпан апа, сабыр етіңіз. Бір жақсылық хабар келіп қалар, – деп жарқылдады Зиба. Сөз сөйлесе, көздері жарқылдап, даусы жарқын-жарқын шығады екен. Жайырақ сөйлесе, шаршамас еді, даусы ашық, ынта-шынтасымен, ықыластана сөйлегенде шаршап қала ма, немене, ендігеді.

Ендігетін себебі – Мырзагелді соғысқа кеткен соң, екі баланы асыраймын деп, емізулі баласы мен титтей қызды үйге қамап кетіп, жүн жуатын зауытта жұмыс істепті. Мұздай тастың

үстінде, мұздай сумен жүн жуған қиын ғана емес, қиямет екен, бір жылдан кейін қос өкпесі ауырып, мүгедектікке шығыпты.

Мұны ол Шолпан апама айтып отыр. Мен тыңдап отырмын. Өкпесі баяғыда, қыз күнінде, Асаның суынан қыстыгүні көшіп өткенде бір ауырған екен. Кейін жазылған көрінеді. Ал енді жүн жуатын зауыт сол кеселді қайта қоздырып, құтыртып жіберіпті. Емделіп, ауруханаға жатайын десе, мына екі балаға қарайтын жан жоқ. Дәрі-дәрмек табылмайды. Борсықтың майына алмас қосып жеп, кеселі ептеп жеңілдесе керек. Бірақ ол дәрінің кесірі кішкентай Әбенге тиіпті. Бала неме төсектің астында тұрған майды жеп қойған ғой. Содан көзіне зақым келіп, әлгі көзін ұдайы жұмып алып, көлегейлеп жүретіні содан екен.

Шәй ішіп, дастарқан жиылған соң, Шолпан апам қайтпақшы болды. Зибә:

– Отыра тұрсаңшы, – деді. – Шынымды айтсам, сағынып қалыппын. Таяқ тастам жерде тұрсақ та, бір-бірімізді көрмейміз. Нағашыларымды өзім іздеп барайын десем, мына екі баладан шыға алмаймын. Сәл көз жазып қалсаң – отқа түсіп кете ме, суға түсіп кете ме? Қаланың аты – қала. Көшеге шықса – мәшина басып кете ме деп қорқасың. Онсыз да ана Әбеннің обалына қалдым білем. Байғұс басым, әлгі борсықтың майын биік жерге қойсам ғой, бала неме мұндай хәлге ұшырамас еді. Енді қайдам, көзі шыннан кем болып қала ма? Дәрігерге де апармадым...

– Жиен қыз-ау, тірі адамның тіршілігі біткен бе? – деп, Шолпан апам бәрібір орнынан тұрды. – Әлгі сен жуатын жүнді зауыттан алып, жіп иіреміз ғой. Жібін әкеліп өткізіп, соған нан аламыз. Сөйтіп күн көріп отырған жоқпыз ба. Басқадан қалсам да, әзір ұршықтан қалған жоқпын. Мен күн жарықта қайтайын. Мына Барсхан қасында бола тұрсын, қаланың бұзық балалары ұрып кетіп жүрмесін. Өзі де ұрыншақ көрінеді. Көрмейсің бе, келе сала шешеннің баласымен төбелескенін. Біздің ауылда бала тұрмақ, үлкен адам олардың жел жағынан жүрмейді.

Шолпан апам өзінің есегіне мініп кеткен соң, көк әңгі жалғыз қалды. Пысқырынып, біраз тыпырлады. Есіктің алдындағы аласа дуалдың көлеңкесіне апарып байлап қоймақшы болып, дуалдан айнала беріп едім, аузы үнірейген жертөле бар екен. Содан бурыл шашы бұрқыраған, көздері сұп-суық жыланның көзіндей кірпік қақпай қалған, үсті-басы алба-жұлба бір кемпір шыға келді. Зәрем қалмады.

– Зиба әпке! – деп дауыстап жібергенімді де сезбей қалдым. Үйден әпкем шығып:

– Қорықпа, әжең ғой, – деп күлді. Күлгені қандай әдемі. Кемпір кірпік қақпай, маған қарап тұрып-тұрып:

– Сен Битөре емессің! – деді де, үңгіріне қайта кіріп кетті. Аңтаңмын. Қайдағы Битөре? Естісем бұйырмасын. Апыр-ай, мына Әулиеата дейтін үлкен шаһарда да жертөле болады екен-ау. Баяғыда соғысқа кетпей тұрғанда Махан ағам маған Тәңіртаудың Керегетасынан осындай бір үңгірді көрсетіп: «Аюдың апаны», – деп еді. Үрейім ұшып үйге кіргеннен кейін, Зиба әпкем:

– Немене, қорқып қалдың ба? – деп, қолымен иегімді көтеріп, – аузыңды аш, – деді. Ұп-ұзын, сүйрік саусағымен таңдайымды басты. Ғажап, денемнің түршігіп, дірілдегені лезде басылып, жаным жай тапқандай болды. Онысы несі екен?

Содан сон Зиба басқа істің бәрін жиыстырып тастап, менің қамыма кірісті. Су жылытып, әгір сабынмен шомылдырды. Сірә, мен көрмеген, майданда жүрген Мырзагелді жездемнің посылкамен жіберген сабыны шығар. Мұрныма бұрын сезбеген жұпар иіс келеді. Өз білегімді өзім иіскей берем. Шіркін, осындай әгір сабынмен жуынып, жұпар иіс бұрқыратып, мектепке барар ма едім. Мұғалім апайдың алмабет, тәмтіш мұрын, тәлпіш қызы... таң қалып, қасымнан кетпес еді-ау...

Зиба менің өсіп кеткен ұйпа-тұйпа шашымды тарап, өткір қайшымен жан-жағын тегістеп, түзетіп қойды. «Шаштаразға алдырса болар еді», – деді.

Шаштараз дегенді көрген емеспін. Ауылға шаш қойып барсам, тәмпіш мұрын, тәлпіш қыз қызығар ма екен... А, бірақ Әліқұл атам ұстап алып, ұстарамен тап-тақыр етіп қырып тастайды ғой. Нәметқұл да сөйтер еді. Шаш қойғандарды елердей жек көреді. Онысы несі екен?

Шешен баласының тырнағы тіліп кеткен бетімнің жарасы жібіп, қотырланған қабыршағы түсіп қалды. Зибә оған сықпамай жағып қойды.

– Бетің тіліңгір, қатын құсап бетке тырнақ салғаны несі? – деді Зибә айдаладағы шешеннің баласына ұрсып. – Енді сен ана кемпірден қорықпа, – деді маған. – Ол бейшара аздап ақылы ауысқан. Он үш бала тапқан ана ғой. Он екісі анау жаман жылдары бірінен соң бірі шегінеп кеткен. Битөре деген жалғыз ұлы қалған, оны майданға алып кетті. Ешкімі жоқ. Далада қаңғырып қалған ғой. Жан баласына жаманшылығы жоқ. Тек көшеде өткен-кеткен адамдарды қарайды да отырады. Битөре емес пе деп, көрінген адамның бетіне үңіле береді.

Содан соң Зибә менің көйлегімді жуып, күншуаққа жайып қойды. Бір сандықты ашып, ары-бері ақтарып, бір қоңыр шалбарды алып шықты.

– Мә, мынаны киіп көрші, – деді.

Киіп едім, белі кең, балағы ұзын екен. Бірақ түрі ұнайды. Жаңа сияқты.

– Мырзагелді жездеңдікі ғой. Аман-есен келсе, оған шалбар табылар. Мынаны саған тарылтып берейін.

Мырзагелді жездеміз соғысқа дейін мұғалім екен. Екі-үш костюмі болған екен.

– Қалада күнкөріс қиын ғой, Барсхан, қысылғанда Мырзагелдінің бір костюм-шалбарын базарға апарып сатып жібердім, – дейді Зибә. – Өзімнің бір цигейка тоным бар еді, оны да саттым. Енді қайтемін сатпағанда. Мыналарға, – деп, Ақшагүл мен Әбенді нұсқады, – бұл екеуіне сүт керек. Сауатын

сиыр жоқ. Май керек. Өзіме де күшті тамақ болмаса, жөтел, атаңа нәлет қу жөтел қысады.

Сонда қалай, бұлардың күн көріп отырған тамағын ауыздарынан жырып аламын ба? Мына шалбарды базарға апарып сатса, талай ақша.

– Зиба әпке десе...

– Не Барсхан?

– Кимеймін.

– Нені?

– Шалбарды.

– Е, неге? Анауың тозып болыпты ғой. Біздің үйге тұңғыш келгенде, бізден киген костюмнің осы болсын. Кішірейтіп берейін. Кәне, балағынан қанша алу керек, – деп, Зиба балақты бір жерінен борлап қойды. Ышқырға да бормен белгі салды.

– Бүлдірмей-ақ қойыңыз, Зиба әпке. Бәрібір маған кең болады.

– Ой, айналайын, бізді аяп тұрсың ғой. Оны білгеніңнен айналайын. Өзіңе шап-шақ жаңасын алып берер едім, көрмейсің бе қиын болып тұрғанын. Қуыс үйден құр шыққаның ұят болады. Саған бір шалбар кигізуге жарамасам, Айша әпкеме не бетімді айтамын? Ауру-сырқаудан аман ба өзі?

– Кім?

– Айша әпкемді айтамын.

– Ама - а - н. Бірақ...

– Немене?

– Көктемде қатты ауырып, қаны тасып, өліп қала жаздады.

Аққыз апам болмаса...

– Ол кім?

– Тәуіп кісі. Бақсы.

– Содан жазылып кетті ме?

– Иә.

– Е, шырағым, Айша аман болсын. Айша кетсе, сендердің күнің не болады? Қайран әпкем... Сағындым.

Кенет Зиба иығы селкідеп, булығып жылап жіберді. Сол-сол екен, жөтел қысты.

– Бала күнімізде бақытты едік, – деді жөтелдің ара-арасында.
– Неге тез өтіп кетті сол дәурен?! Бір күнгідей болған жоқ. Әкеміз де жоқ, шешеміз Құлыхан да жоқ. Сүттібек пен Рахман да жоқ. Несін алдық Құдайдың? Мені ауру ғып қойғаны мынау...

– Қойыңыз, Зиба әпке... біз бармыз ғой, мыналар өседі, – деп, өзімше кісімсініп, жанымызда үрпиісіп тұрған Ақшагүл мен Әбенді иегіммен меңзеп қойдым.

– Рақмет, жаным, сен кәдімгідей кісі боп қапсың ғой, – деп, Зиба тігін машинаның қақпағын ашты.

Кеш түсе, қысқартылған шалбарды, жуылған көйлекті киіп көшеге шықтым. Шалбардың балағы да, белі де дұрыс. Бірақ құйрық жағы мен ауы даладай, кәдімгідей қампиып тұр. Соны көріп, Зиба кәдімгідей қынжылды.

– Мұндайға мен ұста емеспін ғой. Әттең, Ауагүл әпкем мұны жіптіктей қылар еді. Ол қаланың арғы шетінде тұрады.

– Зиба әпке! Ауагүлді Айша аңда-саңда айтушы еді, ол кім?

– Е - е, Барсхан, ол біздің үлкен әпкеміз ғой. Есей әкеміздің үш әйелі болған. Үлкені – Теңгеқыз. Сенің ауылыңнан. Одан Сүттібек, Ауагүл, Бауагүл туған. Сүттібектен – Төлен. Ол қазір соғыста. Кім біледі? Жалғыз жәдігерді аруақ қолдасын да. Ауагүл осы қалада, Бауагүл бейшара жас кетті.

Аруағыңнан айналайын, Құлыхан анамыздан: Айша, Рахман, Зиба. Рахман жоқ. Айша, Зибалар әзір тіріміз. Құдай қанша жарық сәуле бұйыртады – бір өзі біледі. Түсіндің бе? Ауагүлмен әкеміз бір, шешеміз бөлек. Бірақ бөлек демейді, өте бауырмал. Шеберлігімен бала-шағасын асырап отыр ғой. Машинамен киім тігіп, базарға сатады. Күйеуі Рәт деген кісіні отыз жетінші жылы алып кеткен. Содан хабар жоқ. Сенің әкең Мұртаза жездем сияқты.

Ай, дүние, сол жезделерім бар болғанда, мен мұндай азапқа қалмас па едім... Тым болмаса, Құдай Рахманды тірі қалдырмады ғой. Төлен болса – соғыста...

Зиба енгігіп шаршап қалды. Ауагүлді сұрап нем бар еді.

Сөйтіп, мен кәдімгідей шікірейіп көшеге шықтым.

Есіктің алдына шығып, мені көрдіңдер ме дегендей, шікірейіп тұрмын. Ауы салбыраған кең болса да шалбарым бар, өзі без болса да көйлегім таза. Шашым түзелген. Сонда мен кімнен кем?!

Көшеден әрі-бері өткендерге көз салып тұрмын. Көбінесе ат арба, есек арба. Дырылдаған машина сирек. Сірә, мал базардан қайтқан болар, біреу құйрығы тегенедей қызыл қой жетектеп барады. Біреу бір марка қозыны есетінін шоқтығына көлденең салып, алдына өңгеріп кетіп барады. Көшенің қарсы бетінде дәу дарбазалы үй тұр. Бергі беттегі жапсарлас үй де еңселі, қақпасы биік. Ал Зиба әпкемнің үйінің қақпасы жоқ, жан-жағы жалаңаш. Қасында үңгір там.

Осылай тұрғанымда арт жағымнан:

– Несіне тесілесің, Битөре бүгін келмейді, – деді әлгі дудар шаш кемпір. Жалт қарап, қаша жөнелейін деп едім:

– Қой әрі, адам көрмеп пе ең, мен сені жемеймін, – деді дудар шаш кемпір. – Мені жұрт Көк Кемпір дейді. Сен де солай атасаң болады. Сен одан да ана есегіңді бақ. Аш тұр ғой. Бұл қалада мал ұстау қиын. Әркім малын құйрығынан ұстап жүріп, арық атыздың жағасына жаяды. Сен де сөйт. Немене, жуынып, киініп алып, Төрткүл көшесінің қыздарына қырындайын деп пе едің? Әлгіде ғана менің үңгірімнен шыққан жабайы баладай едің. Лезде шырттай бопсың ғой. Зиба ғой ол, Зиба! Сен оны қинай берме. Қанша қалды дейсің?..

Кемпір осыны айтып, қайтадан үңгіріне кіріп кетті. Тілім байланып, мелшиіп мен қалдым. Маған міндет артып кетті. Біріншіден, есегімді отқа қоюым керек. Мұнысы – ақыл. Әйтпесе, көк әңгі мойны салбырап, көзі іріңдеп қапты.

Екіншіден, Зиба әпкемді қинамауым керек. А, мұнысы түсініксіз. «Қанша қалды дейсің...» дегені не жұмбақ?

Көк әңгіні шешіп алып, үйді айналып, огородтың жағасына апарып, алақандай ашық жерге аяғынан тұсап қоя беріп ем, байғұс неме, басын жерден алмай, тұқыл шөпті қырши бастады.

Бұл тіршілігімді байқаған Зиба әпкем:

– Ой, ақылыңнан айналайын, есегіңді отқа қойғаның дұрыс, – деді. – Анау үйде Ескермес деген бала бар. Енді сонымен қосылып есегіңді бір мезгіл сыртқа шығарып бағарсың. Кешке қайтады, Ескермеске сонда айтамын.

Үйдің қабырғасына арқасын тіреп, шөкелеп отырды. Жанына келіп, шоқиып мен де отырдым. Әпкемнің екі бетінің ұшы қыпқызыл, албырап тұр. Пальтосын тастамапты. Көк Кемпір болса, көйлекшең жүр. Рас, көйлегі жамау-жамау, қырық құрау. Қалада да осындай киім болады екен-ау! Біздің Мыңбұлақта ғана ма десем...

– Зиба әпке, жаурап отырсыз ба?

Зиба бетіме күлімсірей қарап, ұзын саусақты алақанымен басымнан сипады:

– Барсхан-ау, дімкәстанып қалдым ғой, – деді.

– Зиба әпке, қай жеріңіз ауырады?

Әпкем төмен қарап, мұңайып қалды.

– Өкпесі түскір жарамай тұр ғой, Барсхан.

Лезде Сүлеймен есіме түсті. Мыңбұлақтағы Сүлеймен. Сағынып қалғанымды сездім. Өткендегі шатақ есіме түсті. Қымызға бола шыққан. Бір жұтым қымызға бола.

– Зиба әпке, қымыз ішсеңіз жазыласыз ғой.

Әпкем бетіме мейірлене қарады.

– Ақылыңнан айналайын, әшейін... Бірақ қымыз қайда? Есей байдың көк ала жылқысы жоқ. Жоқ қой...

– Иә, базарда бар ғой.

Жалт қарап, тағы да күлімсіреді. Жадыраған күлкі. «Алатын ақша қайда?» дегісі келді-ау деймін. Бірақ демеді.

– Базардың қымызы-қымыз емес, шалап. Көк шалап.

– Неғып?

– Сауда деген сондай болады. Барсхан. Алдайды.

Сірә, менімен сөйлескеннің өзіне шаршап қалды білем, екі иығынан дем алып, ентіге бастады. Мен үндемедім. «Осы жақсы адамдар неге ауырады екен? Сүлеймен ауырады, Зибә әпкем ауырады. Иса мұғалім ауырады. Жуанқұл мен Тасбет ауырмайды. Оларға ауру жоламайды. Бұзық адамдардан кесел де қорқа ме екен?»

Қасымызға келіп, томпиып-томпиып Ақшагүл мен Әбен отырды.

– Осы екеуіне бола тірі отырмын, Барсхан, – деді әпкем қайғылы кейіппен. – Әйтпесе, кесел жаман. Сен қорықпа. Әзір өлмеймін.

«Қорықпа», – дейді. Қорықпасын-ау. Бірақ Дүйсенбайдың қара саулығының егіз қозысын қалай ұмытамын? Қара саулықты жылан шақты ма, әлде топалаң тиді ме – егіз қозы жетім қалды. Содан оларды Мамыт атамның ала саулығына телімекші болып еді, ала саулық оқшыып, шатаяқтап, әлгі жетімдерді аямай сүзіп-сүзіп құлатты ғой. Оны қалай ұмытайын? Сондықтан да жүрегім жап-жалаңаш қалып, аяз қарығандай қалтырады.

КӨК КЕМПІР

– Жаяу адам жатып, атты адам түсіп қарайтындай бопсың ғой, – деді Көк Кемпір. – Төрткүл көшесінің қыздарына қырындап тұрсың-ау, ә?!

Тарғыл-тарғыл тарпаң даусында кекесін бар. Оны сезіп қойдым. Қай-қайдағы қойқаптағы жындарым қозыңқырап, жабайылау жаман сөзбен жауап бергім кеп, тілім қышып, уын

төккім кеп біраз тұрдым да, Зибә әпкемнің айтқаны есіме түсіп, жақ ашпадым.

Көріпкелі бар ма, білмеймін, менің не ойлағанымды о да сезе қойды.

– Жек көріп тұрсың, ә? – деді. – Боқтайын деп оқталдың, ә?

Ұрлығым ашылғандай сасып қалдым.

– Оқпен қабынып, өтің жарылмасын. Мен саған жамандық жасамаймын. Қорықпа. Жүр менің үйіме!

«Үйіме» дегенді мекіреніп, кекесінмен айтты.

Үңгір үйге баруға қорықсам да, бір жағынан қызық көріп, үркектеп, имене басып кірдім-ау.

Іші қап-қараңғы қашан көз үйренгенше. Көз үйренсе – ұдай ғана екенін аңғарасың. Төбесін жүгерінің сабағымен жауыпты.

Қураған сары жапырақтары ақ орданың желбауындай салбырап тұр. Жерде – жусан төсеніш. Содан да жусан иісі аңқиды. Екі ешкінің терісі жатыр. Бірі қара, бірі ақ. Екі бөстек. Бірі қара, бірі ақ. «Неге?» – деп сұрауға батпадым.

Бірақ Көк Кемпір сұрағымды айтпай білді.

– Өйткені, – деді ол, – үйдің іші қараңғы, дала жап-жарық.

Түсінбедім.

– Үйдің іші қараңғы, дала жап-жарық, – деп қайталады Көк Кемпір менің санама жетсін дегендей. – Жазда ылғи далада жүремін. Ал қыста қиы - ы - ын. Қыста ылғи далада жүре бермейсің. Үй болса қараңғы. Ұдайы от жағуға отын жоқ. Мені қойшы, Зибәда да отын жоқ. Өзі өкпесі ауырса, отыны жоқ болса, суыққа қашанғы шыдайды? А?

«Соны да білмей тұрсың ба?» – дегендей маған ызғарлана қарады. Зәрем зәр түбіне кетті. Қараңғы үңгір. Ақ шашы дударлана бүрқырап, сексіп кеткен. Өріп қойса қайтеді? Тым құрыса, шуда жіппен болса да түйіп, байлап қойса қайтеді? Жоқ. Дауыл соққандай бүрқырайды. Зәреңді алады.

– Зибә бұл ауруды қайдан тапты деп ойлайсың, а?

Үндемеймін. Мен қайдан білейін?

– А - а, білмейсің... Туысқан болмай, туа шөк. Зибә саған өзің қиналғанда ғана керек. Жайшылықта халің қалай демейсің? А?

Үңгірден тұра кеп қашып, атып шыққым келді. Кемпір оны да біліп қойды.

– Тоқта, мен жемеймін. Жалмауыз кемпір деп тұрсың ба? Жемеймін сені. Бірақ тыңда. Зибаның байы Мырзагелді осы үйің соғысқа кетердің алдында ғана соқты. Соғып бітіре алмай, әскерге кетті. «Оу, қоя тұрыңдар, үйімді соғып болайын, содан кейін барайын» дегенге соғыс қарамайды. Соғыстың аңсағаны – азап. Күз болса келіп қалды. Қалған жағын Зибә өзі соқты. Күздің қақаған қара суығында опшаға түсіп, жалаң аяқ, балтырын түріп алып, балшық иледі. Қыс түсе бітірді. Үйі қалай бітті, ішіне қалай кірді – Зибә солай құлады. Төсек тартып жатып қалды... Әне, өкпе ауруы.

Мұның бәрін мен қайдан білейін? Білсем. Зибәға шелекпен балшық тасып беріп тұрсам да көмектесер едім-ау. Бірақ Әулиеатадан жырақ, Қаратаудың ар жағында, Тәңіртаудың табанында жатқан мен оны қайдан білейін? Біз қайбір жетіскен дейсің?

Жейдесі жұқа, қасіреті қалың біз емес пе едік?! Мына Көк Кемпір соны білмей, көкбеттігіне басып тұр ғой.

Осы ойымды оқып отырғандай, Көк Кемпір:

– Шекеңнің майы шылқылдап тұрмағанын білемін. Кескін-кейпіңнен көрініп тұр ғой. Балағы жырым-жырым шалбар киіп те адам жекжат-жұрағат аралай ма екен? «Басқа түссе, баспақшыл» болғансың ғой. Ал енді, – деді Көк Кемпір Зибә кішірейтіп берген қоңыр шалбарды нұсқап. – Мұның құны базарда бір арба отын. Зибаның бір ай жағатын отынын сен тылтитып бұтыңа киіп алдың...

Шыннан ба дегендей, көзім бақырайып кетсе керек, кемпір мені аяғандай жұмсарып:

– Ештеңе етпейді, – деді – Ескермеске еріп барып, екі-үш күн жұсан шауып, есеңмен тасысаң, нан-тұзды ақтарсың.

Кенет Көк Кемпір шақшиып, көзі шатынап:

– Ойбу, сорлы басым-ай, мен сенімен мылжыңдасып тұрғанымда Битөре өтіп кеткен шығар. Менің үйімнің нөмірі жоқ қой. Адасып өтіп кетсе, Битөремді қайдан іздеймін?! – деп, үңгірден атып шықты. Соңынан мен де ата кеп жөнелдім. Көк Кемпір көшеге шығып алып:

– Битөре! Ойбой, Битөре - ее! Қайда жүрсің, жалғызым?! – деп айқайды салды дейсің. Кешеден ары-бері өтіп жатқан жандар, бұл азынауық дауыстан шошып-шошып түскендей болады.

Төрткүл көшесіне Көк Кемпір әбден мәлім көрінеді. Бірақ осы көшемен қалаға кіретін Талас, Сарысу, Қаратау, Билікөл, Бурыл халқы үшін бұл оқыс оқиға. Жолаушылардың көбі базарға мал айдағандар. Таластың құмдағынан қауын, дарбыз тасығандар.

Олар Көк Кемпірді жынданған деп ойлайды. Көбі шошынады. Біразы аяйды. Тіпті қайыр – садақа тастайтындары да бар. Бірақ Көк Кемпір оларға:

– Мен сендерден қайыр-садақа сұраған жоқпын ғой. Жандарың ашыса, маған Битөрені тауып беріңдер! – дейді.

– Ол кімің еді, байғұс-ау? – дейді кейбіреуі.

– Ол менің табынатын Тәңірім, – деп Көк Кемпір аспанға қолын жаяды. – Ол менің аспандағы Ай мен Күнім. Ол – менің жалғандағы жалғыз ұлым. Битөре соғыстан қайтпай өлген болса, онда Тәңірі де өледі, Ай мен Күн де сөнеді. Ал мен болсам, күйіктен өртеніп өлемін. Осындай сұмдық болсын демесеңдер, Битөрені тауып беріңдер. Ол менің үңгір үйімді таба алмай, адасып жүрген шығар. Көрсеңдер, жөн сілтеңдер.

Жолынан қалып, жиналып тұрған жолаушылар:

– Ей, бейшара, мұңлық ана! – дейді.

– Жалғзынан адасқан пәруана! – дейді.

– Ұлынан айырылған жалғыз сен емес, – дейді.

– Үмітсіз шайтан, жолын тос! – дейді.

– Көрсек айтамыз.

– Балаң келеді, жылай берме!

– Ақ шашты анаң жолыңды тосып тұр, – дейміз. Көк Кемпір сонда аспанға алақан жайып:

– Айтқаның келсін, ағайын! Жолдарың болсын, жолдасың Қыдыр болсын, бауырларым! – дейді.

Дауыл тыйылып, теңіз шайқалғаны тоқтайды. Аспанды күнiренткен «Битөре» жаңғырық басылады.

..*

Зиба әпкем екі иінінен дем алып, ентiгiп отыр екен. Шелпегі кеңдеу танауына дейін тершіп кетіпті. Екі бетінің ұшы алманың қызылындай алаулайды. Мені көріп, аппақ тістері маржандай тізіліп, қасқая күлімсіреп:

– Қыдырып келдің бе? Не қызық көрдің? – деді. Көк Кемпірдің хикаясын айтып бердім.

– Өзің көңілсізсің ғой, біреу ренжітті ме? – деп бетіме үңіліп, басымнан сипады Зиба.

– Зиба әпке, – дедім жалтара алмай. – Сіз мына шалбарды бекер бүлдірдіңіз.

– Бүлдіргені несі? Кім айтты!?

– Көк Кемпір.

– Не деп?

– Бұл шалбарға бір арба отын алуға болады екен.

– Ай, жарықтық-ай, онда несі бар екен...

Басқа біреу болса: «Ай, қу қақбас-ай!», «Ай, жалмауыз кемпір-ай!» – дер еді, Зиба: «Жарықтық-ай» дейді. Әулие тұта жаздайды.

– Сен соған сеніп қалдың ба, Барсхан? – деп Зиба шыннан күлді. – Мырзагелді жездеңнің киімдерін базарға апарып сатып, ақшасына отын алғаным рас, өткен қыста. Оның өзін мен көзін тауып сата алмаймын ғой. Ауагүл әпкем сатып берді. Ауагүл

әпкеңді білесің бе? Айша әпкемнен үлкеніміз ғой. Осы қалада, Қапал көшесінде тұрады. Сені ертіп апарар едім, көрмейсің бе, мына жөтел қысып тұрғанын...

Мен көрмеген, бірақ Айшадан талай естіген Ауагүл әпкемнің үйіне бара алмадым. Оның есесіне Зиба әпкемнің картошкасын, сәбізін қазып, қабына салып бердім. Ескермес дейтін баламен бірге есекке мініп, Шайқорық деген ауылдың ар жағынан екі-үш рет отын тасыдым.

– Зибаға Құдай беріп қалды. Жұдырықтай екі бала, өзі ауру, халі әбден мүшкіл тартқанда, қолына інісі келіп, жаны кіріп қалды-ау, – десіп жүрді. Мұны тіпті Көк Кемпірдің өзі де мойындады.

– Сені мен Зибаның кәртішнәй нанына ортақтасып, масыл бола ма деп ем, иманды жердің баласы екенсің, – деді...

Төрткүл көшесінен Ескерместен басқа Рахметолла, Сағымбек, Сауқымбек деген достар табылды. Осылай жүре берсем, қалаға оп-оңай сіңіп кететін түрім бар.

Екіқұдай болып, қиналдым. Зибаға қолғабыс болып жүре бергім де келеді. Бірақ туған үй, туған ел деген де қиын екен. Оны мен тым-тым ерте сезіндім. Жайшылықта қадірін біле бермейтін туған ауыл, қайран туған ауыл, алыста жүргенде жүрегіңді сыздатады екен. Аспанмен тілдескен тауларын, арқырап аққан суларын, сылдырап жатқан бұлақтарын, хош иісті киікоты мен дәру жалбызын былай қойғанда, шоңайна, шеттік, шошқа тікеніне дейін сағынады екенсің. Шошқа тікен кірш етіп, кіріп кетіп, табаныңнан қара қаның судай аққанда, аяғыңды малып-малып алатын майтопырақты аңсайды екенсің. Қалада майтопырақ жоқ. Жаралы аяқты майтопыраққа батырып-батырып алсаң, лезде жазылады ғой. Ем ғой майтопырақ.

Сол топырағына дейін дәру-шиппа елден кетіп қалуға бола ма? Бірақ мен өз еркіммен кетпедім. Тасбеттің жаласынан, бәлесінен қаймықтым.

Айшаны, Құрмашты, Батырханды сағындым. Сүлейменді, Өсерді, Қамқа апамды, тіпті арам Жолдасбекті де сағындым. Мұғалім апайдың тәмшіш тәкашпар қызын да...

Сағыныш менің ес білгеннен бергі жолдасым.

Сол жолдасым болмаса мен қайтпас та едім. Сағыныш дегеннің не екенін білмейтін Көк Есек сияқты қарным тойған жерде жүре берер едім. Көк әңгі ауылды мүлде ұмытқан сияқты. Айтпақшы, осы есекке бола, Айша Оңғарбай атамнан сөз естіп қалмаса нетсін. Екі-үш күнге деп сұрап алған. Екі-үш күн емес, екі аптадан асып барады Оңғарбай атам шыдар-ау. Тасбет жаман ғой. Оңғарбай атама:

– Есегің қайда? – дейді.

– Оны қайтесің? – дейді Оңғарбай атам.

– Элеваторға бидай тасимыз.

– Есек жоқ, құрыған, – дейді Оңғарбай атам жақтырмай.

– Ә, бәлем, – дейді Тасбет. – Әлгі «халық жауының» баласы қашып кетіп еді, сол мініп кеткен болды ғой, сірә. Міне, бұл нағыз зиянкестік! Бұл үшін үкімет алдында сен де жауап бересің.

Оңғарбай атам шыннан қорқа бастайды. Өйткені осы Тасбет былтыр Сартай деген шалды есекке бола, «не есек, не өкімет құрымады-ау» дегеніне бола, соттатып жіберген.

Мен ауылға тез қайтпасам, міне, осындай оспадарсыз оқиға болып кетуі де мүмкін. Ал мені ұстатып, айдатып жіберсе – ол енді пешене мәселесі. Тағдыр не айтады, сол болады. Айша айтпақшы: «Жазмыштан озмыш жоқ». Он екі жастағы баланы соттай қоймас, соғысқа да жібере қоймас. Жіберсе, қашпас едім. Бірақ ФЗО дегенге, Қарағанды деген жерге айдайды дейді. Ол енді мен үшін беймәлім дүние. Бірақ ауылдағы Шақалақ шалдың баласы Ікімәт деген айтқан: «ФЗО-ға кетемін. Тамақ – өзінен, киім-кешек өзінен. Өкімет асырайды», – деп. Ікімәттің өз шешесі ашаршылықта өліп қалыпты. Ікімәт өгей шешенің қолына қарайды. ФЗО-ға кеткісі келетіні содан шығар.

Құдай Айшаны аман қылсын.

Менің ауылға қайтпақшы болып қипақтап жүргенімді Зиба біліп қойды.

– Сен келіп, қолым ұзарып, жаным кіріп қалып еді, қайтейін. Қайтсаң, қайт. Айша әпкеме де қолғабыс керек қой. Бірақ бір нәрсені Айша әпкеме айта бар, – деді.

Не нәрсе екен деп отырмын. Ентігіп, жөтелі күшейе түсті. Құл салған тостағанға түкіріп тастап, жөтелден әрең тыйылды. Орама жағалы сұр пальтосы үйде де үстінен түспеді. Аяғын көрпемен қымтанып алған. Тағдыр қол-аяғын бұғаулап қойған тәрізді. Бірақ соның өзінде ханзададай қасқайып отыр. Танадай көздер жарқ-жарқ етеді. Танауы қусырылды.

– Мына заман алмағайып, – деді Зиба әпкем. – Соғыс бітіп, жездең тірі қайтса бір жөн. Ал соғыс бітпей, Мырзагелді қайтпай, мен сөне кетсем, мына екі баланың күні не болады? Детдомға өткізер. Өлтірмес. Бірақ детдомда нәсілінен айырылып қалады ғой. Орыс боп кетеді ғой. Айша әпкеме осыны айт. Бәлкім, өзінің үш баласына екі жетімді қосып алса, сауабына қалар. Жаман айтпай, жақсы жоқ дегенім ғой. Шамасы келсе, Айша әпкем менің көзім тіріде бір көрініп кетсін, осыны ұмытпа.

Көк әңгіні ерттеп қайтар сәтте, Зиба мені құшақтап, арқамнан көпке дейін сипалап тұрып алды. Ұңгір үйінен Көк Кемпір шығып:

– Әй, тентек, мені жек көріп кетпе! – деді. – Битөрені сұрай жүр. Көрсен айт, анаң күтіп отыр де. Тірі де! Өлмейді де! Өлдеқашан өліп қалар едім, үміт өлтірмейді екен. – Кенет Көк Кемпір: «Битөре - е - е! Битөре - е - е!» – деп жан даусы шыға айқай салды.

САИД - АКБАР ҚОЖА

Жас баланы: «Ойбай, құбыжық! Кеп қалды. Жеп қояды!» деп қорқытпаушы ма еді. Бізді мектепте, пионерде, комсомолда: «Ойбай, қожа, молда жаман! Аулақ, аулақ!» – деп тәрбиеледі.

Мыңбұлақтағы мешітті құлатып, талқандады. Сол құлаған мешіттің қуыс-қуысына көк қарға ұя салатын. Біз көк қарға ұстап, мешіттің бұзылған қабырғасын таптап өстік. Табынбадық, таптадық. Файзолла, Сәмек атты зор молда, қалпе болған екен, қуғын-сүргінге түсіп жүріп, дүниеден өтті. Тірі жүрген Дошанай шын мәніндегі молда емес, тәуіпке тән. Сәмектің баласы Оспаналыға молдалық дарыған екен, бірақ ол өкіметтен қорқып бұғып жүреді. Тіпті беріде, дінге бостандық берілгенде де, бүкіл ауыл тілесе де, Оспаналы көнбей қойды. Молдалықты мойындамады. Аңқау елді алдамайын деген шығар. Бірақ ол арамза емес, сауаты да мол еді.

Сөйтіп, біз дінсіз өстік. Дін – құқай, дін – апиын. Сәби санамызға осы сөздер сіңіп қалған ғой. Ал енді Қали атам маған:

– Саид – Акбар қожамен келістім. Сенің ауылыңа, Мыңбұлаққа барады екен. Сені ала кететін болды, – дегенде, ішімнен «қап» деп қалдым. Жол жүргенге Шоқай апай жақсы еді, танымайтын, білмейтін қожа қалай болар екен?

Нағашыларым Сәли, Қали, Бөпетай, Сатай мені орталарына алып: қалада не көрдің, не білдің деп, менің қалада болғанымды қызық көрген сияқты. Мен:

– Зибә әпкем сіздерге сәлем айтты. Ауруы асқынып барады. Огородын қазысып, отын тасып бердім, – дедім.

Нағашыларым: «Ой, азамат, ой бәрекедді!» – десіп қауқылдасып, желпініп қалды. Бірақ Қали атам қабағы түсіп:

– Мына тұрған Зибаның хал-жайын біліп тұрмаймыз. Мұнымыз әбес болды. Тым құрыса, отынын тасып беру қолымыздан келеді ғой, – деп қалды. Басқалары: «рас, рас», –

деп, бас изесіп, әлдеқалай ыңғайсызданып, жүздерін төмен салып, тұқшиысып қалды.

Сонда әрқайсысы іштерінен: «Әй, әттесі-ай, балапан басымен, тұрымтай тұсымен, әркім өз күнін күйттеп кеткен қу заман. Әйтпесе Зиба біздің Құлыхан апамыздан туған өз бауырымыз, жиеніміз емес пе?!» – деп, опық жесіп қалғандай.

Мұндай ойға салып, түрткі болған – әлгі менің сөзім. Онымен қоймай:

– Мен ауылыма қайтайын. Сіздерге рақмет. Айшаға жетуім керек. Зиба олай-былай боп кетсе, кішкентай екі баласына кім ие болады? Мүмкін, Айша келіп қараса ма? Бұл – Зиба әпкеміздің сөзі, – дедім.

Нағашыларым мені жаңа көргендей, үндемей бетіме қайта-қайта қарай береді. Тым кісімсініп, тым ділмәрсіп кетсем керек. Баланың сөзінен гөрі, кәрі қақбастың сөзіндей етіп сұңқылдатсам керек. Ақыры Сатай атам:

– Тіл-көзден аман, тірі бол, шырағым! – деді.

– Шертайға тартқан ғой, – деді Бөпетай.

– Бүкіл Бектөбені безілдеткен шешеннің бұзық баласын бағындырып, әй бір айызымызды қандырдың-ау! – деп, Сәли атам сылқ-сылқ күлді. Күлмеген тек Қали атам:

– Оған мәз бола бермеңдер. Олар кекшіл келеді. Жазым қылуы мүмкін. Сондықтан Барсхан ауылына қайтса-қайтсын. Саид – Акбар қожа Жуалыға жүрмекші еді, сонымен келісейін, – деді.

* * *

Қайтар жол мүлде басқа болды.

Аса өзенінен өткен соң Айша-Бибі ауылы да, Күйік асуы да алыста қалды да, Саид – Акбар қожа Қаратауды бөктерлей, тура күннің батысына қарай тартты.

«Неге?» – деп мен сұрамадым. Сұрағым келеді, батпадым.

Сұсты кісі екен. Жоқ, жауқабақ, түкіс емес. Аса реңді, қыр мұрынды, тұнық қара көзді, дөңгелете қойған бурылша сақалы өте кескінді, келбеті сәл тәкаппарлау, бірақ үні жұмсақ, сөзі жібектей, дөрекіліктен бір белгі жоқ, аса иманды екені көрініп тұр. Кескін-келбетін көріп-ақ көңілің тойғандай. Міне, мұндай молда, қожалар қалың халықты аузына қарата алады. Сөзіне, Құдайдың күдіретіне сендіре алады. Амал жоқ, тәнті боласың.

Ал енді, баз бір молда бар. Бетінде бір тал қылпық жоқ, майға қуырған бидайдай жып-жылтыр. Ондай беттің қай жеріне иман ұялайтыны белгісіз. Сорлатқанда сондай молда көп.

Саид – Акбардың жөні бөлек. Бұл – ғұлама. Қали атамның айтуы бұл. Бұхарда оқыған. Самарқан, Герат, Қорасан, Мәшхат шаһарларынан тәлім алып аралаған.

Бектөбедегі сіргелі Дәу Қалидың қызына үйленіп, содан перзент сүйіп, осы елде мүлде тұрақтап тұрып қалған. Қали атам – тегін емес, аруақты адам. Соның өзі: «Саид – Акбар да молла, Қарасуды кері қайтаратын зор оқымысты кісі ғой», – деді.

Міне, осындай зор адамның жанында жарбиып елге қайтып келемін. Бірақ соншалықты ғұлама, аса сыйлы, қасиетті кісі бола тұра, о да мен сияқты есек мінген. Есегі, бәлкім, менікінен гөрі бәсеңдеу. Қорбиғандау, басы дәу. Мұндай атақты адам арғымақ мінсе жарасар. Жорға мінген лайық. Әлде дәулеттің бары осы ма, әлде заманының ыңғайына қарай аласарып, көзге түспейін деп әдейі істей ме, әйтеуір, есекке мініп алыпты.

Дегенмен сол қорбиған әңгі жолға жайлы болар, әлде бұл жол оған әбден үйреншікті шығар. Өйткені Асадан өтіп, елсіз далаға шыққаннан қожекем көзін жұмып алып, ұзыннан-ұзақ сарынға салып, әлде дұға, әлде бәйіт айтып, жұп-жұмсақ қоңыр дауыспен әуендетіп, сар далада сарнап барады. Есек түзу жүріп келе ме, әлде басқа жаққа бұрылып кетті ме – онда шаруасы жоқ.

Мен өмірі мұндай әуен, мұндай зарлы әлде сағынышты сарын, тұла бойыңды шымырлатып, тас боп қатқан жүрек болса

да елжіретіп, көкірегіңе мұз қатып қалса да жібітіп, көзіне еріксіз жас келтірер керемет әуенді естіген емеспін. Ұлы дария толқыны, шетсіз, шексіз ғалам сарыны, ғарыш үні уілдейді.

Сөзін түсінбеймін. Қай тілде айтып келе жатқанын білмеймін. Мен естімеген, мен білмеген тіл. Бәлкім парсы, бәлкім арабша, әлде көне түрікше ме – оған миым жетпейді.

Бірақ сөзін біліп керегі де жоқ. Сары алтынның саумалындай сарнаған сарын айтады: бұл жалған дүние өткінші, бір күндік қу тамақ үшін алысып-жұлысып, ағайын мен ағайын ренжісіп, ұрсысып жүргендері құр далбаса...

Мысалы, Тасбеттің өз боғымен жасты баламен ерегісіп, өшігісіп, қуғындауы, ағайын әлдекімнің айтағымен туысқанның үстінен арыз жазып, абақтыға қаматып, аттыртып, шаптырып, итжеккенге айдаттырып жіберуі, бір уыс бидайға бола жазалауы – бәрі-бәрі екі құмырсқаның төбелескеніндей қыбыр-жыбыр қу тіршілік. Осының бәрі өресіздік. Біреуді біреу қанап, біреуді біреу қамап, қорлап, зорлау – санасыздық. Адам – адам болған соң, хайуанаттан артық жаратылып, ақыл-есті болған соң, бәрінен биік тұруы керек қой. Құрт-құмырсқа, бақа-шаяннан айырмашылығы айдай әлемге әйгіленіп тұрсын.

Саид – Акбар қожа, мен білсем, осылай деп келеді. Сен бүгін күшті болып, өзіңнен әлсізді қорлап, әділетсіз өмір сүргеніңмен, ертең қара жердің қойнына кірген соң, сол әлсізбен бірдей боласың, Тіпті молаңа алтыннан күмбез тұрғызған күннің өзінде де әлгі әлсізбен бірдей боласың. Алтын күмбез сені құрт-құмырсқадан сақтай алмайды. Құрт сені де, әлсізді де жейді. Екеуің де жемсің. Бұл – тәнің.

Ал жаныңның қай халде боларын, о дүниенің қай қиырында қаларыңды бір Алла өзі біледі. Бірақ жалған дүниедегі ізгілігің болса – ізгілігің, залымдығың болса – залымдығың ұмытылмайды. Алланың таразысы қылаудай қате жібермей, бәрін шотқа салып отырады.

Жалған дүниеде мыңды, миллионды, күллі халықты алдай алатын айлан болғанмен, о дүниеде Алланың таразысын алдай алмайсың. Жалған дүниеде істеген жақсылығын да, жамандығын да алдыңнан шығады. Әсіресе жетім мен жесірді қорлап, зорлағанның кінәсі батпан-батпан ауыр дейді. Жуанқұл мен Тасбет соны неге білмейді. Білер еді, иман сабағы жоқ. Сабақ айтатындарды сабады, қамады, атты, шапты.

Сол сабақты мына Саид – Акбар қожа айдалаға, қарабауыр Қаратауға, тозаң жұтқан боз жусанға, құраған сасырдың сояуына, тас мия мен ащы кекіреге айтып келе жатыр. Пыр-пыр ұшқан қараторғайларға, ұялас ұшқан жабайы көк кептерлерге, құс біткеннің жалқауы марғау құладыңға, құладыңға ұстатпай жол бойында жылтың-жылтың, қутың-қутың еткен саршұнаққа оқып келе жатыр.

А, бәлкім, осы ғарыш үндес сабақ маған арналған шығар. Саид-Акбар қожаға менің дүниеде барым-жоғым «пішту» сияқты. Бектөбеден шыққалы бері бір назар салған жоқ. Өзімен өзі. Екі көзі жұмулы.

Ол Аспанмен, Алламен сөйлесіп келе жатты. Ауылда, тар үйде, тар жерде айта алмаған арманын мына кең дүниеге, елсіз-жұртсыз оңашаға шыққан соң ағытқан сияқты.

Қаратаудың бұлым-бұлым бөктерінен анда-санда киіз үй тіккен қойшылардың қосы көрініп қалады. Олар жол бойынан едәуір алыста. Оңашада, оқшауда қойшылардың иттері де ерігетін болуы керек, сонау қараша үйден арпылдап, әуілдеп шығып, айдалада келе жатқан бізге қарай ерінбей-жалықпай жүгіреді. Тамағы тоқ, қайғысы жоқ әумесер немелер ғой. Керер едім, мен сияқты қарны ашып келе жатса...

Бектөбеден сәске түсте шығып едік, енді түс ауып, күн бесінге таяды. Әлі жүріп келеміз, әлі нәр татқан жоқпыз. Қоржынымда Қалатай апам, Шолпан апам салып берген жүгері нан, ежігей құрт, қауынқақ бар. Бірақ алып жеуге батпаймын. Әулиеге ілесіп келе жатып, бұралақтап аузыма жүгері нан тыққаным

қалай болады? Құл неме демей ме? Қали атам айтқан: «Саид - Акбар қожа сенің әкеңді біледі» деп. Сонда Саид - Акбар екі көзі жұмулы; аспанмен, Көк Тәңірмен сөйлесіп келе жатса да, менің бұралақтап нан жегенімді сезіп қойып:

Әкең жақсы кісі еді жамбас жеген,
Жақсыдан жаман туса оңбас деген, –
деп ойламай ма?

Қаратау қойнауындағы қойшылардың иттері ерігіп әуіпдегені жақсы болды: Саид – Акбар қожа көзін ашып, басын көтерді. Жол жағалай бізбен арпылдасқан иттерге, жанында келе жатқан маған таңдана қарап:

– А, балам, шаршаған жоқсың ба? – деді.

Шаршадым десем – осалдығым, шаршамадым десем – жалған, не айтарымды білмей, әлгі абалаған маң төбеттерге қамшы сілтеп әуре болғансып, үндемедім.

Сонда Саид – Акбар қожа әлгі иттерге:

– Тәйт! – деп бір қарап еді, мені менсінбеген төбеттер лезде жым болып, құйрықтарын бұттарына қысып алып, ауылына қарай қыңсылап зыта жөнелді.

Бұл не деген құдірет екеніне ақылым жетпей, аң-таң болып мен қалдым. Әлгі иттер арттарына қарай-қарай безіп барады. Көздеріне не көрінгенін ешкім білмейді. Бірдеңе деп қыңсылайды. Иттің тілін мен түсінбедім.

Саид – Акбар көзін қолымен көлегейлеп, аспанға қарап:

– Бесін намаз болды-ау деймін, – деді. Ол менің қостауымды керек қылмаса да:

– Иә, иә, болды, болды, бесін намаз болды, – дей беріпшін. Жан қиналса, осылай жалпандайсың.

Қожекемнің өзіне бұрыннан таныс, бұрыннан талай рет сая еткен жері болуы керек, жол бойындағы дәу бәйтеректің жанына тоқтап, көліктен түстік. Екі борбайым қарысып қалыпты. Бәйтеректің түбіне мөлдіреп аққан бұлақ бар екен, алдымен есектер өңмендеп, бұлақтың аяғын ала суға бас қойды.

Қожекем дәрет алып, жуынып-шайынды. Қоржыннан кестелі жайнамазын алып, көгалдау жерге жайып, құбылаға қарап, бесін намазын атқарды.

Қоржынымды алып, оның бір басынан жүгері нанды шығарып қойып мен отырмын. Намаз кезінде малжаңдап нан шайнамайын деп, тілімді тістеп шыдап-ақ бақтым.

Мұным елеусіз қалмаған тәрізді. Саид – Акбар қожа намазды тәмәмдап, тамақты көріп, маған тұңғыш рет бағамдай қарап, жылы жүзбен:

– Қарның ашты, ә, балам. Ал, жеп ал! – деді.

– Сіз... Алыңыз, – дедім үнім дірілдеп.

Қожекем өзі ыдырап, үгітіліп тұрған наннан бір шөкім сындырып алып, аузына салды. Қайтып қол созбады.

– Құдай қаласа, ақшам шамасында Қанды асудың аузында отырған Айтқұл ауылға жетеміз. Сонда түнеп, демаламыз, – деді. Бірі Күйік, бірі Қанды... Қаһарлы асулар...

Көліктеріміз едәуір тыңайып қалыпты. Тағы да күнбатысты бетке алып, жортақтатып келеміз. Қожекемнің қас-қабағына қарасам, көңілі хош сияқты. Көмейіме келіп тіреліп тұрған бір сұрақты тәуекел деп қойып кеп қалдым:

– Қожеке, Күйіктің асуымен неге жүрмедік? – дедім. Қожекем бетіме бір қарады да:

– Күйік асуын көрдің ғой. Енді Қанды асуын да көр. Көрген жақсы, білген жақсы, балам. Әсіресе Қаратаудың бұл жақ тарабы тұнып тұрған тарих. Әулие-әмбиелердің мекені. қарсы алдында, сонау күннің батар жиегінде, Баба Түкті Шашты Әзіз әулие жатыр. Соның, түстігін ала, Бәйдібек бабаң жатыр. Одан әріректе Бала Бөген мен Ұлы Бөген тоғысар жерде, Домалақ анаң жатыр. Білесің бе Домалақ ананың кім екенін?

– Айшадан естігенім бар. Жете білмеймін.

– Ә - ә, жете білмейсің, әрине. Айшадан естігеніңе де шүкір. Қазіргі балалар мылқау, мәңгүрт боп өсіп келеді. Жеті атасын білмейді. Ұлы ата-аналарың білмейді. Жеті атасын білмеген –

жетім. Түп атасын білмеген – тексіз. Ал сен, балам, тексіз емессің. Тек зердеңде жүрсін. Халық «Домалақ» деп кеткен Нұрилә, жаның жаннатта болғыр, сенің ұлы Анаң, менің ұлы Апам. Үрмәттің, яғни, арабтың қызы. Мұхаммед пайғамбардың ұрпағы. Өскеннен кейін басына барып дұға қыл, құран оқыт. Сауабын аласың. Рухы сені желеп-жебеп жүретін болады. Саған тағы бір айтарым: мені Қали атаң сияқты «Қожеке» демей-ақ қой. Жай «ата» де. Сенің Қали атаң арқалы молла, бірақ коммунист. Екіұдай: Құдайды да сүйеді, коммунистерге де қызмет қылады. Қайғы хал деп осыны айтады.

Ел орынға отыра, бір аңғардың аузында бұйығып қана жатқан шағын ауылға келдік. Жаппа тезектің түтіні аңғардың ішін аралап, иісі бұрқырап тұрған кез екен. Иттер шәуілдеп, енесінен адасқан бұзау мөңіреп, тіршіліктен белгі береді. Аңғардан лекілдеп ескен кешкі самалда әдемі әуен бар. Ықыласпен құлақ салсаң ғана естіледі. Әр жерден жылтырап әлсіз сәуле көрінеді. Жермай шырағданның сәулесі – миллион жылдық жол жүрген алыстағы жұлдыздың сәулесіндей әрі нәзік, әрі аяулы. Сол сәуле барда тіршілік бар, үміт бар. Дүниенің бір қуысында, бір Алланың уысында тығылып жатқан ауылдың да алдан, жақсылықтан үміті бар. Иә, Алла, жар бола гөр!

Айтқұл деген кісінің үйіне түстік. Қожаны алақанына салғандай аялап, қол қусырып, кеш те болса тоқты сойып, жаны қалмады.

Шәйдан кейін мен ұйықтап қалыппын. Түннің бір мезгілінде біреу сипалап оятты. Қарасам, Саид – Акбар қожа: «Түр. Тамақ пісті. Қолыңды жу», – деді.

Қазақтың қонақжайлылығы осы.

Таңертең тағы жолға шықтық. Қанды асудан ары асып түскенде, Тәңіртаудың шыңдары күнге шағылысып жарқ етті де, айбынданып, айдынданып Жуалы деген жер жаннаты құшағын ашты.

– Әй, тентек, сен қайда кетіп қалдың? – деді Жуалы.

– Осы жерде өстің сен, Мыңбұлақ суын іштің сен! Алысқа ұзап, адасып кетіп жүрме, – деді Жуалы.

Әлденеге танауым қусырылып, тынысым жиілеп, тамағыма бірдеңе тірелгендей, көзімнен бір опасыз жас бұршақтап бұрқ ете түсті.

– Ауылыңды әбден сағынған екенсің ә, қызталақ?! – деді Саид – Акбар қожа. – Отан деген осы болады.

– Айшаға сәлем айт. Баяғыда, әлі сен тумай тұрғанда, қолынан дәм татқанмын. Мұртаза рахметлік ұдайы қолқа салып, қонаққа шақырушы еді... Ол қазір жаннатта. Жамандықтан жырақ, жақсылыққа жақын еді, марқұм. Оның жаны қазір жаннатта.

– Оның жаны жаннатта. Ал біз тозақта тұрмыз. Сонда Мұртаза жаннаттан қалай рахат табады? Қожеке, иә... ата, сонда аруақ бекер болғаны ма?

Саид – Акбар қожа маған оқыс бір қарап алып:

– Балам, бәле-жаладан, тіл-көзден аман бол, – деді. – Аруақ алдамайды, бір жақсылық болады. Ашынба!

– Ашынбасқа амал жоқ қой, ата. Бастықтар жүндей түтіп жейді. Содан Айша аурушаң болды.

Қожа басы салбырап үндемей қалды. Содан Мыңбұлақтың шетіне келгенде бір-ақ тіл қатты.

– Мен Тәжібай ақсақалдың үйіне түсемін. Айша сол үйге келсін. Сәтін салса, ем қонар, – деді.

Тәжібай деген кесе тақуа, Құдай деген иманды, текті кісі еді. Саид - Акбар қожа ылғи да сол үйге түседі.

Сөйтіп, Саид – Акбар қожамен бірге болған екі күндік жол-сапар аяқталды.

– Ата, рақмет сізге, – дедім.

– Алла есендікте жолықтырсын. Аруақ, Құдай жар болсын, балам!

Тағдыр жазса, алда тар жолда Саид – Акбар қожамен әлі талай кездесеміз. Ол әңгіме кейінірек айтылады.

ТЕНТЕК КӨШЕ

Құдайдан патшаны адалынан, әділінен, ақылдысынан бер деп тілейміз. Баяғы һарон әл-Рашидтей патша қайда?! Наушарбандай патшалар енді қайтып туа ма, тумай ма, кім біледі? Патша тұра жүрсе, халық та тұзу.

Басшы ақылсыз болса – елге азап. Бастық, әрі ақымақ, әрі араққұмар болса – нағыз тозақ. «Мына бастық оңбаған, орнынан алынсын!» – деп жақ ашып, айбат қылар біреу жоқ. Соғыс заманы.

Біздің Мыңбұлақтың бастығын түлен түртіп, елдің ішін бүйі тигендей бүлдірді. Бірің қалмай, жаппай жаңа қонысқа көшесіңдер, – деді. «Біз әлі жабайымыз, мәдениетіміз төмен қараңдаршы ана Евгеньевкаға, мына Андреевкаға! Көшелері түп-түзу. Біз де көше салып, соған көшеміз. Бұған көнбегендеріңді колхоздан аластап, итжеккенге жер аудартамын!» – деді.

Былай қарасаң, мұныкі әбден дұрыс. Рас, көше салу керек. Қазіргі үйлердің бәрі тозған. Балшық, қыштан салынған үйлердің көбінің күнбатыс жағын Шақпақтың бораны мен дауылы мүжіп жеп қойған. Сол қабырғалар құлайын деп тұр.

Сондықтан бастықтың айтқаны өте дұрыс. Әр сайдың басына шошайып-шашырап жатқан ауыл бір көшеге жиналса, құба-құп.

Бірақ дәл қазір емес қой. Дәл қазір тұяқтары сіңіріне ілініп, «шықпа жаным, шықпа» деп отырған ел қайдан үй салады? Соғыс бітсін, ер-азаматтар оралсын. Өне сонда, сәл-пәл әлденіп алғанда, хан сарайын салып аламын десең де жарасады.

Жаңа көшенің бас жағынан үш-төрт үй де пайда болып қалды. Шамасы келгендер салған үй.

Бізге жер әлгі көшенің аяғынан тиді. Мейлі ғой. Бірақ Айша оңайлықпен шыдасын ба мұндай қорлыққа?! Қорлық емей немене: біріншіден, бізге кесіп берген жері қып-қызыл тастақ.

Екіншіден, көшенің бас жағындағылардан су артылмайды. Сусыз қурап отырғанымыз. Үшіншіден, бізге жаңадан үй салып алатын қайрат қайда?!

Осыны айтып, Айша едәуір арпалысып көріп еді, бастықтардың жүрегі жібімеді. Көшесің, көшпесең, күшпен лақтырып тастаймыз деді. «Ескі үйлерді қиратып, орнына егін саламыз. Топырағы құнарлы. Айналаңа егін салып тастағанда, соның ортасында жалғыз үй отырмақшысың ба? Далбасалама!» – деп Жуанқұл жуандығын жасады.

Сөйтіп, ата-бабамыздан қалған ақ сарайдай үйімізден қуып шығарып, жүгімізді әлгі жаңа көшенің аяғына апарып, түсіріп тастады.

Амал жоқ, көртышқаншылап жертөле қаздық. Әскерге кеткен Нәметқұлдың қырғыздан алған Седеп дейтін қатыны бар. Сол көмектесті. Екі үй бірігіп, бір үйге тұратын болдық. Жеке-жеке қазуға шама жоқ.

Бір біз емес, елдің көбі жертөле қазып, соған кіріп алды. Сөйтіп, тұтас бір ауыл көртышқан халіне түстік те қалдық. Жерді үңгіп, астына түсіп кетті. Содан мұны жұрт «Тентек көше» деп атады.

Мен Әулиеата сапарынан қайтып келсем, колхоз қызылын жинап болып, бәрін элеваторға өткізіп, енді қызылша қазуға кірісіп жатыр екен. Оқу басталып кетсе де, оқушыларды қызылша жинауға қуалапты. Бесінші кластың партасына отырмай жатып, тәтті түбір науқанына мен де араласып кеттім.

Тасбет мені бұл жолы итжеккенге айдаттырған жоқ. Жамбыл жаққа қашып кетіп, жарты ай жүріп қайтқанымды итжеккенге баласа керек. А, бәлкім, мен Саид – Акбар қожамен ілесіп келгенімді есітіп, сол пірден қорыққан шығар.

Олай дейтінім, Саид – Акбар қожа осыдан бір жыл бұрын Тәжібай бір аңдарының үйінен бір қап бидай алып, еліне қайтып бара жатқанда, Теріске жетер-жетпесте алдынан Тасбет

шыға келіп, әлгі бидайды тартып алып қалған екен. Сонда Саид – Акбар:

– А, шырағым, адал бидайымды алсаң ал. Бірақ соны менің үйіме әлі өзің әкеліп беріп жүрме, – деген ғой.

Айтса айтқандай, Тасбет мұрттай ұшып құлайды. Тілі байланып қалады.

Не керек, қожекем айтқандай, бір қаптың орнына екі қап бидай апарып беріп, жаны әрең қалғандай ғой. Сол Саид – Акбар қожамен бірге Барсхан ілесіп келгенін бүкіл ауыл көріп отыр ғой. Әй, осы бәлеге тиіспей-ақ қояйын деген болар. Тасбет маған неге кеттің, неге келдің деген жоқ. Бірақ оның есесіне көкіректен кетпес тағы бір қорлыққа салды. Бұл Тасбет емес, тасжүректің несін алғанымызды білмедім. Қыр соңымыздан қалмады. Әлде кезінде Мұртазадан бір қиянат көрген жайы бар ма? Айшадан сұрасам, әкең адам баласына қиянат қылған емес дейді.

Тастақ жерді өгіз жеккен соқамен әрең жыртып, тасын теріп еккен жасымық пен зығыр су ішпей құрап кетті. Таласбай бұлақтың суы Тентек көшенің аяғына жетпей-ақ қойды. Күн суи бастады. Қыркүйектің түні салқын тартты. Үңгірде жата берсек, үсіп өлетін түріміз бар. Әлі де болса күз ғой. Қыс келгенде не боламыз? Сонда Айша айтты:

– Қараң қалғыр, қараң қалсын бүйткен өмірі! Бердімбет байдың ұрпағы үңгірде қатып қалыпты дегізбей, не де болса Мұртазадан қалған үйге барып өлейік, – деді.

Сөйтті де арбакеш Қуанышбайды көндіріп, өгіз жеккен сатылы арбасын ешкім көрмесін деп түнде алып, оны-мұны жүгімізді артып, өрдегі өз үйімізге қарай көштік те кеттік. Құдай Тасбеттің бар өнерін жамандыққа арнап берген шығар. Әйтпесе, ел орнына отырған қараңғы түнде ербиіп алдымыздан Тасбет шыға келе ме?! О да бір мезгіл үй иесі болып, тыныштық тауып, отбасында, бала-шағасының қасында отырса қайтеді?!

Жоқ, жол торыған қарақшыдай болып, астындағы атын ойқастатып, Бердімбет сайдың қабағынан шыға келді. Келді де:

- Әтәңә нәләт, көнтрә! Тәртіп бұзып, елге іріткі сәліп, көшкенің не?! - деп, аттың үстінен өгіздердің мойынтұрығындағы темір самияндарды суырып-суырып алды. Самиян алынған соң, әккі болған өгіздер шаңырақтай мүйіздерін шайқап-шайқап қалып еді, ағаш мойынтұрық сақыр-сұқыр етіп жерге түсті. Мойны босаған өгіздерді Тасбет қамшысымен ұрып-ұрып, алдына салып айдады да кетті.

Сөйтiп, арба Бердімбет сайдың аяғында, орта жолда қалды. Түн іші, енді кімге барып жалынамыз? Тәпе-гәннен мұндай сұмдықты күтпеген Айша, ә дегенде сөз айта алмай қалған Айша, есін жиып алған соң, арынының аузы ағытылып, айқайға бір басты дейсің:

- Тасбе - е - е - ет! Көріңде өкір, Тасбе - е - ет! Көріңде өкір! Аш ішегің аяғыңа оралсын, кәпір, тоқ ішегің тобығыңа оралсын, кәпір! Сендей имансыз кәпірді қара жер қалай көтереді? Қақ айырылып астына неге тартып кетпейді сендей қара қабанды? А? Бесіктен әлі белі шықпаған жас балаларымның жанына жара салдың. Сенің де балаларың осылардай шулап қалсын!

Атаңа лағнет, Тасбе - е - ет! Аруақ, Құдай бар болса, осы көрсеткен қорлығын алдыңнан шықсын. Бұл сасық дүниеде болмаса, о дүниеде!

Айша аспанға қарап қолын созып, алақандарын жайды. Саусақтары салалы еді, Ай сәулесімен садақтың жебесіндей болып, одан бетер ұзарып кетті. Ұзара-ұзара Айдың өзін барып түртетіндей. Жер бетіндегі мынадай қорлық пен зорлыққа, қаныпезер қатыгездікке, әділетсіздікке биіктен көзін жұма қарайтын Айды, Ай арқылы Құдіретті түртіп оятпақшы болғандай.

- Уа, Көк Тәңірі! Жастайымнан жесір қалып, біреудің, ала жібін аттамаған, ешкімге қылдай қиянатым жоқ, бейнеттен басқа рахатым жоқ мына менің жазығым не? Не жаздым? Не

жазып едім саған, Құдай? Мені жазғырсаң жазғыр, мына үш жетімнің не жазығы бар еді?

Кенет арбаның үстінен үрпиісіп отырған үшеуімізге бұрылып Айша:

– Барсхан, Барсхан, Құрманқұл! Тұр, түрегел! Қолдарыңды жайыңдар! – деді.

– Уа, Көк Тәңірі! Ая біздей бейбақтарды!

– Қайталап айтыңдар – деп бұйырды бізге.

– Уа, Көк Тәңірі! Ая біздей бейбақты! – деп шырылдағанымызда, Тәңіртау теңселіп кеткендей болды. Содан соң Айша айтты:

– Ал бүйтіп далада қалған жарамас, – деді. – Барсхан, сен түс. Мына мойынтұрықтың бір жағына мен, бір жағына сен жегілесің Батырхан, Құрман! Сендер арбаны артынан итеріңдер!

Айшаның айтқанын істеп, өгіз орнына өгіз болып, ап-ауыр мойынтұрыққа басымды сұғайын. Айша – он жағында, мен – сол жағында.

– Түстіңдер ме, ей? – деді Айша Батырхан мен Құрмашқа.

– Иә, иә, – Тоңған, жаураған дауыстары дірілдеп шығады.

– Ал онда итеріңдер!

Айша екеуіміз алға тарттық. Ана екеуі арттан итерді. Бірақ арба орнынан былқ еткен жоқ. Алдымыз тым өр еді. Үстіндегі жүгі жеңіл болса да, арбаның сүйегі ауыр. Мойынтұрығының өзі мойнымды үзіп, желкемді қиып барады.

– Таста! – деді Айша.

Мойынтұрықтан басымызды шығарып, ауыр ағашты жерге тастай салдық. Оқтығымен қоса сақыр-сұқыр құлады.

Айша көрпе-жастықтар буылған теңді шешіп, Құрмаш пен Батырханға:

– Ал, жатыңдар, – деді.

Сөйтіп, сол қыркүйектің сап-салқын түнінде далада қонып қалдық. Көпке дейін ұйқы қашты. Арбаның үстінде аспанға қарап жатып не көресің? Айды көресің, баданадай-баданадай

жұлдызды көресің. Бектөбедегі Қалатай апамның қуырған жүгерісіндей шашылып жатқан жұлдыздарды санамақ болып бақырайып жатырмын. Бірінен соң бірі екі жұлдыз аспанды отпен сызып, ағып түсті. «Мұртаза мен Әміреқұл, – дедім мен ішімнен. – Біздің мына түрімізді көріп, шыдамастан жандары шырқырап жерге құлады. Бізге көмектеседі». Бірақ көмекке ешкім келген жоқ. Күдер үзіп, көзім енді іліне бергенде, Айша:

– А, Барсхан, – деді. – Не?

– Бұл елден кетпесек болмайды екен. Ұйқым шайдай ашылды...

АРТЫНА БҰРЫЛЫП МӨҢІРЕГЕН СИЫР

– Бұл елден кетпесек болмайды екен, – деді Айша. Жат бауыр, бөтен ел сияқты етіп айтты. Айша торыққанмен, менің санам көнбейді. Жат жерде жарты ай жүргенімде, осы елді, осы ауылды, Мыңбұлақты, Тәңіртауды қалай сағынғанымды айтып жеткізе алмаймын. Сөзбен айтып, Айшаға түсіндіре де алмаймын. Жарты айға сондай болғанда, мүлде көшіп кету деген не сұмдық Онда мен сарғайып өлетін шығармын.

– Кетпей-ақ қойсақ қайтеді, заман түзелер.

– Зорақы заман түзелмейді! – деді Айша зілді үнмен. – Оның үстіне Зибаның тілегін өзің айтып келдің. Туған бауырым қан түкіріп жатқанда, қасында болмасам, бізге емшегімен сүт берген анамыз Құлыханның аруағы атпай ма? Менен басқа кімі бар Зибаның? Ауагүл әпкем қанша бауыр дегенмен, емшектес емес. Рахман болса, тайқы маңдайымызға сыймай кетті. Жоқ, Барсхан, көшеміз, – деді. – Алдағы қыстан аман қалмаймыз. Не отын жоқ, не шөп жоқ, не азық жоқ. Жуанқұл мен Тасбеттен болса да қайыр жоқ. Олар бізге өлім тілеген құзғын қарғалар.

– Мен өсіп қалдым ғой, енді бой бермеспіз.

Бұларды біз жеңе алмаймыз. Қыстың күні жаман ашығамыз. Амал жоқ, ұрлық істейсің. Сені ұры қылып өсіргенімше, өлгенім жақсы. Соттатып жібереді. Бұл жерде жартымды оқу да жоқ. Қалаға барып оқисың, көшеміз! – деп кесті Айша.

Айтқанының жөні, қисыны бар. Қарсы келе алмадым.

Ертеңіне арбадағы жүгімізді үйімізге біртіндеп жаяу тасып болған соң, Айша Борандыға кетті. Әулиеатаға пойызбен бармақшы.

Үйге бас ие боп мен қалдым. Тасбет келіп:

– Шешең қайда? Қызылшаға неге бармайды? – деді.

– Шешем сенің қорлығыңнан ауырып, емделуге кетті.

– Қайда?

– Әулиеатаға. Саид – Акбар қожаға, – дедім әдейі.

Саид – Акбар қожадан қорқып қалған. Үндеместен атының басын бұрып алып, кете барды.

«Шақыртып жатыр» деген соң, мектепке бардым. Сөйтсем, оқу басталған екен. Жұмыс, жұмыс деп жүріп, оқуды да ұмыттырып жіберген екен. Ауданнан уәкіл келіп, балаларды қызылшадан босаттырыпты. Сабақ уақытында басталмасын, мектеп жабылып қалсын деген заң жоқ. Заңды қолдан жасап, қалталарынан суырып алып жүрген колхоздың бастықтары. Бұл үшін олар заң алдында жауап беруге тиіс. Бірақ олар бар кінәні соғысқа аудара салады. «Бәрі де майдан үшін!» деген ұран бар. Ол ұран тұрғанда, басқа заңдар артын қысады.

Бесінші класқа кіріп, ең соңғы партаға барып отырдым. Не кітап, не дәптер жоқ. Оқуға деген құмарлық, құштарлық сөніп қалған тәрізді. Әйтеуір, кластан класқа көшіреді, бірақ білім жоқ. Білім беретін мұғалімнің сиқы – былтыр жетінші бітірген Әбжанның Сейдін деген қызы есептен сабақ береді. Өзі білімнен ақсақ мұғалімнің шәкірті – тоқсақ.

Қоңырау соғылып, демалыс болғанда, шұбар мұғалім апайдың тәмпіш мұрын тәліпші қызы жаныма келіп: «Қайда жүрсің, көрінбейсің?» – деді.

– Енді мүлдем көрінбейтін шығармын, – дедім.

– Неге?

– Әулиеатаға көшетін шығармыз. Бірақ сен ешкімге айтып қойма, – дедім. Қыз тәлпіштігін тыйып, ойланып қалды:

– Папам әскерден келсе, Әулиеатаға біз де көшер едік, – деді мұңайып.

Бұл да мұңая алады екен. Шіңкілдектеу, тым белсеңді еді. Сөйткен бұ да уайымдайды екен.

Әулиеата жақ туған елі ғой.

– Хат жазып тұрсаң жақсы болар еді, – деді қыз үні тым жуасып.

– Жазамын ғой, – дей салдым.

Сөйтіп айтуын айтсам да, «мен кеткен соң Жолдасбек сұм сумаңдап, қырындайды-ау» деп ойлауым мұң екен, өзегімді бір жалын осып өткендей болды.

– Тезірек көпсеңдерші, – дедім қызға.

– Папам келмей, көше алмаймыз ғой, – деп сыбырлады ол.

– Папаң келсе, арттарыңнан іздеп барады ғой.

– А - а - а...

Қоңырау соғылып, сабақ басталып кетті. Көк көз татар жеңешеміз Ғалияның сабағы еді. Бірақ жеңеше демейміз. Апай дейміз.

– Ал, балалар, іштеріңде Махамбет ақынды білетіндерің бар ма? – деп сұрады Ғалия жеңеше-апай.

Кластың іші тым-тырыс. Жолдасбек күңкілдеп:

– Ол қай ақын тағы да? – деді.

– Махамбетті білмеген – мақау, – дедім алдымдағы партада отырған Жолдасбектің желкесінен түртіп.

– Ал, білгіш болсаң, айта қойшы, – деді.

– Иә, Барсхан, айта қойшы, – деп апай да қостай кетті. Айша «Октябрь балалары» деген газет алдырып, маған ылғи оқытатын. Кейін сол газет келмей кетті. Сонда «Исатай – Махамбет» деген

ұзақ өлең басылған. Әрі десе, Машанның кітабынан Махамбеттің өлеңдерін жаттап алғаным бар. Апайға осыны айттым. Апай:

– Онда бір өлеңін жатқа айта қойшы, – деді.

Ау, қызғыш құс, қызғыш құс,

Көл қорыған сен едің.

Сен де айырылдың көліңнен.

Ел қорыған мен едім,

Мен де айырылдым елімнен.

Сені көлден айырған

Лашын құстың тепкіні.

Мені елден айырған...

Ар жағын білсем де айтпай тұрып алдым. Ғалия апай шыдамсызданып:

– Ал, ал. Біліп тұрсың ғой, неге айтпайсың? – деді.

Мен: «Тасбет иттің екпіні» дей жаздап барып, әрең дегенде: «Хан Жәңгірдің екпіні» дедім-ау.

Балалар ауыздарын ашты да қалды. Онымен қоймай Хан Жәңгірдің кім екенін айтып бердім.

Хан емессің, қасқырсың,

Қара албасты басқырсың... –

деп шұбырттым.

– Мынау бір пәле шығар. Мұның бәрін саған айтып беретін жының бар ма? – деді Жолдасбек күліп.

– Міне, бұл әдебиетке деген махаббат, – деді Ғалия апай.

– Махаббат деген немене, апай? – деп қыңырайды Жолдасбек. Ол енді Ғалияның ең жақын қайнысы. Еркінсіп тұрғаны содан. Жолдасбек – Жәрімбет бидің немересі, Ғалияның күйеуі Әнуарбек – Нұрымбет байдың немересі. Яғни, Жәрімбет пен Нұрымбет ағайынды.

– Махаббат деген – құлай сүю, – деді Ғалия салмақпен. – Махаббат – Отанды сүю, ата-ананы, туған-туысқанды сүю, жақсы көрген адамын сүю...

– Қыз Жібек пен Төлеген десеңізші, – деді Жолдасбек мүләйімсіп. – Ондайлар біздің класта да бар, – деп, көзінің астымен Әсемге бір, маған бір қарап қойды.

Ғалия мұғалім қатқылдау үнмен:

– Жә, жарайды, сабақты жалғастырамыз, – деді.

Сабақ біткен соң мектептен шығып сайға түсіп, Жалбызбұлақтың жанына барып отырдым.

«Біз көшіп кетсек, сенен енді кім келіп су алады?» – деймін. Қайнардың түбі бүлкілдеп, ұлпа құмды қайнатып жатыр. Сүмбіле келіп, су суыса да, шекшек шырылдайды. Ақырғы көбелек қалбаңдап ұшып, әлі сола қоймаған шашыратқының көкшіл гүліне қалтырап қонады. Көбелек жаздағыдай жайраңдамайды. Құйқылжып, ойнақ салып, ойнақтап, өрнек салып ұшпайды.

Неден, қалай пайда болатыны белгісіз, ақ жібетін шұбалтып, мизам ұшып барады. Құстар қайтып кетті.

– Біз де ұшамыз, – дедім мен.

Аспанда түйдек-түйдек бұлттар қалқып барады. Соңғы ақшылын тәмпіш мұрын тәлпіш қызға ұқсаттым:

Тәмпіш мұрын тәлпіш қыз... Енді оны ойлағанда, Айша баяғыда бір айтқан өлең есіме түседі. Жаугершілік кез көрінеді. Сонда үдере көшкен елдің көрінісі:

Барады аулым көшіп таудан асып,

Таудан асқан бұлтпен араласып.

Бірге өскен кішкентайдан, беу, қарағым,

Жүрерсің әлдекімге бауыр басып...

Тәмпіш мұрын тәлпіш қыз... Мен Әулиеатаға кеткен соң «үйшік-үйшікті» кіммен бірге ойнар екен? Кімге бауыр басар екен? Бәлкім, енді «үйшік-үйшік» ойналмайтын шығар. Біздің класстағылар, осыдан екі-үш жыл бұрынғыдай емес, өсіңкіреп қалды. Балалық дәуірден өтіңкіреп, ертерек есейді. Әрі десе, бұрынғыдай Мұса бауы жоқ. Өткен қыста отынға қырқылып кетті. Енді баяғыдай құстар ұя салып шуылдамайды.

Туырлықтай түйежапырақтар өспейді. «Үйшік-үйшіктің» бас иесі Тұрымтай дейтін қыз да жоқ. Ерте жетілген шыбыштай боп, бір шалға жем боп кетті.

Тағы бір үлбірек үмітім бар: Айша Әулиеатадан қайтып келіп "Көшпейтін болдық» десе...

Әй, бірақ бос қиял. Өйткені кенеттен келетін ғажайып жоқ. Тек ащы шындық бар. Ол шындық айтады: биылғы қыстан сау шығуың неғайбыл дейді, қыстан шыққаныңмен көктемнің көкөзегі деген бар. Аш адамдар көбінесе көктемде қырылады дейді. Қырылып қалмас үшін, уақытша жан сауғалап, алыстағы жекжат-жұрағатпен жалғасу керек. Ауылдағы ағайын, әйтеуір, аман болсын, бар болсын, бірақ бізді қорғай алмайтынына көз жетті. Қорғар еді, егер Нәметқұл мен Махан болса, Орха мен Ноха болса, Сейсенбай болса. Олар жоқ қой. Сәл-пәл айбат қылар Дүйсенбайдың өзі бас сауғалап, темір жолдың жұмысына кіріп кетті.

Жалбызбұлақ. Мыңбұлақтың бір бұлағы. Мен кеткен соң қаларсың сен жалғызсырап. Анда-санда кетпенмен көзіңді ашып, тұнба балшығыңды аршып тұратын кім бар енді...»

* * *

Үш-төрт күннен кейін, Әулиеатадан Айша қас қарая келді. Қасында Сәли атам бар. Екі доңғалақты есек арба. Енді көшетімізге шын көзім жетті. Кештетіп келгендері, сірә, Айшаның амалы. Ел көзіне түспей-ақ қояйық дегені. Намыс қой. Айша есек арбамен көшіп кетіпті деген намыс қой. Дос күліп, дұшпан табалайды.

Есі бар ел болса, күлмеу де керек, табаламау да керек. Есі бар басшы болса, колхоздан бір адам емес, тұтас бір үй көшіп бара жатқанда, етінен ет кесіп алғандай болмай ма? Кетпе, көмектесеміз, асыраймыз, өлтірмейміз демей ме?

Ондай басшы табылмайды. Қайта «кеткеніңнен келме, жатқаныңнан тұрма» деп артымыздан топырақ шашты.

Таң қылаң бере жолға шықтық. Айша түнімен оны-мұны, кәкір-шүкірді түйіншектеп, арбаға артуға ыңғайлап қойды. Оған мен көмектестім. Қаңырап бос қалып бара жатқан үйге арнап Сәли атам дұға оқыды. Айша үйдің ортасындағы тіреу ағашты құшақтап жылады.

Қайран да менің Отаным,
Қайтып келер күн бар ма? –
деп аңырады.

Көрші-қолаңнан жалғыз Баян келіп, Айшаға:

– Қой, өйтіп жылама. Құдай қайта қауышуға, қуанышқа жазсын, – деді. Айша оған:

– Мына иесіз қалып бара жатқан үйге баскөз болып жүрерсің, – деді. – Біз жоқта аруақтар келсе, адасып қалып, күйзелетін болды-ау... – деп өксіді.

Сүйегі ауыр заттар сол Баянның үйінде қалды.

– Рәсім жасап, бір бозқасқа сойып, ел-жұрттың батасын алып көпше болар еді, оған шама жоқ, – деді Айша. – Ұрлық қылған адамдай жасырынып барамыз. Иә, ата-бабаларымыздың аруағы, Мұртазаның аруағы, назалана көрме, – деп жалбарынды Айша. – Кешіре гөр!

Айша аруақтардан неге кешірім сұрауға тиіс? Маған осы жері түсініксіз. Айшаның не жазығы бар? Жазығы – жастайынан жесір қалып, үш жетімді жетілдірсем деп жанталасқаны ма? Мұртазаның, Бердімбеттің, Үкібастың, Тоқсанбайдың осы бір бұтағының ұрығы үзіліп қалмасын деп, жалаңаяқ жер кешіп, қызылаяқ қар кешкені ме?

Қайта кешірім сұрайтындай қабілеті болса, аруақтар кешірім сұрасын Айшадан. Рақмет айтсын, желеп-жебеп жүрсін.

Бай болған деседі. Байлығына – байпағым. Сол мыңғырған байлықтан бізге мұраға тышқақ лақ та қалған жоқ. Тісімізге бір

түйір қызылы тиген жоқ. Қайта сол атам заманғы байлық, бізге ішпей-жемей бәле болып жабысты. Мына туған үйді, туған елді тастап, безіп бара жатқанымыз да сол қызығын біз көрмеген байлықтың кесірі.

Батырхан мен Құрмаш арбаның үстінде. Сәли атам мен Айша арбаның алдында. Есектің ноқта жібі Сәли атамның қолында. Арт жақта қара сиырды жетектеп мен келе жатырмын. Жар дегенде жалғыз тұяқ. Бұзауын бір қап бидайға айырбастап жібергенбіз. Дәсері қаптай сол бидай қазір арбаның үстінде.

Кейде ескі сүрлеумен, кейде жолсызбен тартып келеміз. Балағымызға кәріқыз тікен жармасады. «Кетпе, қайда барасың?» деп бір адам айтқан жоқ. Алабота мен қарасора, қызыл жантақ пен торы тобылғы айтты. Тілсіз тіл. Аяққа сары шырмауық оралады.

Сәли атамның кебіс-мәсісі бар. Тірсегіне тікен кірмегені сондықтан. Бірақ тобығына шырмауық оралғанда, жығылып қала жаздайды, жарықтық. Сондықтан оған Айша:

– Нағашы-ау, арбаға отырсаңшы. Балалар жаяу-ақ жүреді ғой, – дейді.

Сәли атам күлімсіреп:

– Сонда мен баладан нашар болғаным ба? – дейді.

Былтыр Қали атам екеуі ақалтеке мініп келгенде, құдіреті күшті сұлтандай еді. Биыл бізді көшіріп әкету үшін есек арбамен келгеніне көңілім қаяуланып қалды. Тәңіртаудай тұлға тұтып, медет етіп жүрген нағашым аласарып қалған сияқты болды.

Шынында да, қартайып қалған секілді. Әй, бірақ адам екен. Өртеніп жатқан біздің үйге қанатымен су сепкен қарлығаштай болып, Қаратау асып, Әулиеатадан жаяу келуі ер емей немене? Пейіш, жұмақ дегеннің бар екені рас болса, Сәли атамның жаны қазір жаннатта жайнаса керек. Лайым солай болғай!

Ал сол 1944 жылдың тары піскен қыркүйегінде, ер-азамат зорға шыдайтын азапты жолда, қос доңғалақты арбаны есекпен

бірге сүйретіп, қабағын бір шытқан жоқ. Қалың бұрыл қасы жапқан көзі күлімсірейді де тұрады.

Темір жолға дейін жолсызбен жүрдік. Қураған шырыштың сояуын, сиырқұйрықтың сабағын арба басып өткенде, қайбірі қайтадан бой түзеп, бізбен қоштасқандай тербеліп тұрады.

Айша мен Сәли атамның әңгімесі таусылмайды. Әңгімемен жол қысқаратын шығар. Әңгіме Есей байдан басталады. Есей бай Айшаның әкесі, Сәлидің жездесі. Жігіт кезінде Сәли сол жездесінің жүйрік атын мініп қашқан көрінеді. Есей бай артынан кісі жіберіп, жүйрігін екі құлынды биеге қайтадан айырбастап алғанын айтады. Айдалада екеуі әлдеқашан өтіп кеткен заманның әңгімесін айтып күледі. Құдай күлгеннен айырмасын.

Бірақ менің көңілім сергімеді. Біз алыстаған сайын артыма бұрылып қарасам, ақбас шыңдар биіктей түсіп, жүрегімді шымырлатады.

Осы шыңдарсыз өткен өмір маған өмір емес сияқты көрінеді. Таусыз елдің адамдарының көңіліне келмесін, мен көзімді жыртитып ашқаннан бері көргенім осы таулар болса қайтейін. Көзіме оттай ыстық көрінеді. Осы асқақ шыңдар болмаса, үстіме аспан құлап кететін сияқтанады да тұрады.

Анада Әулиеатаға кетіп қалып екі апта жүргенімде, осы таулар көзден таса болғанда, сағыныштан әрең шыдап едім. Ендігі күнім не болады? Екі аптаға емес, белгісіз мерзімге кетіп барамыз. Мен құсалықтан өлетін шығармын.

Айналайын Тәңіртау! Ая мені. Кетіп қалды деп қарғама. Дүние осылай боз боран бола бермес. Түзелер. Жуанқұл мен Тасбеттер мәңгілік емес қой. Олар да тұғырынан таяр. Ақ жарылқап заман туып, азап қарыған арқамыз жылынар да жадырар.

Осы оймен келе жатқанымда ап-ашық аспанды бұлт торлапты. Тәңіртау көрінбей қалды. Әуелі Шақпақ жақтан желдетіп барып, артынан себелеп жаңбыр жауды. Шаң тұтқан

жусан мен дермен шөптің кермектеу иісі бұрқ ете қалды. Бізді аяп адамдар, ағайындар төкпеген жасты аспан төкті. Аспан бәрін сезеді. Аспан бәрін көреді. Аспанның мейірімі түскен адам қор болмайды.

Мен мұнда қайтып оралғанша Қамқа тірі болар ма екен? Қоштаса да алмадым. Бата сұрау керек еді. Дошанай атам, Әбіш атам...

«Мұртазадай бозымнан қалған Барсхан» деп солар басымнан сипаушы еді... Бастан сипай салғанда тұрған не бар? О, оны сендер білмейсіңдер. Жетім болып көрмеген білмейді. Жетімнің басынан сипаған алақан жер астында жатса да шірімейді. Адамзат әр алуан. Біреулер сипаса, біреулер сол басты жарғысы келіп тұрады. Дүние содан ала-құла.

Терістің бойы «ен тоғай». Саздау жағалауда сыңсыған Сәмбі тал. Бұйра тал. Әлі жап-жасыл. Мыңбұлаққа қарағанда Теріс өзенін жағалап отырған елде береке бар шығар. Өйткені біз сияқты орман-тоғайын отай бермепті. Атың Теріс болса да, бетің түзу болып, бізге ақ жол тілей гөр, қасиетті қасқа су! Шақпақ таудан бастау алып сен шығысқа тарттың, Арыс батысқа тартты. Күннің шығысына қарап тіке тартқан басқа бірде-бір өзен жоқ. Сондықтан сенде сыр да көп, мұң да көп, жыр да көп. Сонымен де қасиеттісің, қайран Теріс.

Сәмбіталдың ара-арасымен жүріп жол тауып, судың жағасына да шықтық-ау. Терісті бойлап, жайдақ жерін іздедік. Ендігі кең, суы жайылыңқы тұсына тоқтап, әуелі «тексеріп» көрмекші болдық. Мен түсейін деп едім, Айша жібермеді.

– Аяғың қысқа, шұңқыры болса батып кетесің, – деп, шөлкейін шешіп, сұр шинелінің етегін түріп өзі түсті.

Құдайға шүкір, Терістің суы жуас екен. Айша арғы бетке өткенде, кебіс-мәсісін шешіп, арбаға жегілген қара есекті жетектеп Сәли атам өтті.

Балағымды түрініп, қара сиырды жетектеп, ең соңынан мен түстім. Су салқын екен, екпіні кәдімгідей, мені едәуір

тәлтіректетті. Өзеннің ортасынан өтіп, арғы жағаға жақындай бергенде, жетегімде келе жатқан қара сиыр мүйізін шалт шайқап, мойнын оқыс бұрып қалғанда, қолымнан бұйда жіп шығып кете жаздады. Қара сиыр артына бұрылып, алыста-алыста бұлдырап қалған Мыңбұлаққа қарап тұрып, үш қайтара мөңіреп-мөңіреп жіберді.

Содан кейін... мойнын қайта бұрып, жасаураған үп-үлкен, мөп-мөддір көздерін маған қадап, танауларын едірейтіп, «пыс - с - с» етті. Сөйтіп, мен бұйдасынан тартпай-ақ, өз еркімен жайлап басып жағаға шықты.

Біз пенделер «сасық» деп қорлайтын сиыр атты хайуанның өзі отын оттап, суын ішіп жайылған жерін қимай, артына бұрылып тұрып, үш қайтара меңірегінде, адам деген аты бар біз пақырға не шара? Терістің арғы бетінен ауылға қарап аңырап алдық. Өкпе – бауырымды біреу бұрап-бұрап, сығып-сығып, суын шығарғандай көзімнен жас ыршып-ыршып кетті.

Сонда Зеңгібабада едәуір сезім болған-ау. Зеңгібабада қасиет бар. Бәсе, Үндістанда зор шаһарлардың кешесінде сиыр жатса, оны орнынан тұрғызбай, кім де болса тағзым етіп, айналып өтеді-ау.

Өз мекені, өз Отанын мал екеш мал қимай бара жатқанда, адам жыламай қайтсін. Небір боздақтар Отанына аман-сау орала алмай, армандар ағысы мұхитқа айналған заман.

Бәлкім, сол Орха мен Нохалар сияқты мен де осы Отанды сағынып, зарығармын.

Ал оз Отанын сағынбайтындарға таңғаламын. Туған елін, өскен жерін іздемей, сағынбай, қарны тойған жерде жүре беретіндер... О, солар қиын.

Ащының алқабына шықтық. Алқап бірте-бірте қусырылып, бізді Күйік асуының тас аузына қарай тартып бара жатты.

Күйіктен асқан соң басқа бір өмір басталмақ.

Алда бізді не күтіп тұр?

Менің ғұмырыма жаңа кезең келмекші.

Он екіден асып, он үш жас көп сынаққа түседі дейді.

Аман-есен өтерім, әлде құлап қаларым әзір маған беймәлім.
Алдымызда - Әулиеата.

Шақпақтың желі қатая түсіп, қара қарғалар қалбаң-қалбаң ұшты.

Қарғаларда қайғы жоқ. Қайғысыз-мұңсыз адам көп жасайтын көрінеді. Ал қарғалар үш жүз жыл жасайды деседі. Әрине, жасайды. Терістің жағасы толған тоғай. Ағаштың басы толған ұя. Қарғалар салған ұя. Үй мәселесі деген бұларда болмайды. Бас-басына ұя бар. Қарғалар қайғырмайды.

Ал біз болсақ қой «Тентек көшеге» үй сала алмай, жаз бойы жеркепеді зәбір көрдік. Бізді Мұртаза салдырып берген үйден бездірмек болды. Ақыры, бездірді. Безіп келеміз. Терістің суынан өтіп келеміз. Туған жерден, туған елден, туған үйден безіп келеміз. Біз қайдан үш жүз жыл жасаймыз. Қадам басқан сайын қайғы.

Кәріліктен бозан тартып кеткен қартамыс қарға қарқылдап, Айша туралы:

«Ой, мынау әйел баяғыда келіншек боп келе жатқанда, дәл осы Терістен алтын-зермен жабулаған ақбоз ат мініп өтіп еді... Енді сирағын сидитып жалаңаяқ кешіп өтті» деп қыр-қыр етті. Табалағаны ма, таңданғаны ма, біле алмадым...

Шақпақтың желі арқамыздан итермелейді. Күніміз жалғыз есекке қарағаның көріп, көмектескені ме, жоқ, тезірек жоғал дегені ме, біле алмадым.

Ебелек ұшып, домалап бізден де озып бара жатыр.

Түйе қарын қаңбақ ебелекке қарағанда ебедейсіздеу болса, о да домалап барады.

Ай, Шақпақ жел, Шақпақ жел! Кімді ұшырарыңды білмейсің-ау. Біз сияқты жеңіл-желпі қаңбақтарды домалатқанша, жердің бетін, Жуалы жүзін арамдардан, әділетсіз хайуандардан тазартсаң еді... Дүлейсің ғой, дүлейсің, Шақпақ желі!

МАЗМҰНЫ

БІРІНШІ КІТАП (роман – диалогия).....	4
БОЗАЛА ТАҢ.....	5
ҚЫРАУ ҚАНАТ БАЛАПАН.....	11
БІР ТАРЫНЫҢ ҚАУЫЗЫ.....	13
САУСАҚ СОРҒЫШ БАЛА.....	17
БАҚА ЖҮТҚАН ЖЫЛАН.....	21
НОХА	25
ҚАМҚА	27
ҮШ ЕШКІНІҢ ҚАЙҒЫСЫ	31
АЙШУАҚ ТҮҢДЕР	35
НАУРЫЗКӨК	39
ЭЛЬЗА - КІШКЕНТАЙ ПЕРІШТЕ.....	40
МҰСЫЛМАНДЫҚТЫҢ БЕЛГІСІ	45
ҚОҢЫРАУЛЫ ЕЛІКТЕР	48
ЖАЛАҒАШ ҚАСҚЫР	54
ӘМІРЕҚҰЛ	59
ҚЫРҒЫЗ АТА	62
БІР ҚАЛТА ТЕМЕКІ	67
ШЫРАҚ	69
ҚЫРҒИ МЕН ҚҰЛАДЫН.....	74
КИІЗ ДОП.....	80
ҚАРА АРПА	82
ҚАРА АРПА, ҚАРА БИЕ	87
АЛАҚАНДАҒЫ АЙ ТАҢБА	92
ҚЫРЫҚ ЖІЛІК.....	96
СҮДІГЕРДЕ ИЗЕН ЫЗЫҢДАЙДЫ.....	101
АЙША О ДҮНИЕЛІК БАЛАЛАРЫН УАЙЫМДАЙДЫ.....	112
«ЖІЛІГІМДІ ЖАҒАЙЫН...».....	115
ЖЕЗ ЕЛІК ПЕН КҮМІС ҚАСҚЫР.....	119
ЖОЛАН - ЖАНЫСТЫҢ ҚЫЗЫ.....	129

АҚҚЫЗ.....	139
ӨСКЕНБАЙ.....	150
ЕСЕН.....	161
ЖАЛАҚСАРЫ ФИНАГЕНТ.....	165
ТҰРЫМТАЙ.....	174
САНДУҒАШ САНДЫҚ.....	179
ШОЛАҚ СИЯҚҰЛ.....	184
АЙ ТОЛҒАНДА АБАЙ БОЛ.....	194
ШАҚПАҚТАС.....	201
АРҒЫМАҚ МІНГЕН АТАЛАР.....	211
КӨКАЛА ҮЙРЕК.....	222
АЙЛЫ ТҮН, АРЫҚТА СУ САП ТЫЙЫЛДЫ.....	228
ШАЛДАР ЫСҚЫРАДЫ.....	232
ҚАРАТАУДЫҢ «КҮЙІК» ДЕГЕН АСУЫ БАР.....	245
СӘЛИ, ҚАЛИ, БӨПЕТАЙ, САТАЙ ЖӘНЕ БАСҚАЛАР.....	255
ПАЙҒАМБАР ДА ЕСЕК МІНГЕН.....	271
КӨК КЕМПІР.....	286
САИД - АҚБАР ҚОЖА.....	294
ТЕНТЕК КӨШЕ.....	303
АРТЫНА БҰРЫЛЫП МӨҢІРЕГЕН СИЫР.....	308
МАЗМҰНЫ.....	320

ШЕРХАН МҰРТАЗА

Бес томдық шығармалар жинағы

Бірінші том

АЙ МЕН АЙША

(Бірінші кітап)

Корректоры Жадыра Байсақалова
Техникалық редакторы Ғани Байлыбеков

Шарттыбаспа табағы

Есепті баспа табағы

Таралымы

Тапсырыс №